821.512.122-94
Е64

Нұрғали ЕРАЛИЕВ

АНА АМАНАТЫ

821.512.122-94
Е64

Нұрғали ЕРАЛИЕВ

АНА АМАНАТЫ

ТАРАЗ ҚАЛАСЫ
ОККЖ
ИНВ.№ 81770

«Тәржіма» баспасы,
Бауыржан Момышұлы ауылы, 2020

аб
АБАЙ
АТЫНДАҒЫ
КІТАПХАНА

ОӘЖ 821.512.122-94
КБЖ 84 (5 Қаз)-5
Т50 Е64

Н.Ерәлиев
Т50 Ана аманаты. Нұрғали Ералиев. – Жамбыл облысы, Бауыржан Момышұлы ауылы, «Тәржіма» баспасы, 2020. – 186 бет.

ISBN 978-601-80459-3-6

Қолыңыздағы «Ана аманаты» атты деректі кітап - Нұрғали Ералиевтің Ұлы Жеңістің 75 жылдығына тартуы. Бұл автордың әжесінің немересі, Жуалы ауданында Боралдай аймағында туып-өскен майдангер, гвардия аға лейтенанты Қасым Ералиевтің жастық шағы мен әскери өмірбаяны туралы әңгімелері желісіне құрылған. Сонымен қатар кітапқа майдангер туралы замандастар естеліктері арқау болған.

Шығарма кез келген жастағы оқырманның түсінігіне жатық, әрі ұғынықты.

ОӘЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5 Қаз)-5

ISBN 978-601-80459-3-6

© «Тәржіма» баспасы, 2020

Қасым Ералыұлы Ералиев
(Өмірдерек)

- Қасым Ералыұлы 1915 жылы 25 тамызда Жуалы ауданының Боралдай ауылдық округіне қарасты бұрынғы Васильевка ауылында дүниеге келген.
- 1927 жылы Кеңбұлақ ауылында жеті жылдық мектепті бітірген.
- 1928-1933 ашаршылық жылдары бұрынғы Бурнооктябрь ауылындағы жетімдер үйінде тәрбиеленіп, білім алады.
- 1933-1935 жылдары Шымкенттегі Крупская атындағы педтехникумда оқиды.
- 1935 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылады. Кеңес әскерінің қатарында қызмет етіп жүріп, кіші лейтенант шенін алады.
- 1939-1940 жылдар аралығында кеңес-фин соғысына қатысады.
- 1940-1941 жылдар аралығында Кеңбұлақ және Кеңес ауылдарындағы мектептерде оқушыларға алғашқы әскери даярлық және дене шынықтыру пәндерінен сабақ береді.
- 1941 жылы 22 маусымда Ұлы Отан соғысы басталған кезде кадрлық офицер ретінде әскерге қайта шақырылады.
- 1941 жылдың қаңтар айындағы Жоғарғы әскери қолбасшының бұйрығымен Пермь облысы Соликамск қаласының жанындағы Калиец поселкесінде Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен әскерге қабылданған жас жауынгерлерді соғысқа даярлайды.
- 1942 жылдың 12 сәуірінде өз еркімен майданға сұранады.
- 1942 жылы Курск иініндегі ірі шайқастарға қатысады, 2 Беларусь майданының 65 Армиясының 58 мотоатқыштар бригадасының танкіге қарсы оқ ату ротасының командирі қызметін атқарады.

- 1943 жылдың 29 қарашасында Гомель қаласын азат ету үшін болған ірі шайқаста ауыр жараланып, әскери госпитальда қайтыс болады.
- Қасым Ералыұлы Гомель облысы Светлогорск ауданының Боровики деревнясындағы бауырластар зиратында жерленген.
- Қасым Ералыұлы Ұлы Отан соғысында ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен және бірнеше ордендермен марапатталған.

АЛҒЫСӨЗ

Бұрынғы өткен көненің көзіндей, ескінің елшісіндей, құйма құлақ дана қарияларымыз тегін білгісі келген кісіні отырғызып қойып жеті атаңды жетеңе жеткізіп жіліктеп, «Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер» деп тәпсінің тасындай санамалап санаңа құйып беретін. Сондай көкірегі көмбе кісілердің бірі Сейітбекұлы Сейдуалы атамыз болатын. Ол кісі:

- Біздің Сиқым бабамыздың ел қорғаудағы, ел басын біріктірудегі, өмірге ізбасар ұрпақ әкелудегі, оларды атамекенін сүйетін азамат етіп тәрбиелеудегі еңбегі өлшеусіз. Сол бабаларымыздың ықылым заманнан ғұмыр кешіп ұрпақ өрбіткен аймағы Сайрам, Сарыағаш, Манкенттің төңірегі болған. Ілгері замандағы Қара ағаш әулиеден бастап олардың кейінгі ұрпақтары: Неболсаолболсын, Есболсын, Қармыс, олардан өрбіген Есті оның бел баласы атақты Аңырақай шайқасының ержүрек батыры Қарабатыр, оның бел баласы Шінет, атақты Рысбек батыр барлығы да сол Манкенттегі Сиқымдар бейітінен мәңгілік мекенін тапқан.

Біздің шыққан тегіміз Жидебай Құттыбай бабамыздың Борас тармағынан келіп шығады. Борастан Есбосын одан Есті одан Қарабатыр ұрпақтары тарайды. Ал Жаманесті болып аталып кету себебі: атақты батыр Қарабатыр атамызға алты ұлының атынан ас береді. Сол аста жанжал шығып кетеді. Алты ұлының бірі асты беріп жатқан біздің аталарымызға тыныштық бермей, үйір-үйір жылқыларын айдап, малдарын сай-сайға қуып, түннің бір уағында (асқа) жиынға дайындап қойған мес-мес қымыздарын тесіп ағызып жібереді. Содан, болған жағдайды айтып Төле биге жүгінеді. Қарабатыр атамыз Ұлы жүздің биі Төле бидің туған күйеу баласы. Сонда Төле би басу айтады:

- Әй, қарақтарым барлықтарың маған жиенсіңдер, жиеннен тараған жиеншарсыңдар, - дейді. «Есті» құдамның кіндігінен тараған ұрпақтары жаман атқа қалмаңдар, бір ымыраға келіңдер» деп бәрінің басын қосып татуластырып жібереді. Бірақ жиын тарағаннан кейін қарашаңырақтың иесі және осы астың ұйымдастырушысы, Қарабатырдың ұлы

біздің Жидебай атамызға «Жаманесті» атағы желімдей жабысып қалады.

Жидебай атамыз 1757 жылы Балқаштың бойында, Іленің оң жағалауындағы жазықта, Шеңгелдінің тұсында Өтеген батыр бастаған ұлы жүздің жасақтары ретінде ерекше ерлігімен көзге түседі. Сол соғыста Жаныс Өтеген батырдың сарбазы болған Жидебай атамыз да қасық қаны қалғанша айқасып, қаза табады.

Енді өзіміздің жеті атамызға келетін болсақ: Қарабатырдан – Жидебай, одан Көшкінбай, Көшкінбайдан Жаубасар, одан Қойайдар, одан Ораз, Ораздан Ералы, Ералыдан сенің әкең Әбдәлі тарайды» деп естір құлаққа, зейінді тыңдаушының зердесіне жетіндей етіп шежіре толғайтын.

Жуалы жерінің Күреңбелінің солтүстік беткейінен басталатын бірнеше бұлақтар бір арнаға тоғысып, бұрынғы Құдияр сазының тұсынан өткеннен соң Боралдай өзені болып аталады. Сол Боралдайдың арнасы кеңіп шатқалға айналады да тереңдей түседі. Бұл аймақтың қатпар-қатпар тауларға ұласқан алқаптары жаз мезгілінде малға өте жайлы, шөбі шүйгін келеді. Қариялардың айтуынша, көшпелі тіршілік кешкен Сиқым бабаларымыздың Жидебай ұрпағының жаз жайлауы осы Боралдай өзенінің орта тұсы болған, сондықтан да жер атауын бұрынғылар «Жидебайдың жайлауы» деп атаған. Кейінгі кеңестік кезеңде Естінің ұрпақтары сол жерде өсіп – өніп «Сталин» атындағы колхоз болып ұйымдасқан көрінеді. Бұрынғы Кеңес (қазіргі Ертай) ауылының батысындағы сиырдың бүйіріндей болып бөлектеу жатқан тау сол біздің Жидебай бабамыз мекен еткен жер бүгінде де «Жидебай тауы» деп аталады.

«Сөз атасы – құлақ» деп қазақ атам айтпақшы, сол марқұм Сейдуалы атамнан есітіп жаттап алған өзімнің тегім туралы шежіренің пайдасы кейін Асан Отаровтың құрастырып жазған «Шежіре» кітабында және Мамыр Қәдірбекұлының «Сиқым Борасұлы Есбосын тармағының шежіресі» кітабында жетінші атам Жидебайдан тарайтын әулетіміздің шежіресін тарқатып кітапқа енуіне септігім тиді.

Еліміздегі бүгінгі кезде рухани салада жүріп жатқан сананың жаңғыруы, адами құндылықтарды қайта бағамдау үрдісі нәтижесінде ғасырлар бойы жинақталған ата-бабалар тарихынан жеткен мұралары келешек ұрпақты тәрбиелеуде пайдалану мүмкіндігі туып отыр. Ерлік пен қаһармандық дәстүрі кейінгі ұрпақтың жадында мәңгі қалар Қойгелді, Қарабатыр, Рысбек, Садыбай, Байтана, Шоқан, Өтеген батыр оның қарамағында қол бастаған Жидебай батыр т.с.с. басқа да еліміздің тәуелсіздігі мен оның жерінің тұтастығын жанкештілікпен қорғаған батырлардың Жуалы топырағында да аз болмағандығы өткен тарихымыздан белгілі. Олардың ерлік даңқын жалғастырушы адамзат тарихынан өзіндік орын алып ұрпақ жадында мәңгі қалған Бауыржан Момышұлы сынды тұғырлы тұлғалар. Осындай ел ардағына айналған ел қамын ойлаған, елін, жерін қорғап жауға қарсы жорықтар жасап Отаны үшін жанын пида еткен, патриоттық рухы биік намысшыл ерлердің және бірі – Қасым Ералиев. Біздің міндетіміз – жауға қарсы күресте ерлік жасап ел есінде сақталған осындай батырларымыздың өнегелі істерін жұртшылыққа жеткізу, тарих төрінен орын беру.

Ердің сыншысы елі,
Ел күйінгенде күйінген батыр,
Ел сүйінгенде – сүйінген батыр
Жау келгенде ерлігі мыңға татыр.
Халық даналығы

АНА АМАНАТЫ

Бұл еңбегіміз көркем шығарма емес, естеліктерден тұратын болғандықтан, атын кітап деп дабырайтпай, жай ғана естелік кітап деп атауды ұйғардым. Өйткені, шығарманың негізгі мазмұны атамыз Қасым Ералыұлы туралы ол кісіні білетіндердің, көзін көргендердің естеліктерінен тұрады. Ал қағазға түскен еңбек адамзат баласының ұлы игіліктерінің бірі екендігі ақиқат. Ол ұрпақтан ұрпаққа ауызшадан жазбаша түрінде кітап арқылы жетіп отырған. Ал, кітап - адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы, сарқылмас қазынасы, алдыңғы ұрпақтың кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани қазынасы. Сондықтан да кітапты оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсеріңді өмір қажетіне жарата білу әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттарының бірі болуы тиіс деп ойлаймын.

Мен кітап жазып, жазушылардың қаламына жармасайын немесе атымды шығарайын деген ойдан мүлдем аулақпын. Әрбір адам өзінің шыққан тегінің өткен тарихын, өнегесін кейінгілерге жеткізу үшін өмірден көрген, түйген көкейдегісін саралап естелік жазу үшін бәлендей мүйізі қарағайдай жазушы болудың қажеті жоқ шығар деп ойлаймын. Бұл естелік кітабым қасиетті асыл әжем Орынкүл мен асқар таудай әкем Әбдәлі, Қасым аталарымның қабірлерінің басына қойған құлпытас ескерткішім болсын!

Енді мен естелік кітабыма не себептен «Ана аманаты» деп ат қойып, айдар тақтым, енді соған тоқталайын.

1974-1976 жылдары Орынкүл әжем байғұс сал болып, екі жылдың көлемінде төсек тартып жатып қалды. Содан 1976 жылдың ақпан айының төртінші жұлдызы күні дүниеден өтті. Мен ол кезде ақыл-есімді жиып қалған он төрт жастағы естияр бала санатында болатынмын. Сол әжем жарықтық қайтыс болардан біраз бұрын жанына шақырып алып маған айтқан екі аманаты бар еді. Сондағы әжемнің айтқан аманатының біріншісі:

- Мен ақ түйеге мінген кезде (қайтыс болған кезде) менің сүйегімді қырдағы бейітке Қара бұтаның жанындағы Әбдәлінің қасына жерлеңдер. Мен ол тілегімді ауыл азаматтарына айтып, ескертіп қойғамын, - деген болатын.

Асыл әжемнің бұл тілегі орындалмады. Ол кісі дүниеден қайтқан күні Көлтоғанның ақпанда соғатын алапат ақ бораны, жауған нөсерінен әкем жатқан Қара бұтаның түбі тұрмақ бейіттің бергі шетіндегі жамаағайынымыз Әмірәлі атамыздың жанына әрең жеткізіп қойдық. Осылайша әжемнің бірінші тілегі – аманатын орындай алмадық.

- Балам, айналайын, дана халқымыз: «Он үште - отау иесі» дейді ер баланы. Ол «он үште үйленіп отау құр» деген сөз емес, ер жігіт үй тірлігін қолына алатын ағайыншылықтың жолын ұстап, табақ тарту рәсімін білетін шағы, ұғып ал, ата-бабаның он екі жілік, отыз омыртқа, қырық қабырғаны тәптіштеп, мүшелейтіні тегіннен-тегін емес. Келген мейманның әрқайсысына бір-бір сүйек еншілеп кеткен. Ер бала бес жаста қонақтардың қолына су құйып, он жастан кейін ет турап, жиырмасында табақ жасауды білуі тиіс. Ол үрдісті бұзып, жілікті шатастыруға болмайды. Ол – ер жігітке үлкен сын.

Ең бірінші сыйлы жілік - жамбас болады, одан соң жауырын жүреді, одан кейінгі кезек тоқпан жілік, одан кейін – ортан жілік жүреді, одан соң асықты жілік, одан кейін кәрі жілік. Ал басты ең жоғарғы табаққа тартасың. Құйрық майды қиялап кесіп бар табаққа бөліп саласың. Он сүбе қабырғаны жоғарғы төрт табаққа, алтауын екі жауырынға, төртеуін екі асық жіліктің табағына үстейсің. Ал қалған сегіз жілікке екі-екіден бұғана қабырға қосасың. Төс сүйегін күйеу балаға, құйымшақты қыз балаға, (кей жерлерде) құдағиға көтен, мойын – қой баққан адамның еншісі. Ішек-қарын мен бүйрек,

сирақ дегендер қатын-қалаш пен бала-шағаның соңғы табағына саласың.

Айтпақшы, бас салынған табақтың жанына сирақтың бірін қосасың. Бас демекші, басты қазанға саларда оның тісін қағып, тұмсығын дөңгекке ұрғылап, кеңсірігін тазалауды ұмытпа! Басты қонақтарға тартар кезде маңдайын қасқаланып, оң құлағы кесіп алынады. Басты әкесі бар адам ұстамайды. Сақы жігіт осы ата-бабаларымыздың қанға сіңген қағидасын әсте ұмытуға болмайды, – деп санаға жетердей етіп қайталап отырушы еді...

Шаруа жайын күйттеген әрбір кісінің дәстүрімізге сіңіп қалған және де толып жатқан жоралғылары бар. Мәселен, жауырынды қасиетті тұтып мұжып болған соң ұшын кертіп керегеге іліп қояды. Жауырынға қарап, жолда жүрген жолаушысына бал ашатын болған. Кәрі жілікті босағаға іліп, ұры-қарыдан мал басы аман болсын деп тілеген. Тоқпан жілікті шағып майына алақан тосып бала-шағаға беріп, тесіп, бесікке бөлеген балаға шүмек жасаған. Кісіден бала асырап алсаң қолына асықты жілік ұстатқан. Әйтпесе, ата-анасы ертең құн сұрауы мүмкін. Қойдың аш ішегін айнадай етіп тазалап желбауға іліп дегдіген соң домбыраға ішек етіп таққан. Қойдың жүні, терісі аттың қылы, тағы сол сияқты толып жатқандар – малын күйттеген көшпенді тіршілік кешкен бабаларымыздың бізге қалдырған басты мұрасы. Оны тізбелеп түбіне жету мүмкін емес, біздің басты құндылығымызға жататын киіз үймен оның барлық жабдығы, оның ішіндегі бұйымдардың бәрі де мал шаруашылығына байланысты жасалынған. «Мал жан аман ба? деп амандық сұрайтын қазақтың сәлемінің басына да малды бірінші етіп қоятыны сондықтан балам» деп әжем тағылымды әңгімесін түйіндейтін.

Уақыттың өмірден басқа әлшемі жоқ екенін әжем марқұм бір ұрпақтың орнына келесі ұрпақ келсе ғана, мына жарық дүниенің мәні болатынын жақсы ұғатын. Сондықтан да ол өсиеті мен өнегесін біздің бойымызға дарытып бақты. Жалпы адам деген екі аяқты пенделерден адамзат деген жиынтық құрап тұрған осы өнеге емес пе? Жалпы ата-ананың, ұрпағына тартқан сыйы да қалдырған мұрасы да сол өнеге мен өсиет емес пе?..

Әжем жарықтық «Ер жігіттің көзге көрініп тұратын үш қасиеті болады: оның біріншісі, бетіндегі айбары, екіншісі, бойындағы қайраты, үшіншісі, қолындағы дәулеті» дейтін. Соңғысы болмаған күнде ер жігітте алдыңғы екеуі болса құп ...

Күйбең тірліктің ара-арасында кейде сығыр шамның жарығын өшіріп, ұйықтар алдында кейде жыл қайыруды, мүшел жасты есептеуді де құлаққа құйып қоятын ...

- «Он үш – бір мүшел, жиырма бес – екі мүшел, отыз жеті – үш мүшел, қырық тоғыз – төрт мүшел, алпыс бір – бес мүшел, жетпіс үш – алты мүшел, тышқан – бір, сиыр – екі, барыс – үш, қоян –төрт, ұлу - бес» - деп саусағын бүгіп сананамалайтын.

Ойлап отырсам, осы өсиет, өнегенің бәрін кейін ұрпағым өз өмірінің кәдесіне жаратсын дегені екен ғой жарықтық.

Ал, екінші аманаты: мен он бір ұл мен қыздарды жарық дүниеге әкеліп едім. 1931-1933 жылдарғы ашаршылықта тоғыз перзентім қайтыс болып, оларды қара жердің қойнына бердім.

Қазақия қиырында ұлы жұт орағыта өтпеген отбасы кемде-кем шығар- ау, сірә! Ой мен қырымызда, ой-санамызда, жадымызда, жүрегімізде «қызыл қырғыннан» қалған із көп-ақ. Тарих бетінде «қарғыс таңбасындай» мәрленіп қалды ол! Еске алсақ-ақ, бір ұлы шердің кең-байтақ даламыздың аза бойын қаза етіп, жан дүниемізді сыздата өтері хақ.

Өткен күннің елесін еске алсақ бастан кешкен қиындықтар толып жатыр. Сығырайған май шам, қол диірмен, жапырайған шым үй, аш-жалаңаш ел, қам көңіл тірлік, өгіз арбамен жүк тасымалдау бәрі-барлығы да өтті бастан. Колхоздарымыздың шаруашылығы мен мәдениеті өрге баса бергенде апатты соғыс киіп кетті. Ер етігімен су кешіп, ат ауыздығымен су ішкен қиын-қыстау кезеңнің де куәсі болдық», дейді кейуана...

Орынкүл әжемнің айтуынша, тау жуаны айранға турап жеудің денсаулыққа пайдасы орасан зор, ұзақ жасаудың да бір кепілі осы. Өмірдің ауыртпалығын көп көріп, аштыққа да, тоқтыққа да, жоққа да, барға да шыдамды болып, еңбек

майданында ширап, шыңдалды. Әсіресе колхоздастыру кезеңінің ауыр жұмыстарына төтеп беріп, диірменнің шартасындай, қайралған қарқарадай қайран ана әжелеріміз-ай...

1931-1933 жылдардағы ашаршылық ел өміріндегі ең бір зұлмат кезеңнің бірі ретінде тарихта қалды. Әрбір қазақ шаңырағын аштық қаумалаған осынау қиын да қасіретті күндерде кімде-кім тек өз жанын сақтаумен шектелмей, ұрпағының да қамын, амандығын күйттеген-ді. Оның қолдан жасалған аштық екені, әпербақан басшылардың мал етін ашаршылық есеңгіреткен елдің ерніне де тигізбей, аулаққа апарып, төбе-төбе етіп үйіп өртегені енді ғана мәлім болды ғой.

Әжемнің де ойы сол – қалай болғанда да балаларын ашаршылық шеңгелінен аман сақтап қалу болған. Қанша жерден қиналғанымен, осыдан басқа жол жоғын да шамалаған. Бұл ғадауаттан үлкен ұлды Қасымды детдомға қалдырған. Ол Тұрар Рысқұловтың нұсқауымен 1928 жылы ашылған бұрынғы Бурнооктябрь ауылындағы жетімдер үйі болатын. Онда осы аймақтағы үйсіз-күйсіз жетім балаларды асырап, тәрбиелеп аштықтан аман алып қалған.

1933 жылдың қараша айында осы жетімдер үйіне келіп көрген Мұхтар Әуезов «Бұл ауданда 950 панасыз баланы тәрбиелеп отыр. Олардың барлығы да киім, ас, шаймен қамтамасыз етілген» деп «Социалды Қазақстан» газетіне мақала жазған.

Орынкүл әжемнің қанасын жарып шыққан перзенті, оның үстіне сүткенжесі біздің әкеміз Әбдәліні алып, тау асып, төркінін сағалайды ...

- Қазақтың «Сезім – жаныңның жапырағы, төзім – тамыр жаяр атырабы» деген сөзінің үлкен мәні бар. Ең кенже ұлым сендердің әкелерің Әбдәлі нағашыларының қолында, 1932-1933 жылдары менің төркінімде Түлкібас ауданының Таупістелі ауылында байыстардың қасында қалып, тірі қалған. Ең үлкен ұлым Қасым сол жылдары (1928-1933) Жуалы ауданы Бурнооктябрь ауылындағы балалар үйінде болған. Қызыл әскер қатарына алынып, ол жақтан әскери кіші лейтенант шенін алды. Фин соғысына қатысады. Әскер басшы, ұтқыр ұйымдастырушы болған. Ол

жақтан аман-есен келіп Талдыбұлақта мектепте мұғалім болды. Кеңес мектебінде әскерге алғашқы дайындық пәнінен дәріс береді.

Бір мың тоғыз жүз қырық бірінші жылы табан астынан армияға қайтадан шақырылды. Бір мың тоғыз жүз қырық екінші жылы Германиямен болған Ұлы Отан соғысына қатысты. Ең соңғы хаты бір мың тоғыз жүз қырық үшінші жылдың аяғында келді. Ел басқарған командир еді, соңғы хатында «ертең таңертең шабуылға шығамыз» деп еді. Содан бері хат-хабарсыз кетті.

Ана үшін ең жаман қайғы-қасірет, ол іштен шыққан перзенттеріңнің өзіңнен бұрын бақилық болуы. Дүниеге 11 перзент әкелдім, оның 10-ын өз қолыммен жер қойнауына тапсырып, жерледім. Соңғы үмітім үлкен ұлым тірі, ол өлген жоқ, шетел асып кетті ме, әлде түрмеде ме себебі ұлымнан қара қағаз келген жоқ. Өскеннен кейін оң қол, сол қолдарыңды танып, ер азамат болған кезде, ат жалын тартып мініп, азамат болғаннан кейін, «төрге шықсаң, есік жақтағыларға қарай отыр» деген тәмсіл бар. Түбінде аталарың Қасымның дерегін табыңдар, - деді.

Бұл әжемнің өмірінің соңғы деміне дейін командир баласын күтіп жатқан соңғы аманаты еді. 78 жасында үлкен ұлын 35 жыл бойы сарғая күтіп, о дүниеге шерменді күйде өмірден өтті ғой қайран қасиетті, қадірлі әжем...

Әжемнің ұлын күтумен өткен ғұмыры осылай аяқталды.

«Ұлым менің ұрпағым, мақтанышым,
Сен туғансың жеріңді сақтау үшін.
Сен туғансың еліңді жақтау үшін,
Намысыңды, арыңды сатпау үшін».

Әжем, расында мықты адам болатын. Өмірінде соңғы екі –үш жыл қасында, бір бөлмеде жатып, түнде қысыла қалса, шешеме хабарлаушы жеткізуші болушы едім. Баламын ғой онда. Қазір есімі алсам...

«Өткендерін еске алған
Өскендіктің белгісі,
Өткендерін ұмытқан-
Өшкендіктің белгісі» дейді дана бабаларымыз.

Орынкүл әжем шешіліп көп сөйлемесе де, біреудің ісіне жөн-жосықсыз араласпайтын, мінезі салмақты да сабырлы,

жүрегі мен ойы таза, өте ұстамды, парасатты, жүрегі кең келбетті ұзын бойлы сүйегі ірі кісі еді. Қазақта «Жақсылардың көңілі алтын сандық» деген әдемі сөзі бар. Жарықтықтың әжемнің бүкіл болмысынан бұрынғылардың ақылды бәйбішелеріне тән жақсы мінездің иісі аңқып тұратын. Сөйтсек, кезінде кадірін білмеппіз, ол әженің пейілі дархан, сүйегі асыл жақсы жан болған екен-ау.

Достоевский қайтыс болғанда, Лев Толстой «Әттеген-ай, оның өлерін білмедім, білгенде көп нәрсе сұрап алар едім» деген екен. Мен де сол сияқты дер кезінде құнттағанымда, әжемнен талай нәрсе үйреніп, талай нәрсе сұрап алар едім.

«Тоқта балам, өмір деген өтпелі, бұл дүниеге кімдер келіп, кетпеді» деген қазақтың сөзі рас қой. Алтынның сынығы, ескінің көзі Орынкүл әжем де өткен жүзжылдықтың 70-ші жылдардың ортасынан асқанда дүниеден өтті де кетті. Оның айтылмаған көп ішкі сыры да өзімен бірге кетті. Бірақ мен, жастығымнан болар, онша мән бермей, одан әрі суыртпақтап, әңгіме қозғамайтынмын. Әттең қасында жүріп, ол кісінің ішкі сырын, кеудесінде сайрап жатқан қымбат «көмбені» кезінде көңіліме тоқи алмағаныма өкінемін.

Ол кісі жерге түскен нан қоқымын сыпырғышпен сыпырттыртпайтын. «Нан-киелі, қолыңмен теріп ал, ашаршылық кезінде бір үзім нан үшін адамдар не істемеді? Нан таппай өз баласын жегенді де көз көрді ғой» деп егіліп жылап, көз жасын етегімен сүртетін. Енді ойласам, әжем нан қадірін білуді бойымызға әбден сіңіріпті ғой.

Бала кезімізде қар қалың жауатын, тіпті үйдің төбесіне жететін. Сырғанақ ойнап, үстіміз малмандай су болатын. Сонда әжем жауыраған аяғымызды қойнына тығып жіберіп, жылытатын. Біз «Әже, сіз біздің пешімізсіз» деп еркелейтінбіз. Әжемнің қасына кезекпен жататынбыз, түннің бір уағына дейін ертегі, әңгіме айтатын.

- Ол кезде күйеуге ерте беретін, 16 жасымда атаң Ералыға тұрмысқа шықтым. Жас қызбын ене тәрбиесін көрген жоқпын, енем ерте қайтыс болып кетіпті. Қайын атам Ораз тәрбиеледі. Ел-жұрт ол кісінің атын атамайтын «Дуана ата» дейтін, Мекке Мәдинаға екі рет жаяу барып, жаяу қайтқан қасиетті қажы болатын. Екі мешіт салдыртқан. Бала

шаға түгілі үлкен кісілер де алдынан тыйылмайтын, - деуші еді.

Күбірлеп, түн тыныштығын тілейтін әжем бізге «кәмпит беремін» деп алдаусыратып, тілімізді кәлимаға келтіртетін. Бірнеше рет қайталататын, намаз оқитын. Әжем тыйым салудың маманы еді. Қыздарға Толысжан (Толан) әпке, Айғаным, Бибіхандарға ақ орамал тартқызбайтын. Ақ жаулықты тұрмыс құрмаған қыздардың тартпайтынын айтатын. Киетін көйлектеріне үлкен мән беретін, әдемі матадан Күлсім апаға (Тілештің шешесі) тіктіртетін. Оның бәрі де қыздарын сол кезден бастап дұрыс киінуге тәрбиелегені екен ғой.

Үйде мал ұстадық. «Малды теппе, сүтті төкпе», «Итке уақтылы тамақ беріңдер, түнде періштелер келіп сұрағанда ит ұялып қалады» деп түрлі аңыз-әңгімелер айтып отыратын. Осындай ойларымен жан-жануарға деген бойымыздағы мейірімділікті оятқан екен-ау.

- «Бүйіріңді таянба, аяғыңды айқастырма, судың бетін ашық қойма, адамға қарап керілме, шашыңды жайма, жағыңды сүйенбей отыр» деген әжемнің тыйымдарының астарында үлкен мән жатқанын біз қайдан білейік? Күрек, тырма, кетпен дегендерді үйге сүйеп қойсақ, ашуланатын. «Біреу дүниеден қайтқанда сүйенеді» деп ырымдарды түсіндіретін.

Әжемнің әңгімелерінің есте қалғанының бірі «Ыдысты түгел жумай жатпаңдар, шайтан отырып кетеді» дейтін. Мен де келіндеріме қазір соны айтамын. Асыл әжем көппен ішкен ас дәмді екенін ескертіп, үнемі қонақ шақыратын. Мұнда да үлкенді құрметтеудің үлгісі жатса керек. Ақшаны өзі ұстайтын. Әбуғали ағай сессиясын аяқтап, үйге каникулға келгенде, жинап жүрген ақшаларынан беретін. Ауыл кісілері біздің үйден жиі қарыз сұрайтын. Кімге қарыз бергенін ұмытып қалып; «Өткенде кімге қарыз бердім, есімнен шығып кетті. Сендер білсеңдер, айтыңдаршы» деп отыратын. «Қыз қараңғыда қыдырса, сөз де, бәле де жабысады» деп отырушы еді.

Қайран біздің әжелер арды ойлаған,
Шілік шауып, ши орып, бау байлаған.
Еркектерден айырылып, қалмай қараң,

Қырман басып, егін сап, арба айдаған ...

- Сонау соғыс жылдарында елдегі ауыр еңбектің салмағын иығымызбен көтеріп, зұлматты көзімізбен көрдік қой, енді еліміздің басына ондай күн бермесін дейтін. Сөзінің астарынан кәрі жүрекке соғыстың сызы ғана емес, оның алдындағы құғын-сүргіннің ашаршылықтың сойылы батқаны аңғарылады.

- Соғыс уақытында бригадир газетті қырман басына әкеліп, дауыстап оқып беретін. Біздің әскердің жеңісі жайлы оқып, бір жылап алатынбыз деуші еді.

Біздің әжеміз үлкен мектеп, тәрбие университеті, академия еді. Сол әжемнен алған тәлім негізінде анам кейінгі келіндерін тура солай тәрбиеледі. Мен ылғи Орынкүл әжемді сағынамын. Үлкендердің айтқанын екі етпейтін ұрпақ өссе деп армандаймын. Қазіргі балалар әжелердің әңгімесіне сене ме екен? Мені сол толғандырады. Біз әжеміз қалай алдаса да, сеніп қалушы едік. Әжемнің ғажап мектебінен өткенімді, мақтан тұтамын. Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің. Әжемнің әңгімелері маған әлі де өмірлік азық болып келе жатыр.

Әжемнің қалтасынан үнемі кәмпит үзілмейтін. Орынкүл әжем Айғаным екеумізді қасына көп ертіп жүретін, ол кісінің баратын үйлері; Болған апа Әсербай Есенбайлардың (Оразқожаевтар) апасы, Талжан апа Ғани, Ерғалилардың (Тлеубековтер) апасы, Сұлу-апа, Сейдуалы, Құлтай, Кебеже, Бекбосын, Анаш сынды аталарымыздың қиыннан қиыстырып айтқан әңгімелері әлі күні есімде. Сол абыз кісілердің қолдарына су құйып жүріп, баталарын алдым. «Қарттық - көрілік емес, даналық, абыздықтың көрінісі» екендігін түсіндім.

Үйлеріне барған кезде Айғанымға қолқалап «асса-асса!» деп шапалақ ұрып, шешенше би билететін. Біздің үйдің жанында көршілер орыстар шешендер көп тұратын. Біз бала кезде көшемізге долылар (тәжіктер болуы керек) еркектері және әйелдері жас балаларын көтеріп, ертіп көп келетін. Орынкүл әжем сондайда үйден ілулі тұрған Қасым атамның портретін алып шығып, пал аштыратын. Олар ылғи да «Балаңыз тірі келеді, шетелде немесе пленге түскен,

түбінде табасыз» деп, талай пенсиясынан жинап жүрген ақшаларынан қағылды.

Ол кісінің өзі де Әбуғали ағай Алматыдан ауылға сессиясынан кешігіп жатса, дереу ақ матасын жайын жіберіп, құмалақтармен бал ашатын, айтқандары тура келетін. Орынкүл апам барлық немерелерін арқасына салып көтерді, бақты-қақты, тәрбиеледі, адам етті. Ең кенже немересі Орынбасар марқұмды екі көзі көрмей қалған кезде көтерді,- ғой жарықтық әжем-ай...

Жұмыстан қолым қалт еткен кей сәттерде төрт жасар немере қызым Кәусәрді балабақшадан өзім алып қайтатыным бар. Бірде сол әдетіммен балабақшаға бас сұққанмын. Алдымнан «аталап» шыққан немеремнің заттарын түгендеп отырып, мынадай жағымды жайтқа куә болдым. Менімен қатар кірген жылы жүзді, ақ жаулықты әженің немересі де алыстан «әжелеп» келіп мойнына асылып, құшақтап, сүйіп жатты. «Әже, бүгін маған кешегі ертегіңіздің жалғасын айтып бересіз бе?» деп тіл қатқан кішкентай бұзығын бауырына тарта түскен әжесі;-»Әрине, айтып беремін. Қаласаң, «Нән батыр», »Жезтырнақ», «Тазша бала» туралы да қайталап айтайын... деді мейірлене. Жаныңды жадыратып, көңіліңді көркейтетін осы бір әдемі көрініске қарап отыра бергім келді...Бірде көз алдыма дана Зеренің алдындағы бала Абай елестесе, енді бірде ақылман Айғанымның ғақлиясына ұйып отырған зерек Шоқан мұнартты. Тамсанып отырып сүйсіндім, сүйсініп отырып. «Бүгінгі әже-апалардың бәрі осындай ма екен? Осындай болса ғой, шіркін...» деген сұраулы ойдың құрсауына қамалып, немеремді жетектеп үйге қайттым...

Дүниеде баланың у-шуына,тәтті қылығына жетер не бар дүниеде? Одан асқан сазды әуен ойлап табу мүмкін емес шығар.

Жау қаһарынан қаймықпаған баһадүр Баукең «Мен даудан да, жаудан да қорықпаған қазақ едім, енді қорқынышым көбейіп барады. Ең алдымен, балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам. Екіншісі, немересіне ертегі айтып беретін әжелердің азаюынан қорқам. Үшіншіден, дәмді, дәстүрді сыйламайтын ұрпақ өсіп келеді, олардың қолына қылыш берсең, кімді болса да

ҚОЖАХМЕТ АТЫНДАҒЫ КІТАПХАНА
81770

шауып тастауға дайын. Олар қолына кітап алмайды, үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан ата мен әже жоқ» деген екен.

Батыр Баукең айтқандай, бұл біздің ұлттық тәрбиелік құны бар асыл қасиеттеріміздің сарқылып бара жатқанынан шығар. Әйтпесе, жоғарыдағыдай мысалдар бүгінде ностальгияға айналғаны жасырын емес. Егер бүгінде тірі болғанда Баукеңнің қорқынышы тіпті қоюлана түсер ме еді, кім білсін?!

Қазіргі таңда бесіктегі сәбиіне шумақтатып, шырайын кіргізіп бесік жырын айтып отырған анадан гөрі қолындағы ұялы телефонына телміріп отырып, жаңа эстраданың есерсоқ даңғазасын дабырлатып қойып сәбиін ұйықтататын жас келіндерді жиі кездестіреміз. Кішкентай тентегіне түрлі қиял-ғажайып ертегілер мен төкпелетіп батырлар жырын айтып отырған ақ жаулықтыларды да табу қиындау. Көбіне көк жәшіктен көз алмай, сексенге таяса да, кәріс-түрік сериалдарын түгендеп отырған ата-әжелерімізді көргенде, тілімізді тістеп қалатынымыз да шындық.

Қайда жүрсеңіз де сол, қоғамдық орындарда да, базарда да, көлікте де басы түйісіп қалған екеудің диалогының бір ұшы болса да саңырауқұлақша қаптаған телесериалдарға бір соқпай кетуі мүмкін емес. Әсіресе, жеңгелеріміз бен ақ жаулықты қарияларымыздың телесериалдардың түр-түрін түгендеп, ондағыларды талқыға салып даурығатындарын қайтесіз. Бірі Анандидің тағдырына алаңдаса, енді бірі Сұлтан Сүлейменнің сұлуларының қылығын жыр қылады.

Әжелеріміз бен аналарымыз осылай телесериалға телмірумен күн ұзатып жүрсе, ертеңгі ел тұтқасын ұстар ұрпақтың тәрбиесіне кім алаңдайды? Әйткені, баланың тәрбиесіне тек әке-ана емес, сонымен қатар ата-әжелер де атсалысуы керектігін және оның қаншалықты маңызға ие екендігін қазақ әу бастан-ақ ескерген. Әженің бала тәрбиелеудегі рөлі жоғарылығы қашан да дәлелденіп отырған. Бір ғана мысал, ұлы Абайдың қалыптасуындағы әжесі Зеренің ықпалын айтсақ жеткілікті.

«Өз балаңды өскенше, немереңді өлгенше...», «Балам балдан тәтті, немерем жаннан тәтті» деп халық даналығы

айтқандай, расында ата мен әже үшін немеренің орны бөлек. Адам бойындағы асыл қасиеттер отбасында қалыптасады.

Ұлттық ұстаным, нағыз қазақы тәлім-тәрбиенің өзегі әжелер мектебінен бастау алады. Біздің қазақ ұлтында ерекше рөлге ие жан – ол әже. Ол тәрбиелеген бала әдепті, иманды, кішіге ізетті, үлкенге сыйлы болып өседі деген көзқарас қалыптасқан. Десек те, қазіргі кезде өкінішке қарай «әлди, әлди» әнін айтып, ақ бесікке бөлейтін әжелеріміз азайды. Бесік жырының не екенін білмейтін аналарымыз көбейді. Бұл ащы да болса шындық. Сөнбесеңіз, өзіңіз бір ой жүгіртіп көріңізші, немересін алдына алып, бауырына басып, ғибратты ғақлиясын айтып отырған қарияға соңғы рет қашан жолықтыңыз? Есіңізге түсіре алмай абдырап қалатыныңыз анық. Демек, бұл шынында ертегі айтар әжелердің азайғанын аңғартады.

Бірде алыс ағайынымыздың үйінде қонақта болдым. Ішкі бөлмедегі төрге жайғасқан әжемізге «Әже, ертегі айтып беріңізші» деп еркелей алдына құлаған немересіне:

- Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде... - деп төкпелете жөнелгенде, ішім жылып, көңілім бір марқайып қалған-ды. Алайда, сол әжеміз әрі қарай ертегі емес, күндізгі көрген телесериалын өзі ойша құраған жалғасын немересіне тізбектеп кеткенде бала түгілі біз де еліте түстік. Түрік сериалының жалғасы әже аузымен шытырманға ұласқаны бәрімізге таң-тамаша көрінгенімен, ондағы бала тәрбиесіне оң әсер қалдырар сүбелі ойдың тамтығы да жоқтығын ойлау қиын еді. Сонда «Ер Төстік», «Ақжан батыр» секілді баланы батырлықпен қатар, елін, жерін қорғауға үндейтін ертегілерді бүгінгі әжелер білмей ме?

Ендеше, халқына қорған, ата-анасына қамқор болар тұлға қалыптастыруда әрбір балаға-қазақтың баласы деп қарап, бірлесе ұрпақ тәрбиесін атқарайық. Әжесінің тәлім-тәрбиесінде болған немерелер көбейе бергей!

Ертегі – балардың ой әлеміне дұрыс көзқарас орнатып, олардың жақсы мен жаманды, дос пен дұшпанды, ақ пен қараны айыра білуіне нұсқаушылық ететін рухани азық екенін ескерсек, көненің көзі болатын қарияларымыз кішкентай бұзықтарына тағылымы мол тамаша аңыз-

ертегілері мен ғибратты әңгімелерін үнемі баяндап отырса жарасар еді. Ендеше, ардақты әжелер, ұрпағымызға ұлағатты өнеге сыйлар игі дәстүрлеріміздің орнын ойсыратпай, өміріміздің жалғасы болған бүлдіршіндерге әдемі ертегі айтып беруден жалықпаңыздар!

Сондықтан бізге, үлкенімізге де, кішімізге де, рухани жаңғыру, рухани сілкініс, рухани кемелдік керек.

Даналықтың ұғымын ананың ақ жаулығымен астастырған халықпыз. Жер бетіндегі барлық мейірім мен махабатты осы аяулы жандардың жанарынан іздейтініміз де бұлжымас заңдылық себебі, ұлылық-ананың табанының астында. Батырды я, хәкімді де өмірге әкелген, ұлағатты ұрпақ санатына қосқан осынау дархан жүректің иелері.

- «Адамға үш жұт бар» дейді халық. Біріншісі – өлім, екіншісі – кәрілік, үшіншісі – тексіз ұрпақ. Біріншісі алмай қоймайды, екіншісі келмей қоймайды, ал ұрпақтың тексіз болуы – тәрбиеден. Баланың бас ұстазы ата-анасы десек, қызын - арға, ұлын – нарға балаған кешегі ата-бабалар ұрпағының бүгіні қандай? Біз өзіміздің рухани құндылықтарымызды жоғалтудың алдында тұрғанымызды біле ме з бе?

Қазақ Құдайдан баланы не үшін тілейді? Ия, не үшін?! Асырап-бағу үшін емес. Ұлт азаматы болып, ұрпақ жалғастыру үшін тілесе керек.

Бір ұлы бар кісінің, қалт-құлт еткен жаны бар.

Екі ұлы бар кісінің, өкпе – бауыр жаны бар.

Үш ұлы бар кісінің, Бұхарада малы бар.

Төрт ұлы бар кісінің, аспанға қарай жолы бар.

Балаға ұлттық тәрбие бере отырып білім нәріне сусындату – бүгінгі жаһандану кезеңіндегі ең өзекті мәселелердің біріне айналғаны ащы шындық. Күнделікті күйбең тіршілік қамымен жүріп ата-аналардың көпшілігі ұрпақ тәрбиесінен қол үзіп бара жатқандай.

Қазір бала-шағасына нәпақа табу үшін бірқатар оқушының не анасы, не әкесі жырақта жүр. Бір әкесімен немесе бір шешесімен тәрбиеленетін отбасыларды айтпағанда, толық отбасында тәрбиеленетін балалардың өзі ата-ана қамқорлығын қажетінше сезіне алмауда. Себебі, ата- аналардың өзі әртүрлі арналардан берілетін

арзанқол телесериалдардың тұтқынына айналды. Бала – ұялы телефонның тәрбиесінде. Ал ол жерде әлі ақыл-ойы пісіп жетілмеген, өмірлік көзқарасы қалыптаспаған жасөспірімдерді жел айдаған «қаңбақтай» алдына салып, дегеніне жүргізетен дүниелер жетерлік. Ғаламтордағы баланы еліктіретін, жаман әдеттерге жетелейтін роликтер, бейнефильмдер, түрлі бейәдеп жарнамалар буыны қатпаған жас балалардың психологиясына кері әсерін тигізіп жатыр.

Елімізде қаншама қыз мектеп қабырғасында жүріп ана атанды. Шаранасын далаға тастаған, қоқысқа лақтырған қаншама оқиға тіркелді. Мұның бәрі неден? Бұл – жоғарыда айтқан үшінші жұттың алғашқы белгілері. Оның зарын ең алдымен адасқан бала, содан кейін тәрбие тізгінін аңдаусызда қолынан сусытып алған ата-ана тартады.

Әрине, жауапкершіліктің бір ұшы ұстаздар қауымына тиетіні рас. Тәрбиедегі олқылықтың кесірі білім ошағына да жақсы ат әкелмейді. Оқушының бұзықтығы, кейде тіпті ағаттығы үшін мұғалімдер жұмыстан қуылып жатады. Мейлі, солай-ақ болсын. Сыныбындағы отыз оқушыға дұрыс тәрбие бере алмағаны үшін ұстаз да кінәлі шығар. Бірақ мұғалімін жұмыстан шығарғаннан тағдыры талқан болған баланың өмірі дұрыстала ма? Ата-ананың жанын сыздатқан мұң-зар сейіле ме?

Сондықтан қалай итерсең, солай қисаюға бейім тұратын жасөспірімдердің тәрбиесіне мектеп пен ата-ана бірдей алаңдауы қажет-ақ. Білім ошақтарында ұйымдастырылатын тәрбиелік мәні бар іс-шаралар ата-аналар тарапынан қолдау тауып жатса, құба-құп. Өйткені бүгінгі балалар – ертең қандай ел болатынымыздың кепілі. Көшелі ел, көргенді жұрт боламыз десек, үшінші жұттан сақтанайық құрметті ағайын...

«Егер бір жылдық өмірді
ойласаң, арпа ек!
Егер бірнеше жылдық өмірді
ойласаң, ағаш, бау ек!
Егер ұзақ жылдық өмірді
ойласаң, бала өсір!» деген бабалардан қалған ұлағатты сөз бар.

Әжелер – барлық тәрбиенің, барлық құндылықтың бастауында тұрады. Әрине, ежелден қазақ халқының нәзікжандылары таққа отырып, ел басқармаған, ерінен бұрын сөз бастамаған. Осылайша, әжелер өнегесі – ұрпақтан-ұрпаққа ұласып, ғасырлардан-ғасырға жалғасатын тәрбиенің таусылмас қайнар көзі болып саналады. Бұл – ұлттық болмысымызға тән қасиет әрі құндылық.

Әже тәрбиесі арқылы бала жақсы-жаманды ажыратып, үлкен-кішіні тани бастайды. Мінез-құлық, тіл тәрбиесі қалыптасып, бала үй шаруасына бейім, елгезек тілалғыш, мейірімді болып өседі. Әженің алдын көрген балаларға жұрт тәрбиелі бала деп баға береді. Әже тәрбиесін көріп өскен бала әженің мейірімі мен жүрек жылуына бөленіп өседі. Немеренің негізгі тәрбиесі әженің қарамағында болады. Әжесіне қарап жүріп, ойына көрген-білгенін түйіп өседі. Әже мен атадан тәлім алған немеренің рухани жағынан тәрбиелі, көрегенді азамат болып ержетуінің, елдің аузына ілігер көшелі азамат болып қалыптасуының негізі осылайша қаланады. Ендеше, әже, ана тәрбиесін көріп өсіп келе жатқан немере-шөберелеріңіз әрдайым сізді қуанышқа бөлесін деймін.

Айнымас ата салттың ережесі,
Баламен толған бақыт кенересі.
Өмірдің қызығына не жетеді,
Болғанда әжесі мен немересі.
Әжеде мейірімнің арналары,
Әжедей кім айналып-толғанады?
Қазақты қазақ қылған қашан дағы
Әжелік махаббаттың салған әні.

ҚАСЫМ ЕРАЛЫҰЛЫ

Ескі көздер бара жатыр азайып,
Олар жайлы ойламаудың өзі айып,
Ей, тірілер, соларды бір еске алып,
Тебіренейік, толғанайық жазайық.

Өткен ғасырдың ең сұрапыл қанқұйлы соғыстың бірі 1941-1945-ші жылдары болған, Ұлы Отан соғысы болды десем ешқандай қателеспеймін. Миллиондаған адам өмірін жалмап кеткен бұл қасіретті жеңуге, қазақ халқы да орасан өзіндік үлес қосты. Соның бірі де, әрі бірегейі Боралдай өңірінен шыққан екі бірдей соғысқа қатысып қол бастаған Қасым атам намысты, адал, елі мен жұртын сүйген абзал азаматтардың бірі Ералиев Қасым Ералыұлы.

Ол 1915 жылы Жуалының түкпіріндегі Кеңбұлақ ауылында дүниеге келген. Алғашында атасы Ораз қажыдан арабша хат таныған. Латын әліпбиіне көшкенге дейін зерек Қасым Құранды зуылдатып оқитын дәрежеге жеткен. Ерәлі мен Орынкүлдің тұла бойы тұңғышы өз тұрғыластарынан бойымен де, ойымен де ерекшеленіп тұратын.

Меккеге екі рет барып келген Жуалыда екі бірдей мешіт ұстаған атасы Ораз қажының алдынан түспейтін, жанынан қалмайтын Қасым 10-15 жасқа дейін балалық шақтың бал дәурен шағын басынан өткерген. Ұлы төңкерістің дүмпуі алыс алыс ауылдарды да айналып өткен жоқ. 1928 жылы қазақтың бақуатты кісілерін кісендеп әкетіп жатты. Қажы-молданы қамшымен қу деген Кеңес үкіметі Ораз қажының мешіттерін қиратып тастады, дін исламды құбыжық етіп көрсетті.

Атасына келген нәубет әкесіне де, әулетіне де жетті. Қазақтың жартысына жуығы қырылған ашаршылықта Ораз әулеті ойсырап қалды. Ерәлінің 11 ұл-қызынан, үлкен ұлы Қасым мен кенже ұл Әбдәлі ғана тірі қалды. Қалған тоғызы және Ерәлінің өзі де ашаршылықтың құрбаны болды. Демек бір әулеттің 80 пайызға жуығы шейіт болды.

Күйеуінен, 9 баласынан айырылған Орынкүл апа баласын Қасымды Бурно-Октябрь ауылындағы балалар үйіне беріп аман сақтап қалды.

Ешкім іштен батыр болып тумайды: батырлық та, мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады.

Кенжесі Әбдәлі екеуі Орынкүл апа қазіргі Түлкібас ауданындағы Пістелі байыс еліндегі төркініне барып жан сауғалады. Тау-тасы, мөлдір бұлағы, тамаша табиғатымен ерекшеленген Пістелі жерінде еш жерде кездеспейтін жабайы пісте өседі. Тұрғындары негізінен Байыс руынан сондықтан жер аты Пістелі-Байыс аталып кеткен.

Қасым балалар үйінен кейін 1935 жылы Шымкент қаласындағы Н.К.Крупская атындағы педтехникумды бітіріп, ауылдағы Кеңбұлақ мектебінде мұғалім болды. 20 жасында 1935 жылы Қызыл әскерге алынды. Әскери өмірдің барлық өнерін үйреніп, кіші лейтенант шенін алып, енді елге қайтқалы тұрған кезде, 1939 жылы күзде ақ финдермен соғысқа алып кетті.

Ералиев Қасымның басқа мандангерлерден тағы бір ерекшелігі 1939-1940 жылдары Кеңес-Финляндия және Ұлы Отан соғысына қатысуы.

1939-1940 жылдарғы Кеңес-Фин соғысының тууы салдарын өткен тарихқа негіздеп басынан бастап баяндар болсақ XIX ғасырдың басында болған орыс-швед соғысының нәтижесінде Финляндия жаулап алынып, 1809 жылдан 1917 жылға дейін Ресейдің құрамында болды. Батыс державаларында аландаушылық туғызбау үшін Ресей билеушілері Финляндияны автономия ретінде ұстап, оған кейбір кеңшіліктер берді, мысалы, басқару органы Сеймге, аздаған қарулы күштердің қызметіне рұқсат берді, тіпті орыс-финн шекарасы белгіленді, ол Ресей астанасы – Петербургтен 32 шақырым жерде өтті. Бірақ Финляндияның билеушісі орыс императоры болып есептелді, ал финн жерінде билікті патшаның атынан орыс генерал-губернаторы жүргізді. Әрине, бұл ерекшеліктерге Финляндия Ресейдің құрамында болғанша көп мән берілмеді, бірақ 1917 жылы Ресейдегі Ақпан және Қазан төңкерісінен кейін орыс-финлянд қатынастарында күрделі проблемалар пайда болды.

Кеңес-Финн соғысы – КСРО мен Финляндия арасында 1939 жылғы 30 қараша-1940 жылғы 12 наурыз аралығында

болған соғыс. 1939 жылғы Кеңес-Герман келісім шартына сүйенген Кеңес үкіметі Финляндиядан Ленинград қаласының қауіпсіздігі үшін Карель мойнағын КСРО-ға беріп, оның есебіне Карелиядан жер алуды талап етті.

Финляндия үкіметі ол талапты орындамағандықтан Қызыл Армия 1939 ж. 30 қараша күні шабуылға шықты. Финляндия Кеңес Одағы тарапынан болуы мүмкін шабуылдан қорғану үшін «Маннергейм шебін» тұрғызған болатын (1927-1930 жж). Бұл қорғаныс шебін Қызыл Армия үлкен шығынмен 1940 жылғы ақпан-наурызда бұзып өтті.

Аса үлкен шығындарына қарамастан, кеңес әскерлері шабуылды жалғастыра берді. Халқы аз Финляндияның оған төтеп беруге шамасы келмеді. Батыс елдері Германиямен соғыс жағдайында болғандықтан Финляндия үкіметіне өшқандай көмек бере алмады.

1940 жылғы 12 наурызда Мәскеуде екі жақ бітімге келіп, Карель мойнағы мен тағы біраз территория КСРО-ға берілді. Бұл соғыстың Кеңес Одағы үшін бірнеше зардаптары болды: 1) әлемнің прогресшіл күштері КСРО-ны басқыншы деп есептеді және оны Ұлттар лигасынан шығарып жіберді; 2) шағын ғана Финляндиямен үш ай соғысу дүние жүзі алдында Қызыл Армияның әлсіз екенін көрсетіп берді. Гитлер мен оның штабы Кеңес Одағын аз уақыт ішінде талқандамақшы болған «Барбаросса» жоспарын осы соғыстың нәтижесіне негіздеп жасады; 3) 1941 ж. жазда кеңес-герман соғысы басталған кезде Финляндия Германияның одақтасы ретінде Кеңес Одағына қарсы соғысқа араласты.

1939 жылғы қыркүйек айында Германиямен бірігіп, Польшаны талқандаған Кеңес Одағы Украина мен Белоруссияның батыс аймақтарын басып алды. Осыдан кейін КСРО басшылығының назары қайтадан Финляндияға ауды, 1939 жылдың 11 қыркүйегінде Кеңес Одағы Финляндияға өзара көмек туралы пактіге қол қоюды ұсынды, бірақ Мәскеудегі келіссөздерде финн жағы бұл ұсыныстықабылдаудан бас тартты.

Қалай болса да, осы проблеманы тез арада шешкісі келген КСРО басшылығы 14 қыркүйекте Финляндияға қатал талап қойды, ол бойынша Финляндия Ханко түбегін 30

жылға Кеңес Одағына жалға беруі керек болды, сонымен қатар финн жағы КСРО-ға Готланд, Сескар, Лаванси, Тиуринсари, Бьерке аралдарын және шекараға жақын Ленинградтың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін Карел мойынтығының бір бөлігін беру туралы ұсыныс жасалды. Қосымша талаптар бойынша финн жағы Кеңес Одағына 2761 ш.км аумағы бар Рыбачий және Средний түбектерін кеңес аумағындағы аумағы 5523 шаршы шақырым Шығыс Карелиядағы жерлерге айырбастау керек болды. 23 қазанда жіберген өзінің меморандумында Финляндия үкіметі өз шекарасын ішкі жаққа жылжыту және өз аумағындағы шетел әскерлерін орналастыру туралы КСРО-ның ұсыныстарын қабылдамайтыны туралы хабарлады.

Өз тәуелсіздігін қорғаған Финляндияға қарсы КСРО басшылығы арандатушылық пен күш көрсету саясатын жүргізе бастады. Осыған дәлел ретінде Хельсинкидегі КСРО өкілі В.В.Деревянконың 1939 жылдың 17 қарашасында В.Молотовқа жіберген құпия кеңестерінен байқауға болады, онда ол финдерге қысым көрсету үшін кеңес-финн шекарасында жағдайды ушықтыру, Финляндияға қарсы ақпарат науқанын жүргізу, тіпті екі ел арасындағы шабуыл жасаспау туралы пактіні денонсациялау және т.б. ұсыныстар жасайды.

Финляндиядағы өз өкілінің кеңестерін КСРО басшылығы қабылдаған болу керек, өйткені кеңес жағының ақпараты 1939 жылдың 26 қарашасында «Манила мекенінің қасында финндер жағы Қызыл армияның позициясын атқылап, содан бірнеше кеңес қызыл әскері қаза тапты» деген хабарды тарата бастады. Осыған байланысты КСРО үкіметі Финляндияға наразылық нотасын жолдап, онда финндердің қарулы күштері ішкі жаққа 25-30 шақырым шегіну керек деген қатал талап қойды.

1939 жылдың 28 қарашасында КСРО басшылығы Финляндия үкіметіне екі елдің арасындағы шабуыл жасамау пактін денонсацияланғаны туралы хабарлады ал, 29 қарашада Финляндиямен дипломатиялық қатынасты тоқтату туралы мәлімдеме жасады. Енді ғана КСРО жағынан төніп тұрған қауіпті сезген Финляндия үкіметі сол күнгі нотасында өзінің әскерлерін Ленинградтан керекті

қашықтыққа жылжытатыны туралы келіссөзге дайын екенін хабарлады.

Кеңестік 14 армия Петсамо аймағын оккупациялап, финдердің Баренц теңізіне баратын жолын жауып тастайтын операцияларын жүргізді.

Бірақ орманды алқап, қалың қар, - 35-40 градус аяз, жолдың жоқтығы және ұйымдастыру жағынан жіберілген қателер Қызыл Армияға сәтті соғыс қимылдарын жүргізуге мүмкіндік бермеді. Карел мойынтығындағы кескілескен ұрыстардан кейін 7-ші Кеңес армиясы финдердің шекаралық бекіністерін 25-60 км тереңдікке өтіп, желтоқсанның орта кезінде «Манергейм линиясына» шығып, оған шабуыл жасады. Бірақ финндер өздерінің қорғаныс позицияларын ұтымды пайдаланып, Қызыл армияның шабуылын тоқтатты.

Кеңес Армиясы орасан зор шығынға ұшырады, мысалы, қоршауда қалған 44, 18-дивизиялар талқандалып, 200 астам кеңес танкілері толық жойылды, сонымен қатар мыңдаған кеңес солдаттары мен офицерлері жараланды және үсікке ұрынды.

1939 жылдың желтоқсан айының екінші жартысында солтүстік аймақтағы Полвеярви, Аиттийоки және Суомисалми маңындағы шайқастарда финн әскерлері Қызыл армияның 139,75 және 163-дивизияларын талқандап, ірі жеңістерге жетті. Сөйтіп, соғыстың бірінші кезеңі Қызыл армияға ешқандай әскери табыс әкелмеді, сондықтан кеңес жағы әскери операцияларды уақытша тоқтатып «Маннергейм линиясына» өту үшін ауқымды шабуылды дайындай бастады. 1939 жылдың аяғы мен 1940 жылдың басында Карел иініндегі шабуылға 7, 13-армиялар және Ставканың резервінен алынған жаңа құрамалар дайындалды, осы әскерлер 1940 жылы қаңтарында құрылған Солтүстік-батыс майданын құрды. Жаңа құрылған майданның құрамында: 21 атқыштар дивизиясы, 13 артиллериялық полкі, 4 артиллерия дивизионы, 5 танк бригадасы, 4 танк батальоны және 15 авиация полкі болды.

1940 жылдың 12 наурызында Мәскеуде Кеңес Одағы мен Финляндия арасында бейбіт шартқа қол қойылды. Оның баптары бойынша Финляндия КСРО-ға қарсы

коалицияларға қатыспайтын болды, сонымен қатар Карел мойынтығында шекара Ленинградтан 150 шақырымға алыстатылды, осыған қоса Мурманск, Мурманск темір жолы және Петрозаводскіден шекара финдер жағына жылжытылды. Шарттың негізінде Финляндия Финн бұғазындағы бірнеше аралдар мен Рыбачий түбегін, Баренц теңізіндегі Средний түбегін беруге мәжбүр болды. Сонымен қатар финдер жағы Ханко түбегін Кеңес Одағына 30 жылға жалға берді, ал КСРО жағы өз әскерлерін финндердің Петсамо облысынан шығаруға келісті.

Осылай агрессиялық саясат жүргізген Кеңес Одағы үш айдан астам уақыт соғыс жүргізіп, тәуелсіз мемлекет – Финляндияның бірқатар жерін жаулап алып, оларды КСРО құрамына кіргізді. Саясаттағы ойын осы кезде де орын алды. Жаулап алған жерлерден финн халқының өкілдерін қуып тастағаннан кейін, КСРО басшылығы сол жерлерге Карелияны қосып, жаңа Карел-Финн кеңестік одақтас республикасын құрды. Кеңес-финлянд соғысының негізгі нәтижелері осындай болды.

1939-1940 жылдары Кеңес-финлянд соғысы қарсыласқан екі жаққа да ауыр зардап әкелді. 105 күнге созылған соғыста Қызыл армияның шығыны орасан зор болды, оның ішінде 72408 адам қаза тауып, 17520 хабарсыз кетіп, 20 мыңға жуығы тұтқынға түсіп, 200 мыңнан астамы жараланды. Әскери техника жағынан Қызыл Армия 640 ұшақ пен 2,5 мың танкіден және т.б. қару-жарақтан айырылды.

Кеңес әскерлерімен салыстырғанда финн қарулы күштерінің шығыны әлдеқайда аз болды, олардың 19571 адамы қаза тауып, 43357 жараланды және 4161 жауынгері хабарсыз кетті.

Бұл финндер жағы берген деректер, бірақ әлі күнге дейін оларды ешкім теріске шығарған жоқ, соған қарағанда бұл деректер шындыққа жатады деп айтуға болады.

Сонымен қатар орыстарда бүкіл соғыс бойы көрсетілген жайбасар тактика, нашар командование және зор шығын болды, осыған байланысты дүниежүзінде Қызыл армияның қабілеті туралы кереғар пікір қалыптасты. Кейінде осының барлығы Гитлердің шешім қабылдауына

белгілі ықпал жасады. Кеңес-финлянд соғысындағы Қызыл армияның дәрменсіздігі және Вермахтың Батысты тез арада іске асырылған блицкригі Гитлердің пікірін өзгертті, енді ол КСРО Қарулы Күштерін англо-француз әскерлерінен де тез талқандауға болады деп айта бастады. Осы кезден бастап Германия басшылығы КСРО-ға шабуыл жасау жоспарын дайындай бастады.

Кеңес-финлянд соғысы КСРО-ның халықаралық аренадағы жағдайын да нұқсан келтірді. Ұлттар Лигасынан шығарылғаннан кейін дүниежүзілік қауымдастық КСРО-ға агрессор ретінде қарайтын болды.

Осы кездегі Кеңес Одағының агрессиялық саясаты көптеген елдерде сынала бастады, ал кейбір КСРО-мен көршілес мемлекеттерде абыржушылық және үрей пайда болды, өйткені КСРО басшылығы өздерінің дүниежүзілік революция теориясына сүйеніп, көрші мемлекеттерді кеңестендіру саясатын іске асырғысы келді. Бұл үшін кеңес жағы халықаралық революциялық күштерді, Коминтернді, тіпті өздерінің қарулы күштерін пайдалануға дейін баратыны көрініп қалды. Осыған мысал ретінде КСРО-ның Финляндияға шабуыл жасап, онымен соғысқанын келтіруге болады.

Сонымен қатар өзінің саяси мақсатын іске асырғысы келсе, КСРО-ның басшылығы ешқандай халықаралық ұйымдармен және құқықтармен есептеспейтіні анық байқалды. Сондықтан тарихта 1939-1940 жж. кеңес-финлянд соғысы Кеңес Одағының сыртқы саясатындағы ең жағымсыз оқиғаларының бірі ретінде қала бермек.

Қасым Ералыұлы Кеңес Одағы мен Финляндия үкіметінің арасындағы саяси жағдайда болған соғысқа 1939 жылдың қараша мен 1940 жылдың наурызы аралығында қатынасты. Ол кезде әскердегі қызмет мерзімі үш жыл болатын. Қасым ол шақта Бурнооктябрьдегі жетімдер үйінен Қызыл әскер қатарына алынып Отан алдындағы борышын өтеп жүрген болатын. Ол соғыс деген алапаттың адамзат баласына әкелетін қасіретін өлім мен өмірді көзімен көріп, от пен оқтық ортасынан өтті. Кеңес әскерінің тарапынан Финн әскерлеріне қарсы ұйымдастырылған Маннергейм шебін бұзуға қатынасты. (Ол туралы кейін

баяндала жатар) Осы соғыс біткен кезде 1940 жылдың мамыр айында Қасым елге оралды.

...Соғыстың соңғы солдаты өлгенде соғыс бітеді деген сөз бар. Соңғы соғыстың соңғы солдаттары да саусақпен санарлықтай болып қалды. Келер жылы басталғанына 80 жыл толатын сұрапыл соғыстың аяқталғанына 75 жыл толып қалды. Сол жылы, Жеңіс жылы туған Жеңіс есімді балалар қазір қарияға айналды. Ең жас солдаттың өзі тоқсанның төбесінен қарап тұр. Күркіреген күндей өте шыққан соғыста аталарымыз бен әкелеріміз қазақтың атыны кір келтірмей, батыр халық екендігімізді сөзбен емес іспен дәлелдеді.

Ералиев Қасым 1940 жылы бір соғысты аяқтап, туған жерге 5-6 жылдан кейін бірақ келіп, Кеңбұлақ және де Кеңес мектептерінде алғашқы әскери дайындық және дене шынықтыру пәндерінен сабақ берді. Үлкен соғыстың болмай қоймайтындығын жан-тәнімен сезген жас офицер 17-18-дегі жас жігіттерді соғыс өнеріне шыңдай берді, шыңдай берді.

1920-25 жылдары туған Жуалының бозымдай жігіттерінің жартысына жуығын төніп тұрған соғысқа дайындап үлгерді. Ол туралы кейін соғысқа қатысып елге аман-есен келген Зиябек, Ақылбек, Базарбай сияқты көптеген майдангерлерден естідім. Қошқарата-Боралдай өңірінен соғысқа барған ардагерлер өле-өлгенше Қасым туралы айтып өтті.

Жасындай жарқылдаған, сымша тартылған, екі иығына екі кісі мінгендей кең иықты, кеуделі, сымбатты, қайратты Қасымға осы өңірдің хас сұлулары шеттерінен ғашық болады. Мен ол қыздардың кемпір кезінде айтқан әңгімелерін өз ауыздарынан талай рет естідім. Бірақ Қасымға қазақ қызына қосылуын үй болуға құдай жазбапты. Орынкүл анасына әні-міні келін әкеліп түсірем деп жүргенде соғыс басталды деген жаман хабар келіп жетті. Жуалыға сол кездегі Сталин колхозының төрағасы Жүнісәлі ағасына анасы мен жалғыз бауыры Әбдәліні табыстап, 1941 жылдың 22 маусымында-ақ, соғыстың алғашқы күні жайдақ атқа қарғып мініп, қасына Әбдіғаппар деген құрдасын ертіп, 45 шақырым жердегі әскери комиссариатқа шауып кеткен.

Кез келген тұлғаның артында іздеушісі, қолдаушы болмаса, халықтың санасынан, ақырын бірте-бірте өше беретіні ақиқат.

Ұлы Отан соғысы туралы тарихи мәліметтерге қарағанда 1941 жылдың маусым айында фашистік Германияның кенеттен лап қойған шабуылына қарсы көтерілген Кеңес Социалистік Республикалар Одағы Қарулы күштерінің құрамында 5 миллионнан астам жауынгер болды. Кеңес Армиясында 67 мыңнан астам құрал-жабдықтар мен минометтер, жаңа сипаттағы 1860 танкі және 2700 жаңа типті әскери ұшақтар бар еді. Әскери-теңіз күштерінде жаңа сипатты 276 әскери кемелер болды. Оның 212 әскери сүңгуір кемелер болды...

Мұнан тыс, Кеңес Армиясы, негізінен, бұрыннан ескірген, қаусаған бронетанкілік және авиациялық техникаға ғана мұрагер болып тұрған кез болатын...

Осы мәліметке салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, фашистік Германияның қарулы күштерінде 8,5 миллион жауынгер болды. Фашистердің әскери күштері Кеңестік әскери күштерден 1,6 есе басым еді. Неміс фашистерінің армиясының қолында 5639 танк және шабуылдаушы құралдар, 10 мыңнан астам әскери ұшақтар, 61 мыңнан астам құрал-жабдықтар мен минометтер болды.

1941 жылдың маусым айында фашистердің әскери-теңіз флотында соғысқа аса пәрменді 217 әскери кемелер болды. Оның 161-і әскери сүңгуір кемелер болды.

Лейтенант шеніндегі әскери шенімен Ұлы Отан соғысының қан майданына кірген Ералиев Қасым – өз Отанының сол бес миллион жауынгердің бірі болатын.

Гитлердің Кеңестер Одағына жасаған шабуылы мен оның «Барбаросса» жоспары осындай техника мен адам күшінің басымдығына негізделген болатын. Оның ойынша қыс түспей Кеңес армиясын талқандап Москваны алу еді. Соғыстың алғашқы айларында фашистердің қарқынды түрде шабуылдап алға жылжуына осындай себеп-салдар ықпал етті.

Соғыс басталмай тұрып командир болған қазақ жігіттері ол кезде тіптен аз еді. Ол бар жігерін оқ пен отты қатар көріп ысылған қазақ офицерін командование бірден

майданға жібермей, оқ-дәрінің тың исі әлі мұрнына бармаған жап-жас бозбалалар мен орда бұзар отызға келгенімен, әскерде болмаған жауынгерлерді соғыс өнерінің тактикасына, былайша айтқанда соғыс әліппесін үйретуге жұмсады.

Немістер Оралға жақындап қалды, Орал тауының ормандарында Пермь облысының Соликамск қаласының маңындағы Калиец поселкесінде орман ішінде Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен әскерге шақырылған жас сарбаздарды соғысқа дайындады. Бірақ есіл-дерті қайнаған қан майдан, жоғарғы командованиеге майданға жіберуін өтініп рапорттардың бірінен соң бірін жолдады.

«Жоқ, сіздің тәжірибеңіз осындағыларға ауадай қажет» деп біразға дейін жібермейді.

Ғасырлар бойы адамзаттың арманы: бейбіт өмір сүру, жылы киім киу және тойып тамақ ішу болды. Ал соғыс не әкелді? Тамақ орнына – оқ, өмір орнына – өлім, киім орнына – кебін әкелді.

...Шығыстан батысқа қарай эшелон-эшелон әскер кетіп бара жатса, батыстан шығысқа қарай босқындар ағылуда еді. Елден, жерден, мал-мүліктен айырылған жұрттар жан-сауғалап шегініп жатты.

Сондай аласапыран заманда Қасым 17-18-дегі орыс қызы Полинаға жолығады. Мектепті жаңа бітірген Воронеждік жас қыз комсомолдық жолдамамен Карелияға барған кезінде соғыс басталып кеткен екен. Олар мінген поезды немістер бомбалаған. Ондағы адамдардың көбісі өліп, қалғаны жараланып, Полина анасы екеуі бомбаның толқын соққысының әсерінен көлге құлап, одан жұрттар қайықпен алып шығып, әйтеуір әупіріммен аман қалыпты.

Ал Қасым болса, бұдан бір жарым жыл бұрын Карелия мен Финляндияда соғысып қайтқан еді. Полина соғыстың не екенін көзімен көріп, босқындар мен бірде аш, бірде тоқ болып 3 айда келіп жеткен жері осы Орал тауы еді.

Қазақ деген халықты еміс-еміс естігені болмаса, өмірі көрмеген жас қыз, суреттей сымбатты, сарт-сарт етіп команда беріп жүрген жас қазақ офицеріне Полина бір көргеннен ғашық болады. Білімді, орысша орыстың өзінен артық сөйлеп тұрған, еңселі, қара шашты, қара қасты, қыр

мұрынды, үстіндегі әскери киімі өзіне құйып қойғандай болып жарасып тұрған 25-тегі Қасымды ұнатпау, жақсы көрмеу мүмкін емес еді. Бұл менің қиялымнан туған әңгіме емес. Полина апамның өз аузынан естігендерім.

1993 жылы 24 мамырда қызмет бабымен Көлтоған ауылынан Б.Мошышұлы ауылындағы Д.Қонаев көшесі, №34 үйге көшіп келдім. Ол кезде Полина апам бізден сәл жоғары №76 үйде тұратын. Жолыққан сайын ол кісіден Қасым атам туралы ерінбей сұрай беретінмін, сұрай беретінмін...

Төменде сол кісінің айтқандары мен жазған хаттарынан Полинаның естеліктері:

- 1941 жылдың сентябрь айының 3-і күні атаңды алғаш рет көрдім. Құжат бойынша 1915 жылы 25-ші тамызда туған. Таныстық, ол гвардия аға лейтенант шенінде, лауазымы батальон командирі, 400-450 жауынгерді басқарады екен. Бұйрық береді, соғыс тәсілдерін үйретеді, жаттықтырады, жүгіртеді, әскери жаттығулар жасайды, орманға алып кетеді, жекпе-жек ұрыстарға баулиды, ерлікке жол ашады, ашық алаңға апарып, нысана көздеу өнерін үйретеді екен. Ол жағын енді мен жақсы білмеймін ...

Бәрі де құпия. Ол туралы өзі де ештеңе айтпайды. Айтатыны, командир – ұстаз, солдаттардың ерекшелігін танып, тәрбиелеуші, әр солдаттың қолынан қандай іс келетінін дәл анықтап, орынды жұмылдырушы.

Қасым маған бірден ұнады. Қызметінен сәл қолы босаса, біз жатқан баракқа келіп, киноға шақыратын. Мен өрине баратынмын. Анам екеумізді жайлы пәтерге жайғастырды. Өзі туралы алыстағы анасы мен Әбделі інісі туралы жиі айтатын. Өте салмақты, бірде ол ресми түрде маған үйленуге ұсыныс жасады. Анамнан рұқсат сұрады. Мен Қасымға құдайдай сендім, құлай сүйдім. 1941 жылдың 13 желтоқсанында Соликамск қаласының ЗАГС-інде (АХАЖ) заңды некеге тұрдық. Бір топ офицер жолдастары келіп бізді құттықтады, кешке кіші-гірім стол жасап, біздің үйленгенімізді атап өттік. Қасыммен бірге тұрған төрт ай төрт күндей өте шықты.

- Атаңның есімде қалған әңгімелерінің бірі «Финн жеріндегі соғыста күннің суықтығы соншалық, винтовканы

майлайтын майлар қатып қалатын, түкірген түкірік жерге жеткенше мұзбұршақ болатын» дейтін.

1939 жылдың қысында 24 жастағы рота командирі Ералиев Қасым 7 армияның құрамында «Маннергейм сызығын» (Финляндияның әскери және мемлекеттік қайраткері маршал Карл Густав Эмиль Маннергеймнің бастамасымен салынған бекініс) бұзып өтуге бағытталған шабуылға қатысты. Карель мойнағында орналасқан «Маннергейм сызығы» туралы аз-кем ақпарат бере кетейік. Бұл ұзындығы - 135 шақырым, ені - 90 шақырым аумақты алып жатқан терең орлардан, тікенек сымдардан өрілген қоршаулардан, оқ жаудыру көздерінен, қалыңдығы 2 метрге жететін бетон және гранит қабырғалардан тұратын қуатты қорғаныс жүйесі болатын.

Шахмат тәртібімен қойылған доттардың үстіндегі топырақ үйіндісінде қалың шөп пен ағаш өскендіктен, кеңес әскеріне атысты төбеден оқ ату траекториясы бойынша жүргізуге тура келді. Соғысқа сақадай сай дайын тұрған фин әскері арнайы киім-кешекпен, мұз үстінде жүруіне арналған табаны бұдырлы бәтеңкелермен, сол уақыттың озық үлгідегі мерген винтовкаларымен жабдықталған еді. Ал біздің жауынгерлер палаткаларда жан сауғалап, сақылдаған сары аязда шылғаулары шешіліп қалған аяқтары етікке жабысып жатты. Олардың мадақ пен марапат туралы ойлайтын жағдайы болған жоқ. Туған жерге тірі қайтуды аңсады.

1940 жылдың қаңтар айы болатын. Балтық теңізінің жағасында, Финляндия шекарасына жақын орналасқан Ленинград облысындағы Выборг қаласының маңы. Қаладан бірнеше шақырым жердегі ұрыс даласында жау оғынан ауыр жараланып, қардың астында қаны қатып қалған командирге санитарлық взвод көмекке келеді. Тіршілік нышаны сезілмейтін командирді алғашында санитарлар өлдіге санапты. Өйткені, шейіт болғандар өте көп, жау снаряды дәл түскен зеңбіректің күл-талқаны шыққан. Татар дәмі таусылмаған командирдің тірі екенін кірпігі қимылдағанынан біліп, госпитальге жеткізген.

Арада бірнеше күн өткенде госпитальда есін жиғанда жанында қан құйып отырған донор-орыс қыздың «Қандай

әдемі қазақ!» деген жылы сөзін естиді. Шынында да сендердің аталарың сұңғақ бойлы, қою қара шашы артына қайырылған, көздері терең, жанары өткір жігіт болатын. Командирлік тәжірибесін алға тартып, сан мәрте соғысқа сұранды. Ел басына күн туған кезеңде тыныш жата алмайтынын айтып, майдан даласына ерікті түрде жіберуін талап етеді. Сөйтіп кеңес-финн соғысынан аман-сау оралған осылайша Қасым Ералиев кейін 1943 жылдың 29-шы қарашада госпитальда қайтыс болды. Неткен өкінішті ... Жаңа 1944 жылға небәрі 31 күн қалғанда, арғы жағында Жеңістің шеті көрініп қалып еді..

Кеңес-финн және Ұлы Отан соғыстарының бел ортасында жүрді. «Ат басына күн туса, ауыздықпен су ішер, ер басына күн туса, етігімен су кешер» дейді бабаларымыз.

Қазақ даласынан Батысқа майданға бет алған, Белоруссияға дейін ну орман, ми батпақтан ауыр техникаларды сүйреп, сыз окопта жатып, жауған оқ, жанған оттың ортасынан аман өтті. Қарамағындағы қарулас жауынгерлерінің қазасын көрді, жүрегіне ауыр салмақ түсті, фашист басқыншыларының қатыгездігін, аштық пен суықты басынан кешті. Қиын-қыстау кезеңдерде өзіне жүктелген командирлік тапсырмаларды аса шеберлікпен орындап, Отан алдындағы борышын абыроймен атқарды. Талай қырғынды басынан кешірді. Орел-Курск жеріндегі шайқастың бел ортасында болды. Қасыммен бірге болған 4 ай, 4 күн ол менің өмірімнің ең бақытты шағым еді, - деп еңіреп тұрып еске алатын алғашқы махабатын, қайран Полина апам.

Полина Роман деген орыс қызы,
Он жеті-он сегізге келген кезі.
Қазаққа Қасым деген ғашық болып,

Сондағы Полинаның айтқан сөзі, - дегім келіп тұратын орыс апамды көрген сайын.

Бір биенің екі емшегі,
Бірі кетсе сүті жоқ.
Бір түйенің екі өркеші,
Бірі кетсе, күші жоқ.
Ол немересі Наташаға;

- Сенің атаңдай «красавец» бұл өмірде өте сирек кездеседі, - деп талай айтыпты. Ол қарындасым, «бабушкам Қасым атамды қатты жақсы көрген. Қанша жыл өтсе де, ұмытпайды, жиі еске алады. Олардың махаббаты кинодағыдай, - деп айтып еді.

Бір жолы реті келгенде Полина апама сұрақты төтесінен қойып едім, неге Орынкүл әжеме немесе әкем Әбдәліге (похоронное извещение) қара қағазды көрсетпедіңіз, қайтыс болғанын неге айтпадыңыз? - дедім.

Апам байғұс біраз мұңайып алып, кішкене үнсіздіктен кейін: «Мені дұрыс түсін, балам» деді. Жарты ғасырдан астам уақыттан кейін бұл сұрақ алдынан шығатынын ол қария қайдан білсін. Қиналып отырып бәрін жайып салды. «Ол заман өте ауыр кезең еді, 1943 жылдың соңғы айы декабрь мен 1944 жылдың басы январь, февраль, март айларында Қасымнан хаттар мүлде тыйылды. Ең соңғы хаты 1943 жылдың 27 қарашасында жазылған.

Бұрынғы келген хаттары ұзақ болатын. Бұл хат өте қысқа жазылған. «Өте ауыр жараландым, қоршауда қалдық, солдаттарымды ойлап, уайымдап жатырмын» деген мағанада жазылған хат. Көктем шығып қар ерісімен сәуір айында шешем екеуміз аудан орталығы Бурныйға аудандық военкоматқа шешем екеуміз бардық.

Шешем айқайлап-бақырып бетбақтыққа салып, «4-5 айдан бері хат-хабар, не өлісі не тірісі жоқ» деді. Біраз уақыттан кейін басқа бір кабинеттен бір әскери киімдегі егде орыс кісі менің қолыма бір жапырақ қағаз ұстатты. Оқып шығып мен талып қала жаздадым. Жылап жатырмын, дауысым қатты шығып кеткен болуы керек, военкомат қызметкерлері жиналып қалды. Әйтеуір, әскерилері бар, гражданскийлері бар, маған көңіл айтып жатты.

Бір уақыттан кейін бағанағы маған извещение берген адам:

- Сіз офицердің жұбайысыз, сізге қомақты пенсия тағайындалады, соғыста қайтыс болған офицердің жесірі ретінде. Құжаттарыңызды дайындаңыз, - деп кабинетіне кіріп кетті.

Содан шешем екеуміз ары ойланып, бері ойланып кемпірдің жүрегін ауыртып, естіртпей-ақ қояық деген

Касым Ералиев



ГЛАВНОЕ
УПРАВЛЕНИЕ КАДРОВ
министерства обороны

№ 172/4/122340

ГОМЕЛЬСКОМУ ОБЛАСТНОМУ
ВОЕННОМУ КОМИССАРУ
ВАЛКОВУ, г.Гомель

Прилепину Н.
472303, Кавказская ССР, Джавахетинская обл.,
г.Приозерск-3, гостиница "Заря",
комн.2.

Прилепин Н.
Прилепин К.

лейтенант Прилепин Калин, призванный об.Ленино-Кавказской обл., командир роты 1ПСР 58 мотострелковой бригады, умершего умершим от ран 20 января 1943 г. Захоронен на воинском кладбище северо-восточная окраина д.Ильина Парижского района Гомельской области.

Прилепин Н.

Приложение:

Подпись

ГЛАВНОЕ УПРАВЛЕНИЕ КАДРОВ
МИНИСТЕРСТВА ОБОРОНЫ

Исх. вх. № 2040

Тов. ПРОЗИЕВУ

472303, Кавказский СССР Джавахетинская обл., г.Приозерск гостиница "Заря" комната № 2

КОПИЯ: ГОМЕЛЬСКОМУ ОБЛАСТНОМУ ВОЕННОМУ КОМИССАРУ
г.Гомель

(через 4-ый отдел) На № 4/3071 от 17.II.87

Сообщаю, что согласно сообщения Главного управления кадров МО СССР № 172/4/122340 от 27.IO.87 г. лейтенант 58-ой мотострелковой бригады КРАЛИН КАЛИН, умерший от ран 20.II.1943 г., похоронен воинской команды д.Ильина, внесен в списки согласных и захоронен в братской могиле д.Воронина Светлогорского р-на Гомельской об.

Братская могила огорожена металлической оградой.

На могиле установлен скульптурный памятник.

Ведется над братской могилой о-в "Воронин" в Воронинском с/с.

Для посещения братской могилы необходимо ехать до г.п. станции Светлогорск-на-Березине Белорусской ж.д.

От ж.д. станции городским автобусом доехать до автостанции, где Вам подскажут каким автобусом удобнее доехать до д.Воронин Светлогорского р-на Гомельской области.

ВОЕННЫЙ КОМИССАР СВЕТЛОГОРСКОГО ОКРУГА
ПОЛКОВНИК -КАРПОВ-

исп. Иванов



дителей областных работников и т.д. и т.п., на основе чего или Даша статья в подозрении в шпионаже, что является досужей фантазией того времени, приведшей к перелому по части решения моей судьбы.

Начиная отбывать срок наказания с Верхнесалдинского Лагпункта Свердловской области, конвой Пермь(лагпункт Красноармейский, станция Полуночная), ЧПУ, Магадан, везде был передовым чернорабочим.

За последнее время будучи инвалидом, только в одном лагпункте ОЛПа Ягодная кол. с 1943 года по 1946 год имел 11 благодарностей с внесением в рабочее дело и 2 грамоты центрального штаба трудового соревнования Севвостлагерей Дальстроя, копии последних прилагаю.

Ныне туберкулезник- инвалид, согласно справки ВТЭК.

На основании изложенного и прилагаемых мною документов, прошу разобраться в моем деле и снять с меня вдм. наказание.

Дополнительные материалы по оправданию себя могу дать только на месте.

К сему (САПУНЯНЦ)

" " июня 19Т года.

г. Магадан

г. Москва

МИНИСТЕРСТВО ГОСУДАРСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ СССР

г. Алматы

Чиновнику по особым поручениям КГБ при Правительстве Республики Казахстан

от осужденного по делу САГИНБАЕВА Сутбая, отбывающего наказание в г. Алматы

З А Я В Л Е Н И Е

Примерно 1913 года в зимовке Тенды-Булак ныне в Дулатовского района Северо-Казахстанской области в семье батрака И.Г. САГИНБАЕВА Сагинбаев. В двухлетнем возрасте умерла мать, воспитывался у отчима и родственников отца.

С 1925 года по 1930 год находился на воспитании в Булаевском 4-х годичном Интернате, после чего учился в школе Колхозной Молодежи в пос. Рассвет Булаевского района. Учился на краткосрочных курсах "Политпросвещения" при Петропавловском гор. Акимбуле.

С 1929 года член ВЛКСМ. С сентября 1931 года по 1934 год учился на рабфаке, с 1934 года по 1937 год- 11-е декабря учился в Институте Народного хозяйства (диплом в ОК Джезказган).

Итого с 1926 года по 11/XII- 1937 года среди советского строительства- 12 лет.

С 27/1-1938 года по 9/марта работал помощником Пинаево-Пинаевского сектора Облнаторгсоюза, а потом оставлен в г/Кокчетавский облсуда, где с 3/II-1938 года по 10/XII работал старшим экономистом по товарообороту и одновременно преподавал в курсе сов.строительство при Акмо-Кокчетавском облисполкоме и в курсе Обзор по предмету " Сталинская Конституция и структура Советов".

Констатирую, что после окончания Института работал всего 5 месяцев 12 дней.

10/XII-1938 года арестован. Решение тройки при г/Кокчетавском обл. НКВД от 26 сентября 1938 года, объявленным мне от 27 декабря 1938 года заочно осужден к 10-ти годам лишения свободы за подрывную и шпионскую вредную советскому государству.

15 сентября 1948 года освобожден из лагеря на правах осужденного под гласным надзором МГБ до особого распоряжения.

Отбывая в течение 10 лет наказания и ныне находящийся до особого распоряжения, считаю себя не в чем виновным перед Родиной.

Решение Тройки вынесено на основе лжо-клеветнических материалов, т.е. как сам хутор, так не имеющих данных об окончании Института и в связи с тем, что подставной свидетель бывших руково-



СВИДЕТЕЛЬСТВО О ЗАКЛЮЧЕНИИ БРАКА

№ 449665

ДИПЛОМ

В № 509528

ДИПЛОМ

В № 509528

Батальон командирі

Қасым Ералиев Ұлы Отан соғысына ысылған сардар дәрежесінде енді. Ол оған дейін фин соғысына қатысып, омырауына жауынгерлік награда таққан болатын. Соғыстың алғашқы жылдарында Перм қаласында әскерге жауынгерлерді даярлау училищесінде ұстаздық қызмет атқарды. 1942 жылдан 65 армияның 58 жеке бригадасында батальон командирі дәрежесінде жаумен шайқасып, Орел, Курск маңындағы алапат шайқастарға қатысты. Жуалы ауданындағы Көңбұлақ ауылында дүниеге келген капитан батальон командирі 1943 жылы Белоруссияны азат етуде ерліктен қаза тапты.

Суретте: Қасым Ералиев.

шешімге келдік. Одан кейін мен 7-8 жылдан соң ғана екінші күйеуге шықтым. Бұл да табиғаттың заңы ғой...

Но, роды Ералиевы продолжается...

... Ал, Қасым ше, Қасым ?!

Қасым да ет пен сүйектен жаралған жас сұлуды сүюге, үйленуге әке болуға құқығы бар еді. Бірақ аласапыран заман, бір соғыстан кейінгі бір соғыс, оның үйленуіне, анасының қолын ұзартып, келін түсіруіне мүмкіндік бермеді. Соғыс жазда емес, күзде басталғанда, Ерәлінің қара шаңырағында бір тойдың болатыны кәміл еді. Бұл соғыстың финн соғысы емесі екенін, оның ұзаққа созылатынын, одан алғашқы соғыстағыдай аман қалу-қалмауы белгісіз екенін «кадровый офицер» жан жүрегімен сезді. Сезді де төмендегідей тоқтамға келді. Алыстағы қара көздерді туған елді, жерді қайта көру-көрмеуі бір Аллаға аян еді. Жау Еділді алып, Оралға табан тіреп тұр. Енді бір аттаса, Орал тауының ар жағынан, Қазақ елі көрініп тұр. «Мен осы орыс қызына үйленіп, қан майданға кетер кезде жұбайымды елге, анама жіберуім керек» деп шешіпті.

... Соғыс кезінде сүйіп қосылған екі жас көктемде Қасымды қан майданға алып кеткенше, қысқа болса да, бірге болу бақытына ие болады. Аяғы ауыр келіншегі мен енесін Мәскеу-Алматы пойызына шығарып салып, анасы мен бауырына дұғай-дұғай сәлем айтып, өзі дайындаған жауынгерлерімен бірге алғы шепке кете барады.

Қос ғашықтың жолы екіге бөлініп бірі батысқа, бірі шығысқа бір-бірін қия алмай арттарына жалтақтап кетіп бара жатты. Екеуінің қайта кездесу-кездеспеуін бір құдай білетін, ол екеуіне де белгісіз еді.

... Боранды бекетте (Бурное станциясы) жеңгесі мен құдағиын Әбдәлі күтіп алады. Ел-жұрт Қасымның өзін көрмесе, келіншегін көріп, көзін көргендей бір көтеріліп қалады. Ол кезде тылдағы жағдай да қиын еді. Орынкүл бір қой сойып, кішігірім той жасап, ақсақалдардың батасын алады.

Бұл бұрын-соңды болмаған оқиға еді. Біреуі бір ауыз сөз орысша білмейтін, біреуі бір ауыз сөз қазақша білмейтін қос құдағи қырманда қатар тұрып жұмыс істейді. Арбамен бидай тасиды. Полина 1942 жылдың 15 қыркүйегінде,

қырманда жұмыс істеп жүріп бір қазақты дүниеге алып келді. Ақ түйенің қарны жарылды, тұңғыш ұлдың тұңғыш баласын, немерелерінің ырымалдысын көріп, Орынкүл қатты қуанды. Ұлды болғанын Қасым да естіді, білді. Қан майданда жүрген Қасым командирге баласын көзбен көріп, қолмен ұстамаса да, шаңыраққа ие болып қалатын баласы бар екенін білгеннің өзі дәтке қуат еді.

1941 жылғы Мәскеу түбіндегі шешуші шайқас кезінде, Баукеңе желтоқсан айында ауылдағы әйелі ұл тапқаны туралы жақсы хабар жетеді. Сонда Баукең штаб бастығы, лейтенант Рахимовты шақырып, қуанышты хабарымен бөліседі. Рахимов ұйымдастырып алып жіберіп, кешке бір отырыста Бақытжанды «жуады». Тап сондай жағдайда Қасекең де қарулас достарымен кішкене уақыт атап өтеді. Ол кезде екі жақтың ел мен майдан арасын жалғастырған үшбұрышты үшбу хаттар үзілмей келіп тұрған.

Аға ұрпақтың мақсаты - жас ұрпақты елін, жерін сүюге, оны қорғай білуге тәрбиелеу. Елін сүю, қорғау – әркімнің әскери азаматтық міндеті. Сол үшін ол жоғарғы азаматтық санаға ие болуы керек. Бәрін қорытып айтқанда, ол әр адамның ақылы мен санасына байланысты.

... Танкіге қарсы соғысатын ротаның командирі, гвардия аға лейтенанты Ералиев әрдайым алғы шепте болды. Қасекең хас батырдың бірі еді, жеңіл-желпі жараланғандарын есептемегенде, екі рет ауыр жарақат алған еді.

Қариялар «Оққа қарсы шапқанда, өлім қапталда қалады» деп отырушы еді. Ысқырығының өзі ынжықтың иманын үйірген тажал оғына қарсы шапқан арыстан жүректі Қасым Ералиев ерекше ерлік көрсетті.

Жараланса да тірі екендігіне шешесі шүкіршілік етіп, жас келіншегі күн санап сарғайып күтуде еді. Соғыс жүріп жатқан аймақтан анасының құрсағында аман-есен елге жетіп ата-бабасының туған жерінде жарық дүниеге келген жас қазаққа Әбдәліге ұйқастырып, «Әбдірәсіл» деп ат қойды Орынкүл апасы. Жиырмаға жетпеген жас келіншек «Қандай жағдайда баламды сақта» деп шегелеп тұрып тапсырған Қасекеңнің тапсырмасынын бұлжытпай орындады.

Ералиева (Масютина) Полагея Романовна 41-інші жылғы келіншек, 1941 жылы 13 желтоқсанда Пермь облысы Соликамск қаласында некеге тұрғаннан кейін тегін «Ералиева Полагея Романовна» деп өзгертеді.

Полина апамыз сұрапыл соғыс жылдарында Жуалы ауданы «Красная заря» ұжымшарында аянбай еңбек етіп, соғысқа кеткен күйеуі Қасымды «келіп қалар» деп күтумен өткен 41-інші жылғы келіншектердің бірі еді.

«Мұңайып отырғаным неге жатар,
Қамығып жылағанда кім жұбатар.
Жеткізсе Жаратушы жан-саямды,
Қарайған түн бозарып, таңым атар!» деп арзу-жыр арнаған ананың айтқаны дөп келді. «Жалғыз ағаштың орманға», жалғыз ұлының бір әулетке айналуына күллі саналы ғұмырын сарп еткен, құт-ырыс дарыған қарашаңырақта бақытты да бақуатты, ұзақ ғұмыр кешкен ана бейнесі әр кезде де ел есінде.

Сол Ералиева Полагея апамыз 94 жасқа келіп, осыдан бірер жыл бұрын қиырдағы Германия жерінде дүниеден озды. Күйеуі Қасым Ералыұлы болса, Белоруссия жерінде жатыр.

...1942 жылы немістің күші әлі де басым еді, әсіресе техника жағынан, танкі жағынан қосымша бар. Сталинград түбінде, сосын Курск иінінде жаумен талай рет бетпе-бет келіп қоян – қолтық ұрысқа түсіп, өзінің бай тәжірибесін, білімін шебер қолданған, Қасым үнемі командованиеден алғыс алып отырды. «Қызыл Жұлдыз», Қызыл Ту, Отан соғысы ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталды. Полинаға жазған хаттарында қорғаныста тұрғанын, шабуылға шығып Ресейдің талай қалалары мен деревняларын жаудан азат еткенін, жараланғанын, қайтадан соғысқа аттанғанын айтып жазып отырды. Оның елге, туған жерге, анасына, баласына, бауыры мен сүйген жарына деген сүйіспеншілігі мен сағынышы керемет еді.

- Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік жігіттің қасиеті.

1943 жылдың күзінде Жоғарғы Бас Қолбасшылық Украина мен Белоруссияны азат ету, бірінші Киев пен Минскіні жаудан босатуды жоспарлады. Бірақ жоспарланғанның бәрі іске аса бермейді ғой. Кеңес

әскерлері партизандармен бірлесіп, Днепрдің оң жағалауына өтіп, Киевті азат етіп үлгерді. Ал Белоруссияда жағдай басқаша болды.

Белоруссия майданының құрамындағы 65-ші Армия Полесьені, Гомель облысын жаудан азат етті, сөйтіп Минскіге қарай жылжыды. Қалың ормандағы, қалың омбы қар, мый батпақ, жауынгерлердің алға жылжуына көп қиындық тудырды. Негізгі күш арт жақтан дер кезінде келіп үлгермей, 65 Армияның құрамындағы дивизиялар мен полктар, бригадалар қоршауда қалып қойды. Оның ішінде 58-ші бригада да бар еді. Ал бұл бригаданың сапында капитан Қасым Ералиев басқарған батальон соғысып жатты.

Ақыл айтар мезгілде,
Мың жасаған шалдай бол.
Қатал болар мезгілде,
Шатырлаған жайдай бол!
Мейірім түсер мезгілде,
Ағарып атқан таңдай бол,
Жауды бөгер мезгілде,
Көлденең жатқан ордай бол! деп азаматтық тұлғасын да, ағалық өсиетінде қарамағындағы жауынгерлеріне қалдырып үлгерген еді.

1943 жылдың қазан, қараша айларында Белоруссияны азат ету операциясы сәтсіздікке ұшырағаны туралы, Ұлы Отан соғысы тарихының 2 томында жазылған. Есін жиған әккі жау қоршаудағы әскерді түгелімен құртып, балшыққа батырып, қайткенде де Белоруссияны уысынан шығармай ұстап тұрғысы келді.

«Жыланды 3 рет кессе де кесірткелік күші бар» демекші, неміс әскері әлі де мықты болатын. 2 майдан әлі ашылмаған соң, Гитлер бар күшін шығысқа салып отырған еді. Ең қатты шайқастар үлкен қалалар мен үлкен өзендер үшін болғаны белгілі. Днепрден бірінші өткендердің барлығына жуығына Кеңес Одағының Батыры атағы берілгені белгілі. Днепрден көлемі сәл ғана кіші Березина өзенінен өту кезінде ондай жомарттық болған жоқ.

Менің ойымша, Минск Киевтің көлеңкесінде қалып қойды. Минскіні алмақ тұрмақ командованиенің қателігінен

бірінші эшелондағы солдаттар мен командирлер тағдырдың тәлкегінде қалды. Қоршаудағылардың біразы алғы шепте шейіт кетті, біразы шегініп, партизандарға қосылып, әупірімдеп аман қалды. Мыңдаған қызыл әскер тұтқынға түсіп Австриядан бір-ақ шықты. Березина өзенінің бойындағы Светлогорск қаласын азат ету орасан күш-жігерді қажет етті. Адам ресурсы азайды. Облыс орталығы Гомель үшін қиян-кесті шайқас болды.

«Ерліктің атаусыз кетуі – халықтың трагедиясы» деп Баукең соғыс туралы, онда Отан үшін шейіт болған ерлер туралы «Мен өзім қырық жыл қырғында тірі қалған жандардың бірімін. Сол сұрапыл қырғын соғыста еліміздің талай саңлақ батырларының, ақылды ерлерінің қаза тапқанын мен көзіммен қан майданда көргенмін. Менен артық, менен батыр, менен ақылды жігіттердің өліп кеткенін көрдім. Олардың имандары жолдас болсын. Олар Ұлы Отанымыздың тәуелсіздігі үшін жан- тәнін аямастан соғысты, тәуелсіздік үшін жан тәсіл етті. Имандары жолдас болсын!» деп толғаған еді.

Ия, Отанның тыныштығы мен қалың елдің амандығы, ұрпақ болашағы, сонымен бірге бейбітшілік жолындағы сұрапыл соғыс туралы хас батыр Бауыржан Момышұлынан кейін ешкім жеріне жеткізіп айта алған жоқ. Баукең еліміздің әскери әдебиетінің негізін қалауымен де тарихта өзінің бірегей есімін алтын әріптермен қашап жазып қалдырды.

Ұлы Отан соғысының зардабын тартпаған біздің елде бірде-бір жанұя жоқ шығар?! Сондай отбасының бірі - Ералиевтер әулеті болатын...

Қасым Ералиев басқаратын батальонның жауынгерлері командирін қатты сыйлайтын, құрмет тұтатын. Командирінің ағалық ақылын тыңдап, айтқандарын бұлжытпай орындайтын. Басқа батальондарға қарағанда адам шығыны аз болатын. Одақтың түкпір-түкпірінен келген әртүрлі ұлт өкілдеріне бірдей қарайтын, алаламайтын. Ауылдан жаңа келген, орысша білмейтін қандастарына қазақша сөйлейтін, олар да өздерінің командиріне арқа сүйеп, Қасымды үлкен тірек санайтын.

Бірақ бұл жолғы ұрыста екі жақтан да шығын аз болған жоқ. Бүткіл Белорус майданы шабуылға көтерілген қазан

айында жер қара еді, қар түспеген болатын. Жауды тықсыра қуып, Гомель облысын түгелге жуық азат етіп үлгерді. Көкте самолеттер, жерде танкілер, артиллерия мен минометтер және әйгілі «Катюшалар» жауға қарсы оқ пен снарядты қарша боратты.

Сол шабуылдың ең алғашқы шебінде «Отан үшін алға!» деп айқай салып, іштей ата-бабасының әруағынан қолдау тілеп, батыр бабалары Қарабатыр, Рысбек батыр, Сиқым атаға сыйынып, қол бастап Қасым алда жүрді. Сүйікті командирінен сарбаздары да қалыспады. Елани, Боровичи деревняларынан жауды тырқыратып қуып шықты. Березина өзенінен өтіп, арғы бетті жаудан азат етті.

Қараша айында қалың қар түсіп, алға жылжу қиындай берді. Қоршауда қалған жеке бөлімшелерге жау қарсы шабуылға шығып, жан-жақтан қыса бастады. Арт жақта Березина өзені, одан қайта өтіп шегінуге болмайды деген бұйрық бар.

Командир болу деген сөз – ұстаз, тәрбиеші болу деген сөз,

Әскери іс оқытумен, тәрбиелеумен жүзеге асады.

Жақсы командир – жақсы педогог, оның сырына түсінбесеңіз, көздеген мақсатыңыздан түк шықпайды.

Осының бәрін жақсы білетін тәжірибелі комбат, гвардия капитаны Қасым Ералиев солдаттарына былай деп тапсырма берді.

- Жолдас жауынгерлер! Қазір 1941 жыл емес, 42 жыл да емес. Соғыстың үшінші жылы жүріп жатыр. Бір аттап, Минскіге жетсек, ар жағында, мемлекеттік шекара тиіп тұр. Елімізді жаудан толық азат етер күн алыс емес. Сондықтан аянбай соғысу керек. Жауға толық тойтарыс бермей, тоқтамаймыз. Ал артқа қарай бір қадам да шегінбейміз. Отан үшін, елде қалған туыс бауыр үшін, әке-шешеміз бен қатын баламыз үшін соңғы деміміз үзілгенше айқасып, шайқасып өлеміз!» деді.

Немістің «Фердинандтары» мен «Тигрлері» құмысқадай қаптады. Біздің әскер арнайы танкіге қарсы бағытталған батальон гранатометтерін, кіші калибрлі пушкаларын ата жауға қарсы бағыттады. екі жылдан бері танкімен алысып келе жатқан жауынгерлер танкінің

көптігінен сасқан жоқ. «Бісміллә» деп қойып, Қасекең басқарған жауынгерлер танкілерді көздеп ата бастады. Тұс-тұстан отқа оранып «Фердинандтар», табиғи шынжыры үзіліп «Тигрлер» тұрып қалды. Батырға да жан керек деген өртенген танктерден қара киімді неміс танкистері тырбаңдап шыға бастады. Шыққанын шыққанша Қасымның солдаттары қырып салып отырды. Кейбір танкілер окоптарға тым жақындап қалды. Оларға қол гранаталарын лақтырды. Біздің жауынгерлердің де қатары сирей бастады.

«Қарабет болып қашқанша – қайрат көрсетіп өлген артық» деген ұстаныммен бір де бір қызыл әскер артқа шегінген жоқ.

«Көреген басшы елді өсіреді, күшті майдан ерді өсіреді» дегендей, қасқайып Қасым батыр қастарында тұрғанда, жандарында жүргенде 18-ге жаңа толған боз балалар өздерін сенімдірек ұстайтын. Командирдің жігерлі сөздері мен батыл істері, тәуекелшілділігі, батырлығы, қаһармандығы оларға аян болатын.

Бұл кезде де ол кіші командирлерге нақты-нақ тапсырма беріп, әрдайым алдыңғы шептен табылды. Бірақ оқ пен снаряд, мина мен бомба адам таңдамайды. Міне жақыннан келіп жарылған бомба командалық пункттің быт-шытын шығарып кетті. Ысқырып келіп, жарылып жатқан снарядтың сынықтары Қасымды жаралап кетті. Бұған дейін 4-5 рет жеңіл, 2 рет ауыр жараланған капитанға бұл жарақат өте ауыр боп тиді. Басынан, кеудесінен тоқтаусыз аққан қанға қарамастан, госпитальға бармай, сол жерде жарақаттарын байлатып алып ұрысты жалғастыра берді.

- Командир жолдас! Сіз өте қатты жараландыңыз. Тез арада госпитальға апару керек Сізді, - деген сөздерді құлағына да қыстырмады. «Шешуші сәтте, майдан даласын тастай алмаймын, өлсем алдыңғы шепте өлемін» деп өшкімге бой бермеді.

Ол ертерек госпитальға барса тірі қалуы мүмкін екенін түсінді. Біле тұра, қасықтай қаны қалғанша Қасым батыр, хас батыр Қасым ата жаумен арыстанша алысты, жолбарысша шайқасты.

«Тізе бүгіп,тірі жүргеннен, Тік тұрып өлген артық» деп Батыр Баукең айтқандай, Қасым сол алмағайып шақта ерлік

деген сөздің жауабын дұрыс шеше білген кісі. Адам өзінің достарын, жолдастарын қадірлей біліп, қауіпті жағдайда қорғай, сақтай білуі керектігін үйретті және оны іске асырған Қасекең еді.

Адамның бірінші командирі – ана екенін айтып, оны дәлелдей білді. Ана тәрбиесінің дұрыс болуынан өскен жас, бесігінен қандай тәрбие алғанының өмірінде маңызды орын алатынына ерекше мән берген. Сондықтан да, жауынгерлік тәрбие әскери киімде емес, жөргекте жатқанын терең білген.

Кешке дейін бір шабуылдан соң, бір шабуылдың бетін қайтарумен болды. Түннің бір уағында, 58 бригада командирінің бұйрығынан соң ғана, қатты қансыраған, әбден әлсіреген комбат госпитальға баруға келісті.

Батырлық тәуекел мен ақылдың есебінен шығуға тиіс. Тәуекел кейде ақылды да ақтап алады. Ал ақылсыз тәуекелді ештеңе де ақтап ала алмайды.

Бірден операция столына жатқызып денесіндегі оқтар мен снаряд жарықшақтарын сынықтарын алып тастайды. Әскери дәрігерлер қаншама тырысқанымен қан көп кеткен Қасымды аман алып қалу қиынға соғады. Өлім аузында жатса да, майдан даласында қалған сарбаздарын ойлаумен болды. Екі-үш жылдың ішінде ол сарбаздар өзінің бір туған бауырларындай, кеше ғана ауылдан келген жас жігіттер туған інісіндей болып кеткен еді.

Туған інісі демекші, алыс ауылдағы 17 жасар Әбдәлі інісі еске түсті. Алатаудың аясындағы, қатпарлы Қаратаудың саясындағы кіндік қаны тамған Кеңбұлағы, Кәріасуы, сол Кәріасуда тұратын анасы Орынкүл мен өзінің сүйіп қосылған Полинасы, бір жастан жаңа асқан кішкентай «Әбдірәсіл» (Володя) еске түсті. Еске түскесін елжіреп кетті.

Аттан аттың несі артық, жүрісі мен күші артық.

Ерден ердің несі артық, ерлігі мен ісі артық.

- Сендер аман болыңдаршы, қымбатты анашым, бауырым, жан-жарым және бауыр етім балам,- деп іштей дұға етіп, Алладан амандығын тіледі. Ораз қажының үлкен немересі құранды, намазды жақсы білетін. Қанша жерден коммунист командир болғанмен, бір Алланың бар

екендігіне, Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) оның Елшісі екендігіне имандай сенетін.

«О, туған жер, жер жәннаты Жуалы, сені қайта көрер күн болар ма екен? Қайран шешем, қалыңыз қалай? Сіздің аялы алақаныңызды маңдайға басатын, Қасым-ау, Қасым, - деген дауысыңызды қайта есітер күн келер ме екен? Жалғыз бауырым, сен аман бол, айналайын, біздің әулеттің ендігі бас көтерері сенсің» деп елжіреді.

Бабамыз Жаубасар жалғыз еді, Ораз атамыз да жалғыз болған, Ерәлінің жалғыз інісі Тұртай соғысқа кетіп, қайтыс болды. Мынау қанды қырғыннан менің аман қалу, қалмауым бір Аллаға ғана аян. Сондықтан анам да саған аманат, балам да саған аманат, Полина да саған аманат! Ие бол бәріне, көзімнің қарашығындай сақта баламды» деп іштей аманат етіп жатты госпиталь төсегінде.

Бірақ Қасым өзінің соңғы хатында өзінің тым ауыр халін ашып жазған жоқ болатын. Анасын аяды, жан жарын аяды, бауырын аяды. Көңілінің түкпірінде жазылып кететін шығармын деген де бір үміт болды. Үмітсіз шайтан деген. 30-ға жетпеген (28 жастағы) жас командир өзінің қысқа ғымырын көз алдынан өткізіп жатты. Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі,-деген. Мүмкін ажалым жеткен шығар,-деді.

Егер майдан даласын ертерек тастап шықса, қан аз кетіп, уақытында дәрігерлік көмекті алса, аман қалуы да мүмкін бе еді?! Бірақ, ол командирлік шешім қабылдады және оны абыроймен орындады. Әйтпесе, қиын сәтте солдаттарын, басқарып отырған бөлімше, взвод, рота, дивизон, батальоны мен полкін, дивизиясын тастап дизертірлік жасаған командирлер, тіпті 2-ші армияның қолбасшысы генерал-лейтенант Власовтың ондаған мың солдатты тағдыр тәлкегіне тастап, жауға өз аяғымен барып берілгені факт емес пе?!

Өзінің қатты жараланса да қасқайып қан майданда қастарында жүргені жауынгерлеріне үлке-е-ен рух беретінін өте жақсы білді. Ал кетіп қалса, »боевой дух» түсіп кететінін сезді. Сондықтан да ата жауға соңғы секундқа дейін, қасықтай қаны қалғанша Қасым қасқайып қарсы тұрды.

Қалмақпен соғыста Қарабатыр бабасы жекпе-жекте қалмақтың атақты батыры Сүйреннен жеңілмей, ауыр жараланып, сол жарасы жазылмай қайтыс болып еді Аңырақай шайқасында. Енді міне, 224 жылдан кейін Қарабатырдың алтыншы ұрпағы сұрапыл соғыста қол бастап, жауын жайпап барып, ауыр жарақаттан 1943 жылдың 29 қарашасында көз жұмды. Қарабатыр Естіұлы мен оның тікелей ұрпағы Қасым батыр Ерәліұлы екеуінің өмірлері де, өлімдері де, тіпті есімдері де ұқсас еді.

Екі бірдей соғысқа қатысқан, кең байтақ Кеңес үкіметінің жүздеген ұлттарының, мыңдаған ұлдарын әскери өмірге шыңдаған, шыңдап қана қоймай бір атаның баласындай етіп тәрбиелеген, талай шайқаста қол бастаған Қайран Қасым атам, 65-ші Армияның, 58-ші бригадасының жеке батальон командирі гвардия капитан Қасым Ералиев, әскери үрмелі оркестрмен марш ойнап, салют атылып, Елани деревнясының батысына жерленіп, аты-жөні жазылып, ескерткіш белгі қойылды. Жан-жағы қоршалды.

«Өтіріктің балын жалап тірі жүргенше, шындықтың уын ішіп өлген артық».

Бауыржан Момышұлы

1987 жылға дейін, зиратын 44 жыл бойы сол жердегі орта мектеп ұжымы шефтікке алып, күтіп, гүл қойып, қараумен болды. Ол туралы Подольскіден Орталық архивтен келген хатта егжей-тегжейлі айтылған.

1987 жылғы Байғалидың жазған хаттарынан кейін, ол кісіні Бауырластар зиратына қайта жерледі. Ол туралы хабар, бізге, атамның жатқан жерін тауып, қайта жерлеп қойғаннан кейін бір-ақ келді. Сөйтіп 44 жыл бойы өзі соғысқан соңғы алаңында жерленген Қасым Ералиев 1987 жылдан бері Бауырластар зиратында.

Әбдәлі әкеміз 1966 жылы 40 жасында қайтыс болып кетті. Ол аға аманатын орындады. Ағасының баласын, асылдың сынығы, тұлпардың тұяғы, Әбдірәсіл бауырын өте жақсы көрді. Еркелетіп, 50-жылға дейін мойнына мінгізіп көтеріп жүретін, атқа мінгізіп үйретететін, қайда барса да

қасынан (жанынан) тастамай ертіп жүретін, ағасының көзіндей көретін

Қасым Ералиев майданға өзі сұранғанымен Жоғарғы Бас штабтың өзіне жүктелген бұйрығынан аса алмады. Мұндай соғыс жағдайында оған оң мен солын әлі жақсы білмейтін соғыс тактикасынан мүлде бейхабар жас жауынгерлерді оқ пен оқтың ортасына кіруге тәрбиелеу маңыздырақ болды. Сондықтан да Қасым баулыған жауынгерлер соғысқа кезең-кезең болып аттанып жатты. Ал өзі тек Москва түбінде жауға тойтарыс беріліп, бетбұрыс жасалған 1942 жылы сәуір айында араласты.

Күндердің күнінде әулет ұрпағын, жарты ғасырдан астам уақыт бұрын майданда шейіт болған, Қасым атамның жоқтаушысы ретінде жар құлағым жастыққа тимей сабылып жүретінімді ол кісі қайдан білсін.

Ел намысын қастерлей білетін жігіт ретінде, әуелі әзірленіп жатқан облыстық «Боздақтар» зерде кітабының редакциясына бірнеше дүркін телефон соғып, атамның тізім-тізбеде бар-жоғын анықтадым.

Атам Ералиев Қасымның тізімге ілінуіне мұрындық болдым. Қандай себеп болғанын білмеймін кітапқа әскери суреті шықпай қалыпты. Гвардия аға лейтенанты шенінде танкіге қарсы қару ротасының командирі болғанын біле тұра менің намысшыл көңілім тыныш таппай, ақыры марқұм ақын, облыстық «Боздақтар» зерде кітабының редакторы Жақсылық Сәтібекұлының жұмыс кабинетіне өзім бардым.

Менің жалт-жұлт жанарымнан алыс жылдарда шалғай мекенде шейіт болған атама деген сағыныш пен мақтаныш ұшқынын анық көруге болар еді. Сағынышым да мақтанышым да заңды. Зерде кітабына енетін отыз мыңнан астам жамбылдық боздақтар арасында қазақ жігіттерінен шыққан офицер шеніне жеткендер бірен-саран ғана. Соғыс басталғанға дейін-ақ жас жауынгерлерді Отан қорғау машығына тәрбиелеп жүрген, соғыстың алғашқы жылдарынан сол жауынгерлерін бастап майданға аттанған мұндай азаматты қалай мақтаныш етпеске ?!

Аққөңіл, албырт жігіт атам жайлы әңгімемді аптыға баяндап отырып, талай сырдың тиегін де ағытып салдым. Ералы атам мен Орынкүл әжемнің он бір перзентінің тоғызы

бірдей шетінеп кетуі тегін болмауы да мүмкін. Қазақта ғана емес, қай халықта болмасын «тіл-көз»деген бар ғой. Бұл жәйт ғылымда да дәлелденген қағида. Сол он бірден «тіл-көзден» аман қалып, ат жалын тартып мінуге жарап өмірде қалғаны Қасым атам және менің әкем Әбдәлі еді.

Қайтадан қарап өттім қатарыңа,
Өлгендер мың аунамай жатады ма?
Артында қалған ұрпақ құдыреті,
Адамзат қасиетін сатады ма?..

- Қасым аға мүлде бөлек жаратылған жан еді ғой, - дейді еске алушы еді оның өкшелес інілерінің бірі, марқұм қадірменді қария Зиябек Толымбаев. Азаматтық борыштарын өтеп келген соң Қасым аға Кеңес мектебінде алғашқы әскерге дайындық пәнінен және дене шынықтырудан сабақ берді. Мен сол Кеңес мектебінде оқимын. Қасым ағаның сабағы бізге қиын соға бастады. Бұрынғы мұғалімдер біраз жүгіртіп, доп ойнатып қоя салатын.

Ал, Қасым аға болса бізді атқа мінуді, шабуды, шауып келе жатып аттың бауырына түсіп, ерге қайта мінуді үйрете бастады. Бұл оңай емес екен. Өйткені зулап келе жатқан аттың бауырына түсу, қайта міну - екінің бірінің қолынан келмейтін іс. Содан ер үстіне отыра сала, қылышыңды жұлып алып, қарсы келген жауыңды шауып түсіруің керек. О да оңай шаруа емес.

Алайда қиын да болса біз осы тәсілге машықтана бастадық. Қасым аға шын мәніндегі әскери адам еді. Ұзын бойына әскер киімі жарасып тұратын. Бұйрық бергенде дауысы қандай еді. Еріксіз өзіне тартатын. Бұйрығын екі етпей орындауға тырысатынбыз.

Кейін соғыс басталғанда Қасым ағамыз әскери қапшығын арқасына байлап, соғысқа бір түнде кетіп қалғанын ешкім білген жоқ еді...

Қасым Ералиев қан майданда ерлікпен соғысқан жуалылықтардың бірі. Оны біз мақтан тұтамыз. Ералиев Қасымның есімі тарихта алтын әріппен жазылуы тиіс. Дене бітімі құрыштан құйылған мүсіндей, қос жанары көк аспандағы жарық жұлдыздай жалт-жұлт етіп нұр шашып

тұрған, қимылы шалт, жүріс-тұрысы өте ширақ осындай сыптығырдай жігіт еді.

Қасекеңнің кісілігі мен кішілігі бірден өзіне баурап алатын. Бойына ойы сай, келбетіне кемелдігі үйлескен аптал азамат еді. Шалғай жатқан шағын ауылға жаңа заманның жаңалықтарын дәріптеуші бірден-бір азамат сол кісі десем, артық айтқандық болмас. Бүгінгі жастардың бойына артық күш біте қалғандары сол қасиетін мықтағанда төбелеске жұмсап «көзге түседі»ғой. Ол кездегі біздер, ауыл балалары, күш-қуаттың да жұмсалар орны бар екенін Қасым ағаның мінезінен, күнделікті қимыл-қарекетінен көріп өстік.

Басқасын былай қойғанда бұлшық еттері бұлтылдап, өзі қолдан жасаған турникте нешетүрлі өнерлер көрсеткенде аузымыз аңқиып, жасаураған жанарымыз шарасынан шығып, есіміз ауып қалғандай болатынбыз. Онысына бала түгілі үлкендер де таң-тамаша қалар еді. Сұңғақ, жауырынды денесіне әркім-ақ қызыға қарайтын.

«Өткір кездік қап түбінде жата ма?». Кейін ойға келе беретін әңгіме ғой, өзінен бірер жасы үлкен, өзінен бірер жыл бұрын әскерге алынған Бауыржан ағасының Қасым атамызға әсері, ықпалы болды-ау деймін. Ол кісі де соғыс басталмай кетті ғой әскерге. Елін қорғайтын азаматта бөлек бітім, оған қоса ерекше дайындық болу керектігін сол кезде-ақ ойына алған шығар бәлкім» деп ой түйетін.

«Бауыржан ағасының әсері» деген сөздің жаны да, жөні де бар сияқты. Тіпті әскерге өзі сұранып кетпегеннің өзінде, соғыс басталғанға дейін мұндай жағдайлар кездесе бермеген Қасым Ералиевтың алда азаматтық борыш күтіп тұрғанын терең сезінген, оны жадында мықтап сақтағаны шындық. Ал, соғыс басталғанға дейін Перьм облысы Соликамск қаласы түбіндегі Калиец поселкесінде лейтенант шенінде әскері қызмет атқаруы оның ә дегенде-ақ арнайы оқу орнында білім алғанын аңғартады.

Тағдырлардың тоғысуы дегеніңіз кейде күтпеген жағдайда бола кетеді ғой. Олай деуге дәлел Полина дейтін орыс қызының Воронеж облысында туып, кейінірек шешесімен бірге Ленинград маңына, одан шалғайдағы Карелия-Фин жеріне қоныс аударуы, ақыры соғыс басталған

аптаның аяғында тағдыр айдап Қасым атам әскери қызметін өтеп жатқан Калиец посёлкасына көшіп келуі сияқты көрінеді.

Бет қаратпас дауылдай болып басталған соғыстың алғашқы айларында жаудың біздің әскерлерді жойқын күшпен ығыстыра алға жылжып келе жатқаны кімнің болмасын жүрегін шайлықтырып, өлім күн өткелі күн санап жақындап келе жатқандай, аңғал көңіл емес, жағдаятты таразылай білетін түбегейлі ой солай пайымдағандай кезең еді ғой. Дәл сондай қысылшаң кезеңде азды-көпті жасының екі мүшелін артқа қалдырған есті жігіттің жиырма алты жас еді ғой сол кезде Қасым атамның ойына бір кіндіктен екі-ақ перзент қалғаны, соңына ерген жалғыз інісі менің әкем Әбдәлінің әлі әскер жасына жете қоймағаны, ол жасқа жете қалған күннің өзінде отау тігуге мүмкіндігі бола қоймайтыны түскен шығар, мүмкін. Пешенесіне жазылуы тиіс қаракөздер қол жетпес қиырда қалды. Әулет ұрпағының жалғасын ойлайтын азаматқа ойының түйінін қысқа жіп күрмеуге келмейтін мынадай қысылшаң шақта шұғыл шешу керек шығар, бәлкім.

Осылай болжам жасағанда «перзент» дейтін асыл арманның, талассыз мақсаттың жас жігіттің қолына «төуекел» тізгінін ұстатқанын анық аңғарғандайсың. Қасым атам сол бір мың тоғыз жүз қырық бірінші жылдың соңында Полинамен көңілдері жарасып, некеге тұрды. Содан төрт ай өткенде өзі де өз еркімен сұранып майданға аттанды. Алдағы күндердің күңгірт-күмәндығына қарамастан келіншегінің бойында өмірінің жалғасы қалып бара жатқанына анық көзі жетіп, көңілі толып аттанды.

«Ақылды ердің ішінде алтын ерді ат жатады.

Ақылды әйелдің ішінде алтын бесікті ұл жатады.

Қасым атамның беріп кеткен кеңесі болар. Полина апам шешесін алып Жуалы жеріне, енесі Орынкүл әжем мен қайнысы менің әкем Әбдәлінің қолына келді. Кешікпей әке топырағында бір мың тоғыз жүз қырық екінші жылдың кыркүйек айының он бесінші жұлдызында оның ұлы Володя да, (Орынкүл әжемнің қойған аты Әбдірәсіл еді) дүниеге келді. Қасым атам үшінші алған ауыр жарақаттан госпитальда дүние салғанда бір мың тоғыз жүз қырық

үшінші жылдың қараша айының жиырма тоғызыншы жұлдызында гвардия аға лейтенанты шенінде жүзінің күреңкейлігі болмаса, әке қалпынан шыққандай сәби Володяның (Әбдірәсілдің) талпынып қалған кезі еді. Тұлпардан қалған тұяқ алыста қалған әке көңіліне соңғы медеу, от басына жұбаныш болып өсіп келе жатты.

«Әмеңгерлік»деген сөздің астары өзге халық түгілі өз ұлтың үшін де сүйкімді естіле бермейді. Жел ауыз-аталас ағайындар ма, әлде қазақы мінезге төселген ауылдастары ма бұл сөздің «қаупі» Полина апама да төніп қалуы ықтимал екенін ескерткен болса керек, »ерден кетсең де, елден кетпе» - дейтін аталы сөзге өресі жетпеген ол үйірден бөлініп, іргесін аулақ салуға бел байлады. Ералиевтердің отбасына бәрінен де ауыр соққаны жалғыз немерені алыстатып әкеткені болды.

Уақыт өтіп жатты. Бір атаның екі ошағы арасындағы үзіліп бара жатқан желіні қайта жалғауға жан тәнімен қолға алған, «Ел жатса да, елекең жатпаған», -деген екінші ағам Байғали еді. Сол үзілген желі ақырында бір тоғыз жүз сексен бесінші жылы Ұлы жеңістің қырық жылдығына орай мамыр айының тоғызыншы жұлдызында қайта жалғанды.

Полина Романовнаның кейінгі қосылған жолдасы Литтау Владимир Иванович те ол кісіден көрген екі ұл, бір қызы да шағын ауылға айналып келе жатқан Ералиевтер әулетіне ниеттес жақын адамдардай іш тартып тұрады.

Немерелі болған Владимир Қасымұлының үрім-бұтағы сол үлкен шаңырақтың еркелігі жарасқан төл перзенті, Ералы атаның әулеті санайды өздерін. Осының бәрі, оған қоса бауырмашыл менің елгезектігім мен кішіпейілділігім ибалылығым, ерінен ерте қалса да отбасының шырайына шаң жұқтырғысы келмейтін, үлкен шаңырақтың бас иесі болған Шырынхан анамыздың арқасы. Келін ибалылығының бір ғана белгісі Володядан бастап, Әбуғали тағы да басқа көптеген қайнағаларының бәріне иіліп сәлем беретіндігі. «Келін ененің топырағынан жаралады» дегендей, Келтоғандағы Орынкүл әжемнің көзін көрген кісілер марқұмдар Зүбайра, Нұрзада, Күлсара және тағыда басқа апалар Нұрғалидың үйіндегі Әлия келін айнымай Орынкүл апама тартқан» деп отырушы еді жарықтықтар.

«Көбейсе екен салиқалы енелер,
Келіндері мол тағылым үйренер.
Тіл табысса енесі мен келіні,
Отбасы да жылылыққа кенелер» демекші, біздің әулет Ұлы Жеңістің елу жылдық мерекесін атаның қара шаңғырағы тұрған, Қасым атамның қаны тамған «Көлтоған»ауылында бірге тойлады. Олардың бел ортасында Қасекеңнің ұлы Владимир, немерелері Наташа, кіші Володя, Игорь, шөберелері Карина, Элона ата, әке әруағын мақтанышпен еске түсірді.

... Егер кешегі оқ нөсері мен от дауылынан гүл-өмір ерте үзілмесе, бір елдің мақтанышы болғандай азамат Қасым атамызды мен Бауыржан атамның тағдырымен салыстырып айтып отырмын, тірі болғандва жүз бес жасқа келеді екен. Болашағынан үлкен үміт күттіргендей жанның мүшел жасы Ұлы Жеңістің жетпіс бес жылдық салтанатымен тұспа-тұс келуі де ел басқарып отырған азаматтарға ой салғандай еді. Өйткені соғыстың алғашқы жылдарында Бауыржан, Қасым сияқты аталардың әскери шеніндегі қазақ жігіттерінің бірен-саран болғаны анық.

Баукеңнің үлкен әскери қолбасшы дәрежесіне жетіп, абырой-атаққа ие болып, еліне аман оралуы пешенесіне біткен бағы, тағдыры тартқан сыйы деп қарасақ, Қасым атамның майдан жолын аға ізімен бастап, қыршын жасында мерт болуы соры емес, ол дағы тағдырдың жазуы шығар. Сонысына қарамастан қысқа ғұмырында елін қорғайтын қаншама жас жауынгерлерді тәрбиелеп үлгерді. Олай болса елі үшін жанын қиып, заманының, әскери қызметтің зиялы азаматтары қатарына ерте қосылған Ералиев Қасымның есімі де атаусыз қалмауы керек. Атаусыз қалған да жоқ. Бүгінде Қасым атамыздың кіндік қаны тамған жері, Көлтоған ауылында бұрынғы Кеңес өкіметінен қалған Мельничная көшесі Қасым Ералиев атындағы көше болып аталады.

Кеңес Одағы кезінде біздің колхоз «Путь Коммунизма» аудандағы алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың біріне жататын. Сол қолхоздан қалған жұрнақ «Қасым» шаруа қожалығы деп аталады. Ол шаруа қожалықты бүгінде Ресейдегі Кострома зооветеринарлық институтын бітірген

білікті маман зооинженер Талғат Қыдыралиев бауырым басқарады. Бұл ұжымды Қасым аталарының әруағы қолдап, жебеп-желеп жүрсін деймін. Қасым аталарың тек қана Сиқым руының Жидебай бұтағының атасы емес, бүткіл Алаштың, қазақ елінің бұрынғы Кеңес Одағының мақтанышы. Ұрпақ парызы дегеніміз де осы.

Тірліктің ауыры шын, қиыны шын.
Тарихтың жетіп жатыр күйінішін...
Қасым атам батырлықпен өле білген,
Болашақ ұрпағының бүгіні үшін.

Бұл дүниеде адам тағдырынан ауыр не бар екен. Қасым атамның өмір жолы туралы естігенде, осы бір ойлар еріксіз еске түсе береді... Халқымыздың «Орнында бар оңалар» деп текке айтпағанына тағы да көз жеткізе түсесің. Он тоғызыншы ғасырдың тоқсаныншы жылдарының соңына таман дүниеге келген, бұл фәнидің қызығы мен қуанышынан гөрі азабы мен ауыртпалығын, қайғы мен мұңды Орынкүл әжем көп көрген. Ана дүниеге аттанар алдында немерелері мен ерінен жастай қалған келіні менің анам Шырынханды шақырып алып, аз-мұз бақұлдасты.

- Мен бұл дүниеде аз жасадым демеймін. Бірақ өмірден үлкен құсалықпен, арманмен өтіп барамын. Өмірге он бір перзент келтіріп едім, солардың алдында кетуім керек еді. Олай болмады. Ақтық өтінішім, қарағым Қасымнан қалған тұяқ – Әбдірәсіл саяқ болып кетпесе, ұлымның аты өшпесе екен, - деді.

Бұл кезде әжем жанына жақын тартатын, келешегінен көп үміт күтіп жүрген немересі мен небәрі он төрт жаста-ақ едім. Қағылез баланың жүрек түкпірінен мына бір әже аманаты берік орын алды. Ол уақыт өтекеле мен үшін үлкен арманға айналды.

Заманға, уақытқа мойынсұнбаған кім бар екен бұл дүниеде? Ералы атам мен Орынкүл әжемнің он бір баласының тоғызы сонау отызыншы жылдардың бас кезіндегі бүкіл ұлтқа зобалаң әкелген ашаршылықта қайтыс болды. Ауыр қаза ата-ананы қатты тұралатып кеткен болатын. Әйтседе олар алғыр да албырт болып өсіп келе жатқан ұлдары Қасым мен Әбдәлінің тірі қалғанына шүкіршілік етіп жүретін.

балалары Әбуғали, Байғали, Нұрғали, Орынбасарға қыздары Толысжан, Айғаным, Бибіхандарға тұрмыс тауқыметін жеңу оңайға түскен жоқ. Тұрмыс тауқыметі, жер шалғайлығы оларды алыстатып жіберген болатын. Бұл әсіресе, Орынкүлге әжемізге қатты батып жүрді.

Әйтсе де, әже аманатын немерелері ұмытпады. Бір мың тоғыз жүз сексен бесінші жылдың мамыр айының тоғызыншы жұлдызы. Ералы әулеті күтпеген жерден өшкені жанып, өлгені тірілгендей, бір-ақ күнде мәре-сәре болды да қалды. Байғали ағам жеңіс күні ауылға Владимир-Әбдірәсілді ертіп келіпті. Бұлар біраз бой жазған соң, үй-ішімен Володяны ертіп, Әкемнің зиратының басына келдік. Володя бұл кезде Жамбылда тұрып, химия зауытында істеп жүрген.

Зираттағы белгіні, ондағы жазуды оқыған Володя оны құшақтай алып, өкіріп жылады. Ол да ет пен сүйектен жаралған пенде емес пе? Бәлкім, осы сәт оның алдына Әбдәлі ағасының өзін шексіз жақсы көретіні, ұдайы мойнына көтеріп жүретіні, жасаған жақсылықтары есіне түскен шығар.

- Әбдәлі аға! Сен тірі болғанда менде ауылда тұратын едім. Қазақ тілін де ұмытпас едім, – деді өкінішке толы өксігін баса алмай.

Бір сәт бүкіл дүниені ұмытқан оның аузынан «ағасына» деген жүрек жарды лебіздер осылайша жасқа тұншығып шығып жатты...

Володяның отбасымен біздің қарым - қатынасы осыдан кейін қайта жалғасты. Володя-Әбдірәсілдің үйінде бүгінде Қасым атамның немерелері Наташа, Владимир, Игорь өсіп жетілді.

Жеңістің елу жылдығы қарсаңында облыста «Боздақтар» деп аталатын Зерде кітабы дайындалып,оған соғысқа қатысқан боздақтар есімдері енгізілген-ді. Бұл кітапқа кездейсоқ Қасым Ералыұлының есімі енгізілмей қалыпты. Мен редакцияға қайта-қайта келіп жүріп, бұл есімді енгізуге себепші болдым.

Гвардия аға лейтенанты, танкіге қарсы оқ ататын ротаның командирі болып, ерлікпен қаза тапқан атасының атын жаңғырту, оның есімін елге таныту үшін алғашқы ұзын-

сонар шапқылау маған осы істен басталған. Осы кезде даңқты қолбасшы, халық батыры Б.Момышұлының мұражайы ашылып, мен атамның бар құжаттары мен әскери формадағы суретін осында тапсырған болатынмын .Мұражай директоры марқұм А. Ормантаев екеуміз Қасым Ералиев қайтыс болған Белоруссияға хат жазып, деректер сұрастырдық. Көп кешікпей ондағы азаматтар үлкен адамгершілік жасап, Қасым ағаның Қызыл әскер кітапша,» Қызыл жұлдыз ордені» Гвардия ордені», «Ерлігі үшін» медаліне қоса зиратынан бір уыс топырақ салып жіберді.

Маған осы кезде Бауыржан Момышұлы «мұражайының бір бұрышын атама арнасам қайтеді?» деген ой келді. Ол осы ойды жүзеге асыруға кешікпей кірісіп кеттім. Әйтсе де асу бермес шыңға келіп тірелгендей болды. Б.Момышұлы мұражайын аудан, облыс болып әрең бітіргені белгілі. Ал, ауданаралық мамандандырылған шаруашылық бірлестігінің бас бухгалтері Нұрғали Ералиевтің осы кездегі мына тірлігі біреулерге күлкілі болып та көрінді.

Осы мақсатта тынымсыз шапқылап жүріп Көлтоған ауылындағы Мельничная көшесіне Қасым Ералиевтің есімін бергізуге көп күш салдым. Көше атаулары жазылған қаңылтырды түгелдей өз қаржыма жасаттым. Біз, ұрпақтары жиылып Жеңістің елу жылдығы мерекеленген күні осы құрметке байланысты құран бағыштап, ас бердік.

Әлбетте, мұндай жағдай бірнеше айлап айлық алмай отырған қиын кезде бұл айтуға ғана оңай. Мұражайдағы атасына арналған бұрышты жабдықтап бітіру елеулі қаржыны талап етті. Бір портрет салудың құны екі-үш жүз долларға дейін барды. Әйтсе де бастаған істі орта жолдатастау жігітке жараса ма? Қажет кезде суретші-безендірушілермен үйімдегі малыммен есеп айырысып отырдым. Осы кезде үйдегі Әлияның да «шаң шұң» дауыстары есітілмей қалған жоқ. Бәріне де төзуге, бәріне де көнуге тура келді.

«Домбыра күйге келмес бұрамаса,
Кім білер кімнің жайын сұрамаса.
Ержігіт мал тапқанмен не болады,
Жұбайы бір жағынан құрамаса» деп ақын жырлағандай, ер азаматқа арқа сүйеп, алтын басын

бағалап, өз орнын біліп отырған әйелдің екі дүниеде бағы жанады, әйелдің бағы ерімен бірге. Еркегі жоқ, отбасы жоқ әйел ешқашан бақытты болмайды. Жападан жалғыз, қашан бақытқа жетіп еді? Ендеше, әйелге қандай теңдік керек? Әкесіз бала - бос, жігерсіз келеді. Психологиялық соққы өз алдына үлкен әңгіме, бір үйге бір еркектің кіріп шығуы - айбат, ғанибет көзге көріне бермейтін қуат болуы керек.

«Жігіттің бұл жалғанда арманы көп,
Егер де тең болмаса алған жары».

Міне, сөйтіп жүріп ағасы Бауыржан Момышұлы сияқты «Елім!» деп еңіреп өткен ер Қасымның айбарлы да айдынды портреті ілінген, өмірінен түрлі мағлұматтар беретін экспонаттар қойылған бұрыш та бітті. Бұл бұрыш қасиетті Жуалы жерінен шыққан ержүрек ерлердің аз емес екендігін көрсетіп, Бауыржан батырдың рухын асқақтатып, оның ерлігін інілері де толықтырып тұрғандай әсерде қалдырады. Бұл сондай-ақ аға ерлігін іниге үлгі ету, ұрпаққа қалған ұлағаты мұра болса керек.

«Өлі риза болмай,тірі байымайды»,Әруақ сыйлаған азбайды» демекші Нұрғали Әбдәліұлы Ералиевтің аға рухын асқақтатып, бастаған істі аяғына дейін жеткізуін ерліке пара-пар іс десек жарасады.

Қасым Ералиев сияқты ағамыздың аты аудан орталығы – Б.Момышұлы ауылындағы бір көрнекті көшеге лайық-ақ. Қазіргі таңға Б.Момышұлы ауылында бұрынғы Чернышевский көшесі «Қасым Ералиев атындағы көше» деп аталады. Бұл көше ағасы Бауыржан Момышұлы көшесімен қатар жатыр. Көшенің екінші шетінде «Даңқ» орденінің толық кавалері Тайыр Тастандиев атындағы көше жатыр. Екі батырдың ортасында жатқан бұл кісі де еленбей қалған батыр. Ақталған аманат немесе аруақ сыйлаған азбайды деген екен қазекең. Ер есімі – ел есінде.

Ұлы Отан соғысының еліміздің тарихында мәңгі сақталары даусыз. Өйткені, бұл соғыс бүкіл адамзаттың жүрегіне өшпестей із қалдырды. Қаншама адам опат болды, қаншама адам жарақат алып,өмірлік мүгедек болып қалды. Жесір қалған аналар жетім қалаған балалар мен иесіз қалған шаңырақтар қаншама, қаншама адам туған жер,

атамекенін тастап босқынға айналды, қаншама жанның тағдырын тәлкекке салды? Бұл бір құдайға ғана аян.

«Соғыс» деген жаманат хабар дүбірі Жуалының шалғай түпкіріндегі тып-тыныш қана жатқан шағын Васильевка ауылына жеткенде Қасым Ералыұлы да ел қатарлы өз тіршілігін жасап жүрген. Әскери қызметін енді ғана өтеп қайтқан ол запастағы офицер ретінде майданға алынды.

Ол Пермь облысындағы Соликамск қаласының жанындағы орман ішінде КСРО аумағынан жасақталған орыс тілін жақсы білмейтін, басқа ұлт өкілдерін соғыс машақатына даярлайтын. Ауылдан шақырылған бозбалалар орыс тілін қайдан білсін? Танауларына оқ-дәрі исі бармағандар, қару-жарақты болса да көріп тұрғаны осы. Міне, Қасым оларды соғыс өнерінің бәріне үйретіп, өзі» майдан шебіне апарып, табыстап қайтатын.

Осылайша жас жауынгерлерге дәріс беріп жүріп, Ленинград облысынан эвакуацияланып, анасымен осында көшіп келген орыс қызы Полина Масутинамен танысты. Орта бойлы, аққұбаша келген, мінезі ашық-жарқын Полина Қасымға алғашқы кездесуден-ақ ұнап қалып еді. Екі иығына екі адам мінерлік сымбатты лейтенанты Полина да шет көрмеді. Екі жас киноға, клубтағы би кешіне бірге барып жүріп бір-бірімен ұғынысып, тіл табысып кетті. Орайы келген бір күні Қасым жүрек сырын ақтарып, өз көңілін білдірген еді.

«Маған партия билетін адамдар берді,

Ал махаббатты маған Құдай берді» деп Бауыржан Момышұлы айтқандай адамзат баласына табиғатпен Алла тағаланың берген махабатының арқасында осылайша бір-бірін тапты.

- Шешем екеуміз көп ойланып,толғандық, -деп еске алады марқұм Полина Романовна. »Ерге шыққан соң оны майданға алып кетсе қайтесің, сонда өліп қалса қайтесің?» деп уайымдады анам. Мұны Қасымға айтсам ол: - «Мені соғысқа алмайды. Мен осында керекпін» деп алып: «Үйленеміз. Әзір осында тұра береміз. Сосын ауылдан, болмаса жақын қаланың бірінен үй сатып аламыз» деп қиялға беріліп кетуші еді.

Мұны айтып отырғанда Полина Романовнаның жүзі де мың құбылатын. Біресе езу тартып жымиып қояды, біресе терең ойға шомып кетіп,ауыр күрсініп алатын. Бұдан 69 жыл бұрын, өзі небары 18 жасында бастан кешірген оқиғаны, балауса махабатын қалай жеткізсем екен деп қиналып отырғандай. Ақыры екеуі үйленіп тынды. Бұл нағыз соғыс өршіп тұрған, бір мың тоғыз жүз қырық бірінші жылдың он екінші желтоқсаны еді. Ал, келесі жылы бір мың тоғыз жүз қырық екінші жылы жиырмасыншы сәуірде Қасым өз еркімен сұранып, өзі тәрбилеген жауынгерлермен бірге қан майданда қалады. Ауыр, соғыс кезінде де бақытты ғымыр кешіп жатқан жас жұбайларды өмір осылай ажыратқан еді. Полинаға ендігі демеу майданнан сағынтып, сарғайтып жететін үшбұрышты хаттар ғана демеуболып қалды.

Осындай хаттарының бірінде Қасым өзінің жараланып, госпитальда жатқанын жазыпты. Сондағы Полинаның мұңайып, қайғырғанын білсеңіз. Анасы байғұс күндіз-түні мұны айналшықтап жұбатумен болады. Сөйтіп жүргенде қуанышты хабар да жетеді-Қасым айығып,қайтадан сапқа қосылыпты.

Полинаның мұнан кейін де қиналған кездері аз болған жоқ. Бірақ бір жағы анасы, бір жағы Қасымның майданнан жазған, жүрекжарды хаттары бойына қуш-қуат беріп, неге де болсада төзуге бекінген еді. Табиғат анаға мейлі бейбітшілік болсын, мейлі соғыс жүріп жатсын бәрі бірі, де өмірдің өз заңымен жүреді емес пе? Уақыт өте Полина өзінің жүкті екенін байқайды. Не істеу керек? Өмір енді Полина мен анасының алдына осындай сұрақты көлденеңінен тартады. Бірақ бұл жолы оларкөп ойланып, толғанған жоқ. Анасы өз шешімін кесіп айтты. »Қасымның еліне барамыз, не көрсек те сол жұртпен бірге көреміз». Сөйтіп бұлар қамданып, жолға шығады. Бұл 1942 жылдың маусым айы еді.

- Жол-жөнекей сұрастыра жүріп, Қасым айтқан Сталин атындағы колхоздың төрағасы Жүнісәлі Тасхожаев екен зорға таптық, - дейді Полина Романовна. Шөп орағы науқаны жүріп жатқан кезі екен. Жұрттың бәрі шабындықта. Көшенің шаңын бұрқыратып жүрген ауылдың қарасирақ балаларынан жөн сұраймыз. Біз оларға, олар бізге

таңырқай қарайды. Не керек, сұрай-сұрай Қасымның үйін де таптық-ау».

«Ер елімен айдарлы, ел ерімен айбарлы».

Қасым ауылға алдын алада хат жазып, мән-жайдан хабардар етіп қойған екен. Сондықтан мұнда оларды бөтенсімей қарсы алып, өздері тұрған қоржын тамның үйдің бір бөлмесін босатып беріп, қолдарынан келген жағдайды жасап жайғастырады. Бұлар да басқа ел, басқа жер деп бөтенсіме ді, үй ішімен де, көрші қолаңмен де етене араласып кетеді, білектерін сыбанып колхоздың жұмысына шығады.

- Қасымның інісі Әбдәлі ол кезде он алтылардағы балаң жігіт еді, - деп жалғастырады естелік әңгімесін Полина Романовна. – Екеуміз құрдас адамдай бір-бірімізге тез үйренісіп кеттік. Қасымға екеулеп хат жазамыз, ол – қазақша, мен – орысша. Ал келген хатты бүкіл ауыл болып сауаты жеткендер бәрі оқып шығушы еді. Осы Тасхожаев Садуақас, Сарыбек Толымбаевтар ол кезде ойын, балалары еді. (Бүгінде барлығы да марқұм болған).

Полина сол кездегі өзіне жақын көрші-қолаңдарды, ауыл тұрғындарын еске түсіріп, бір күрсініп қоятын. Сөйтіп жүріп босанып, ұлды болды. Бұл есімін Володя қойса, Орынүл әже мен Әбдәлі өздерінше «Әбдірәсіл» деген есім берді».

Қайран әке, ұл туды деп мақтанып,
Шілдехана жасай алмай шаттанып.
Мен қалыппын омырауында анамның,
Қан майданға сен кеткенде аттанып.

Қырғын соғыс қыршын жасты жалмапты,
Келер деген үмітімізді алдапты.
Әке, сенің сағынғанда қарайтын,
Ең болмаса суретің де қалмапты.

Кейінірек колхоз бөлініп, тұрғындар «Красная заряға» қоныс аударғанда бұлар сол ауылда қалып қояды. Полина баласын анасына қалдырып, өзі фермаға сауыншы болып орналасады. Володя- Әбдірәсіл өсіп келеді. Екі үйді байланыстырып тұрған сол. 1943 жылдың күзінде Қасымның хаттары пышақ кесті сап тиылады. Полинаның

да, анасының да, Қасымның ағайын-туыстарының да көңілі алаң. Бәрі бір-біріне сыр бермей, іштен тынған сыңайлы. Соңғы хатында: «жараланып, госпитальда жатырмын, айықсам қайтадан майданға кетем» деген хабар жазған.

Жаманат хабар Полинаға 1944 жылдың көктемінде сіздің жарыңыз Қасым Ералиев ерлікпен қаза тапты – деген жетті. Ауыз екі сөз. Көңілі күпті жүргенмен ол бұл хабарға сенбеді. Сенбеді ме, сенгісі келмеді ме, кім біледі? Әйтеуір ешкімге бұл жөнінде тіс жарып ештеңе айтылмады.

Сонда да бұл жайды, Қасымның туыстарына айтпай қояды. Ел қатарлы тірлігін істер жүре берді.

Соғыс бітті. Ер-азаматтар ауылға келе бастады. Ауылдың тіршілік қам-қарекеті, колхоздың жұмысы біткен бе? Полина оған да әбден мойынсұғып алған еді. Алайда, өмір Полинаны және бір адаммен табыстырды. Еңбек армиясында болып қайтқан, осындағы Боралдай шахтасында еңбек етіп жүрген Владимир Литтаумен көңіл жарастырып, отау тігеді. Көлтоған ауылына көшіп келіп, осында үш жыл тұрып, бір мың тоғыз жүз елу үшінші жылы аудан орталығы Бурный селосына қоныс аударады.

- Колхозда зоотехник болып істейтін Әбдәлі үйге жиі-жиі келіп тұрушы еді, деп еске алады, Полина Романовна. - Ағасынан қалған көз ғой, Володяны бір көріп, маңдайынан иіскеп, мауқын басып қайтатын. Артынан іні-қарындастары ілесіп, Володя-Әбдірәсіл де ер жетті. Бір мың тоғыз жүз алпыс үшінші жылы әскерге кетерде Көлтоғанға Әбдәлімен ағайын туғанмен қоштасуға барады. Балам ауылдан көңілі өсіп оралды, -дейді Полина Романовна. Ағасы Әбдәлі қолына сағат тағып жіберіпті. Әскерден қайтқан соң «елге кел, өзім оқытам, мен сияқты зоотехник боласың. Қазақ қызына үйлендіремін» депті.

Өкінішке орай, Володя Әбдірәсіл әскери қызметін өтеп кайтардың алдында ғана Әбдәлі қайтыс болып кеткен еді. Балам ағасының зиратына барып, тағзым етіп, кеш те болса топырақ салып қайтты. »Бүгінде Әбдірәсіл сексенге жақындап қалған, жұбайы екі ұл бір қызымен немерелері мен бірге Германияда тұрып жатыр..Полина марқұм тағдырға да өкпесі жоқ сияқты, Тек өткен жылдар есіне түссе жиі күрсіне береді. Қиын кезең болса да сүйіп

қосылған жарымен өткен күндерді ойлай ма, әлде жарының мұндай бақытты күнге жете алмай кеткеніне жүрегі сыздар ма, Кім білсін?

«Өмірге келер әлі талай Қасым,

Олар да бұл Қасымды бір байқасын» деп Қасым Аманжолов жырлағандай, бір мың тоғыз жүз тоқсан екінші жылы он бесінші тамызда Ералиевтер әулетіне дүниеге нөмері екінші Ералиев Қасым Байғали-ұлы келді. Бүгінгі таңда батырдан қалған жалғыз тұяқ Ералиев Владимир Касымович жеңгеміз Ералиева Елена Михайловна Солтүстік Германияда тұрып жатыр. Жеңге демекші бұрынғы салт бойынша Лена неміс қызы болса да, жеңгетайлық жасап, Әлия екеуміздің жанұя болуымызға себепші болып еді. Жамбыл есеп-статистикалық техникумында оқып жүріп, сол кісілердің үйінде жүріп едім, Сатпаев көшесі он төртінші үй жиырма екінші пәтер еді. Сол бір мың тоғыз жүз сексен алтыншы жылдары Лена жеңгей - Ушинский атындағыорта мектебінің қабылдау бөлімінде қызмет істейтін. Ал, Әлия болса сол мектептің асханасында аспазшы еді. Біздің үйлену тойымызда отызыншы тамыз 1986 жылы Алексеевкада шарбақта өткен біздің әулетіміздің қара шаңырағында Володя ағам мен Лена жеңешем сөз сөйлеп, би билеп қайтып еді. Содан бері біз барып олар келіп дегендей араласып тұрдық.

Бір мың тоғыз жүз тоқсан сегізінші жылы жиырма екінші сәуірде мен Полина апамды Полягея Романовна Масутина шалы Литтау Владимир Ивановичті, Лена жеңгемді, Әбдірәсіл көкемді, Наташа қарындасымды Ералиева Наталья Владимировнаны, інілерім Володя, Игорь, Ералиев Владимир Владимировичті, Ералиев Игорь Владимировичті алыс сапарға Батыс Европаға Германия еліне шығарып салдым. Соңғы қоштасу сәттерінде екі атаның баласы аға баласы Әбдірәсіл көкеммен іні баласы менің арамыздағы ыстық қимастық орын алды.

- Біздің әкелеріміз бірін-бірі көруге жылдар бойы армандаған, екеумізге ортақ Орынкүл әжеміз үлкен ұлы біздің әкеңізді өмірінің ақырғы күніне дейін күтті. Менің әкемнің армандары орындалмай кетті... Мүмкін сіз қалармыз?, Қазақтың бір қызынан болмаса келіншегінен

тоқал әперем дедім. Сондағы ағамның еңкілдеп жылағаны-ай бәлкім, бүкіл өмірі есіне түсіп ел алдында есеп беріп тұрғандай болды. Мен де ет пен сүйектен жаралғанмын ғой, онсыз да көңілшек адаммын шыдай алмадым... Біраз үнсіздіктен соң, Әбекең сенің сұрағыңа жауап берейін - деп, өзіме қарсы сұрақ қойды. Неге сендер мұндай ұсыныстерте жасамадыңдар? Ана, немістер маған қалғың келсе, қал туысқандарыңның қасында деді. Сендер жақтан ондай әңгімелер болмаған соң, мен жауап бере алмадым деді. Мен қатты састым, көкемнің алдында оны құшақтап тұрып.

- Сізді жанұяыңыздан жұбайыңыз, екі ұл, бір қызыңыздан және сізді туған анаңыздан өгей болса сізді тәрбиелеген әкеңізден ажыратпайық деп едік. Жаңағы менің айтқан идеям тым кеш, - деп жауап қайтардым бауырыма. Көкем менен әкесінің КСРО Қорғаныс министрлігінің архивінен Подольск қаласынан келген барлық хаттар мен деректердің түп нұсқасын менен алып алған. Мүмкін маған сол жақтан әкемнің жерленген жері бауырластар зиратына бару жеңілге түсер деді.

- Жортқанда жолың болсын аға, батырдан қалған жалғыз тұяқ сенде бір бұл бейбіт өмірдің қайсар қазығы батырысың, қайда жүрсең де аман бол, әкеңнің әруағы демеп, қолдап қоршап жүрсін дедім. Тау мен тау ешқашан кездеспейді. Біз әлі талай-талай кездесерміз. Қош бол, аға туысқаным, бауырларым.

«Қазақты жамандама қазақ бала,
Халық қой ол өзі бір,аз-ақ қана.
Дүниенің қай шетінде жүрсе дағы
Қазаққа жани ашитын қазақ қана.

Қамалдай беріктікті құт санайды,
Қасынан опасыздар шықса қайғы.
Қазақтың бар болмысы бөлек дара,
Тағдыры ешкімге де ұқсамайды.

Тарихын зерделесең, зерікпес ең,
Танырсың, тағлымына еліктесең.
Қазақтың атын қорға, қазақ бала,
Ешқашан өз Еліңді кемітпе сен.

«Елінен безген ер болмас, көлінен безген қаз болмас» деген атамыз қазақ.

- «Ия, жауда да бір үй болсын» деген екен қазекең, менің Мұсатай көкем айтқандай әлемнің әрбір түкпірінде сиқымдар бар деп. Ол рас, мысалыға менің бауырым Солтүстік Германияда тұрып жатыр. Қарындасым Ералиева Наталья Владимровна (Әбдірәсілқызы) қазір Канадада тұрып жатыр. Күйеубала Балиев Константин екеуі жеке кәсіпкерлікпен айналысады. Карина және Энолла деген қыздары бар. Сол жаққа мені қонаққа шақырып жатса, міндетті түрде барар едім. Игіліктің ерте кештегі жоқ,-деген бар, Белоруссия еліне Қасым атам жатқан бауырластар зиратына бас иіп құран оқу, туған жердің бір уыс топырағын салып қайту, ол жақтан бауырластар зиратынан бір уыс топырақ әкеліп, Көлтоғандағы бейітке Орынкүл әжеміздің басына және әкеміз Әбдәлінің мүрдесіне салуды әулетіміздің үлкені Әбуғали ағайымыз орындады.

Ол туралы аудандық «Жаңа өмір» газетінің 04.06.2015 жылғы №61 санында «Орындалған парыз» атты көлемді мақаласы мрамор тасқа жазылған фамилиясы және ескерткіш алдында түскен суретімен бірге жарық көрді .

Әбекеңнің жазған еңбектерін төменде көрсетемін. Адамның айтқаны болмайды, Алланың дегені болады. Өзім әкесіз жетім өскен соң, ұлдарымды жалтақ болмауға, жүректі батыр намысшыл болуға тәрбиледім. Екінші ұлым дүниеге келгенде, екінші ағам Байғали әрбір әулетте бір-бірден Бауыржан болу керек, Баукеңдей әскери қолбасшы болсын, -деп есімін қойып батасын беріп еді.

Атадан ұл туса игі, Ата жолын қуса игі» демекші, сол Бауыржан өсе келе, әскери болу оның басты арманына айналды.

-«Төрт-бес жасында мен Қасым атам сияқты командир болам, немістермен соғысамын»- дейтін. Бір мың тоғыз жүз тоқсан төртінші жылы төртінші қаңтарда осы Бауыржан Момышұлы ауылында «Райхан» мейрамханасында бақытжан Ертаевтың генерал болуын тойладық. Сол тойда Бакеңнің қолын алып, үйге жеткенше ешкіммен амандаспай жүрдім. Үйге келіп баламның қолын алып, ырым жасап «Осы атаңдай генерал бол» дедім.

Талапты бала,
Талпынған құстай.
Құмары қанбас,
Аспанға ұшпай.

Екі мың алтыншы жылы Алматы қаласындағы әскери-инженерлер радиоэлектроника және байланыс институтына оқуға түсуге кеткенде, Тараз қаласынан вокзалда Кенескүл жеңешем Байғали көкем үшеуміз шығарып салып тұрмыз, жаңбыр себелеп құйып тұр. Бір қарасам, Бәкең еңкілдеп жас балаша жылап тұр.

- Өй, Бәке не болды сонша, Бауыржан соғысқа кетіп бара жатқан жоқ қой - дедім. Ол кісі қолындағы дәптерді көрсетеді, сөйтсем табан астында тақырыбы Байғалидың батасы деген өлең шығарыпты. Поезд қозғала бастады көкеммен жеңешемнің жігерілері езіліп барады. Ал мен болсам, осы кеткеннен «курсант» болып орал, алған бетіңнен қайтпа, ауылға оқуға түсіп қайт. Генаралдың әкесі болуды армандаймын деймін. Жортқанда жолың болсын! - дедім.

- Әкем інісі Әбдірәсілге (Володя) мен сені қазақ қызына үйлендірем, - деп мұсылмандық рәсіммен сүндетке отырғызды. Өзінен 2-3 жас қана үлкен Полина жеңгесіне зор құрметпен, қошаметпен қарады, силады, жақсы көрді, орыс пен қазақ жігітінің бәрінен қызғанды. Қыз Жібек дастанындағы Төлеген ағасы қайтыс болғанда, жеңгесін ешкімге ренжітпеген, әмеңгерлік жолымен ие болған, кейін құба қалмақпен соғысқанда ерлік көрсеткен Сансызбай секілді, болған менің марқұм әкем. Кеңес үкіметінің кейбір заңдары болмағанда, өзі коммунистік партияның мүшесі болмағанда, әкем әмеңгерлікпен, ерден кетсе де, елден кетпейді, - деп орыс жеңгесін ешқайда жібермей, бір шаңырақтың астына алар ма еді, - деп ойлаймын мен кей кезде. Оған әкемнің өресі де, дүниесі де, абырой-атағы да жететін. Ақсақалдарды да, жеңгесінде, біздің Шешемізді де көндіре алатын еді, сендіре алатын еді.

Бірақ, әкеміз, Әбдірәсіл ағамыз әскерден келер кезде қайтыс болды да, ағайындылар 3-4 жылдан кейін бір-бірін көре алмай қалды. Оған тағдыр жазбады. Әбдәлі ағасын жерлеуге Әбдірәсіл қатысты, өз қолымен топырақ салды.

Мен ол кезде 4 жасар ес біліп қалған бала едім, сонда Қасым атамның әскери киіммен түскен үлкен суретін (портретін) қолына алып, Әбдірәсіл ағамның (Ералиев Владимир Қасымұлы) ботадай боздап жылағаны 53 жыл өтсе де, әлі күнгідей есімде. Ия сурет демекші 1966 жылы 19 қарашада қара жиында Володяның мені көтеріп түскен сурет бар еді, кейін әйтеуір белгісіз жағдайда жоғалып кетті. Қасымға бұйырмаған қазақ қызы, баласы Әбдірәсілге де бұйырмады. Неміс қызы Еленеға үйленді, кіндігінен бір қыз екі ұлы бар. Бүгінде олар Германияда тұрады. Қызы Ералиева Наталья Владимировна (Абдрасиловна) Канадада тұрады.

Қасым туралы естеліктер
(Байғали ағамның естелігі)

... 1963 жылдың жазы болатын. Мен 5 жастағы баламын. Зыр жүгіріп далада ойнап жүргенмін. Бір кезде біздің үйден 4-5 үй жоғарғы жақтан шамамен 100-150 метрдей жерде келе жатқан ұзын бойлы, екі иығына екі кісі мінгендей, әскери киімді адамды көріп қалдым. Сол сурет сол сәт менің тап қазіргідей көз алдымда. Кішкентайымнан өстіп өскен, үлкен бөлмеде үлкен суреті ілулі тұрған, Орынкүл апамның күнде айта-тын, соғыстан қайтпай қалған командир Қасым баласы ойыма сақ ете қалды, бала көңілге, кристаллдай таза көңілге, Қасым атам, командир атам келе жатыр,- деген ой сақ ете қалды. Алды-артыма қарамай үйге қарай безіп бердім, зытып келем, зытып келем, «Қазақ солдатындағы» Қайырғалиға (Қайрошқа) ұқсап,артыма, Қарап-қарап қоям, шынымен командир келе жатыр ма? - деп. Шынымен келе жатыр, тіпті жақындап қалды.

- Апа, апа! Қасым атам келе жатыр! - деп айқайды салып келемін.

Кимешегіне шалынысып, бір құлап, бір тұрып:

- Не дейді, мына бала?! Рас па құдай, Қасымымның келе жатқаны шын ба, рас па? Айтып едім ғой, Қасым тірі деп. Ол тірі болса келмей қоймайды, - деп.

- Қасым-ау, Қасым, қайдасың Қасым балам?! - деп келе жатқан әскери адамға қарай әжем тұра ұмтылды.

Жақындағанда анық байқадым, жас шамасы 25-тердегі жігіт, аяғында хром етік, Басында Қасым атамның суретіндегідей фуражка, галифе шалбар, бәрі келіп тұр-ау, келіп тұр. Тура Қасым атамның соғысқа кеткен жасында, киген киімі, бойы, денесі бәрі-бәрі айнымайды-ау, айнымайды. Қасым атамның дәл өзі шығар деп ойладым сәби көңілмен.

Арада жылжып өткен нешеме сағынышты жылдар, жиырма екі жыл ізін салмай қоймайды ғой. Бірақ оны ойлап тұрған мен жоқ, сәл болмағанда, Қасым ата,- деп құшағына қойып кететін едім. Ұзын бойлы солдат бізден бұрын есін жиды.

- Есенбісіз, шешей? Сіз мені соғысқа кеткен Қасым балам, - деп қалдыңыз ба? Мен Ыбырайымның баласы Мейрамханмын ғой. Әскерден келе жатырмын, - деді.

Сол сәт, апам баласының жаман хабарын естігендей теңселіп кетті. Мен апамды аяп кеттім. «Қайдасың, Қасым-балам, қайдасың, Қасымым-ау, Қасымым!? Өлімісің, тірімісің? Бір хабарыңды неге бермейсің? Күнде күтем сені, күнде күтем! 22 жыл болды кеткеніңе, 22 жыл болды күткеніме».

Ата-ана қадірін білмеген ел қадірін біле алмас,

Ел қадірін білмеген ата-ана қадірін біле алмас.

«Тағы да жиырма жыл күтем, өле-өлгенше, балам, ботам!» деп ботадай боздаған кезде, сай-сүйегім сырқырап, апама қосылып мен бақырып, жылап қоя бердім. Көршілер келіп, басу айтып жатыр. Әкем жұмыста еді, шешем келіп:

- Қой апа, қойыңыз, келеді балаңыз, әлі-ақ келеді қайнаға! Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді деген. Қайнаға кебін киіп кеткет жоқ қой, - деп енесін жұбатып жатыр. Қайран шешем. Бірақ өзі де жылап жүр. Мейрамхан көкем де, апалап асты-үстіне түсіп жатыр. Ауыл түгел жиналып қалды. Алғашында түкке түсінбей, апамның дауысы естілгеннен кейін, шынымен-ақ Қасым соғыстан келіп қалған екен, - деп ойлапты, олар да.

Мен соғыс тақырыбында қаншама кітап оқысам да, мұндай штрих, мұндай деталь кездестірмеп едім. Менің

Орынкүл апамды, Алтынбек ағамның «Қара кемпірінің» прототипі десе де болады. Жексенқұл мен Қосшығұлын күнде келіп қалар деп өле-өлгенше күткен, Қызылсайдағы Қали кемпірге ұқсап, 1976 жылы көз жұмғанға шейін 35 жыл күтті ,үмітін үзбеді, қайран апам жарықтық.

... Апам көпке дейін өзіне-өзі келе алмады, солығын баса алмады. Бәрін бүлдірген мен өзім екенімді сезем. Көшке жұмыстан келген әкем маған түк те ұрысқан жоқ. Қайта.

- Балам, атаңды сағынған-ақ екенсің. Мен де аяулы ағамды 22 жылдан бері сағынып жүрмін. Сағынамын күн сайын,-деді.

Мен қуанып кеттім, сол сәттен бастап менің бала қиялымда атам тірі, мен қайтсем де табам Қасым атамды, - деп шештім. Атамды іздеп табу идеясы осылай қалыптасты деп айта аламын.

«Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,
Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас,
Ел үшін жаннан кешіп, жауды қуған,
Ерлерді ұмытса да ел, шел ұмытпас».

Әкемнің «ағасын күнде сағынам» деген сөзі мені елжіретіп жіберді. Бажайлап әкемнің жүзіне қарап едім, көзі сағыныш сазына толып тұр екен. Әкемнің бауырмалдығына, мейірімділігіне тәнті болдым. »Әке көрген оқ жонар» деген рас сөз, «әкемнен сол көргендерім маған сәл де болса сіңді-ау» деп ойлаймын. Әбдәлі әкем тірі болғанда 1970 жылы Жеңістің 25 жылдығында, әрі кеткенде 1975 жылы 30 жылдықта тауып алар еді ағасын. Оған әкеміздің білімі де, шамасы да, басқасыда жететін еді. Мен оған пайыз сенімдімін.

... 1965 жылы мектепке 1 класқа бардым.Бастауыш сыныптардан бастап, батыр партизан Қасым Қайсеновтың кітаптарын түк қоймай оқитынмын. Ендігі ойым Қасым Қайсеновпен танысу, ол кісіге Қасым атам туралы айтып, өңгімелесу. Көп жылдардан кейін, оның да сәті түсті.

... 1972 жылдың жазы. Мен 7 класты (сыныпты) 5-пен бітіріп, емтихан тапсырмау құқығына ие болып, 8-сыныпқа көшіп каникулға шықтым. Индира екеуміздеп басқа 30 оқушы емтихан тапсырып жатқан. Ойда жоқ жерден ауырып

ауылдағы ауруханаға түстім. Бақтықүл әпкей бастап, кластастарым біреуі қалмай келіп кетті. Бір палатада 2 майдангер, 1 жасы үлкен ақсақал, орта жастағы бір аға бәріміз жатамыз. Ұзын бойлы, шоқша сақалды майдангер танкінің үстіне мініп соғысқанын, Ржев түбіндегі соғысқа қатысқанын айтатын. Ақсақалдың айтатыны ауыл-арасындағы әңгімелер, жасы асып кеткеннен кейін әскерге алмаған. Бұл екі қарияның аты-жөндері есімде қалмапты. Есесіне, галстук тақпаса да интеллигент екендігі, жүріс-тұрысынан, сөзінен, кітап, газет-журнал оқығыштығынан білініп тұратын жасы 50-дегі Базарбай ағай. Бұл кісімен бірінші күннен әңгімеміз жарасып кетті. Жаңылмасам ол кісі қазақ тілі-әдебиет пәнінің мұғалімі болатын.

Қазақ тілі болса, сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан жүйеңді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің аузына құм құятын ғажайып кемел тіл емес пе?.

Менің кітапқұмарлығымды бірден байқаған тәжірибелі филолог, өзіндегі барлық кітап-журналдарды оқи беруге рұқсат етті. Іздегенге сұраған, маған рахат болып қалды. Фамилиямды білгеннен кейін,

- Әбдәлінің баласысың ба? - деп сұрады. Мен «иә» дедім. Ол кісі менің туған жерім Луначаркада (қазіргі Рысбек батыр) ауылында тұрады екен. Әке-шешемді, апамды, ең бастысы Қасым атамды өте жақсы білетін боп шықты.

- Байғали балам! – деді. - Сенің атаң капитан Қасым Ералиев осы аймақтан шыққан 1-ші офицер болатын. Әлі есімде алғашқы әскери дайындықтан сабақ беретін. Ондай сымбатты, көрікті жігіттер сирек кездеседі. Құдай Қасымға бойды да, ойды да, ақыл мен ерік-жігерді де аямай-ақ берген еді. Біздерді 17-18-дегі бозбалаларды әскердегідей жүгіртетін, мылтық атқызатын, әртүрлі жаттығулар жасататын. Өзі турникте ұршықша үйіріліп, шеңбер жасап қиын қимылды меңгерген жігіт еді. Аттың құлағында ойнайтын, шауып бара жатқан аттың үстінен секіріп түсіп, қайтадан қарғып мінетін. Біздер аузымызды ашып қарап қалатынбыз.

- Болашақ қызыл әскер бәрін де білу керек, бәрін де жасай алуы қажет. Шыныққаң шымыр боласың. Әскери өмірге ең бастысы төзімділік пен шыдамдылық, қиындықты қайыспай көтере білу және тәртіп қажет, -дейтін Қасым аға.

- Соғыс басталысымен, сол кездегі лейтенант Қасым Ералиев ең бірінші болып майданға кетті. Мені 1942 жылы әскерге шақырды, соғыстан аман-есен келгеннен кейін Қасым ағаның соғыстан қайтпағанын есітіп қатты қайғырдым. «Әйелім ұл туғанда сенің атаң Қасым Ералиевтың аты өшпесін» деп, сол кісінің құрметі үшін ұлымның атын Қасым деп қойдым. Сенің атаң жігіттің сұлтаны еді, ондай атаңмен мақтануыңа әбден болады, - деді.

Мен Базарбай ағаның әңгімесінен кейін атамды бұрынғыдан бетер жақсы көріп кеттім. Базарбай ағаның Қасым туралы сондай бір сүйіспеншілікпен айтқан әңгімелері маған майдай жақты. «Айта берсе екен, тағы да айта түссе екен» деп қалқан құлағымды қалқайтып, елеңдеп тұратын едім. Кейін ол кісінің Қасым деген баласы маған физикадан сабақ берді. Көлтоғанда ол бізбен көрші тұрды. Қасым атамды қайтсем де іздеп табамын деген ой одан сайын орныға түсті.

Содан арада 15 жыл өткеннен кейін Қасым атаның бар дерегін таптым.

Кейде маған қайтпай қалған майданнан ,
Қайран ерлер – ерте үзілген гүлдердей.
Қабыр да емес, сонау биік заңғарда,
Аппақ-аппақ құс боп ұшып жүргендей.

«Ер есімі – ел есінде» дейді қазақ.

«Ерлік ескерусіз қалмасын!» дейді Баукең. Б.Момышұлы биыл 110 жасқа толады, оның рухани інісі Қ.Ералиев 105-ке толар еді. Қасым Қайсенов айтпақшы: «Бауыржанның, Рақымжанның, Қасымдардың соғыстағы әрбір күні ерлікке толы болған».

«Ер басына күн туғанда, етігімен су кешкен, Ер Қасымдар мәңгі ел есінде Күндей күркіреп өткен соғыста қазақ өрендері өздерінің әрлігін, ерлігін, батыр халықтың батыр ұлдары екенін бар әлемге паш етті.

Тәуелсіз Қазақ елінің жастарын Отан сүйгіштікке тәрбиелеуде, елін, жерін жаудан қорғауға дайын болуға, батыр аталарымыздың ерлігімен өмірі үлгі-өнегесі әбден лайық деуге болады.

Ұлбосын әпкенің естеліктері

Жуалы ауданы Шақпақата ауылында Жуалы ауданының «Құрметті азаматы» Дәулетжан Байдалиевтің анасы марқұм Ұлбосын Досанқұлова деген әпкеміз тұрған. 1922 жылғы 6 қарашада Кеңес ауылында туған.

1940 жылы Талдыбұлақ жеті жылдық мектебінде Қасым Ералиевпен бірге жұмыс істеген ұстаз. Директор Рсалиев Манаш завуч Байдалиев Аманбек еді, - деп есіне түсірді біз Байғали екеуміз әпкемізге амандасып Қасым атам туралы деректер сұраған кезде.

- Бұл кісі мектеп бітіргесін бастауыш сыныптарға сабақ берген. Ал Қасым атам әскери киімді болған, военрук (бастапқы әскери дайындық) сұңғақ бойлы сымбатты келген жас жігітке талай қыздар ғашық болған. Финн соғысынан келген командирдің сұсы басып тұратын. Жай отындай жарқылдаған жиырма бестегі жігіт, 16-17-дегі бозбалаларға әскери өнерін үйретететін. Мылтық атқызтып, жүгіртіп, шымыр болуға тәрбиелейтін.

Біз, мектептің жоғарғы класс оқушылары комсомолға өтер кезде Қасым бәрімізді бастап аудан орталығы Бурныйға жаяу бардық. Жол-жөнекей гүл теріп, өлең айтып Күреңбел, Жетітөбеден асып кешке ауылға келдік. Өрімдей жас жігіттің сол біздерді бастап барғандағы сәті менің есімде жақсы сақталыпты. Қайран жастық шақ-ай, десейші!..

1941-1942 оқу жылында Кеңес мектебіне ауысып кеттім. Қасымның 1941 жылы соғысқа кеткені жақсы есімде, кейіннен соғыстан қайтпады деп естігенмін. Артында ұрпақ қалды ма екен, есіл ердің? - деп жиі ойлаушы едім. Шүкір соғыста үйленіп, әйелі ұл тауыпты, елге келіп ұрпақ өсіріпті. Ол жігіттің өзі 78-ге келіп қалыпты ғой ойласам Ер есімі ел есінде екен, екі қөшенің аты беріліпті жарыққа шығарған немере інілеріне мың да бір рақмет,- деді кейуана.

Батыр Ана Ұлбосын Ана 11 бала туған, 9-ы тірі, 38 немере, 32 шөбере сүйіп, 95 жасында қайтыс болды. Қасым атам Талдыбұлақ жеті жылдық мектебінен кейін Кеңес мектебінде военрук болып қызмет істеген. Шәкірттері Қуанышов Алшынбай, Кебеев Албасбек, Белгібаев Бегасіл, тағы басқа кісілер айтушы еді. Албасбек көкем Қасым сияқты болсам, - деп армандайды екен.

Қасым атам туралы көлемді мақалалар көп жазылды, әлі жазыла береді ...

Терлеп еңбек етерсің – тілегіңе жетерсің.

Мысалы; ақын марқұм Жақсылық Сәтібеков «Ақ жол» газетінің 07.06.1995 жылғы №50 санында «Орнында бар оңалар»атты суретімен көлемді мақала жазды. Жақаң Қасым атам туралы документалды фильм түсірді.Ол фильм теледидардан көрсетілді.

«Ақжолдың» 15.02.997 жылғы №14 нөмірінде Ақылжан Мамытовтың «Ақталған аманат немесе аруақ сыйлаған азбайды» атты Қасым Ералиев туралы көлемді мақаласы жарияланды ..

«Знамя трда» газетінің 20.06.1998 жылғы №50 нөмірінде марқұм Любовь Фоминскаяның «Судьбой породненные» атты мақаласы «Народное единство и национальная история» конкурсында облыс бойынша бас бәйге I орынды иеленді.

Жуалы аудандық «Жаңа өмір» газетінің 01.07.1995 жылғы №15 санында Мейірбек Мәтеновтің суретімен үлкен көлемде «Қасым, Полина және басқалар» атты мақаласы жарияланды. Осы газеттің 31.12.996 жылғы №27 санында Ақылжан Мамытовтың «Ақталған аманат немесе аруақ сыйлаған азбайды» атты көлемді мақаласы жарық көрді. Тағы да «Жаңа өмір» газетінің 08.06.1998 жылғы №7 санында жарық көрген марқұм Любовь Фоминскаяның «Судьбой породненные» мақаласы «Народное единство и национальная история» конкурсында облыс бойынша I орынды иеленді.

«Жаңа өмір» газетінің 04.06.2015 жылғы №61 нөмірінде Обұғали Ералиевтің «Орындалған парыз» атты мақаласы жарық көрді. Мақұлбек Рысдаулеттің «Комбат» атты Қасым

Ералиевтің суретімен мақаласы облыстық «Ақ жол» газетінің 2009 жылғы 07 мамырдағы нөмерінде жарық көрді.

Аярбек Кебеевтің «Майдангерлер – нағыз ерлер» атты мақаласы «Жаңа өмір» газетінің 21.07.2015 жылғы №77 санында басылды. Бұл Қасым Ералиев туралы жазылған мақалардың бір парасы. Ол туралы әлі де жазыла берері сөзсіз.

ОРЫНДАЛҒАН ПАРЫЗ
(Әбуғалидың ағамның естелігі)

Ұлы Отан соғысы еліміздің тарихында мәңгі сақталары даусыз, өйткені бұл соғыс бүкіл адамзаттың жүрегіне өшпестей із қалдырды. Қаншама адам опат болды, қаншама адам жарақат алып, мүгедек болып қалды. Жесір қалған аналар, жетім қалған балалар мен иесіз қалған шаңырақтар қаншама, қаншама жанның тағдырын төлкекке салды. Соның бірі әкем Әбдәлінің туған ағасы атам аға лейтенант Қасым Ералыұлының тағдыры.

Атамның анасы Орынкүл мен туған інісі әкем Әбдәлі бұл Қасымның қайтыс болғаны туралы хабарды есітпей, әкем 1966 жылы, апам 1976 жылы қайтыс болды. О дүниеге олар Қасым ата туралы хабарсыз болып кетті. Содан бері апам мен әкемнің арманын орындауды және өзімнің перзенттік парызымды өтеу үшін атамның қабіріне бір уыс топырақ салуды ойластырып жүрген болатынмын. Сол парызды орындаудың сәті түсіп, жеңістің 70 жылдығына және Қасым атамның туғанына 100 жыл толуына орай 2015 жылдың сәуір айының 28-30 жұлдызында Белоруссия жеріндегі бауырластар зиратында болып, атамның кабіріне бір уыс топырақ салып, құран бағыштап, ерлердің рухына тағзым етіп қайттым. Бауырластар зиратында 530 азамат жерленген екен. Бәрінің аты жөндері мрамор тасқа ойып жазылып, бастарына ескерткіш орнатылған. Беларусь халқы қонақжайлық көрсетіп, «Боровики» деревнясындағы ауылдық Кеңестің төрағасы өзінің мамандарымен, мектеп директоры және шаруашылық басшысы болып мені ілтипатпен қарсы алды. Зират басындағы ескерткішке гүл шоғын қойдық.

Аким города Галымжан Абдраимов вручил почетную грамоту ветерану войны в Афганистане Кайрату Джамбулатову.

Әбдуғали, Нұрғали, Байғали

Байғали Әбденәліұлы және ұлы Қасым Ералиев

1980 ж. 1 мамыр Вишневецкий қыздары мен Ерғалиевтар

Әбдуғали, Сарыбек, Сәбит, 1991 ж.

Айдос, Байғали, 1979 ж.

Полина, Әбдірәсіл

Бибіхан, Бақыт, Айғаным

Ленинград сапары

Зиябек Толымбаев

Жақсылық Сәтібеков, Шырынхан апа

Толысжан (Толан)апке

Ниеткул әпке

Лена, Карина, Игорь

Ленинград,1990 ж. Костя мен Наташа

Бақытқул және Сүлеймен қул

Орынбасар, Әбделі

Наташа мен Костяның үйлену тойы, Жамбыл қ.

2010 жыл, 9 мамыр

1998 ж. 22 сәуір. Германияға шығарып салу сәті

Орынбасар, Нүркен, Нұрғали

Панарбек, Нұрғали, Аярбек

Нұрғали, Сәкен, Наташа, Әбуғали, Жалғас

Әбуғали, Наташа, Нұрғали

Әбделі (оң жақтан үшінші) Мәскеу, 1965 ж.

Әбуғали, Гүлфарида, Мәскеу, 1988 ж.

Егізгул, Мусын, Мария апа, Опакүл

Шырынхан, Бибіхан

Лена, Әбдірәсіл (Германия)

6 гвардиялық есептоп

Мәскеу, 1983 жыл 19 наурыз

Бибіхан, Самат, Шырынхан, Нүркен

Сол жақтан екінші - Әбдірәсіл Қасымұлы

Абылай
Мөлдір

Нұрғали Ералиев

Нұрғалидың 40 жас мерей тойы, 2002 ж.

Әскерден демалысқа келген кезі, 20.12.1981 ж

Егер кешегі сұрапыл сұм соғыстан гүл өмірі үзілмесе, бір елдің мақтанышы болғандай азамат Қасым атамыздың 2015 жылы 100 жасқа толуы Ұлы Жеңістің 70 жылдық салтанатымен тұспа-тұс келіп отыр. Соғыстың алғашқы жылдарында Бауыржан, Қасым сияқты ағалардың әскери шеніндегі қазақ жігіттерінің аз болғанын ескерсек, Қасым атамыз майдан жолын Баукеңнің батырлық жолын жалғап, 28 жасында мерт болды. Сонысына қарамастан қысқа ғұмырында елін қорғайтын қаншама жас жауынгерлерді тәрбиелеп өсірді. Майдан даласында қаза тапқан, сол кездегі жас командир Қасым Ералиев бүгінгі бейбіт өмір үшін соғысты.

Сондықтан біз атамыздың есімін ешқашан ұмытпаймыз және оның адамдық болмысын артындағы ұрпағына үлгі етіп, айтып отыратын боламыз.

немере інісі Әбуғали Ералиев,
Б.Момышұлы-Астана-Минск-Б.Момышұлы.

МАЙДАНГЕРЛЕР - НАҒЫЗ ЕРЛЕР! ЖӘНЕ ҚАСЫМНЫҢ ҚҰРДАСТАРЫ

Әр адамның туған, өскен жері, ағайыны болады. Сол түсініктің бәрі «Отан!» деген ұлы сезімді құрайды. «Отан-отбасынан басталады» деп бекер айтылмаған. Дүниеде туған жерден, өскен ортадан ыстық ештеңе жоқ. Адам қай жерде жүрмесін сол туған жерін , өскен ортасын сағынады, аңсайды.

Жуалының Оңтүстік Қазақстан облысының Алғабас (бұрынғы Шаян) ауданымен шектесетін жерінде Қошқарата мен Боралдай өзендері түйісетін тұстан сәл жоғарыда Көңбұлақ атты кішкене ауыл болды. Бар болғаны 40-тан асар-аспас үй бар еді. 60-шы жылдары кіші ауылдарды ірілендіру саясатынан кейін сол ауылдың бүгін орыны да жоқ болып кетті. Кішкене ауыл болғанымен елімізде болған үлкен оқиғалар бұл ауылды айналып өтпеді.

Кешегі өткен Ұлы Отан соғысы тау қуысындағы марғау күйінде маужырап жатқан ауылдың арда көңіл, аңғал

азаматтарының тағдырын түрлі жолға бұрып, дүниені дүр сілкіндірген оқиғалардың ортасына салып жіберді. Соғыс басталысымен ауыл азаматтары біртіндеп әскерге шақырыла бастады. Олар: Қасым Ералиев, Сейдуалы Сейітбеков, Кемеш Мұратбеков, Мақаш Жаңабаев, Тілепбай Боранбаев, Иса Боранбаев, Тойшыбек Наурызбаев, Ауғанбас Қоразбаев, Бестай Оразқожаев, Сақыпбек Есентаев, Зиябек Толымбаев, Ақылбек Кебеев, Әбдіқадір Таубалдиев, Қалдасбек Алпысбаев, Рахымберді Алпысбаев, Бастаубай Жұматаев, Орынбек Байшымыров, Мыңбай Наурызбаев, Қыдырәлі Мұратбеков, Бүркітбай Мұратбеков, Сейдәзім Мұратбеков, Ордабек Байдуанов, Сүгірәлі Тойгулиев, Әбен Керімбаев, **Бекбосын** Тоқболатов, Бекежан Тоқболатов, Орынбек Тәйтелиев және тағы басқалар ...

Осы кісілердің өмір жолы соғыстың зардабы, зар-құсасы, ағайындардың нала-нағілеті, аналардың шері, содан бері 79 жыл өтсе де жазылмайтын жан -жарасына айналғанын солардың ұрпақтары біз көріп-біліп өстік.

Бұл кісілердің ішінен бірінші ойға оралатыны Қасым Ералиев атамыз. Анасы Орынкүл өле-өлгенше баласынан бір жақсылық хабар ала-алмай, өлі-тірісін біле алмай шерменде күйде өмірден өтті. Ал, Қасым атамыздың тағдырынан сол кездегі ұрпақ Бауыржан Момышұлының тағдырынан ұқсастық табады. Баукең секілді бұл кісі де соғыстан бұрын әскерге алынып офицерлер даярлайтын курсты бітіріп елге оралады.

Сол кездегі Талдыбұлақ жетіжылдық мектебінде алғашқы әскери дайындық және дене шынықтыру пәндерінен мұғалім болып қызмет атқара бастайды. Марқұм Зиябек Толымбайтегі атамыздың айтуынша Қасым шын мәніндегі әскери адам болған. Атпен шабу және соғыс тәсілдерін өте жақсы меңгерген. Турниктер де неше түрлі қимылдар жасап өнер көрсетеді екен. Алғашқылардың бірі болып бір-ақ түнде Әбдіқадір, Қалдасбек, Рахымберді, Қасым әскерге, соғысқа аттанып кетіпті. Қасымның аға лейтенант шенінде Белоруссия жерінде опат болғаны соңғы кездері ғана белгілі болды. Жеңістің 70 жылдығына орай немере інісі Ералиев Абуғали басына барып, құран оқып,

туған жердің топырағын салып қайтты. Бұл кісі әскерде Полина атты орыс қызына үйленіп, соғыс басталған соң елге Жуалыға жібереді. Полина апамыздан (орысша) Владимир, қазақша Әбдірәсіл атты ұл дүниеге келеді. Соғыс бітіп Қасым атамыз хабарсыз кеткен соң Полина Боралдай шахтасында жұмыс істеп, сонда Андрей Литтау деген неміске ерге шықты. Қасымнан қалған жалғыз тұяқ Орынкүл апамыз көл-көсір болып жылағанымен анасымен бірге кетті.

Тоқсаныншы жылдары дүние өзгеріп, халық қиналып қалған жылдарға дейін Владимир Ералиев Жамбыл қаласында «Химпром» заводында жұмыс істеді. Қазір екі ұлымен Германияда. Қызы Канадада тұрады. Бауыржан Момышұлы ауылында Ералиев Қасым атындағы көше бар. Әрі-бері сол көшеден өткенде «Ассалаумағалейкүм, ата» деп қоямыз.

Келесі кейіпкеріміз - Ауғанбас Қоразбаев ата. Шашы мен мұрты бірдей тікірейген сұсты кісі еді. Соғысқа бір аяғын беріп қайтқан. Біз бала кезде соғыстан алған контузиясының әсері болуы керек, шарбақтағы көк майсаның ішінде шалқасынан жатып, протез аяғын (сол кезде қазіргідей протез жоқ, ағаштан шабылған, басы дөңгелек) аспанға көтеріп «Заряжай, цель три-один, пли, огонь!» деп айқайлап жататын, кейде «перелет, недолет «кейде» цель сбит, молодец!» деп даусы қарлыға аттандайтын. Сол айғай сөздерге қарағанда соғыста зеңбірек командирі болған секілді. Соғыстан кейін заман түзеліп, өкімет тарапынан мүгедек ардагерлерге тегін көлік «Запорожец» көлігі беріле бастағанда, біріншілердің бірі болып оны Ауғанбас ата иеленді.

Тағдырдың талқысына түскеннің бірі Мақаш Жаңабаев атамыз болатын. Соғысқа алғашқы лекпен аттанған Мәкең әскерде қоршауда қалып, жараланып Украина жерінде партизандар арасынан бір ақ шығады. Бір жылдары атақты партизан Ковпактың отрядында болып, ұрыс болған жерде жараланып жатып қалады. Қақаған қыс,жер тоң, батпақ айдала, орман. Қаруластары Мақашты таба алмай қалады. Оны ұйық батпақ тартып кеттіге санап, кетіп қалады. Әбден қансырап, шала жансар жатқан жерінен, көретін жарығы

азаматтарының тағдырын түрлі жолға бұрып, дүниені дүр сілкіндірген оқиғалардың ортасына салып жіберді. Соғыс басталысымен ауыл азаматтары біртіндеп әскерге шақырыла бастады. Олар: Қасым Ералиев, Сейдуалы Сейітбеков, Кемеш Мұратбеков, Мақаш Жаңабаев, Тілепбай Боранбаев, Иса Боранбаев, Тойшыбек Наурызбаев, Ауғанбас Қоразбаев, Бестай Оразқожаев, Сақыпбек Есентаев, Зиябек Толымбаев, Ақылбек Кебеев, Әбдіқадір Таубалдиев, Қалдасбек Алпысбаев, Рахымберді Алпысбаев, Бастаубай Жұматаев, Орынбек Байшымыров, Мыңбай Наурызбаев, Қыдырәлі Мұратбеков, Бүркітбай Мұратбеков, Сейдәзім Мұратбеков, Ордабек Байдуанов, Сүгірәлі Тойгулиев, Әбен Керімбаев, **Бекбосын** Тоқболатов, Бекежан Тоқболатов, Орынбек Тәйтелиев және тағы басқалар ...

Осы кісілердің өмір жолы соғыстың зардабы, зар-құсасы, ағайындардың нала-нағілеті, аналардың шері, содан бері 79 жыл өтсе де жазылмайтын жан -жарасына айналғанын солардың ұрпақтары біз көріп-біліп өстік.

Бұл кісілердің ішінен бірінші ойға оралатыны Қасым Ералиев атамыз. Анасы Орынкүл өле-өлгенше баласынан бір жақсылық хабар ала-алмай, өлі-тірісін біле алмай шерменде күйде өмірден өтті. Ал, Қасым атамыздың тағдырынан сол кездегі ұрпақ Бауыржан Момышұлының тағдырынан ұқсастық табады. Баукең секілді бұл кісі де соғыстан бұрын әскерге алынып офицерлер даярлайтын курсты бітіріп елге оралады.

Сол кездегі Талдыбұлақ жетіжылдық мектебінде алғашқы әскери дайындық және дене шынықтыру пәндерінен мұғалім болып қызмет атқара бастайды. Марқұм Зиябек Толымбайтегі атамыздың айтуынша Қасым шын мәніндегі әскери адам болған. Атпен шабу және соғыс тәсілдерін өте жақсы меңгерген. Турниктер де неше түрлі қимылдар жасап өнер көрсетеді екен. Алғашқылардың бірі болып бір-ақ түнде Әбдіқадір, Қалдасбек, Рахымберді, Қасым әскерге, соғысқа аттанып кетіпті. Қасымның аға лейтенант шенінде Белоруссия жерінде опат болғаны соңғы кездері ғана белгілі болды. Жеңістің 70 жылдығына орай немере інісі Ералиев Абуғали басына барып, құран оқып,

туған жердің топырағын салып қайтты. Бұл кісі әскерде Полина атты орыс қызына үйленіп, соғыс басталған соң елге Жуалыға жібереді. Полина апамыздан (орысша) Владимир, қазақша Әбдірәсіл атты ұл дүниеге келеді. Соғыс бітіп Қасым атамыз хабарсыз кеткен соң Полина Боралдай шахтасында жұмыс істеп, сонда Андрей Литтау деген неміске ерге шықты. Қасымнан қалған жалғыз тұяқ Орынкүл апамыз көл-көсір болып жылағанымен анасымен бірге кетті.

Тоқсаныншы жылдары дүние өзгеріп, халық қиналып қалған жылдарға дейін Владимир Ералиев Жамбыл қаласында «Химпром» заводында жұмыс істеді. Қазір екі ұлымен Германияда. Қызы Канадада тұрады. Бауыржан Момышұлы ауылында Ералиев Қасым атындағы көше бар. Әрі-бері сол көшеден өткенде «Ассалаумағалейкүм, ата» деп қоямыз.

Келесі кейіпкеріміз - Ауғанбас Қоразбаев ата. Шашы мен мұрты бірдей тікірейген сұсты кісі еді. Соғысқа бір аяғын беріп қайтқан. Біз бала кезде соғыстан алған контузиясының әсері болуы керек, шарбақтағы көк майсаның ішінде шалқасынан жатып, протез аяғын (сол кезде қазіргідей протез жоқ, ағаштан шабылған, басы дөңгелек) аспанға көтеріп «Заряжай, цель три-один, пли, огонь!» деп айқайлап жататын, кейде «перелет, недолет «кейде» цель сбит, молодец!» деп даусы қарлыға аттандайтын. Сол айғай сөздерге қарағанда соғыста зеңбірек командирі болған секілді. Соғыстан кейін заман түзеліп, өкімет тарапынан мүгедек ардагерлерге тегін көлік «Запорожец» көлігі беріле бастағанда, біріншілердің бірі болып оны Ауғанбас ата иеленді.

Тағдырдың талқысына түскеннің бірі Мақаш Жаңабаев атамыз болатын. Соғысқа алғашқы лекпен аттанған Мәкең әскерде қоршауда қалып, жараланып Украина жерінде партизандар арасынан бір ақ шығады. Бір жылдары атақты партизан Ковпактың отрядында болып, ұрыс болған жерде жараланып жатып қалады. Қақаған қыс,жер тоң, батпақ айдала, орман. Қаруластары Мақашты таба алмай қалады. Оны ұйық батпақ тартып кеттіге санап, кетіп қалады. Әбден қансырап, шала жансар жатқан жерінен, көретін жарығы

бар екен, орманға отынға барған украин қызы Полина тауып алып, шанаға байлап артып, сүйреп үйіне әкеледі. Айнала неміс, одан қалса украин полицейлері бар, Поля шешесімен ақылдасады да, жас партизанды жертөлеге жасырады. Күндер өте береді, әртүрлі дәрілік шөптердің қайнатпасын ішкеннен соң. Мақаш ес жия бастайды. Өз-өзіне келген соң өлімнен алып қалған Полинамен көңіл жарастырады. Соғыс біткен соң келіншегімен туған елге келеді. Васильевка селосында тұрып ,Боралдай шахтасында жұмыс істейді. Мәкең Полина апамыздан Анатолий атты ұл, Нина, Света, Зина атты қыздар көрді. Полина елде біраз тұрып, жетпісіншы жылдары өзі үйренген Украинаға кетіп тынды. Қазір балалары Киев, Житомир қалаларында тұрып жатыр.

Запыранды зұлмат соғыс талай теперіш көрсетіп, қан құстырып барып, тірлігін түзеткеннің және бірі Бестай Оразқожаев ағай. Соғыс басталған кезде немістің тегеуріні қатты болып, талай боздақтар тұқынға түскені мәлім. Солардың бірі Оразқожаев Бестай деген кісі. Тұтқынға түскен совет солдаттарымен бірге концлагерлерге айдап, әртүрлі жұмыстарға жегіледі. Бекең де орманнан ағаш кеседі. Бірде ағаш кесіп жүріп, құлап бара жатқан ағаштан өзінен едәуір жасы үлкен орыс жігітін құтқарып қалады. Сол оқиғадан соң әлгі орыс жігіті Бестайға басқаша қарай бастайды да, екеуі дос болып кетеді. Орыс досы оған концлагерьден қашудың жоспарын ұсынады. Бестай ол ұсынысқа қуана келіседі. Көктем шыға, күн жылына бере ормандағы қалың етіп жиналған ағаштың арасына екеуін өрмелеп шығатындай етіп, концлагерьдегілер жинап жібереді. Немістер тұтқындарды абыр-сабыр алып кеткен соң, Бестай орыс досы екеуі жиналған ағаш арасынан шығып, арып-ашып, орманнан не тапса соны қорек етіп, майдан шебінен өтіп, өз әскеріне қосылады. Соғыстан оралған Бестай атай Зубайра апамызбен шаңырақ көтерді. Қазір балалары бәрі үйлі-баранды.

Кеңбұлақтан Кеңес солдаты атанған майдангер ағалардың бірі - Зиябек Толымбаев. Бұл кісі құдай қосқан қосағы Бибітай апамызбен отау құрады. Аудан орталығында бұл кісінің атында мешіт және көше бар. Ленинград қоршауын бастан кешкен ардагер Зәкең жайлы айтылып та,

жазылып та жүр. Белгілі журналист Аманкелді Ормантаевтың 2005 жылы «Таулар алыстан көрінеді» атты кітабы түгелімен осы кісіге арналған. Зиябек атамыз 2016 жылы қайтыс болды. Бибітай апамызға ұзақ ғұмыр тілейміз.

Қасым атамен замандас және бір майдангер Сақыпбек Есентаев атамыз соғыстан аман-есен келіп, ұзақ жылдар мектепте ұстаздық етті. Ұл-қыздары да әке жолын қуып мұғалім болды.

Ақылбек Кебеев те Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлерінің бірі. 1942 жылы аттанып, 1946 жылы әскерден қайтқан. Төрт жыл әскерде болып тірі неміс көрмедім,-деп күлетін ол кісі. Ал оның сыры былай, орыс тіліне жетік, Ақылбекті әскерге бара сала бөліп, өзін бір ай дайындап, Кавказдағы запастағы полкке старшина етіп тағайындайды. Орыс тілінде берілетін командаларды түркі тілдес өзбек, қырғыз, қазақ, әзірбайжан т.с.с жігіттерге түсіндіріп, бұйрықты қалай орындау керектігіне машықтандырады. Өз халқыма Отаныма соғыс кезіндегі көмегім сол болды деп отыратын. Бейбіт өмірге оралған соң, аудандық партия комитетінде нұсқаушы, Талдыбұлақ, Көңес, Көлтоған мектептерінде ұстаздық етті.

Тау ішінде «Т» әрпі сияқты болып сай жағалай орналасқан ауылдың таудай азаматтары Иса Боранбаев, Кемеш Мұратбеков, Әбдіқадыр Таубалдиев, Бастаубай Жұматаев, Сейдазым Мұратбеков, Бүркітбай Мұратбеков, Қыдырәлі Мұратбеков, кеткен сапардан соғыстан оралмады. Топырақ оларға жат жерден бұйырды. Ауылда аңырап ана, жылап жесір қалды. Соғыста хабар-ошарсыз кеткен Қыдырәліден Сейдахмет, Исадан Қуантай, Кемештен Бақтай атты ұл қалды. Солардан өсіп-өнген балалар бар. Кемеш ата жайлы ағайын арасында қалған сөз: »Бақтай ұлым жаурап қалады ғой»-деп үстіндегі жылы киімді, етігіне дейін шешіп, жалғызына кигізіп соғысқа аттанған екен. Сол тірлігіне қарағанда жұмсақ жүрек, балажанды, мейірбан кісі болса керек. Мыңбай Наурызбаев мойнынан, Тілепбай Боранбаев, Сейдуалы Сейітбеков қолдарынан, Тойшыбек Наурызбаев аяғынан жараланып елге оралды. Бұл кісілер мүгедекпіз деп қарап отырмай барлығы келе сала еңбекке кірісіп кетті. Бірі арба айдап, бірі

мал бақты, егін екті. Әйтеуір қолдан келген жұмысын жасап, елдегі жас балалар мен әйелдердің еңбегін жеңілдетуге тырысты. Уақыт өте кезегімен үйленді, ұл-қыз өсірді. Қазір тірі болса әрқайсысы бір-бір әулеттің атасы атанар еді. Соғыста болған жеңісті жақындатуға аянбай еңбек еткен, ерліктің неше түрлі үлгісін көрсеткен ата-әкелерімізге ілтипат көрсетіп, еске алу қазіргі және келер ұрпақтың міндеті. Осы кішкене ауылдан шыққан, соғысқа қатысқан басқа да аға-аталарымыз аталмай қалса олардың аруақтары кешірсін! «Өткен 1941-1945 жылдардағы сұрапыл соғыста ерлікпен мерт болған, жеңіспен елге оралып, еңбектеніп жүріп, дүниеден өткен ардагер жандардың рухына мәңгілік тағзым» демекпіз.

Ұрпақтарыңыз Сіздерді мәңгі ұмытпайды.

Зиябек Толымбаевқа арнау

Қарияны көрсең балдақты,
Жүрегіне салған фашист сан дақты.
Алдын кеспе, сый көрсетіп құрметте,
Отан үшін от кешкендер ардақты.

Майдангерлер, шинелін оқ тескендер,
Маңдайынан қияметті кешкендер.
Ұмытылмас ерліктері мәңгілік,
Ұмытпайды туған Отан, өскен жер.

Тұр ғой жанып мәңгі от Сіздер үшін,
Бейнелерің кешегі болып мүсін.
Ұмытпайды ешқашан бүгінгі ұрпақ,
Аталардың жасаған ерлік ісін.

Нұрғали Ералиев, Б.Момышұлы ауылы.
2015 жылдың 9 мамыры.

Сол сұм соғыстан қайтпай қалған, қасықтай қаны қалғанша шайқасқан, ата жаумен айқасқандардың бірі де, бірегейі де -- менің атам Қасым Ералиев. Қасиетті Жуалы жерінен, оның ішінде таулы өңір Боралдай, Қошқарата ауылдық округтерінен соғысқа аттанған қаншама боздақтарға туған елдің топырағы бұйырмады...

Ең болмаса, дерегін біліп, сүйегінің қайда жатқаны да белгісіз жандар бар...Солардың бірі майдангер қызыл әскер Иса Боранбаев.

Мен Ұлы Отан соғысының жауынгері Иса Боранбаевтың ұлымын.

Әкем 1901 жылы Қошқарата өңірінде дүниеге келген. Атам мен әжем ерте қайтыс болыпты. Әкем Иса мен інісі Тілепбай ағам екеуі Толымбай атамыздың қамқорлығында қалған екен. Содан екем ержетіп, 1933 жылы 16 жасар анама үйленіпті. Есімі Үржан еді, екеуі екі ұл көріпті. Менен үлкен Мелдебек атты ағам болыпты. Ол 1997 жылы қайтыс болған, ал екіншісі мен Қуантаймын. Мен 1942 жылы өмірге келгенмін.

Анамның айтуы бойынша, әкем өте сымбатты, көпшіл азамат болған екен. Достары да көп болған. Колхоз басқармасы әкемнің іскерлігін бағалап, Әулиеата қаласындағы Скрябин атындағы мектепке кіші ветеринар мамандығын алуға біржылдық оқуға жібереді. Оқуын тәмамдағаннан кейін ветеринар-санитар болып жұмысқа алынған. Сол кезде Ұлы Отан соғысы басталып кетеді. Әкемді колхоз басшысы броньмен алып қалады. Майданға көмелет жасқа толған жастармен қатар орта жастағы азаматтар аттанып кетті. Ауылда қарттар, әйелдер балалары қалған. Әкем күніге түскі асқа көңілді келіп, мені құшақтап, сағынышын басып, жұмысқа кетеді екен. Колхозшылар соғыстағы әскерді азық-түлікпен қаматамасыз етіп, фермадағы малдарды күтіп, еңбек етіп жүреді.

Бір күні әкеміз ойламаған жерден түтігіп үйге кіріп келеді де: «Үржан менің киімімді дайында. Мен соғысқа кететін болдым. Отырған ауылдың басшысы (ауылнай) Мұратай маған әскер қатарына шақыру қағазын жазып берді. Бүгін кешке стансаға жетесің- дейді.

Сонда анам: «Сені броньмен қалдырған жоқ па?» депті. Анама әкем ауылнай Мұратай «Маған жүктелген адам саны жетіспей жатыр» деп мән-жайды түсіндірді.

Содан анамның айтуынша, әкемді бидай орғы кезінде майданға алып кеткен екен. Бұл уақыт – тамыз айы болатын. Айдың аяғында әкемнен «Аягөз қаласында әскери дайындықта жүрміз», деген хат келді. Бұл – бірінші хат. Екінші хаты Қазан қаласынан келді. Онда былай делінген; «Біздің эшелонды Ленинград бағытына жіберетін болыпты». Содан кейін еш хат-хабар болған жоқ. Әкеммен бірге Сүгірәлі есімді ағайыны көрші тұрып, тату-тәтті өмір сүрген екен. Олар Аягөз қаласында әскери дайындықта бірге болған. Сол кісінің айтуынша, кілең жастарды іріктеп, екі эшелонмен Түрксіб темір жолымен майданға жіберген. Орта жастан жоғары солдаттарды алып қалып, Солтүстік темір жолмен майданға аттандырған. Кейіннен ол елге жарақат алып оралады. Госпитальда жатқанда бір жарақатанған жауынгер; «Солдаттарға (рота ма, батальон ба білмейміз) Қазақстаннан сібір темір жолымен келген соңғы эшелондағы азық-түлікті Ленинградқа жеткізу бұйырылған» деп айтқан. Олар машинаға тиелген азық – түлік, қару-жарақты Ладога көлі арқылы жеткізу керек екен. Ол тапсырманы орындау үшін әскер басшылары қатардағы жауынгерлердің ішіндегі жасы үлкендерге сенім артып тапсырады.

Ладога көлі арқылы Ленинградқа апара жатқан азық-түлік колоннаны немістер күндіз-түні бомбылаумен болды. Есепсіз көліктер, солдаттар мерт болды. Кім білсін менің әкем де тапсырманы орындау жолында қасық қаны қалғанша шайқасқан шығар.

Мен 2018 жылы Подольск қаласындағы архивке интернет арқылы хабарластым. «Хабар-ошарсыз» кеткен деген жауап алдым. Әкем Ленинград үшін соғысып жатқан жауынгерлерге азық-түлік, қару-жарақ жеткізу үшін, біздің бақытты болашағымыз үшін мыңдаған жауынгерлердің бірі болып, елімізге бейбіт өмір сыйлады. Маңызды да жауапты тапсырманы орындауда ерлікпен шайқасқан майдангердің ұлы болғаныма мақтанамын.

Бейбіт заманда бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүріп жатқан баршамызға әкелеріміз жеңіс сыйлады.

Қасым атам расында мықты адам. «Сіз, ата қазақтың қандай нар тұлғалы ғажайып жандарымен бірге 1915 жылы туғансыз?»

Атамның құрдастарының ішінде қазақ ұлтына өлшеусіз еңбек сіңірген, қалай мақтаса да жараса беретін төрт тарихи тұлға бар.

Олар: Ілияс Есенберлин, Ермұқан Бекмаханов, Жұмабек Тәшенов және сіздің туған құдаңыз Сүлейменқұл Сағынбеков.

Мектеп оқып жүрген шағымда ойда-жоқта Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» деген көлемді романымен таныстым. Ол хан Кене туралы тарихи шығарма. Мен ол кезде әрине, Кенесары хан өмірінен аса көп хабардар емес едім, әйткенмен роман мені таң қалдырды. Әсіресе, соңғы тараудағы Кенесарының түс көруі... Өз басының кесіп алынып, Петерборға жеткізілуі, осының бәрі де Кенесары түсімен баяндалмай ма!?

Өсе келе, әдебиеттің түрлі жанрларымен жете танысып, барынша түсіне бастаған шақта, «Қаһар» романын қайтадан қолға алып оқып шықтым, Ғажап! Бұл роман Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының үшінші кітабы екенін де сонда ғана білдім.

Осы күні әдебиет білгірлері «Көшпенділерді» әр қырынан келіп, теңдессіз тарихи трилогия деп, шама-шарқына қарап әрқалай мақтап жатады. Қарсылығым жоқ. Мақтаса несі бар! Тек... менің ойымша, осы трилогияның салмағын сездіріп, ең ауыр жүгін көтеріп тұрған кітап - ол «Қаһар!» Егер «Қаһар» жазылмаса, бұл трилогия, бәлкім, көркемдік тұрғыдан бәрібір әлсіз көрінер ме еді, қайтер еді!

- Қалай десек те, «Қаһар» қазақ тарихи романдарына жол салған тұңғыш көркем кесек туынды болып қалары сөзсіз.

- Алаш арыстарының есімдері әлі-ақ аршылар, оралар өз халқына! Сонда көрерміз, тарихи шығармалардың кімнен бастау алатынын.

Мен, ата, сіздің құрдасыңыз Илияс Есенберлинді қазақ тарихи прозасындағы алғашқы қарлығаш, яки ең алғаш түрен салған жолбасшы деп танимын.

Ата, сіздің екінші құрдасыңыз – ол Ермұқан Бекмаханов. Бұл кісі қазақ тарихын өзінше зерттеп-зерделеген қазақ ғалымы. Оның да қаламынан талай-талай тамаша мақалалар, зерттеулер, эсселер туды. Көптеген кітаптары басылды. Алайда... мен үшін ең қымбаты-хан Кене туралы жазылған монографиясы. Бұл еңбек-«Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» деп аталады.

- Ұлы Отан соғысы жылдарында Ермұқан Бекмахановтың Кенесары хан туралы зерттеу кітабын жазуға отыруы үлкен ерлік еді. Ол тарихи деректерді табуға қиналған соң, Орталық партия комитетінен көмек сұрапты. Оның бұл ойын бірінші хатшы Жұмабай Шаяхметов қолдап, Нұртас Оңдасыновқа тапсырма берген. Ал, Нұрекең (орынбасарлары) Дінмұхамед Қонаев пен Ілияс Омаровқа «көмек беру керек» деп жүктеген екен.

Ұлтын сүйген ғалым Кенесары хан туралы зерттеуінің негізінде 1946 жылы докторлық диссертация қорғап, 1947 жылы жеке кітап етіп бастырыпты. Сол кезеңде хан Кене туралы толыққанды сөз еткен толымды еңбек осы болатын-ды. Алайда, бағалы кітаптың шын бағасы берілмеді, қайта соңына шырақ алып түсушілер көбейді.

Ғалым кісі бұл еңбегі үшін саяси тұрғыдан көзқарасы күдікті кісі болып, түрменің де дәмін татып қайтты. Қазаққа айбар болған батыл қолбасшы Кенесарыны тым көтермелеп, жоғары бағалап, халық батыры деңгейіне жеткіздің деп кінә тағушылар қаптап кетті. Осы күні жоғары оқу орындарында оның терең мағыналы монографиялық еңбегі оқулық ретінде оқытылып жүр.

Қазақ және патшалы Ресей арасындағы сол кездегі байланыс жайы, кейбір қақтығыс-тартыстар сыры ғылыми тұрғыда барынша терең зерделенеді.

Ата, сіздің екі құрдасыңыз да негізгі, басты еңбегі Кенесары ханға арналыпты. Не себеп? Өйткені, қазақ топырағында хандық билік осы Кенесарымен аяқталады. Патшалы Ресей Кенесарыны өлтірткен соң, қазақтарды жаңаша билеу әдісін енгізді.

Қазақ хандығының бір кезеңі, елеулі кезеңі- сол Кенесары ханмен аяқталғаны рас. Бүгінгі күні тарихты зерттеушілер Кенесарыға дейінгі кезең және одан кейінгі кезең деп ой толғаса, еш қателесе қоймас деп ойлап қоямын кей-кейде.

Тарихшы ғалым Ермұқан Бекмаханов тап осындай соқталы ойды өзі зерттеу кітабында астарлап болса да жеткізе алған. Оны бүгінгі ұрпақ тағы да, бастан-аяқ ыждағаттылықпен оқыса, терең ұғына алады.

Бекмаханов Ермұқан жазған бұл еңбек әлі күнге дейін жас тарихшыларға баға жетпес құнды әрі, асыл қазына! Ермұқан Бекмаханов –осынау тарихи монографиясымен-ақ ұлттық тарих ғылымында өшпестей із қалдырды.

Ата,сіздің үшінші құрдасыңыз - ол Жұмабек Тәшенов.

Қазір Астанада (Нұр-Сұлтан) қаласында үлкен мемлекет қайраткері Жұмабек Тәшенов атындағы көше бар. Астанаға барған сайын сол көшемен жаяу өтіп бара жатқанымда, неге екені белгісіз, сізді еске алам, Қасым ата!

Неге дейсіз бе!? Сіздің екінші көрген соғысыңыз Ұлы Отан соғысынан аман келгенде, әскери шеніңіз полковникке дейін жететін едіңіз. Әскерден отставкаға кеткенде де бейбіт өмірде қызметіңіз біраз жерге дейін шарықтар еді..

Бәрі де бір Алланың қолында. Осыған да шүкіршілік етейік өшкеніңіз жанды. Ұрпақтарыңыз жер шарының түкпір-түкпірінде өмір сүріп жатыр...

Жұмабек Тәшенов – XX ғасырдың 60-жылдарында Қазақстан Үкіметін басқарған өте көрнекті тұлға. Ол өзі қызмет атқарған тұста халқы үшін ұшан-теңіз еңбек сіңіргенін ел-жұрт жақсы білер, жастар жағы болмаса?...

60-жылдары осы Астана өңіріндегі (бұрынғы Ақмола) бірнеше облыстың басын біріктіріп, «Тың өлкесі» деп атап, оны тікелей Мәскеуге бағындыру керектігі жан-жақты сөз болыпты. Оны бастаушы КПСС Орталық Комитетінің бас хатшысы Н.Хрущев.

Ол заманда Компартия айтты-бітті, орындалуы керек! Яғни, қазақтың 4-5 облысы көгенделген қозыдай болып, Мәскеуге тікелей бағынып кете бармақ. Міне осы тұста

Республика Үкіметін басқарып отырған Жұмабек Тәшенов Н.Хрущевке қарсы үн қатыпты.

- Мен бұл мәселені қолдау тұрмақ, осындай мәселенің көтерілуінің өзіне қарсымын, - деген сөзін тайсалмай айтқан екен.

Қызуқанды қазақтың бұл мінезі, әрине,Н.Хрущевке тіпті ұнамағаны белгілі. Ұнамағаны былай тұрсын, өзіне атылған оқ сияқты қабылдады. Сөйтті де, еш кінәсі жоқ қайраткер Ж.Тәшеновті орнынан босатып, оңтүстікке қызметке ауыстырды.

Басқа біреу болса, кім біледі, морт сынар ма еді, айықпас дерт жамап алар ма еді, ал Ж.Тәшенов бұған да мойымады. Тіпті қыңбады да. Шымкентке барып, айтқан қызметті атқарып, сол өңірде зейнеткерлікке шыққанша тұрақтап қалып қойыпты.

Бір жолы, аты аңызға айналған батырымыз Бауыржан Момышұлы Сарыағаш шипажайында демалып жатқанда, Жұмабек Тәшенов келе қалыпты. Сонда соғыс көрген батыр ширақ қимылдап, орнынан ұшып тұрып:

- Бейбіт күннің батырына сәлем! - деп құрмет көрсетіпті.

- Батыр сіз, Бауке! Біздікі жай, күнделікті өмірдегі тіршілік тартысы, - деген Тәшеновке тағы да қайталап:

- Соғыста әркім-ақ ерлік жасайды алады, ал бейбіт өмірде ерлік көрсету – нағыз ердің ісі, - депті.

Жазушы Есенберлин мен тарихшы Бекмаханов хан Кенені жазып, елдің рухын көтеруге, халықтың санасын оятуға қызмет етсе, үшінші құрдасыңыз- Тәшенов те сол абзал да ауыр ізбен жүріпті. Кешегі бабаларымыз қасық қаны қалғанша қорғаған кең-байтақ жеріміздің өзгелерге беріліп кетуіне кеуде тосып, қарсы тұра білген қайсар азаматты елі қалай құрметтесе де жараспай ма!?

Міне, Қасым ата, сіздің үш бірдей құрдасыңыз осындай ізгі де ірі жандар.

Ал, төртінші құрдасыңыз менің туған нағашым сіздің туған құдаңыз Сағынбеков Сүлейменқұл Сағынбекұлы.

Расында да Ілияс Есенберлин, Ермұқан Бекмаханов, Жұмабек Тәшеновтер бір ұлттың маңдайына біткен ірі-ірі тұлғалар. Олармен қалай мақтансақ та жараспас па!?

Шынтуайтқа келгенде, Қасым атам туралы кітап жазу туралы ой 1995 жылғы 25 наурызда арқалы ақын Жақсылық Сәтібеков біздің үйде қонаққа келді, «Нұрғали, шамаң келсе атаң туралы кітап жаз!» деп бата берді. Ойымдағыны қағаз бетіне қалай түсірсем екен деп көптен ойланып жүргенімде, Қасым атамның 1915 жылы туылғаны есіме түсті.

Мақала-толғаудың кілті табыла кеткендей болғаны.

Бұл, Алаш ардақтылары туралы ой-толғам! Бәрі де шын жүректен шыққан шынайы сезім баяны...

Бұл Қасым атамды аңсау, Қасым атамды сағыну, Қасым атамды құрдастарымен салыстыру. Қасым атамды Бауыржан Момышұлымен ұқсастыру. Баукең 26 жасында батальон командирі болса, Қасекең де 26-жасында батальон командирі болған. Өмірі өнегеге толы Қасым атамның суреті Бауыржан Момышұлының музейінде Ұлы Отан соғысындағы Жуалылық жерлестері атты экспонатта командирлік әскери киімде түскен қазақ офицері гвардия аға лейтенант шенінде қасқайып қақ ортасында жауынгерлер арасында жарасып-ақ тұр, тап қасындағы солдаттарға сап түзеп тік тұр!-деп команда беріп тұрғандай, бірінші кіріп барған адамдарға солай көрінеді. Бұл кейінгі ұрпақтарға үлгі, өсиет көрсеткен мәңгі жасай беруге, тиісті ұлт ардақтылары!...

Олар жастарды Отанымызды сүюге, ел-жерімізді құрметтеуге, патриот болуға тәрбиелейді. 9 мамыр –бұл бейбітшілік үшін болған ұлы күрес салтанат құрған күн. Бұл майдан даласында мерт болғандарды да еске алатын күн.

Қасым Ералиев атамның және бір құрдасы – менің нағашым Сүлейменқұл Сағынбекұлы. Ол 1915 жылы Жуалы ауданының Қошқарата ауылдық округіне қарасты бұрынғы Талдыбұлақ колхозы 13 ауылында дүниеге келген.

1926-1930 жылдар аралығында Бурный 4 жылдық интернатында тәрбиеленеді, одан кейін Казанка ауылындағы «Колхоз жастары» мектебінде оқиды, Жамбыл қаласындағы Казпедтехникумда білім алады.

1931-1934 жылдар аралығында рабфакта оқиды.

1934-1937 жылдар аралығында Самарқан қаласында халық шаруашылық институтында жоғарғы білім алады.

27.01.1938-03.03.1938 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облыстық ішкі сауда бөлімінде қаржы- жоспарлау секторының басшысы болып жұмыс істейді.

03.03.1938-10.07.1938 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан (Облпланда) Облыстық жоспарлауда аға экономист сауда айналымында қызметке ауыстырылады және сонымен қатар Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің «Советтік құрылыс» курсында және де облыстық білім бөлімінің курсында «Сталиндік Конституция және Советтер құрылымы» пәндерінен дәріс береді.

10.07.1938 жылы нақақтан-нақақ жаламен бай-кулактың баласы, жоғары білімен жоқ және де бұрынғы Польша мемлекетінің шпионы деген күдікпен түрмеге жабылады.

1956 жылы 11-ші сәуірде толық ақталып шығады.

Сүлейменқұл Сағынбекұлы 1956-1959 жылдар аралығында Жамбыл қаласында Жамбыл облыстық автобазасында бас бухгалтер қызметін атқарады.

Сүлейменқұл Сағынбекұлы 1959 жылы ақпан айында дүниеден озды.

Тоталитаризмнің қара дауылы ышқына соға түскен. Отыз екінің ашаршылығынан есін енді жинай бастаған қайран қазақ елі қайғы-қасіретке тағы да душар болды. 1936-1938 жылдың қанды сойқаны «халық жауларын» әшкерелеу топалаңы басталды. Бұрын-соңды болмаған осы зұлымдық қазақ біткеннің қабырғасын қақыратып, бас көтертпестей етті. Бұл жауыздықтың диірменіне су құйғандар, ең алдымен қазақтың өзінен шыққан жандайшаптар еді. Соның салдарынан талайдың зәре құтын қашырған «қара машина» 1938 жылдың 10 шілдесінде нағашым Сағынбеков Сүлейменқұлдың есегінің алдына барып тоқтапты...

Қара киінген қаныпезерлер Сүлейменқұлдың қолына кісен салып айдап әкеткен сәттен бастап небәрі бес жастағы сәби Шырынхан белін бекем буып өзін өмір жорығына ерте дайындады. Озбыр жүйенің күйесі нақақтан – нақақ жағылған әке намысы мен көз жасын жаулығымен жасырған Ибәкүл нағашы апаның зары кеудесі шерменге толып, шерлі қызды ерте есейтті.

«Не істесең де сый-сыяпат пен қызметте өсу үшін емес, ең алдымен абыроймен істеу керек екен.

Қасіретті зілбатпан нәубет менің шешем Шырынхан Сағымбекқызының басына да түсті. Ағасы Сүлейменқұл әкесінің Құдай жолын ұстанып, дін исламды насихаттағаны, молда болғаны үшін қуғындалды. «Сенімсіз» деп саналып, колхоз бастығынан алынды. Басқа мыңдаған замандастары сияқты шын көңілден сенген, халық қамын жейді, әділдік орнатады деген партияның озбырлығына тап болды.Әуелде қылмыстық істер кодексінің 58-бабымен айыптау ұйғарылыпты. Әйтеуір Жаратқан ием жар болып, одан аман қалған көрінеді. Басына айықпас қауіп төніп, еліне сіңірген еңбегі мүлде ескерілмеді.

Қазақ халқының майдайы жарқыраған марқасқа ұлы 1954 жылы мамырдың 25 күні толық ақталады.

«Қинамайды мені абақтыға жапқаны,
Қиын емес дарға да асқаны.
Маған ауыр осылардың бәрінен,
Өз ауылымның иттері үріп, қапқаны» деп қапалық жырын жазған Ахмет Байтұрсынұлының айтқанындай болды.

Әттең, дүние-ай! 1938 жылы біздің нағашыны да өз ауылының шолақ белсенділері нақақтан жала жауып ұстатып жібереді. Шіркін, сол кезде бұл өңірдің қаймағы бұзылмаған шағы ғой. Белуардан келген шалғыны қандай, тасты жарып ағатын қасқа бұлақтарының суы балдай. Тау арасы сыңсыған ну тоғай, қойнауы толған сан алуан жеміс жидек.Таза саф ауасы. Сарыарқаны еске түсіргендей.

Сол бір жылдарда ерлі-зайыптыларды, әкелі-балалыны, ағалы-інілініі бірдей ату сойқаны да болған. Кешегі кеңестік кезең кесапаты шырқау шегіне жету кездегі сан мың жанның қан-қасап қырғыны елестейді. Небір құпиялары ашылғанмен жабулы талай сыры әлі аз емес секілді. Ол нәубет қанша ұмытқымыз келсе де тарих бетінен өшкен жоқ.

Ақыры жантүршігерлік нәубетке апарып соққан сұрқия саясат ел ішінің бас көтерер әулеттерін тәркілеуден, қатыгездігі асқынған билік зорлық-зомбылығы зораюдан, қолдан жасалған алапат ашаршылықтан белең алғаны аян.

КСРО Ішкі істер халық комиссары Ежовтың 1937 жылдың 30 шілдесіндегі «Бұрынғы кулактарды, басбұзарлар мен басқа да антикеңестік элементтерді репрессиялау бойынша жүргізілген операция туралы» бұйрығына сәйкес, бұл науқан дереу қолға алынып, төрт ай мерзім ішінде аяталуға тиіс деп көрсетілуі отқа май құяды.Онда 1-ші (ату) және 2-ші (соттау) категориясымен жазалануға тиістілер саны белгіленеді. Ет өткізу, мал санын арттару, егін шығымдылығын көтеру жоспары секілді Қазақстанда 1937 жылдың 5 желтоқсанына дейін 2500 адам атылып, 5 мың адам ұзақ мерзімге сотталу керек болса, жоғарыдан жобаланған квота республика тарапынан толықтырылып, ату жазасы еселеп өсіріледі.

Аяқ астынан ілік іздеп, тыным таппаған жаппай қуғын-сүргін сойқаны қылшылдаған жасты да ,еңкейген кәріні де, ол ол ма, ағалы-інілі де, ерлі-зайыптыларды да большевиктер 1918 жылы екінші Николай патшаны балашағасымен бірге атып тастағандай ештеңеге қарамастан оларды жоқ етуден жасқанбаған. Жалған жала жапсырылып, кекшілдікке қоса шалынған ең етжақын жандар бір-бірлеп емес, он-ондап, жүздеп саналады.

Мен, таяуда бір газеттен репрессия жылдарында Қазақстанда 115 мың адам әртүрлі мерзімге сотталып, оның 25 мыңы атылып кеткені жайында оқыдым. Неге сонша көп, деген сұрақ көкейімде тұрып алды. Ашаршылықтан азайып қалған қазағым тағы да жазықсыз қырылған екен ғой, деп ойладым.Дүниеде барлық нәрсе де салыстырмалы түрде ғой. Тап сол жылдары өзімізбен тілі де бір, діні де бір тағдырлас көршілеріміз қырғыз ағайындарда 40 адам, өзбектерде жеті адам, ал тәжіктерде бір ғана адам халық жауы ретінде атылыпты. Айырмашылық жер мен көктей. Халқымыздың марқасқаларын, сүт бетіндегі қаймақтарын қалқып алып, қырып тастаған нәубетке кімді кінәлаймыз? Бәріне Сталин кінәлі дей салуға болады, әрине.Бірақ, шығын бұдан 100 есе, 500 есе, тіпті 1000 есе аз болуы тиіс еді. Өзбектер мен қырғыздарда Алашордашылар болмаған күннің өзінде, кеңес үкіметін өз қолымен орнатқан белсенділер, Сәкен, Тұрар, Сұлтанбектерді бірінші кезекте құртқан жоқ па? Құдайдай сеніп, артынан еріп, соңында

өздері қан төгіп жан аямай күрескен Кеңес өкіметінің құрбаны боламыз» деп ойлап па еді? Осындай сұрақтар мені мазалағанын қоймайды.

Қазаққа қастық арыдан ойластырылған. Патшалық кезеңдегі II Екатерина: «Қазақтар өздерінің қайдан шыққанын білсе, дүниежүзін жаулап алар еді» деген. Демек, сол кезден-ақ бізді жарты әлемді, Еуропаны жаулаған, орыстарды 300 жыл билеген Алтын Орда мұрагері санап, қысастық жасаумен келген. Өткен тарихтан мол хабары бар Екатеринаның қазақтар туралы айтқанын жадында түйген Сталин ұлтты қырып- жою жоспарын ұзақ ойланып, зұлым жоспарын іске асырған.

Жалпы біреу білсе, біреу білмейтін мынадай да тарихи дерек бар: Сталин тарихшылар мен жазушыларды жинап алып, Шыңғыс ханның қазіргі ұрпағы кімдер екенін анықтауға тапсырма берген. Көп ұзамай олар Сталинге келіп, (Шыңғыс ханның қазіргі ұрпақтары – қазақтар» деп мәлімдеген. «Дәлел» дегенде, ең әуелі «хан» деген сөз қазақта ғана сақталып қалғанын алға тартқан. Өзбекті- өмірлік, қырғызды бектер билегенін алға тартқан. Ал, Шыңғысханның үлкен ұлы Жошының зираты Қазақстан жерінде (Ұлытауда) тұр деген.

Қазақтарды құртудың әуелгі амалы олардың малын тартып алып, аштан қыру болды. Орысшыл «көсем» қазақ малын Мәскеуге жөнелтіп, орыстарды етпен қаматамасыз етті.

Патшалық Ресей тұсында, яғни 1897 жылы Бүкілресейлік ресми санақ бойынша, жалпы Түркістан өңірінде тұратын өзбек, түркімен, қырғыз, тәжік, қарақалпақ – бәрін қосып есептегеннен қазақ екі есе артық болып шыққан, өз заманындағы саны мол отыз халықтың қатарынан орын алған қайран қазақ адам ақылы жетпес, қисынсыз апаттан соң аймақтағы алдыңғы орын емес, өз жерінде азшылыққа айналды» делінген тарихи деректерде.

XIX ғасырдың соңына таман бар түркі халықтарын қосқандағы санынан екі есе көп болған қазақ қайда кетті? Өрине, геноцит, ұлтты кемсіту; өткен ғасырларда өздерінен жоғары үстем ұлтты көре алмау т.б. жалған намыстың салдарынан қазақтар сұрқиялықпен қырғынға ұшырады.

Ғалымдарымыз соңғы ғасырдағы осындай және басқадай зұлматтарды бастан кешпегенде қазақтың бүгінгі саны 45-50 миллион шамасы болар еді- дейді. Сондай-ақ қоғам және мемлекет қайраткері Өмірбек Байгелді алып Қытай еліндегі Тарбағатай өңіріндегі 17 миллион халық тұратынын, оның жартысының қазақ екенін, бірақ олардың өздерін «қазақпыз» демейтінін өкінішпен айтады. Бұлар да өткен ғасырлардағы әрқилы қуғын-сүргін салдарынан елінен ауып, жат елге сіңіп жұтылған, дінінен, тілінен әлдеқашан айырылған, қазақилық рухтан ада болған бауырларымыз.

Кейінгі жылдары айтылып жүргендей, ашаршылық пен қуғын-сүргін, репрессияның мазмұн- мағынасын екі бөліп қарап, әрқайсысына өзінше еске алу күнін белгілеген жөн. Не десе де, тарих ақиқатындағы мейлі өткен, мейлі бүгінгі болмыстың ағын-ақ, қарасын – қара, дұрысын – дұрыс, бұрысын – бұрыс деп жеткізу – әрбір ары таза адамның парызы деп ұғынғаны жөн.

... Кейіпкеріміз бар-жоғы 22 жасында жазықсыз халық жауы атанып, 18 жыл Магаданда лагерьде отырып келген, жалындаған жастық шағын, жыл он екі ай қары кетпейтін, мұзы ерімейтін, итжеккенде өтіп, ден-саулықтан айырылып, елге құр сүлдері жеткен.

Есіл ер Сүлейменқұл Сағымбеков 1915 жылы Жуалының түкріндегі Талдыбұлақ ауылында, өсіп-өнген, Бәйтерек әулетінің ұрпағы Сағымбектің отбасында бір ұл туылды. Бұл ұл көптен күткен, ұзағынан сүйіндірген Сүлейменқұл еді. Арабша сауаты бар Сағымбек, Сүлеймен патшаның, Сүлеймен пайғамбардың құрметіне баласына осы есімді берді. «Әрі Алланың сүйікті құлы болсын, Сүлейменқұл болсын» деп шешті. Ақ түйенің қарны жарылған қуанышқа бүткіл Талдыбұлақ тұрғындары тайлы-тұяғы қалмай ортақтасты. Болар бала жасынан дегендей, елгезек, шымыр бала кішкентайынан кішіпейіл, тіл алғыш, мейірімді болып өсті. Білімнің «бісмілләсін» молдадан арабша хат танудан бастады. Балалық шағы төңкеріс жылдарына тап келгендіктен, кейінірек латын әрпімен білімін жалғастырды. Галстук тағып пионер болды, кейін комсомол белсендісі атанды. 1933 жылы САГУ-дің (Орта Азия мемлекеттік университетінің) экономика факультетіне

оқуға түседі. Мектепті тек «5-ке» бітірген Сүлейменқұл университетте де өте үздік оқыды. Ол кезде Алматыда ондай оқу орны жоқ еді, жалғыз ҚазПИ сосын ауыл шаруашылық институты ғана болатын. ҚазМУ тек 1934 жылы ашылды. Ал Өзбекстанда санаулы ғана қазақ баласы экономика пәнін оқып жатты. Жас студент Сүлейменқұл үздік оқумен қатар қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты. Өзбек ұстаздары, қазақтың білімді де, білгір жас жігітін сол университетте қалдырмақ болады. Бірақ жас қазақ: «Қазақстанға қайтам» деп тұрып алады. Оқуды бітірген жылы Шымкентке келіп экономикадан сабақ береді, әрі комсомолдық қызметті қатар алып жүреді.

Сүлейменқұлмен бірге 5 жыл оқыған курстасы, өткен ғасырдың 1950-60-шы жылдарында Қазақ КСР-нің Министрлер Кеңесін басқарған белгілі қоғам қайраткері Сәлмен Дәуленов былай деп,еске алады:

- Сағымбеков Сүлейменқұл 1 курстан бастап өте үздік оқыды. Қоғамдық жұмыстардың қайнаған ортасында жүрген, жастар арасында жайдары жігіттің беделі өте жоғары еді. Екінші Ғани Мұратбаев десе де болады. Әттең сұм саясаттың кесірінен ерте солды,жалған жаламен жиырма жылға жуық өмірін итжеккенде өткізді. Ол жақтан ден-саулығын жоғалтып, ауырып, құр сұлдесі ғана келді. Елге келген соң 5 жылдай ғана өмір сүрді. Егер 22 жасында жалған жаламен «халық жауы» атанып, 58-ші статьямен сотталып кетпегенде мен отырған орынға (премьрлік орынға) отыруға мен емес Сүлейменқұл Сағымбеков лайық еді, - дейді.

Енді құрметті оқырман, осыдан-ақ өзіңіз қорытынды шығара беріңіз, Сағымбековті сыйлап, оған зор құрметпен қарап досының беделін аспанға көтеріп, оны өте жоғары бағалап, отырған қатардағы қазақ емес, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері.

1938 жылдың ызғары жылы Шымкентте де ұрып тұр еді, Ана адамды алып кетіпті, мына кісіні ұстамақ екен деген сыңайлы әңгімелерлер естіліп жатты. Сезіктену, күдіктену кезінде бір домалақ арыз домаланып келіп, Сүлейменқұлдың да атына түседі. Жау алыстан келмейді,- дейді қазақ, көреалмаушылық пен қызғаныш, талай

қазақтың соры болды ғой сол жылдарда. Домалақ арыздың авторлары арманына жетті... Осыған байланысты төмендегі бір ақынның өлең жолдары ойға оралады.

«Нақақтан күйіп баратса,
Нұрлы күн үшін бір тұтқын.
Кес-кестеп барып кеуденді,
Оғына тосу мылтықтың.

Қалдырмау үшін ұятқа,
Күнәсіз мынау дүниені.
Жамау қып басу өзіңді,
Аузына барлық жыртықтың»...

«Сүлейменқұл Сағымбеков бай-құлақтың баласы, шыққан тегін жасырып келген, Кеңес үкіметінің хас жауы, халық жауы. Оның орны жоғары оқу орны емес, оның орны Колыма төңірегі мен Магаданның маңы. Комсомолдан шығарып, жұмыстан қуу керек, қысқасы көзін құрту керек. Мәселенің мән-жайына баратын НКВД ма?! Оларға жоспарды орындау керек». Ал шындығында қарапайым қара шаруа Сағымбектің баласы ешқандай бай-құлақ емес еді. Университетті жаңа бітірген жас маманның еліне қызмет етер еңбегі көп еді, пайдасы да мол болар еді, ең бастысы асқар таудай арманы көп еді. Жоқ, оған жібермеді, жеткізбей желкесін қиды сол жүйенің жетдеттері. Алдымен комсомолдан шығарды, жұмыстан қуды. Жау қайда -деп жалаңдап тұрған, үштік-(тройка) ақыры түбіне жетті.

«Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып, күн болам.
Қараңғылықтың кегіне,
Күн болмағанда кім болам?!» деп жырлаған, бар- жоғы 27 жыл ғана ғұмыр кешкен Сұлтанмахмұдша, 22 жасар Сүлейменқұлдың қазақтың көгіне күн болмаққа ұмтылған талпынысы қараңғы түнге айналып кете барды.

С.Сағымбековты атышулы 58-ші баппен (Кеңес Үкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізген деген айыптаулар) 10 жыл құқығынан айырып, жалпы 25 жылға соттап жіберді. Сіз өзіңізді бір сәтке, 25 жылға сотталған 22 жасар жас маманның орнына қойып көріңізші, төбе шашыңыз тік тұрар еді. Жарты ғасырдан кейін 1987 жылы, желтоқсан боздағы

«Халық Қаһарманы» Қайраттың 22 жасында алдымен ату жазасына, кейіннен 20 жылға сотталған сәтінде жазған хаттары мен өлеңдері еске түседі. Өте ұқсас тағдырлар.

«22-де жасым бар,
Қайрат деген атым бар.
Еркек тоқты – құрбандық
Атам десең атыңдар» демеп пе еді, қайран Қайрат?!

- Қайтеміз, тағдыр басқа салса көнеміз де, - дей салуға да болар еді. Бірақ жазықсыз кетіп бара жатқаны жанға батады. Артында баласының қайғысынан бір-ақ күнде шөгіп кеткен әкесі Сағымбек пен тұлымшағы желбіреген, 4-5 жастағы кішкентай ғана сүйкімді қарындасы Шырынхан шырылдап, шырқырап қалып қояды. Анасынан ерте жетім қалған Сүлейменқұлға, екінші шешесі Ибакүл апа өз баласындай қараған. Тумаса да, туғандай болып кеткен, қуыршақтай ғана Ибакүл анасын ойлады.

- О, жаратқан ием! 25 жыл -деген аз уақыт емес.Мен келгенше кім бар, кім жоқ? Асқар таудай әкемді қайта көре алам ба жоқ па? Ауыр қайғыдан әкем олай-бұлай болып кетсе, кішкентай қарындасымның күні не болады? Ел-жұрт бар, өлтірмес. Қаймағы бұзылмаған қусирақ елі аман болсын! Ардақты ағаларым мен аяулы жеңгелерім, іні-қарындастарым. Сіздермен құдай қайта жүздесуге жазсын. Оқимын деп жүргенде, келін түсіріп, әке шешемнің қолын ұзартуға уақытым болмады. Қазақтың каракөз қыздары, сендер аман болыңдар. Алла бұйыртса, кездесерміз, жүздесерміз, - деп үмітін үзбеді, ниетіне жетуге ұмтылды, шаңырақка ие болып, қалатын бір ұлды армандады.

Аулақпыз атасы арзан болжамдардан,
Жұртында әр ғасырдың олжаң қалған.
Жамағат, біздің тарих алтын шынжыр,
Әр жерден, жиі үзіліп көп жалғанған.

Сауатты Сүлейменқұл үндемей қалмады, өзінің кінәсіз екенін айқайлап тұрып соттың алдында да, оттың алдын да айтты. Таққан айыптардың ешқайсысын мойындаған жоқ, ешкімге жала, айып тағып өзімен бірге ешкімді де қосақтаған жоқ. Ұрып соққаннан қорықпай айтқанынан қайтпай, қасқайып тұрып алды. Басымды кесіп алсаңдар, кесіп алыңдар, мен кінәлі емеспін. Кеңес Үкіметіне,

Отанына адалмын! – деді. Қинаудың барлық түріне төзді, адам айтқысыз қиындықтарға шыдады, қайсар қазақ, жас қазақ. Жоғарғы сотқа дейін шағымданды. Тіпті Түрксіб темір жолы арқылы Сібірге әкетіп бара жатқан эшелоннан, туған жері Жуалыдан өтіп бара жатып, Боранды бекетінде амалын тауып хат қалдырып кетті. Ол хатты Жуалыдағы ОГПУ-дің бастығы, өзінің жақын ағасы Еркінбек Сауранбековтың атына жолдап, өзінің қандай жағдайға тап болғанын, өтірік жала жабылғанын, енді Сібірге әкетіп бара жатқанын баяндап, әке-шеше, туған туысқандарға сәлем айтып, жазған еді. Абырой болғанда, бір орыс әйел, ол хатты темір жол шпалдарының арасынан тауып алып, адресатқа тура жеткізеді. Әйтпесе, ол хат қолына тура тимесе, Ерекеңе де зияны тиіп кетуі әбден мүмкін еді. Бар ғұмырын Компартия мен Кеңес үкіметіне бағыштап келе жатқан 30-дағы Сауранбеков, ол хатты оқып болған соң, сақтық шараларын жасайды.

Самарқандқа артынан жақсы көретін жеңгесі Үртай (Сауқымбек атамның 2-ші әйелі) іздеп барып жолығады. Талдыбұлақтағы Сағымбектің үйіне бір топ НКВД-ның адамдары келеді. Бай-құлақ деген адамның үйі тым жұпыны еді, 4-5 ешкі, 7-8 қойы ғана бар, ортадан төмен өмір сүріп жатқан шаруаны көріп таң қалыпты. Міне осыдан-ақ ақ, адал адамның жаламен кеткені көрініп тұрған жоқ па?

Жердің түбі, қиыр шығыс Магадан,
Магаданға кетті айдалып ақ адам.
«Сүлейменқұл оқып, озып кетті» деп,
Жармасты оған іштегі жау жағадан.

1939 жылы Ибакүл апамыз босанып, қыз туды. Сүлейменқұлдан үмітін үзбеген Сағымбек, қызының атын «Үміткүл» деп қойды. Үкілеген үмітін ақтап, баласы 1954 жылы бір-ақ келді. Халық жауының қарындасы Үміт Сағымбеккызы кейіннен, халық жауының баласы Смат Естайұлына тұрмысқа шықты. Ақталып елге оралған, Сүлейменқұл Жамбыл (Тараз) қаласындағы Сүлейменов көшесінде тұрған кезінде, халық жауы аталып, атылып кеткен Естайдың әйелімен (ол кісі де АЛЖИР-де Алмолинский лагерь жон измень Родины отырып келген) ортақ әңгімелері таусылмайтын. Бірі Магаданда өткен

жарты ғұмырын жыр етсе, екіншісі Ақмоладағы халық жауларының әйелдері лагеріндегі көрген итқорлықты жылап отырып айтатын. Сөйтіп құда мен құдағи, көрінде өкіргір Сталинді қосыла қарғап, бірін күйеуінен өлідей айырған, бірінің жалындаған жастық шағын жалмап денсаулығынан айырған, әке-шешесін ботадай боздатып, құйтақандай қарындасы Шырынханды шырылдатқан сұм заманға лағынет айтатын. Бір сәтке ғана, ойланыңыздаршы адамдар, бауыр еті балаңды 20 жыл емес, 20 ай емес, 20 күн көрмесең сағынасың. Ал енді, белгісіз, хабарсыз соншама жыл көрмеу қиынның қиыны. Оны басына түспеген түсінбейді.

1941 жылы соғыс басталғанда, Қошқарата ауылдық кеңесіне қарайтын Кеңбұлақ, Талдыбұлақ, Қыстоған ауылдарынан 400-ге жуық ер азамат майданға аттанып, оның 219-ы елге оралмады. 17-дегі боз бала мен 45-тегі егде кісілер, тіпті әкесі мен баласы да қатар аттанды. Талдыбұлақ ауылында еркек кіндіктіден Сағымбек, Сауқымбек және қарт Қожақ қана қалады. Сағымбектің отбасында бір қара домалақ өмірге келді. Ағасы аман келсін деп, жас баланың атын Аманкелді деп қойды.

Он жыл айтуға ғана оңай, арада он жыл өткенде, сұрып матаға жазылған бір хат сағындырып Сағымбектің қолына тиді-ау әйтеуір. Ол хатта тұла бойы тұңғышы ет бауыры елжіреп, әкеге деген сағынышын, сүйінішін, күйінішін, аман-есендігін хазыпты, бұл қуанышты хабар ақсақалды қатты қуантты, ол кісі бір көккошқарды сүйікті ұлы Сүлейменқұлдың жолына құдайы атады.

- «Е, Құдай баламның амандығын естіп білдім.Енді өзіңнен, тек қана өзіңнен тілейтінім, аман-есен баламды көріп, қасында үш ай болған соң, алып кетсең, ырзамын, ырзамын, ырзамын! О, құдыреті күшті жаратқан,»-деп мінәжат етті. «Мына көккошқарды балам аман келген күні құдайы тамаққа соямын, - деді.

Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі,-деген ыпрас сөз. Қалмақпен қырғын соғыста да, ақтабан шұбырынды алқакөл сұламада да мұндай оқиғалар, құдай біледі болмаған шығар. Тек аңыздағы Одиссей ғана 20 жылдық соғыстан аман келіп, Пенелопасын қылқындырып өлтіреді.

Дұшпан күліп, дос жылар қайғы түсті,
Ешкімге кез қылмасын мұндай істі.
Тағдырға тән берумен жүреміз де,
Дерт - қайғы, тұс-тұсынан қонған күшті.

Арада ақырын жылжып алты жыл өтті. Сталин өлген 1953 жылдың наурызында суық Сібірден, жанға жайлы хабар жетті. Сүлейменқұл қазақ қызына үйленуге үлгермеп еді. Жазалаушы орган қанша жерден адамның аяқ қолына кісен салса да, сезіміне кісен сала алмайды. Сүлейменқұл Челябинскіден сотталып барған «Вера» есімді орыс қызымен танысып, табысады. Алдында 4 ағасы бар екен. Олар артынан келіп тұрады, себебі ол Сүлейменқұл секілді саяси қылмыскер емес еді. Вера жеңгеміз атына сай Сүлейменқұлға сенімді серік бола білді, ол кісі ағамызды «Сергей» деп атайтын. Веранық сенімі Сүлейменқұлды өлмейтініне сендірді, үзілуге шақ қалған үмітін үздірмеді, жас жігітке өмірден қымбат еш нәрсе жоқ екенін, ал ақ адал адам ерме ме кеш пе ақталып шығатынына көзін жеткізе білді. Олардың Сібірдің суығына селт етпеген сезімдері, іңкәр көңілдері, мөлдір махаббаты Магаданды жеңіп шықты. Лазеретте өкпесіне суық тиіп, қатты қысылып жатқан шағында,өлім мен өмір айқасып, тайталасып тұрған мезгілде, ажалдың аузынан Веранық аялы алақаны мен кіршіксіз көңілі Сүлейменқұлды құтқарып қалды. Вера болмағанда, Сүлейменқұлдың сүйегі Сібірде қалатын еді, бұл енді айдай ақиқат. «Менің тірі қалып, елге аман-есен келуіме оның еңбегі өте зор. Мен тірі қалғаным үшін, оған өмір бойы қарыздармын» дейтін қайран нағашым.

Олар екі рет нәрестелі болды. Бірақ, Вера Сергейін құтқарып қалғанымен, өз балаларын аман сақтай алмады. Магадан курорт емес қой, оның үстіне екеуі де тұтқындар. Лагерьден кейін Вера жеңгеміз қайтадан бала көтере алмады.

Орыс келінді Жуалыда Еркінбек атам бастаған туысқандар күтіп алады. Кимешек киген кемпірлер, келінге сәлем етуді үйретеді. Арада жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, осы оқиға туралы Тельман нағашым, Вера жеңгесі туралы жылы лебізін аямайды, елжіреп еске алады, қайтып көрер ме едім сол жеңгемді,-деп қамығады. Ол кезде жасы

13-14-ке келіп қалған Үміткүл мен 10 жасар Амангелді жеңгесінің алдынан жүгіріп шығады. Сағымбек пен Ибәкүл де, өз баласы келгендей қуанады. Вера келгеннен кейін Сергейдің (Сүлейменқұлдың) Шура деген (Шырынхан) қарындасын іздей бастайды.Ол кезде Шырынхан шешеміз, Әбдәлі әкемізге тұрмысқа шыққанына 2-3 жыл болып қалған екен. Ауылдағы қыз-келіншектер қалжыңдап басқа қыздарды көрсетеді екен. Сөйтсе, Вера: «Жоқ» бұлар менің күйеуімнің қарындасы емес, мен оны бір көргеннен танимын» дейді екен. Қайынсіңлісі мен жеңгесі Талдыбұлақтағы Тасбастаудың қасында кездеседі.

- Міне, мынау Сергейдің қарындасы, - деп Шырынханды бас салады. Жұрттар таң қалып, аузын ашып қарап қалады. «Вера құшақтап бетімнен сүйіп, орысша бірдемелерді айтып жатыр. Бірін түсінсем, бірін түсінбеймін. Жеңгемді көріп, ағамның өзін көргендей болдым» дейді анам.

Сонымен Вера ауылда 3-4 ай болып, қайтадан күйеуінің қасына қайтуға дайындалады. Аманкелдінің ауырып жүргенін байқаған елгезек, мейірімді,бауырмал орыс апамыз:

- «Баланы маған беріңіздер, өзіммен бірге алып кетейін, емдетейін. Құдай қаласа, бір-екі жылда Сүлейменқұл да бостандыққа шығып қалуы ықтимал. Мүмкін болса, осы баланы бізге берсеңіздер, өте дұрыс болар еді, - дейді.

- Бір баламнан айырғаныма 16 жыл болды. Екінші баламнан айырылмаймын - деп Сағымбек баланы бермей қояды. Вера Магаданға жалғыз өзі қайтады. Бір жылға жетер-жетпес уақытта, Аманкелді қайтыс болады. Сонда келініне кіші баласын беріп жібермегеніне қатты өкінеді, қария. «Баланы неге бермеді» деп ол кісіні кінәлауға әсте болмайды. Әбден жүрегі шайлығып қалған ғой, жарықтықтың.

... Арада тағы да екі жыл өтті, 18 жылдан кейін, 40 жасында Сүлейменқұл Қазақстанға оралады .Қасында сенімін де,сезімін де жоғалтпаған сүйікті Верасы бар нағашымды Жуалы жұрты құшақ жайып қарсы алады. Боралдайдың шахтасына жетіп,Талдыбұлақ көрінгенде:

- Туған жердің топырағын басқанға не жетсін! Оның ауасы да, тау тасы да өзгеше-ау. Қайран кіндік қаным тамған жер! Сені көретін күн бар екен-ау. Бір көруге іңкәр еткен дүние-ай! Не деген ыстық едің, не деген керемет едің Кеңбұлақ, Талдыбұлақ, - деп көкірегін керіп тұрып, Талдыбұлақтың таза ауасын жұтып, көкке аунай кетеді. Бұл көрініс жұрттың көңілін толқытым;

- Қайтсін, есіл ер, ел-жұрты,туған жерді әбден сағынған ғой, - деп жатты, көріп тұрғандар. Сол кезде, арғы беттен тұлымшағы желбіреген жасы 15-тердегі қыз бен 20-дан жаңа асқан жас келіншек, суы тасып жатқан Талдыбұлақ өзеніне қойып кетеді.

- Әй, байқаңдар, су ағызып кетпесін, - деп Әсел әпке (Сағымбектің қарындасы) жағада айқайлап тұр.

- Ойпырмай, өзеннен өтіп келе жатқан әне бір, екі жас кім болды екен? – деп сұрайды Сүлейменқұл.

- Олар сенің қарындастарың, үлкендеуі сен кеткенде шауып жүрген Шырынхан қарындасың, екіншісі сен кеткеннен кейін соғыстың алдында туылған, ағасы аман келсін деген үмітпен, Үміткүл атанған бауырың, - дейді туысқандар.

- Шура, Шура, - деп қайынсіңлісін Вера жеңгесі жүгіріп барып судан шығарып алады. Бұл кезде тұла бойы тұңғышы Әбуғалиды дүниеге әкелген жас ананың, ағасына деген сағынышы алдында кішкентай өзен емес дәу дария тұрса да, ойланбастан суға қарғып кетер еді. Ол сәтті сөзбен жеткізу мүмкін емес, оны тек көзбен көру керек еді.

- Қарындасым, қарлығашым! Айналайын, бармысың бауырым!? - деп ағасы да жүгіріп жетті. Ағатайлаған қос қыздың дауыстары тау-тасты жаңғыртты, екеуі екі жағынан ұстап алып, ағаларынан айырылғысы келмей, тастай қатып қалған.

Қуанған мен қорыққан бірдей, дегендей соншама жылдан кейін баласын көрген Сағымбек сақалына көз жасын сорғалатып тұрып, ботадай боздады. Ел-жұрттың ет жүрегі елжіреп кетті. Сағымбектің сағынышы тасты да жібітіп жіберердей еді.

- Е, Құдай, рас па, өтірік пе?! Шынымен сен Сүлейменқұлсың ба? Ау, ағайындар, мынау тұрған егде кісі

менің балам ба? Тірімісің, жаным-ау, жалғызым-ау? Сүлейменім, балам, келші қасыма, өз көзіме өзім сенбей тұрмын. Қолыммен ұстап көрейін, маңдайыңнан иіскейін, ботам, балам! - деп Талдыбұлақты басына көтерді.

- Е, құдыреті күшті Құдай! Ырзамын бергеніңе, көрсеткеніңе! Баламды аман-есен көргеннен соң өлсем арманым жоқ – деп едім. Енді қазір алсаң да пейілмін, өкінбеймін, жаратушы ием! - деді. Көп жыл бұрын құдайыға аталған көк қошқар сойылды, ақ түйенің қарны жарылды. Бұндай қуаныш бұл ауылда көптен бері болмаған еді. Қуаныш тойының ертесіне шал шалқасынан түсті, жүрек сыр берді. Қазақтың қара шалының 20 жылға жуық, бес уақыт намазын қаза қылмай, Ұлы жаратушыдан жалынып сұрағаны болды. Алла тағала әке мен баланы жолығуын жолықтырды, бірақ айтылған сөз атылған оқпен тең. Үш айдан кейін, Сағымбектің сағынышы мәресіне жетті. Аллаға шүкіршілік етіп, тәубасынан танбады, жарықтық Жалғыз ұлы, Сүлейменқұл өз қолымен топырақ салды...

Өмір бар да, өлім бар. Қайғы мен қуаныш қашанда қатарласып жүреді емес пе? Туған жердің топырағын басып,ауасын жұтып, марқасын жеп, қымызын ішкен Сүлейменқұл, елдің ыстық-пейіліне ырза болды. 1955 жылдың қоңыр күзінде Вера жеңгеміз ешқандай ұрыс-керіссіз, өте мәдениетті түрде, ауыл ақсақалдарынан өзін еліне қайтуға рұқсат сұрайды.

- Сіздер Сүлейменқұлды 18 жыл бойы күттіңіздер. Үміттеріңіз ақталып балаларыңыз аман-есен елге оралды. Ата қайтыс болды, жалғыз інісі Аманкелді қайтыс болып кетті. Біздің екі баламыз шетінеп кетті, мен енді тұра алмаймын. Біз бір-бірімізді қанша жерден жақсы көрсек те, бір әулеттің ошағының оты өшпеуі үшін екеуміз бөлек тұруға шешім қабылдадық. Сіздер Сүлейменқұлға жас қазақ қызын алып беріңіздер. Ол оған әбден лайықты. Жастық шағы қиындықта қуғын-сүргінде өтті, денсаулығын құртты. Алда қалған аз ғұмырында, шаңырақка ие болып қалатын ұл өсіруге,қызының маңдайынан сүюге, жар құшуға толық құқығы бар. Мен қайда жүрсем де, өмірдің ащы-тұщысын бірге өткізген сенімді Сергейімнің бақытты болуын, бұл өмірде тілеп өтем. Қайтейін тағдырдың жазмышы осылай

болса қайтейін, - деп көз жасын бір сығып алды Вера апамыз. «За твои страдания я тебя любила!» деген ақын сөзі тап осы кісіге арналғандай.

Жайлаудың бірің бейне қоңыр гүлі,
Аққудың бірің құдды көгілдірі.
Әркімді жер шетінен іздеп тауып,
Құраған қалай, қайтіп өмір мұны.

Сүлейменқұлдың сенімді серігі болған Вераға бүкіл ел қайран қалды. Оның адамгершілігіне, азаматтығына, адалдығына риза болды. Күйеуіне деген Сеніміне (Вера), үзілмеген Үмітіне (Надежда), мөлдір Махаббатына (Любовь) тәнті болды. Ұлты бөлек болғанымен үміті бір, діні бөлек болғанымен сенімі бір, тілі бөлек болғанымен сезімі бір Вераны қимай-қимай шығарып салды.

Өмір бір орнында тұрмайды. Сүлейменқұлдың нағашы жұрты, темір елінде, ай десе аузы бар, күн десе көзі бар, жүзіктің көзіндей, Қамар сұлудың өзіндей, Бақтықұл деген бойжеткенді айттырып, қазақтың бар жақсы дәстүрлерін сақтап, екеуін қосып, ақ некеге отырғызады. Шынында да Бақтықұл жеңешем Сүлейменқұлдың, шын бақыты бола алды. Жалындап өтудің орнына жылап өткен жастық шағының өтеуіндей, мынау жалған дүниенің аз күн қуанышындай, өмір бойы аңсаған арманындай,елге жетсем, әке-шешемді, қарындастарымды көрсем деген ниетіндей, ұзақ жылдар бойы үзілмеген үмітіндей болды ғой менің сүйікті жеңешем! Аузын ашса жүрегі көрінетін көрікті жеңешем, бірге тұрған 4-5 жылда көкемді бақытты ете білді. Бақтыгүл жеңгем (марқұм).

1957 жылдың 22-сәуірі Сүлейменқұлға тәуір болды. Бақтыгүл жеңгеміз, ағамызға ақ маңдайлы ару қыз сыйлады. «Е, Алла ырзамын, шүкір ниетіме жеттім!» деп қызының атын Ниеткүл қойды. Ниеткүл бір жас 3 айға толғанда, көптен күткен, жиырма жылдан астам уақыт тосқан, Сағымбек әулетіне қуаныш қосқан, шекесі торсықтай ұл келді өмірге.

«Өмір бойы аңсаған, арманым орындалды, өзіме ұқсастырып атын Арманқұл деп қоямын» деді нағашым. Үлкен кісілердің кейбіреулері бұл есімге келісіңкіремей-тінін байқаған Сүлейменқұл.

- Оу, ардақты ағайын! Көп жасадым демеймін,бірақ көпті көрдім. Өмірдің ащысын да, тұщысын да таттым. Өмір мен өлімнің беттескенін өз басымнан білемін. Бірінші Құдай, екінші Вераның арқасында аман қалдым. Екі баламыз шетінеп кетті елге аман-есен жетіп, туған туысты көретін күн болар ма екен? Туған жердің топырағын басып, қымызын ішіп, ауасын жұтып, қызығын көре алар ма екенмін, - деп армандап едім. Сол арманым бүгін орындалып тұр. Сондықтан баламның аты Арманқұл болсын, ағайын! – деп толқып сөйлейді Сүкең.

Үйелмелі-сүйелмелі екі нәресте Сүлейменқұлға сүйеніш болды. Ет жүрегі елжіреп, төбесіне көтеріп жүрді балаларын. «Қаз, қаз бас» деп кішкентай Ниетті алақанына салып өсірді. Арманы болған Арманқұл, бүткіл қусирақтың Қуанышына айналды, сәл кекештеніп сөйлейтін жас баланың «кө-ө-ө-ке-леген былдыры мен «тә-ә-телеген» тәтті үні ел-жұртты қуанта түсті, сөйтіп төл құжатта аты Арманқұл болғанымен, кейін Қуаныш аталып кеткеніне жарты ғасырдан асты. Сол Қуаныш нағашым бүгінде алпысты еңсеріп, үш немере сүйіп ата болып отыр. «Орнында бар оңалар» деген осы болар сірә?!

Өмірде қарапайым өмір сүріп те ерлік жасап, артында із қалдыра білетін жандар аз емес. Мен, ата сіздің тайғанақ тағдырыңызды да еске аламын. Сіздің жас өміріңіз өксумен, арманмен өтті. Мақсатыңыз көп еді, тағдыр толқынымен қақпақылға түсіп, біріне де қол жеткізе алмадыңыз.

Бұл трагедия бір ғана отбасының трагедиясы емес, бар қазақтың трагедиясы. Ұрпақтар сабақтастығы, ұрпақ үзілмеуі қазақ үшін қай кезде болса да, өте үлке-е-ен мәселе болған.

«Құдайға шүкір!» деп тәубе етеміз. Артындағы ұрпағы жасай берсін, ондай сұрқия кезең қайтып қайталанбасын,- деп тілеймін.

Ел-жұрт аман болсын,жасасын тәуелсіз Қазақия!

Қазағым көбейе берсін,әумин!

Байғали және Нұрғали Әбдәлі ұлдары.

«Атадан жақсы ұл туса,есіктегі басыңды төрге сүйрейді,
Жаман ұл туса төрдегі басыңды есікке сүйрейді.
Халық мәтелі

Баланды тәрбиелесең – байлығың, кеш қалсаң – көрерің қайғы – мұң.

БАТЫРДЫҢ ҰРПАҚТАРЫ

ӘКЕ

Білем әке, қайдан алдым бастауды,
Өзің егіп, өсіргенсің жас талды.
Көпті көріп, көп нәрсені ұқсам да,
Көргенім жоқ сендей асыл асқарды...

Ұлы өмірге қосқан біздер үлесің,
Өшпек емес әке деген ұлы есім,
Біз тіріде сен де тірі жүресің,
Білем әке, мұны өзің де білесің...

Әке деген ұлы есім. Әлмисақтан қазақ қоғамында әке – қорған, Әке – асыраушы.

Әке айбын болып, бұл үлгі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді.

«Әкенің ақ тілегін өтеу парыз,

Мен бүгін әкемді ойлап толғанамын» дегендей, Әкем туралы жазбақ болғанда көп толғандым. Мен әкенің аялы алақанын жылы мейірім мен әкелік шексіз махаббатын сезінбей, және »әке», «көке», »папа» деген сөздерді айта-алмай өстім. «Болашақта атақты болу үшін бақытсыз балалық қажет»,-деген екен бір ғұлама. Ес білгелі білетін оқиғаларды есіме түсірдім. 1926 жылы туылған, көпті көрген соғыстың ұзаққа созыларын білген Қасым атамның берген ақылы болар, құжатта 1928 жылғы,-деп өзгертім алған. Себебі 1926 жылғы туылғандарды соғысқа алып жатты ғой.

Бір Алла біледі ғой, 1944 жылы майданға алынып, шейіт болып кетсе анасы Орынкүлдің халі қандай болар еді...

«Әке – тірек, Ана – жүрек»

Әрине, әкем туралы деректерді өте аз білдім, себебі әкем қайтыс болған күні мен небәрі 4 жас 4 айда екенмін. Алдымдағы асқар таудай ағаларым Әбдуғали, Байғали бірі 13-те, екіншісі -8-де еді. Бірақ та «Қой асығы демегің қолыңа жақсы сақа ғой, жасы кіші демегің ақылы асса аға ғой»,- дейді қазақ. Кезінде жас болдық, балаң жаста сөйтіп жүріп көп нәрсенің мәніне терең бойлай бермеген екенбіз. Енді бүгін алпысты алқымдаған шақта ойлап отырсам, өткен күнге көз жүгіртіп қарасам, біздің осындай азамат болып қалыптасуымызға оның қайнар бастауында асқар таудай әкемнің орнын жоқтатпаған, әке орнына әке бола білген,шеше орнына шеше болған анамыз Шырынхан қанаттыға қақтырмай, тұмсымтыға шоқтырмай, әкесі тірілерден кем қылмай, қолын көсеу, шашын сыпыртқы қылып, 4 ұл 3 қыздың, төртеуіне жоғары білім, үшеуіне орта-арнаулы білім әперді.

«Ата даңқыменен ұл өтер,

Мата даңқыменен бөз өтер» дегендей, Әке қадірін кеш біліп, кей-кейде соны ойлап, оңаша өзімше қамығып қоятын сәттерімде менің сол асқар тауым өмірде қандай жан еді деген ой туады. Әкеміздің көзін көргендердің айтуына қарағанда азғантай ғұмырында ол еш адамға киянат жасамаған, қанына біткен қасиеті адалдығынан, еңбек сүйгіштігінен өле-өлгенше айнымай өткен жан болыпты. Тәні қандай таза болса, жаны да сондай таза, кіршіксіз болса керек.

Бүгінде қаламымды қолға алып, өзіңіз туралы қатты толғанып отырмын, Әке. «Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады, тегі бекзат болғандар, өмірдің мәнін ұғады. Тұғырында өмірдің әрқашан биік тұрады,-дейді қазақта шынында, адамның жақсы болуы көбіне тегіне байланысты. Алған жақсы тәрбиеңіздің әсерінен болар қайда жүрсеңіз де, қандай ортада болсаңыз да, қандай жауапты қызметтер атқарсаңыз да өзіңізді дәлелдей білдіңіз, өмірге ұран етіп, аталардан қалған өнегелік ұлағатын айналаға шуағын шашып жүру кез келген адамның қолынан келе бермес.

Жақсыны да, жаманды да, қызықты да, шыжықты да, көп көрдіңіз. Жоқпын деп саспадыңыз, бармын деп таспадыңыз, қиындықтан қашпадыңыз, бар істі ізгілікпен, жақсылықтан бастадыңыз. Осы орайда ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабиден «Бақыт» деген не? деп сұрағанда, бір ғана сөзбен «қанағат» деп жауап бергені еске түседі.

«Әке». Осы бір ауыз сөзде терең мағына бар. Ешкімді алаламайтын, өзгенің ала жібін аттамайтын қасиеттеріңізге ризамын. Меніңше мұның бәрі ата мен әке өнегесімен беріледі деп білемін. Бір ойшылдың «Дүниеде адамнан қызық ештеңе жоқ» дегені ойға оралады, себебі олар өмірлік жолын, көзқарасын өздері таңдап, өздері қалыптастырады. Тағдырдың ызғарлы дауылынан баз біреулері солқылдақ шыбықтай бір жағына қисайып жатса, енді біреулері адамдығын жоғары ұстап, өз биігінен төмендемейді. Асыл адам қай кезде де айнымайды. Адамдығын ту еткен жандар ғана тағдыр қандай сый жасаса да, астамшылық танытпай, аспай-саспай қарсы алады. Ұлы Абай айтпақшы, «Болыс болдым, мінекей» деп атойламай, өзіне жүктелген шаруаны жауапты атқарып, өз ортасында абыройға бөленіп жүрген адамдарға тәнті боласың. Олардың бойынан үлкенге құрметтің, кішіге ізеттің лебі әрдайым есіп тұрады. Қазақтың «малым-жанымның садағасы, жаным-арымның садағасы» деген мықты қағидамен өмірден ерте өттіңіз - Әке!

«Өле берсін күншілер күйігінде,
Өз ғасырым өзімнің иінінде,
Ақ жаңбырлар тоздырған тау сияқты,

Мен өлемін өзімнің биігімде» деп қазақтың ақиық ақыны Төлеген Айбергенов жырлағандай, менің әкем Әбдәлі сондай жанның бірі болған.

Лауазымды адамның бағасын беретін де, оған төрелік ететін де халық. Бойыңыздағы әншілік өнер де тот баспайтын алтындай араға қаншама жылдар өтсе де өз үнін, бояуын жоғалтпай келеді... «Өмір-өткен күндер емес, есте қалған күндер» деп бекер айтылмаса керек. Жақсылыққа үлгі көрсетіп жетпесе, уағыз айтумен жету қиын, өзіндік өнегеңізбен жақсылыққа бастаған адамдық қасиеттеріңіздің бір тамшы қыры осындай. Содан бері

қаншама жылдар өтті. Бүгінде марқұм әкемді есіме алсам, сол асыл жанның сөздері есімде қалыпты...

Бір мың тоғыз жүз алпыс алтыншы жылдың күзі болатын, біздің көшенің жеке қойын Бейсек деген кісі бағушы еді. Қойды сол кісінің үйінен жоғарғы жақтағы Дулаттың үйіне дейін қосатын. Бірде көкем екеуміз қойларды бөлмек болып алдынан шықтық. Бір қара-ала ешкіміз көршіміз Егетайдың қорасына кіріп кетті, соны бөліп алдық. Біздің үйдің верандасы үйдің ұзындығымен бірдей іші кең еді. Қыстың күні борандарда әкеме еркелеп, «даладан терек талдардан ағаш әкеп бер, ат ойнаймын» деп жылайтынмын. Ол кісі мал маманы зоотехник болатын, сондықтан болар менің ағаштарды кесіп, оған мініп алып ат қылып ойнағаныма мәз-мейрам болушы еді.

Ұлдың күні күн емес, атадан мал қалмаса,

Ата малы пұл емес, баста ақыл болмаса дегендей талдарды кесіп, қатар-қатар тізіп қойып жіптермен байлап арқандайтынмын. «Мынау айғыр – ақылтеке, мынау – жұмысшы ат, ал мынау – бие» деп жіктеп, ұзыннан-ұзақ верандаға талдарды тізіп қоятынмын. Әкеміздің Луговойдан әкелген торы қасқа ақылтеке айғыры бар еді. Бір қара тайды бордақыға байлап, сойылатын кезде сойғызбай жылағаным есімде қалыпты.

Қазақтағы «Әкең асқар тауың, шешең сарқылмас бұлағың» деген сөздің өзінде де әкені тауға теңеуі бекер емес. Әке – отбасының отағасы.

Тайға таңба басқандай менің есімде қатты сақталғаны әкемнің оқыстан мезгілсіз өмірден кеткені еді. Бір мың тоғыз жүз алпыс алтыншы жылдың он тоғызыншы қарашасы түс ауып қалған, орталық көше жақтан саңқылдаған радионың даусы біздің үй жаққа естіліп жататын. Бір кезде әйел адамның жылаған даусы естілді. Сонда Орынкүл апам елең ете түсіп, ойбай мынау Әсемкүлдің даусы ғой деді. Қасында өңгімелесіп тұрған Теңгекүл апам Лесбек Тоқболатовтың шешесі «радионың даусы ғой» деді. Артынша шарбақ жақтан жоңырышқаның қақ ортасын жапырып, сол кезде күздің соңғы айы болса да, шарбақтағы жоңырышқа биік және күн өте жылы еді. Үйге қарай ауыл молдасы Әбділдә ақсақал мен Орынбек Байшымыров келе жатты. Үйден

шешем шығып қалды. Мына кісілер тегін келе жатқан жоқ қой деді. Ауыл имамының көзінде жас бар еді, жылағаны білініп тұрды. Аман-саулықтан кейін Орынкүл апама қарап Әбділдә ақсақал:

- Жеңеше, бекем болыңыз. Әбдәлі аттан құлап, аяғын сындырыпты, - деді. Ол кез шешемнің жап-жас отыз үш жастағы кезі ол кісі шарбаққа қарай жүгірді.Ол кезде ауылдық аурухана бізбен шарбақтас мектептен кейінгі қәзіргі Алтынбек Аюбаев ағамыздың үйінің орнында болатын. Лезде біздің үй жақта қара-құрым адамдардың саны көбейіп кетті. «ГАЗ-51» автомашинасы, оның бортынан көкемнің хром етігін, галифасын байқап қалдым. Арыстай азамат қазаға ұшырап, ақ боз аттан құлаған Төлеген сияқты болып жатты.

Елдер қаумалап арғы жағы көрінбейді, әкемді машинадан түсіріп жатты. Біз сияқты майда-шүйде балаларды жақытдатпады. Әншейінде бізге көңіл бөлмейтін, үлкендер біздей бала-шағаларды Кебеев Ақылбек ағайдың үйіне қамап тастады. Алдымызда ешуақытта жеп көрмеген, кәмпит-сәйпит, қуырылған жүгері, печенье пряниктердің тәтті тағамдардың неше түрлері алдымызда.

Ертесіне үй жаққа қарай бардым, біздің үймен Кебеевтердің үйінің ортасында Добрадеев, Вишневецкий деген екі орыстардың үйі болатын. Біздің үй жақта адамдар көп, біреулер жылап жатыр, ал біреулер топ-топ күбір-күбір әңгімелер, ал, кейбір еркектер темекі шегіп, қарқылдап күліп тұр. Біреуге жән қайғы, біреуге мал қайғы демекші. Жәйлап басып, қорқып үйге кірдім. Үйге кірсем, өзім талдарды ат қылып ойнайтын веранданың бір шетін шимен көлегейлеп көлденең тартып қойыпты. Басында Орынкүл әжем еңіреп жылап отыр. Мені көре салып: «Қайда жүрсіңдер, қасымда өзімнен екі жас үлкен әпкем Айғаным бар еді ғой, әкелеріңді соңғы рет көріп қалыңдар» деп бізді шидің ішіне қарай сүйреді. Менен екі жас үлкен Айғаным «қорқамын» деп шыңғырып, жылап жіберді.

Оған Орынкүл әжем: «Ой, сорлығар!» деп зекіп тастады. Мен ер баламын ғой, «көріп қалайын» деп Орынкүл апаммен ішке кірдім. Бір кезде болды-болды деп,

апам қайтадан шығарып жіберді, қорқып қалады деді ме кім білсін? Сонда мәңгілік есте қалғаны, әкемнің иегінің еттері тесіліп, ар жақтағы тістерінің еттері көрініп жатыр екен. Үстіне дуал құлағанда езіліп кеткен болуы керек.

«Әкең өлсе – асқар тауыңның құлағаны». Ертесіне таң ертеңнен бастап, біздің үйдің алдына қарақұрым ел жиналды. Шарбақ жақта митинг болды. Әбдірәсіл көкем Москвадан әскерден жаңадан келген болатын, маған жалтырақ кішкентай бір қорап шиколад берді. Сосын мені көтеріп тұрып көп халықпен бірге әкемнің денесі жатқан табытпен суретке түстік. Өкінішке орай сол сурет кейін белгісіз жағдайда жоғалып кетті. Азалы музыка ойнап тұрды. Мектеп оқушылары октябряттар, пионерлер сап түзеп түгел бір көшені алып тұр. Менен ересектеу ауыл балалары ойларында ештеңе жоқ ойнап тұрған музыкаға асыр салып билеп шауып жүр. Ал, мен болсам өзім ат қылып ойнайтын шыбықтармен оларды «менің көкем өлген жоқ» деп оларды ұрып-соғып жүрмін. Мен өте жас болсам да жердің басына барып, күрекпен болмаса да, қолмен кішкентай ғана алақаныммен топырақ салдым. Байғали ағам айтады, «табытты үйден шығарғаннан бастап, жерлеп үйге келгенге дейін бір минут та демалмастан тоқтаусыз бақырып жылай бердің, жылай бердің» деп. Біздің үйге қарама-қарсы бір екі үй төмен менің құрдасым Бөрібеков Қуандардың үйі болатын. Әкемді жерлеп келіп, көпшілік бір-бірімен көрісіп, жоқтап жылап жатқанда адамдардың көптігінен менің қолымнан жетектеп Нәзікүл әпкем үйіне алып кетті. Ол кезде Нәзікүл әпкем бойжетіп қалған, ауылда медбике болып жұмыс істейтін. Кейін біздің бөлеміз Сапар көкеме тұрмысқа шығып бізге жеңге болды ғой. Үйге келсек, әпкелеріміз Зиякүл, Толан әпкемнің досы Базаркүл әпке, Бейсен әпке, Ұлдан әпке қайғырып жылап жүр. Қуан досым болса менен жарты жылдай үлкендігі бар, естияр маған қарағанда пысықтау еді. Менің көңілімді аулап асты-үстіме түсіп жүр. Көкемнің жетісі, қырқы өткен соң Орынкүл апам бір күні маған, «Әкең Мойынқұмға жұмыс барысымен мал аралап кеткен» деді. Мен жалма-жан: «Апа шидің ішіне өзіңіз жетектеп көкемнің денесін көрсетіп едіңіз ғой» дедім, иегі езіліп ар жақтағы тістері көрініп жатыр еді ғой» дедім.

«Ой, жүгермек, бәрін біледі екенсің ғой» деп құшағына қысып екеуміз ұзақ жыладық. Енді көкемсіз қалай өмір сүреміз?» дедім, Орынкүл әжем кимешегінің етегімен менің жасымды сүртіп, «демде-ақ ер жетіп кетесіңдер» деп мені бауырына қысты.

Әке, әке, әке қымбат әрине,
Ол қамқоршы – жанұяға, әр үйге.
Көп жыл болды, ол өмірден кеткелі,
Бірақ менде елесі жүр әлі де.

Әкем қайтыс болғаннан кейін әркім-әркім теберік деп оның киімдерін алып кеткен болатын. Біздің үйде әкемнің жалғыз ғана қара плащы ілулі тұратын. Неге екенін қайдам Орынкүл әжем ылғы сол плашты иіскеп қоятын. «Не сиқыры бар екен?» деп мен де бір сол плащтың етегін көтеріп, ішкі астарын аштым, плаштың сырты қара балоновый, іші қара нүктелері бар астары ақ еді. Ілулі тұрған плащты басыма жауып, ішкі астарынан иіскедім, қазір ер жеткенде біліп жүрміз ғой, әлгі плащқа көкемнің (еркектің) исі әбден сіңіп қалған екен. Әжем жарықтық сол плащты иіскеп мауқын басады екен ғой.

«Тірі өледі, жер қойнында жатады,
Із қалады болса жақсы атағы» дегендей, үлкен кісілердің айтуы бойынша әкем өте намысшыл кісі болған екен. Колхоздың бас зоотехнигі болып жүргенде, сол колхозға сырт жақтан келген бас мал дәрігері Исаев Кайым деген кісімен сөзге келіп қалады.Ол кісілер атқа мініп мал аралайды ғой. Васильевкада Боралдайдың ақ бораны бет қаратпай түтеп, ұрып тұрады. Мына жерге ит байласада тұрмайтын жер екен депті ...

Әсемдікке іңкәр еткен гүл мекен,
Парасаты адалдығы үлгі екен.
Ана ардақтап, қыз силаған халқымның,

Дәлеліндей дараланған бұл мекен деп ақын елеңінде жырланатындай өзінің туған жері, құт мекенін қатты құрметтейтін әкеміз қатуланып кетіп: Өй сенің әкеңнің...біздің туған жерімізді жамандама- деп боза ішіп отырған қолындағы кесесімен жаңағы кісіні қойып жіберіпті.

«Сықырлап сары аяздың ескен демін,
Сезбедім, тұра бердім, сескенбедім.

Жаныңа жайлау болар самал түгіл,

Ыстық қой, бораны да өскен жердің» дегендей туған жерді қатты қадірлейтін әкем қаны тамған, туған жері Боралдай өңірі туралы әкемнің өзі алғаш өлеңін жазып, өнің шығарған екен, соңғы кезде оны «Сусамыр»- деп өзертіп, әнін де өзгешелеу етіп айтып жүр ел.

Боралдай малдың жаулауы-ай
Өмірдің бар ма-ой байламы-ай.
Алтын-ай,
Аққан бір судың салқын-ай
Тұрсашы өмір қалпында -ай.
Бойың талың-ей...
Боралдай малдың жаулауы-ай
Өмірдің барма-ой байламы-ай.

Сол Васальевкада кезінде дүкен болған екен. Дүкенші Сандыбаев Әзімбек ел оны «Хрущев» деп атап кеткен. Ол кезде қыс уақтысында колхоз белсенділерінің бәрі де түгелдей арақ ішетін кезі. Құны 2 рубль 40 тиын тұратын «Московская водка» деген арақ болушы еді. Содан колхоз белсенділері қарызға жаздырып қойып арақ-шарап, азық-түлік керекті нәрселерін ала береді екен. Көктемде бір күні табан астынан дүкенге тексеру (ревизия) келіп қалады. Содан менің әкем Әбдәлі шұғыл тез арада бір өгізін сатқызып өзінің құрдасы әрі туысқанын істі болатын жерінен құтқарып қалған екен деп отырады бүгінгі көнекөз қариялар.

Сонымен қатар әкеміз өте бауырмашыл, сөзге шешен, өңгімешіл, өлең айтатын қасиеттері, сегіз қырлы бір сырлы, ақындық өнері бар кісі болған екен. Қазақта «Жақсылардың көңілі алтын сандық»-, деген әдемі сөзі бар. Бірге туған ешкімі жоқ болса да, әсіресе Сәрсебек атамыздан тарайтын қыздардың ішінен Әсемкүл әпкемізді туған әпкесіндей артық сыилайтын. Бірде Васильевкада қыз-келіншектермен айтыс кезінде көкем құрдасы Бесбай Қожабергенов екеуі бозаға қызып қалып, алты ауыз айтыс өлеңнен жеңіліп қалады. Сол кезде Әсемкүл әпкеміз намыстанып: «Әй, жүгермектер әншейінде ауыз-жаппас той дегенде өлең таппас деген» деп ол екеуіне ыстық-ыстық жас сорпадан құйып беріп, жігерлендіріп ақылын айтып қуаттандырып додаға қәзіргі жаттықтырушылардай қайта

қосады. Сол жолы екі дос жеңіске жеткен екен. Көбінесе шопандардың үйінде қонақта болғанда, мына төмендегі өленді көп айтады екен.

Өсірген қойдан қозы шопандарым,
Еті бал, қымызы шекер Боралдайдың.
Жағалай Боралдайым тау болады-ау,
Жарасқан баурайына бау болады-ай
Өсірген қойдан қозы шопандарым,
Еті бал, қымызы шекер Боралдайдың.
Жүгірген қойдан қойға, қоңыр марқа
Еті бал, қымызы шекер қайран марқа-ай.

Ақ боз айғырына мініп алып, ол кісі қой ферма меңгерушісі отар-отарларды аралап, қойшылардың жағдайын біліп, тау ішінде ат үстінде Сәкен Сейфуллиннің «Тау ішінде» өленін нақышына келтіріп тұрып айтады екен.

Ол туралы колхозда 1986-1993 жылдары бас бухгалтердің мал шарушылығы жөніндегі орынбасары болып, отар-отар шопандарды аралағанда қойшылар айтушы еді. Әсіресе ұлты шешен болса да қазақтан артық сөйлейтін Хасиев Әли. Оның баласы Хейс Хасиев 1958 жылғы болса да есінде қалыпты, сенің папаң «Сүмбіл шаш» деп өлең айтатын деуші еді.

Тау ішінде

Мен келем тау ішінде түндетіп,
Аймақты күңірентіп өлендетіп.
Астымда ақ боз атым сылаң қағып,
Жалтақтап құлақтарын елендетіп.
Қайырмасы:
Ақ боз ат менің тұлпарым,
Шалқыған көңіл сұңқарым.
Көкіреп керіп жұттым мен,
Ауаның жазғы жұпарын.
Ә – әй (ахау) сүмбіл шаш,
Тәтті сөзің қара көзің,
Білгейсің келгенімді жалғыз өзің.
Ән салдым есіп майда жаяулатып,
Ырғалтып, шырқап, толғап, баяулатып.
Толқындай мың құбылған әнімді есітім,

Тындарсың кірпік қақпай ояу жатып.

Қайырмасы

Ақ боз ат менің тұлпарым,
Шалқыған көңіл сұңқарым.
Көкірек керіп жұттым мен,
Ауаның жағы жұпарын.
Ә-әй (ахау), сүмбіл шаш,
Тәтті сөзің қара көзің
Білгейсің келгенімді жалғыз өзің.

Әкем Жамбыл колхозында бұрынғы Луначарка ауылында зоотехник болып қызмет істеп жүрген кезі. Әкеміз өмірінде бір рет те қолына айыр ұстап мал жайғарып, тым-болмаса күніге мініп жүрген астындағы айғырына да шөп те салмайды екен. Күніге жұмыстан келгенде:

- Әй, Шырынхан, - деп айқайға басады, анамыз байғұс далаға атып шығып, әкеміздің өзін бірінші қолтықтап аттан түсіреді, одан соң атының тізгінінен ұстап, жетектеп оны байлайды. Ер тоқымның тарпасын босатады, біраз уақыт өткен соң ер-тоқымын алып суғарып, жем-шөбін береді. Күнделікті осы жағдай қайталанады, егер де шешеміз қолы тимей, үйден шықпай қалса, айғайға басып, ол кісі келіп ат тізгінін ұстағанша аттан түспей тұра береді. Әкеміз келетін уақытта, алдынан шықпай қалса, көршілердің үйіне кетіп, болмаса қатындармен өсек айтып отырып қалса, онда сол күні қамшының астына алады екен. Бір күні біздің үйге Орынбасар Мешеловтың анасы Ақшай апамыз және көршіміз Байтұрсын ақсақал келеді. Көрші үй көрінбейтін ақ боран гуілдеп ұрып тұр. Үйге кірсе қақ төрде әкеміз шынтақтап жатыр екен. Байтұрсын атам айтады: «Әй, Әбеке, мұның қалай? Қақ төрде шынтақтап жатырсың, келін байғұс тырбаңдап мал жайғарып жатыр. Далада боран түтеп тұр» дейді.

Сонда Әбекең сол жатқан бойы: «Әй әкеңнің қусирақтың қызы кезінде мені кедейсің әкең жоқ жетімсің» деп еді. «Құдайға шүкір қора малға толды, жайғарсын малды» депті.

Жазылар естеліктер мен туралы,
Біреулер жан еді дер ер тұлғалы.
Біреулер тұлпар еді дер де мүмкін

Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы.

Әкеміз туған ағасы Қасымнан қалған жалғыз тұяқ інісі Әбдірәсіл үшін жиі-жиі қоныс ауыстырып отырған. Кеңбұлақтан Сталин колхозына одан Василькаға содан Луначаркаға, Алексеевкаға қоныс аударып отырған. Әбдіәсіл інісін іздеп бір күні атпен Бурныйға келеді. Кешке таман жетіп, тұратын үйлерін тауып, бауырын көріп әбден мауқын басып сол үйге қона кетеді. Көкем атын жақсылап күрмеп байламай қоршаудың ағашына әшейін іле салады. Түннің бір уақытында аты босанып кетіп, түн қараңғысында пойыз қағып кетеді. Сөйтіп басқа бір көліктермен қайтып келіп колхозға келіп атын төлейді. Бірақ әкем өзінің бұл ісіне өкінбейді, негізгі барған жұмысы інісін көру болатын. Сол жолы барғанда Полина жеңгесіне: «Басқа кісіге тұрмысқа шықтыңыз одан екі бала, бір қыз сүйдіңіз, енді жалғыз бауырымнан қалған жалғыз тұяқ менің бауырымды апасы Орынкүлге, менің қолыма беріңіз» деп сұрап барады.

Бұл дүниеде шіркін анадан артық жан бар ма екен? Володя анасымен бірге тұратынын, аудан орталығында Орджоникидзе мектебінде орысша оқитынын, одан да басқа себептер Алексеевкаға барған сайын орыстар оны «қазақ» деп кекететінін, ол кезде Алексеевкадағы тұрғындардың басым көшілігі орыстар екенін білеміз. Бірақ Володя ағасына: «Барып келіп тұрамын» деп уәде береді. Көкем ауылға көңілі көтеріңкі қайтады. Қайтарда бауырына: «Бабушкаңды, Орынкүл апаңды, мені және өсіп келе жатқан кішкентай бауырларыңды ұмытпа!» дейді.

Әкеден қалған ер-тоқым орнында,
Ерттелген ақ боз ат жетектеп шықты.
Атқа мінгенім емес, сен сияқты
Ат ұстарым барына қуанып тұрмын...

Әкемнің көңіліне күпті болып қайтқан нәрсе, ол бала үшін екі жақтың айтыс-тартыс ырың-жырыңның негізгі себебін, түнде жеңгесінен қалжыңдасып отырып, суыртпақтап біраз дерек біліп қалады. Соғыстан кейінгі жағдай ол кезде әлі де қиын еді. Полина жеңешесі соғыста қайтыс болған офицердің әйелі ретінде Володяға пенсия алады екен ал, егер Әбдәрәсіл көкемдер жаққа біржолата келсе, Орынкүл апамыз заң жүзінде соғыста қайтыс болған

Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы.

Әкеміз туған ағасы Қасымнан қалған жалғыз тұяқ інісі Әбдірәсіл үшін жиі-жиі қоныс ауыстырып отырған. Кеңбұлақтан Сталин колхозына одан Василькаға содан Луначаркаға, Алексеевкаға қоныс аударып отырған. Әбдіәсіл інісін іздеп бір күні атпен Бурныйға келеді. Кешке таман жетіп, тұратын үйлерін тауып, бауырын көріп әбден мауқын басып сол үйге қона кетеді. Көкем атын жақсылап күрмеп байламай қоршаудың ағашына әшейін іле салады. Түннің бір уақытында аты босанып кетіп, түн қараңғысында пойыз қағып кетеді. Сөйтіп басқа бір көліктермен қайтып келіп колхозға келіп атын төлейді. Бірақ әкем өзінің бұл ісіне өкінбейді, негізгі барған жұмысы інісін көру болатын. Сол жолы барғанда Полина жеңгесіне: «Басқа кісіге тұрмысқа шықтыңыз одан екі бала, бір қыз сүйдіңіз, енді жалғыз бауырымнан қалған жалғыз тұяқ менің бауырымды апасы Орынкүлге, менің қолыма беріңіз» деп сұрап барады.

Бұл дүниеде шіркін анадан артық жан бар ма екен? Володя анасымен бірге тұратынын, аудан орталығында Орджоникидзе мектебінде орысша оқитынын, одан да басқа себептер Алексеевкаға барған сайын орыстар оны «қазақ» деп кекететінін, ол кезде Алексеевкадағы тұрғындардың басым көшілігі орыстар екенін білеміз. Бірақ Володя ағасына: «Барып келіп тұрамын» деп уәде береді. Көкем ауылға көңілі көтеріңкі қайтады. Қайтарда бауырына: «Бабушкаңды, Орынкүл апаңды, мені және өсіп келе жатқан кішкентай бауырларыңды ұмытпа!» дейді.

Әкеден қалған ер-тоқым орнында,
Ерттелген ақ боз ат жетектеп шықты.
Атқа мінгенім емес, сен сияқты
Ат ұстарым барына қуанып тұрмын...

Әкемнің көңіліне күпті болып қайтқан нәрсе, ол бала үшін екі жақтың айтыс-тартыс ырың-жырыңның негізгі себебін, түнде жеңгесінен қалжыңдасып отырып, суыртпақтап біраз дерек біліп қалады. Соғыстан кейінгі жағдай ол кезде әлі де қиын еді. Полина жеңешесі соғыста қайтыс болған офицердің әйелі ретінде Володяға пенсия алады екен ал, егер Әбдәрәсіл көкемдер жаққа біржолата келсе, Орынкүл апамыз заң жүзінде соғыста қайтыс болған

командирдің анасы ретінде Әбдірәсіл неменесіне пенсия алатын екен.

Мыңда тоғыз жүз аспыс үшіншы жылы күзде Алексеевкаға Әбдірәсіл ағасы Әбдәліні іздеп келеді. Орынкүл апасы ең тұңғыш үлкен немересін көріп, маңдайынан иіскеп мәз мейрам болып қалады. Жеңгесі Шырынхан қасында ілесіп келген қайнысының үш-төрт жолдастарына шәй қойып, дастархан жайып зыр жүгіріп жүр. Осы кезде түскі үзіліс шәйға жұмыстан көкем келіп қалады. Сондағы ол кісінің қуанышында шек жоқ болатын. Соғыстан ағасы Қасым тіріліп келгендей болады. Құшақтасып бірін-бірі сүйіп қауышып болған соң, інісі мән жайды түсіндіреді. Аға, мен әскерге баратын болдым дейді (үш жылға, ол кезде армия үш жыл, морской флот төрт жыл еді ғой). Қасында Бурныйдан келген досы Поляков Александр және Алексеевкадағы достары Сыдыков Сапар және Юсупов Төленбек бар екен. Көкем ағайындарға өзінің аралас-құралас достарына хабар жіберіп, жылдамдатып қой сойғызып дастархан жасауға тапсырма береді. (Бұл әңгіме анамның айтуы бойынша жазылды).

Әбдірәсіл бір кезде орнынан қимылдап, тыпыршып қайтуға ыңғай білдіреді. «Апа, аға, жеңге мен сіздерге сәлем беруге келдім, енді қайтайын» дейді. Сол кезде әкем баж ете түседі, әй Шырынхан «бол-бол, тез-тез жылдамдат тамағыңды» деп асықтырады. Шіркін, қу жүрек жамандықтың боларын сол кезде-ақ сезді ме, әлде бауырымен ең соңғы рет дастарханда дәмдес болып отырғанын, білді ме әйтеуір бір дегбір таппады. Сыртқа бір шығып, бір кіреді. Арасында келіншегіне бір зекіп қояды бол-бол,-деп. Ол кісі де аузы жылдам өліп кетеміз бе қәйтеміз енді, үлгермей жатырмын бәріне бірдей, екі самаурынға сақылдатып шәй қойып жатыр. Бауырсақ пісіріп дастарханға жайып жатыр. Қайнысы үйдің тамығынан ауыз тиіп қалсын деп лезде қуырдақ әкелді. Біздің анамызға мұндай қонақ күту деген,-тансық емес. Талай-талай бұдан бес-алты есе көп қонақтарды аудан басшыларын талай рет күткен. Қонақтардың алды келе бастады.

Әке деген – асқар тау, негіз қуат,
Ақ сүт берген анашым егіз бұлақ.

Аллаһтан соң ата-анаң разы болса,
Алдыңнан ашылады сегіз жұмақ.

Әкеміз жасы кіші болса да өзінен үлкен кісілермен араласушы еді. Олар Сейдуалы ақсақал, Мағзымбек Қайырбеков, Қалжан апа, кершіміз қарама-қарсы тұратын Егемберді (Егетай) Бөрібеков, Сәрсекүл апамыз, Керімше Ертаев келіншегі Жамалмен бірге Қырмызы және Әсемкүл әпкелеріміз тағы басқа шақырылған қонақтар түгел жиналды. Дастарханға үлкен ас келді. Жолдарына қарап ақсақалдар бас мүжіп, Әбдірәсіл көкеміздің жолына арнап бата берді. Ол кезде міндетті түрде етпен бірге орыстардың ащы суы да қатар жүретін. Небір тілектер айтылып жатыр, жол жөнімен қазақшалап қара сөздің майын тамызып Әбдірсілге ақ жол тілеп жатыр. Жолдас баласы орыс болған соң және Әбдірәсіл (Володя) орысша оқыған соған байланысты кейбір кісілер шамалары келгенше орысша - қазақшаны араластыра тілек айтып жатыр.

Мағзымбек Қайырбеков болса сол кездегі ауылдық Кеңестің төрағасы таза орысша жақсы өнеге сөздер айтты.

- Сенің әкең Қасыммен қатар едік, Ұлы Отан соғысында қол бастаған әскери қолбасшылар қазақ жігітерінен біреңсайаң болатын. Жуалы жерінен шыққан сондай жігіттердің бірі де бірігейі сенің әкең Қасым еді. Білікті де білімді командир болған, талай мәрте өзі басқарған взводпен, ротасымен жаудың қолында қоршауда қалып, талай рет бұзып шыққан. Ең соңғы қорытынды сөз біздің әкеміз Әбдәліге тиді.

Жүрісі де ерекше, өзі де ерек,
Өзгелерге тартпаған сөзі бөлек.
Шарлағандай әлемді күй кешесің,
Қалсаң бір ақтарылар кезіне кеп.

Ол кісі тебірене, толқып қазақша, орысша ұзақ сөйледі. Қорыта келіп былай деді.

- «Атадан алтау едік, өле-өле жетеу болдық» деген, бүкіл қазақ халқының басына түскен нәубет ашаршылық біздің жанұядан тоғызын жалмап кетті, Ұлы Отан соғысында менің туған ағам, сенің әкең Қасым қол бастады. Оған да тоба артында бір тұяқ сен қалдың. Қазақта «Жақсылардың көңілі алтын садық» деген әдемі сөзі бар, мына айтқан

ағаларыңның ақылдарын насиғат сөздерін көңіліңде мәңгі тоқы. Менің арманым сені оқытып-шоқытып, жоғары тым болмаса арнаулы орта білім әперіп, өзім сияқты зоотехниктің білімін алсаң. Сөйтіп қазақтың бір сұлу қызына үйлендірер едім. Бір үй болып отырсаң, әкеңнің әруағы риза болар еді. Содан кейін екеуміз «әкеңнің жатқан жерін, сүйегін тауып туған жердің топырағынан қабірінің басына қойсақ деймін. Мына қолымдағы сағатты саған сыйлаймын» деп қолындағы алтын сағатты шешіп береді. Бұл сағатты шешіп берген себебім мені ұмытпасын дегенім, - дейді. Әттең біздің бұл әкеміздің арманы орындалмай кетті...

Ия, осындай асыл қасиеттердің иесі әкеміз 1966 жылы 40 жасында дүниеден өтті.

Бірде Әз Жәнібек өзінің билеріне мынадай сұрақ қойған екен. «Дүниеде не өлмейді?» Билер бір ауыздан: «Ағын су өлмейді, асқар тау өлмейді, аспанда Ай мен Күн өлмейді, қара жер өлмейді» деп жауап беріпті. Сонда Жиренше шешен тұрып: «Ағын судың өлгені – алты ай қыста қатқаны, асқар таудың өлгені – басын бұлттың шалғаны, ай мен күннің өлгені – еңкейіп барып батқаны, қара жердің өлгені – қар астында жатқаны, дүниеде не өлмейді. Жақсының аты өлмейді. Ғалымның хаты өлмейді» деп жауап берген екен. Міне, аты өлмейтін жақсылардың бірі де бірегейі. «Өлмей өмір сүргің келсе, артыңа жақсы іс, дана сөз қалдыр» деген даналар сөзі де осындай елі үшін туған ер-азаматқа лайық сөз екені даусыз. Өзінің бүкіл саналы өмірін қоғамға, туған жеріне, туған еліне қызмет етуге жұмсаған артына қалдырған жақсы істерінен, қазіргі жастар үлгі алып, Боралдай және Қошқарата өңірінің әр тасында, әр қырқасын да оның өлшеусіз еңбегінің ізі жатыр.

Қазақта «Әке – асқар тау, ана – мөлдір бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деген әдемі сөз бар. Атамыз қазақ – тұтас бір отбасы мүшелерінің рөлін осы бір ұлағатты сөзбен анықтап берген. Ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан осы бір асыл сөз мәнін жоғалтқан емес, жоғалмайды да. Асқар тауға теңейтін қайран әкелер арамызда аман-сау жүре берсе ғой дейсің. Қайдан, адамның емес, Алланың айтқаны болады.

Әрине, әкенің орны ерекше білініп тұрады ғой, мектеп қабырғасында оқып жүрген кезімізде, әкесі жоқ жетім балаларға жәрдем ретінде киім- кешек, аяқ киім, бас киім үлестіретін..

- Оны класқа келіп, оқушылардың көзінше фамилияңды атап таратып беруші еді. Жылда-жылда солай қайталанатын. Жоғарғы класстарда оқып жүрген кездерде солай болатын. Талай рет сол киімдерді алып, алмасқа тағы да болмайды, қу жітіспеушілік үйге дейін жылап келуші едім...

Кейін 1983 жылы Луначарка ауылдық кеңесі атқару комитетінің аға есепшісі болған кезімде Жамбыл және М.Ғабдуллин сегіз жылдық мектептеріне «Фонд всеобуча» деген қордан әкесі жоқ жетім балаларға қаржы бөлетінбіз. Мектеп директорлары Нұрғали Райымбеков және Мыңзат Құрмашев ағайларға алған киімдерді мектепте оқушылардың алдында емес, үйлеріне апарып берейік- деген ұсыныс жасадым. Нұрғали ағай өле –өлгенше менің осы идеяларымды мақтап өтті. Басқа орта мектептерге басшы болып ауысқанда да солай жасады.

«Ата-бабаң өлмесе қайда кетті?» деп отырушы еді бұрынғылар. Үлкендер кетеді, олардың орнына өмір есігін ашып жатқан нәрестелер келеді. Мұны ұрпақ алмасуы дейміз.

«Қызмет бабымен талай жерде болдым. Сонда әкемнің есімі алдымнан шығады, «Әкенің жақсы есімі ұл мен қызға қырық жыл азық» деген осы шығар. Көзкөргендер ол кісінің жақсы қасиеттерін, азаматтығын, жомарттығын жыр ғып айтып отырады. Кім-кім де болса, сондай ардақты әке есімін ұлықтары анық қой». Әкем жайлы естеліктерімді қазақтың біртуар мұзбалақ ақыны Мұқағалидың өлеңінен еске түсіремін.

Әке, сенің жасыңнан асып барам.
Кезі-кезі келгенде тасып та алам,
Кезі-кезі келгенде жасып қалам,
Мына өмірге бәрібір,ғашық балаң.

Құралақан емеспін қуаныштан,
Қуаныштар алдымда құрақ ұшқан.

Бір арыстан өмірден өткенімен,
Өмір сүріп келеді тірі арыстан.

Өкінбе әке, отың бар сөнбейтұғын,
Ол мәңгілік жанады көрмей тыным.

Ұрпағың бар ел менен ер намысын,
Тірі тұрса, қолыман бермейтұғын.

Әкеге деген перзенттік парызымнан туған «Әкені сағыну» атты өлеңімді оқырман назарына ұсынуды жөн көрдім;

Жарты ғасыр өтіпті сіз кеткелі,
Керуен күндер сырғиды тізбектері.
Әке өткен жолына қызығумен,
Өтіп жатыр бұл өмір Сіз кеткелі.

Сағыныш-мұң жүректерді жаныштап,
Елес болып кеттіңіз сіз алыстап.
Әміріне бір Алланың амал жоқ,
Дұға оқимын рухыңызға бағыштап.

Асқар тауым құлады, құлазыдым,
Көл болды көз жасымыз мына біздің.
Кеттіңіз бізді тастап анамызға,
Төрінде болыңыз «о дүние» жұмағының.

Менің кім екенімді білетін кімде-кім болса, онда менің бар болмысыммен әкеме тартқандығымды таныр деп білемін. Өйткені мына мен бұл жалғанда тек қана әкем Әбдәліге ұқсағым келеді.

Осы бір «Әке» деген сөзді естігенде өзіме қанат біткендей сезімде болатыным жасырын емес. Неге дейсіз ғой? Өйткені кеудемде асқау таудай әкеге деген сағыныш бар. Баланы нұрға бөлейтін, мейірімді тірек болар, жол көрсетер жан ол – әке деп білемін. Оның мейіріммен басыңнан сипап күле қарағаны жаныңа жаз самалындай әсер етеді. Кейде мына өмірдің қиыншылығынан қорғап, демеп жіберетін асқар тауың қасында болса жақсы ғой дейсің ...

Әкеміз 1966 жылы 40 жасында өмірден ерте кетті. Сол кездері ғой, әлдекім неден қайтыс болды деп сұраса, «Дуал құлап...» дейтінбіз. Бірақ шындығында солай. Ол кеңес өкіметінің солақай саясатының құрбаны болды десе де болады.

Колхоз басқармасынан тапсырма алған партия мүшесі кеңсенің алдында тұрған ақбоз атын міне салып Васильевкаға шауып кетеді.

Көзкөргендердің айтуына қарағанда, әкемнің қолында бір бума құжаттар болған екен. Мамандығы зоотехник құрылыс жұмыстарында несі бар екен?

Ұйымдастыру кабілеті өте жоғары, білгір маман, іскер ұйымдастырушы Әбекең, жігіттер ұжымшар басқармасының шешімі бойынша қолдан ұрықтандыратын ескі ғимаратты бұзып, орнына қайтадан жаңасын салу. Әбеке, Әбеке, ғимаратқа жақындамаңыз, дуалы құлайын деп тұр, - деп шулайды колхозшылар.

Кенет, кенет ажал айдап, көз алдында дуал құлап кетеді. 18 қараша күні әкем осылайша оқыстан өмірден өтті.

Міне, әкеге деген сағынышым мен бала кезден бергі жауабы жоқ көп сұрақ менің көкейімде әлі күнге дейін сақталып келеді. Әрбір әке – ұрпағының панасы, үйдің отағасы, әрі тәрбиешісі.

Тағдырдың кеуде тосып жартасына,
Біз үшін түскен еңбек ортасына.
Алаңсыз сауық құрып, шалқып жүрміз,
Біз бүгін әкелердің арқасында.

«Әке – асқар тау, Ана – алтын діңгек». Тірі жүрген кісілердің дүниеден озған адамдардың алдында атқаратын көптеген парыздары бар ғой. Тірілердің қарызы – әруақтардың парызы... Ол жұртқа белгілі: құран оқыту, ақсақалдардың батасын алу, садақа беру, басқа да еске алу шараларын жүзеге асыру. Бұлардың бәрін бұрынғы өткен ата – бабаларымызға, әке – әжелерімізге арнап хәл – қадірінше атқарып та жүрміз. Десек те оларды ертеден білетін, аралас - құралас болған, туыстық байланысын үзбеген, кісілік қасиеттерін еске сақтаған, әр жерге шашырап жүрген ағайын –туыстың басын қосып, кең

көлемде бір еске алу шарасын өткізсек деп ойлаушы едік. Соның бір реті келген сияқты...

Әкеміз Әбдәлі арғы аталардан жалғыз болғаннан соң ба, алысты да жақынды да бауырына тартып, туысқан өткен. Он сегіз жасында қамбаның кілтін ұстап, елге жақсылық жасаған. Кейін қой ферма, зоотехник болған кездерінде әкеміздің арқасында жұрттардың қалай шапағатын көргенін көзі тірілер әлі күнге дейін жыр қылып айтады...

Жан едіңіз өнегеңіз мол батпан,
Үйімізге береке-шуақ орнатқан.
Асыл әке, бір Алладан сұраймыз,
Мекеніңді бұйыртсын деп жәннаттан

Біздің әкеміз Әбдәлі жаспен де, кәрімен де жақсы қарым қатынаста болған, солардың бірі де, әрі бірігейі марқұм Елгелді Оразалиев те әкем сияқты дүниеден ерте 43 жасында озды. Елекең сегіз қырлы бір сырлы жігіт ағасы еді. Талғар ауыл шарушалық техникумында оқып механик-техник мамандығын алған. Сонымен қатар, өнер мен спортқа жаны құмар, жаны жайсаң жан еді...

Негізгі жұмысынан бөлек, кешке қарай мектеп спорт залында ауыл жастарына, оқушыларға еркін күрестен дәріс беретін. Ол кісінің қарамағына жаттығуға бармаған бала кемде-кем шығар. Ал менің футболға икемім болды.

Елгелді ағаймен 1983 жылғы 13 майда қызметке тұрған күннен бастап, жақсы араластым. Зав клуб болмаса да, колхоздың жұмысынан қолы сәл қалт етсе ауыл клубынан табылатын. Менің әкем туралы көп әңгіме айтатын. Ол кісінің көрегендігі сол кездер-ақ Қасым атам туралы айтатын. Әрине Қасым Ералиевті көзі көрген абыз ақсақалдардан естіген болар. Ол кісі Сейдуалы атамның үйінде жүретін. Сейдуалы Сейітбекұлы тұнып тұрған тарих, шежіре, таза мұрағат еді, жарықтық әулие кісі еді ғой. Елекең 1986 жылы менің үйлену тойымда тамада болды. Ол кезде той шарбақта, жоңырышқаның үстіне 4-5 қатар үстел жасалатын, столдардың тақтайларын, қазан-ошақ, ыдыс-аяқтарды әр үйден жинайсың. Есік алдына міндетті түрде 2-3 киіз үй тігіледі. Қазіргідей дайын мейрамханадағы күніге болатын той емес. Тек қана сенбі күні болатын, оны

да 1-2 ай бұрын ауылбасшыларынан (колхоз төрағасы, партия ұйымының хатшысы, ауылдық Кеңестің төрағасы, кәсіподақ ұйымының төрағасы) рұқсат беретін. Не деген тәртіп десеңізші, себебі ол кезде тойлар тек қана жаз айларында, науқан кездерінде болатын. Қазіргі замандағыдай жылдың кез келген мезгілінде бола бермейтін. Елекең тойды өте жақсы басқаратын. 300-400 адамды тырп еткізбей, бәрін аузына қарататын. Одан кейін ол кісі әр столдарға «Сұңқар», Қайрат», Жалын», «Жұлдыз», «Қайсар», тағы басқа да небір әдемі аттар қойып, стол-столдарды жарыстыратын ел шулап кетпес үшін, өлеңдер, ойындар ұйымдастырып, басқа жақтан келген небір қонақтар қандай тамаша тамада,- деп тәнті болып кеткенін талай рет көргенбіз. Столдарды айналдыра кең қылып, билейтін жер, тамада тұратын орынмен қоса кілем алашалармен қоршаймыз, жетпеген кілемдерді көрші қолаң ағайындардан аламыз. Күн бұлттанып жаңбыр жауатын болса, оның төбесін палаткалармен жабамыз. Оның барлығы үлкен жұмыс. Ол кезде қандай береке бірлік бар еді...

1987 жылы май айының соңына таман, қой қырқу науқанына, Елгелді көкем начальник агрегат, мен весовщик болдым. Кантордан шыққаннан «ГАЗ-53» автомашинасының кабинасына отырмай, кузовка шығып, менің жаныма келіп жайғасты. Мен болсам, көке ішке отырыңыз,- деп сыилап жатырмын. Жоқ сыртқа сенің қасыңа отырам, таза ауаға. Ол кісі өте қарапайым адам еді. Әңгіме дүкен құрып келе жатырмыз. Нұрғали туған жердің ауасына, топырағына ештеңе жетпейді. Баяғы бір аласапыран жаугершілік заманда жаудың қолына түсіп, жат жұртта тұтқында қалып қойған батырын елге қайтаруды хош көрген қариялар оған адам аттандырып, «Шерухан батырды оңаша шығарып, мынаны ұстат» деп бір уыс жусан жіберген екен. Туған жерінің жусанын қолына алып, оны иіскеп тұрып шерменде батыр еңіреп жылаған дейді. Бір уыс жусан. Туған жеріміздің қасиеті. Онда ата-бабаларымыздың ұрпағым үшін деп төккен тері, аналарымыздың ақ сүті, олардың асыл арманы мен аманаты бар.

Мені райкомның бірінші хатшысы Сағынхан Әміреқұлов «Большевик» колхозының партия ұйымының хатшылығына шақырды. Мен қарапайым механик болсам да, туған ауылымда қалатынымды айттым деді. Кісі елінде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол деген осы. Қазір ойлап қоям егерде сол жылдары «Большевик» колхозына ауысқанда өлмейтін бе еді деп... Тағдыры ғой, пешенесі. Барлығы да бір Алланың, Құдайдың қолында. Теріске стрижкадағы базға жеткенше, өлең айтып барды. Арасында сенің әкең Әбекең бұлай айтушы еді деп, өлеңдерін айтып қояды, мен мәзбін. Елекеңнің сол бір шырқата, нақышына келтіріп айтқан өндері әлі күнге дейін, менің құлағыма жаңғырықтай болып естіп тұрғандай, жүрегімде мәңгілік сақталыпты. Былай айтушы еді, замандас жолыққанда құшақ жайып амандас, кекілді суда жүзген сұңқар үйрек секілді...

Не деген дауыс десеңізші, құдай бере салған. Өлеріне көріндіме, жұмыс орнына жеткенше бір- бір жарым сағаттай ән шырқап барды қайран көкем..

Науқан сол күн-ақ қызу басталып кетті. Елекең кешке қарай ауылға кетті, ертең азаннан ертерек қосымша бөлшектер алып келемін деп. Біздер қырқыншылар, жұмысшылар қона жатып жұмыс істейміз.

Кенет, кенеттен жаман хабар жетті сағат ондар шамасында не дейсің Елгелді Оразалиев қайтыс болыпты деген суық хабар кетті...

25 -тегі жап-жас жігітпін, есеңгіреп кеттім.

«Құлан айғыр құлағанда, құлағында құрбақа ойнайды» дегендей сүйегі шықпай жатып, жұмысшылар орнына кім болады деп жатыр.

«Бақаның бағынан сұңқардың соры артық», асыл ағамның орнын жоқтатпайын» деп, старший весовщик едім, команданы өзім бердім. Қасымдағы көмекшім марқұм Сауат Молдабаев досымды Елекеңді ақтық сапарға шығарып салуға жұмсадым. Осылайша жақсы көретін ағатайым Елгелдіге топырақ сала алмадым. Кешке қарай колхоз төрағасы Сәбит Кадиров пен парторг Қуаныш Ойшиев келді. Науқан бір сәт тоқтамай, қызып жатыр. Үшінші отар Елеев Әділбектіке бітуге жақындап қалдық. Төраға риза болып, партия ұйымының хатшысына бұрылып, «мына

Ералиевті партия қатарына қабылдау керек» деді. Сөйтіп сол жылы күзде кандидат, келесі жылы КПСС мүшелігіне еттім. Осылайша бас бухгалтер болуыма жол ашылды.

«Адам өлмейді, естен шығарған күні өледі» дейді. Қайран Елгелдідей ағамыз өмірден өткеніне 33 өтсе де, мәңгілік жүрегімде сақталып келеді.

Бұрынғы Кеңес, қазіргі Ертай ауылында бұрынғы Қарабастау деген ұзын көше қазіргі таңда «Оразалиев Елгелді көшесі» деп аталады. «Орнында бар оңалар» деген осы. Елекеңнің атындағы көше жылдан жылға өсіп көркейіп келеді, көшенің екінші бетіне «Халық қаһарманы» генерал лейтенант Бақытжан Ертаев мешіт салды. Одан кейін ардагерлерге арналған саябақ орналасқан. Жанына жаңа орта мектеп, медпункт салынды. Жаңадан үйлер салынып жатыр.

«Адам мың жасамайды, ұрпағымен мың жасайды» дейді. Елекеңнің ұрпақтары өніп-өсіп жатыр. Тұла бойы тұңғышы Нұргелді, әкесі қайтыс болғанда тұлымшағы желбіреген, он жастағы Нұргүл әкесінен аумаған құйып қойғандай әттең қыз болып туылған-ай, мектепте оқып жүргенде индияның билерін билейтін, болашағынан үлкен үміт күтіп, бүткіл ауыл ол қызды өнер адамы болады деп ойлайтын...Биге киетін көйлектерін бесаспап анасы Тәттікүл қолмен тігіп беруші еді. Одан кейінгі қыздары Бибігүл және Роза бір-бір әулеттің келіндері, одан кейінгі ұлы Нариман. Ал қара шаңырақтың иесін өзі қойған, мен Елгелдімін сен атың Ырыскелді болады деген баласы Елгедінің әулетіне ырыс әкеліп, Тәттікүл жеңгемізбен бір сол бір Елекеңнен қалған қара шаңырақтың түтінін түтетіп отыр.

Балаларының алды мектепке барып қалған, ең кішкентайы 2-3 жас шамасындағы үш балалы жас отбасымен бірге ауданнан қалаға дейін сапарлас болдық. Көлік қозғалған сәттен балалар әкесінің алдына отыруға таласып, ең кішкентайы «жеңіске жетіп», әкесінің тізесіне қонжиды. Ал қалған екеуі анасына қыңқылдады, әкелерінің алдында отырған кішкентайға тиісіп түрткілей бастады. Анасы екеуін көндіре алмай біраз әуреге түсті. Ойындағылары орындалмаған ересек екеуі аналарының сөмкесін ақтара бастады. Бірі телефонын, бірі әмиянын

алды. Қалаға жақындар тұста кішкентайы сыртқа шығамын деп қиғылық сала бастады. Жетіп қалдық шыдай тұр дегенге көнер емес. Жүргізуші де жолдың шетіне тоқтай қалды. Кішкентайды есікке жақын отырған анасы алып шығуға икемдеп еді. Бала шар ете қалып, әкесіне жармасты. Амал жоқ, үш-төрт жолаушы көліктен түсіп, әке мен балаға жол беруге тура келді. Қалаға жақындай бергенде жүректері айныған балалар әкелеріне қарай жармасып, үсті-басын малмаңдай етті. «Бере сал, әкеле сал» деп баланың алдында әкесін зыр жүгіртудің соңы бала есейгенде бармақ тістетіп, жүрекке салмақ салатынын күнделікті өмірде өзіміз елемейміз-ау.

Әрине, бұл айтып отырғанымызға әркімнің пікірі бар. «Несі бар екен, баланың қиқарлығын тек анасы ғана көтеруі керек пе, әкесі ғой, ол да қарасын» немесе «Онда тұрған не бар, бала әкенің қамқорлығын сезінуі керек қой» деген пікірлер айтылып, кейбіреулердің кейістік танытуы бек мүмкін.

Бірде алты жасар бала «су ішем, мама, су ішем» деп анасына қарай жүгіре жөнелді. Арғы бөлмеден бала емізіп отырған әйел кітап оқып отырған күйеуіне: «Анаған су құйып бере салшы!» деді. Ол естімеген кісідей кітап оқып отыра берді. Бір кезде емшектегі баланы сілке тастаған әйелі жұлқынсын. «Кішкентай ғана нәрсе ғой, тұяғың қимылдаса өліп кетесің бе?» деп шапшықты кеп. Үндемеді. Күн күркіреп, найзағай жарқылдап, жаңбыр сіркіреп басылған соң, ештеңе болмағандай «келші» деді. «Мен де мұны кішкентай нәрсе деп ойлайтынмын. Жоқ, бұл әсте кішкентай нәрсе емес екен, отыр сөйлесейік» деді», деп бастайды әңгімесін. Кішкентай деп елемеген осындай «бере сал», «әкеле сал» бала алдында жұмсау немесе баланың көзінше әкенің кемшілігін тізбектеп, «сен ондайсың, сен мұндайсың» дегеннің соңы әкені баланың алдында «құл» етумен тынады. Оның соңы күш-қайраты кеміп, қарттыққа жеткенде ата-анаға ауыр салмақ қана емес, жанына егеу болатынын айтыпты. Отбасында ұл-қызына әкенің құрметтетіп, балаға зор етіп көрсету әйелдің міндеті деп қана қоймай, бүгінгі заманда әкеге деген құрметтің кеміп бара жатқанына алаңдайды.

Расында, қазіргі отбасында әкелердің орны, қадір-қасиеті қандай?

«Әкеміздің төбесі көрінгеннен үйде тыныштық орнайтын. Шешеміз «тұрыңдар, әкелерің келе жатыр» десе, біріміз қолына су алып, біріміз төрге көрпешесі мен жастығын ала жүгіретінбіз. Дастархан басына әкеміздің бұрын отырмайтынбыз» дейтін ағалар мен апалар бүгінгі әкелердің бала алдында дәрменсіз екенін жиі сөз етеді. Оған «кінәлі» түрлі себеп-салдарды тізбектей жөнеліп, бірі үйдегі «көк сандықтағы» шетелдік ұшы-қиыры, мән-мағынасы жоқ сериалдарды, енді бірі үйдегі биліктің әйелдің қолында, мектепке барса, ер мұғалімдердің аздығы, есесіне, нәзікжандылардың үлес салмағының басымдығы да отбасында әкеге, жалпы ер-азаматтарға деген құрметтің кемуіне әсер етеді дейді. Мейлі себеп-салдар, кері әсер ететін факторлар көп бола қойсын. Бірақ шаңырақта әкенің орнын зорайтып, отбасы үшін әкенің орны төр екенін ұлқызға ұғындырып, бойына сіңіретін әйел, яғни балаларының анасы екеніне ешкім дауласа қоймас.

АНА ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

2019 жылдың қазан айының 4 жұлдызында анам Шырынхан 87 жасқа қараған шағында бұл дүниеден озды.

Менің анам да өзге аналардай қиын өмір көріп, қиналдым демей, немере, шөбере сүйіп, суығына тоңып, ыстығына ысылған аяулы жан еді. Нағашы апам Ибәкүлдің айтуы бойынша, ол шыр етіп дүние есігін отызыншы жылдардың басындағы ұлы зұлмат – ашаршылықта 1933 жылдың жазында ашыпты. Төлқұжат бойынша 1932 жылдың 1-шы қаңтары. 1980 жылдары халық санағы болған кезде комиссия мүшесі болған, марқұм Толан әпкем (Толысжан) осылай жаздырып жіберіпті. Ол кісі бұрынғы (Лермонтов) қазіргі Сүгірбай Бәйтіков атындағы орта мектептепте бастауыш сыныбының мұғалимасы еді. Бір күн болса да, пенсияға ертерек шыға берсін, -деп ойлаған ғой қайран әпкем...

Қым-қуыт өмір мен шырғалаңы көп белестерден өткен ана неше түрлі «тар жол тайғақ кешулерден» өтті. 1938 жылы 10-шы шілдеде туған ағасы Сүлейменқұлды есік алдына дейін келіп, алып кеткен қара машина есінде мәңгілік қалаған. Әкесінің көңіліне қаяу түсірмеуге тырысқан ол ерте есейіп, бойжетті. Жастайынан ана атанып, 1951 жылы өмірге қыз бала әкелді. Өмір өз ағысымен сырғып өтіп жатты. Кенеттен 1966 жылы нәбәрі отыз тоғыз жыл өмір сүрген аяулы жары дүниеден өтті. Міне, осы сәттен бастап дүние шыр айналғандай күй кешкен асыл ана, колхоздың беліне ержігіт көтере алмайтын ауыр жүгін көтеріп, төрт ұл, үш қызын тәрбиеледі. Арша етін арша, борбай етін борша ете жүріп, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай мәпелеп өсірді. Ұл-қыздары ер жетіп, мектепті аяқтап, жоғары оқу орындарына түсті. Сол жылдардың бар тауқыметін көріп, балаларына қиыншылығын сездірмей өткен ана шөбере сүйді, аяулы менің асыл анам! Анамның өмір өткелдеріне тоқтала келіп, қиыншылыққа төзе білген ер мінезді аналардың сарқыты екеніне көз жеткіздім. Асыл анам 88 жасқа жетіп, немере- шөбересінің ортасында бақытты ғұмыр өмір кешті. Сондай асыл анамыз болған біз – бақытты ұрпақпыз.

Баз біреулер: «жасы келген кісінің өлімі той ғой деп» жатыр. Ал біз үшін ол той емес, үлкен қайғы қасірет, себебі біз осы бір жапырақ кемпірдің арқасында адам болдық, бір-бір тұлға болып қалыптастық. Ана орнын ешкім, ешқашан толтыра, алмастыра алмайтынын сол сәтте терең ұқтым. Біз үшін не көрмеді, ол қолын кесеу, шашын сыпыртқы етіп жүріп, бізді оқытты, адам етті әкесі барлардан кем қылмады осы халге жеткізді.

«Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған Ана тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, бар тарихымызды ұмыту» деген сөз.

Анамды еске ала отырып, өзіміздің төзімсіз кездерімізді көргенде осы күнімізге «тәубе» деуіміз керек деп ойлаймын. Анам маған әсіресе жас кезімізде әрдайым «сендер жассыңдар, Алладан шын тілесеңдер тілеулеріңді береді» деп айтатын. Мен сол Алладан әрдайым тілегенім асыл анамның амандығы, қанша қиыншылық көрсе де, немере,

шөбере бағып, өмірінің барлығын ұрпақ тәрбиесіне арнаған аяулы анам, Сіз ортамызда жүргенде біз де бақытты болдық. Мейірімсіздің жүрегін жібітіп, тілін таба білетін адам ол – ана!

«Жұмақ ананың табанының астында» деп бекер айтылмаған-ау, сірә. Сол жұмақтың есігін ашам десең ешқашан анаңды ренжітпе! Қазақтың «Анаңды Меккеге 3 рет арқалап апарсаң да, ақ сүтін ақтай алмайсың» -деген сөзі бар емес пе? Сондықтан анамызды ардақтап, сыйлап, көңіліне кірбің түсірмейік. Сол ақ сүтті ақтай алмайтын халге түспейік!

Анашым, мен саған мәңгілік борыштармын. Көңіліңізге қаяу түсірсем кешірім өтінемін.

Жұдырықтай жүрегіне жылылық пен ұлылық ұялаған әйел – өмірдің мәні, сәні. Олай дейтініміз, әйел – отбасының ұйытқысы, ең бастысы, «Ана» деген киелі ұғымның иегері, сұлулықтың символы. Әйел мен ер – отбасының қос қанаты. Қазақтың дәстүрлі тіршілігінде «түздегі тірлікті ер адам жөндесе, әйел адам үй шаруасының ұйытқысы» дейді. Үйде жылылық болса, түзде тыныштық орнайды. Өмірге әйел болып келгеннен кейін отбасын құрып, аяулы ана атану міндет. Қыз – келіншек, әйел – ана, әже – кейуана тағылымы өшпес із. Бұл әйел қауымының зор құрметі.

«Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды» деген өлең жолындағы сөз рас шығар. Әлі де қатардан қалмай қоғамдық өмірге араласып жүргеніміз анамыздың арқасы ғой. Кей-кейде оңаша қалған сәттерімде әкем көрмеген жақсылықты анашым көрді, арамызда аман – сау жүріп 87 жыл ғымыр кешті.

Ақиқатты айқындап жариялар,
Бара жатыр азайып қариялар.
Дауыл тұрса бүлк етіп толқымайтын,
Бара жатыр сарқылып дариялар.

Өмірде Ана деген сөз – ұлы ұғым ғой. Біз анамыздың аялы алақанының ыстық табын, күршіксіз көңілін, таза пейілін, періште перзенттеріне деген ерекше жүрек сезімін көріп өстік. Ол кісі ұлдарын ұлан етіп, қыздарын ибалы етіп тәрбиеледі. Отбасының құндылықтарын бойымызға сіңіріп,

әулеттің дәстүрін бұзбауға үйретті және жанымызға үлкенге құрметтің, кішіге ізеттің құнарлы дәнін септі. Сондықтан да, біз өзімізге ардақты әкеміз бен мейірімі мол анамызды үлгі етіп өсуге барымызды салдық. Жаман деген атымызды шығармай, теріс қылығымызды көрсетпеуге тырыстық. Қайта білімнің тұңғиғына ұмтылдық, алған мамандығымызға адалдық танытып, тұрақты қызметімізге табан тіредік. Өйткені, біздің дана халқымызда: «Айтушы ақылды болса, тыңдаушы дана болады» деген аталы сөз бар.

Біздің әулеттен тараған барлық ұрпақ, ақыл мен асылды тыңдап өсті. Әкеміз Әбдәлі мен анамыз Шырынханның кемел ақылдарынан алыс кетпей, асыл қасиеттеріне жақын өстік. Ең бастысы, біз бақытымызды отбасымыздағы бірлік пен түсіністіктен және адал еңбектен табуға ұмтылдық. Өйткені, біздің барлығымыз да жастайымыздан бір-бірімізге көмекші, анаға қолғанат, ағаға жәрдемші болып өстік.

Ықылым заманнан адамзат баласына жоғалмай жеткен «Өмірдегі ең үлкен жұбаныш – ол имандылық пен ізгіліктен тұрады» деген сахараның салқын суындай маңызы зор осы даналықтың мейірімінен нәр алып, рухтандық, қадірін қастерлеп, тағылымын ұстандық.

Әкем мен анамды еске алып, рухына тағзым етіп жатырмын, бұл – менің перзенттік парызым.

Бір қазыналы қария, ақылман абыз ақсақал: «адамзатты есейтетін – тоқтаусыз жылжыған уақыт» деген екен. Міне, сол ешкімге дес бермей, көзге көрінбей, қолға ұстатпай, артына бұрылмай, тоқтаусыз алға қарай ұмтылған уақыт, сусып жылжыған сұғанақ өмір ардақты әкеміз Әбдәлі Ералыұлының ортамыздан алып кеткеніне аттай 53 жыл толып отыр.

Асыл әкеміз өмірден өткелі бері барша әулетіміздің төріне шығып, жақынның татулығын текеметтің түріндей әріден өріп, балаларының бірлігін тереңнен ойлаған, барына ақ батасын беруден жаңылмаған анамыз ауылымызға медеу болып, ұлтымыздың мақтанышына айналған алып аналардың, дана аналардың, дара аналардың сарқытындай болған, жіңішке жолдың жібек жібін үзбеген жарасымды жалғасы болды.

1975 жылы жаңбыр жаумай, қуаңшылық болды, шөп шықпай қалды, әкеміз қайтыс болғаннан кейін Мырзақұлов Ділдә управляющий болып тұрған кезінде берген, көлдің батыс жағындағы қиядағы үлестен бес-ақ есек арба шөп алдық. Жылда 5-6 машина шөп алатынбыз. Сол жылы Байғали Алматыға оқуға кетті. Әбуғали ағай АЗВИ-де оқитын. Жазғы каникулында Торғайға комбайн айдауға кететін. Сол жылы шешеміз екеуміз тау кезіп, қона жатып, бұйра сасыр жинадық. Қиямет қайым, жол алыс, есек арба жүрмейді, әйтеуір елден қалмай 3 машина сасыр жинадық. Оның бәрін есекпен таудан түсіріп, одан бері есек арбамен тасимын, бұның бәрі айтқанға оңай... Әкем жатқан бейіттің жанынан өткен кезде ылғи, есектің үстінде мен, арбада отырған шешеме бұрылып қараймын, ол жылап отырады, менде теріс қарап білдірмей жылаймын. Бұл көрініс құдайдың құтты күні қайталанатын.

Жылдағыдан шөп қоры аз жиналғандықтан, екінші жағынан Байғалиды оқуға түсіру үшін біраз малдарды арзан бағаға сатып жібердік.

Келесі 1976 жылы шөп бітік шықты. Ат трагянканы Бейсеков Өскен айдайды. Алдынан көкелеп жүгіріп шығамын, шөбімді орып беріңізші -деп, жалынамын ол мені баласынып құлағына қыстырмайды да. Үш атты сабалап Васильевка қарай басады.

Ал, «Беларусь» тракторлар шөпті кезекпен орады, көл жақтан бастап келеді де, тура бізге кезек келген кезде, бізді тастап бірінші сайға түсіп кетеді. Шешем екеуміз жылап еңіреп, жалынамыз, Бут Петроның жаман ескі «ЮМЗ» тракторы бар еді, ол анама ауыр сөздер айтты...

Шешем қатты қарғады, түс қайта бие сауған сайдан су алуға барсам, Буттың тракторы аударылып жатыр екен, апамнан сүйінші сұрадым. Ертерек ержетіп анамды шөп ору азабынан тезірек құтқарсам екен дедім..

«Мәңгі жарық күн сыйлаған маған,
Бір адам бар, ол өзіңсің анам.
Мейірімге бір өзіңнен қанам,
Жылуды да жүрегіңнен алам» деп жүріп анама сүйеу болуды армандадым.

Сол жылы шөпті кеш орып, құрап кеткен кезінде 5-6 машина шөпті әйтеуір итшілеп жүріп, есек арбамен әлі есімде ең соңғысын 1 сентябрь күні тасып бітірдім. Екінші қыркүйек күні 8 класқа сабаққа бардым.

Кейін 1988 жылы колхозда бас бухгалтердің мал шаруашылығы жөніндегі бірінші орынбасары кезім. Жүн қырқу науқанына таразышы (весовщик) болып бардым. Баяғы Бут Петро жүнге қарауыл, баяғы істегенін алдына келтірдім, тептілеп жұмсадым, ойыма келгенді істедім. Науқан біткен күні 12 жылдан кейін үйге келтіріп, анамнан кешірім сұратқыздым.

Анамды шөп ору азабынан 1983 жылы КСРО Қарулы Күштерінің қатарынан босаған соң құтқардым. 1983 жылғы 13 мамырда марқұм Сарыбек көкем жұмысқа алды. Кабинетіне шақырып алып, ұзақ әңгімелестік. Осы ауылдық Кеңестің бухгалтерлік орны бос тұр. Сен істе осы жұмысты деді. Мен шошып кеттім, бухгалтерлік мамандығым жоқ екенін айтып. «Сырттай оқисың, мектепте жақсы білім алғансың, Әбекеңнің үшінші баласысың мен саған сенемін» деп нық айтты. Осылайша Сәкең маған бұл үлкен өмірге жолдама силады....

«Әкең өлсе де, көзін көрген өлмесін» деген осы болар. Мен әскерден 1983 жылы 22 сәуірде В.И.Ленинніңтуған күні бүкілодақтық сенбілік күні келдім. Жұрттың бәрі жыбырлап сенбілік жасап жатыр. Автобустан түсіп, почтада байланыс бөлімінде жұмыс істейтін Зибрева Раяға: «Анамнан барып сүйінші сұраңыз»- дедім. Ол алдыма түсіп жүгіріп кетті. Жол жөнекей елдермен амандасып келемін.

Сәбиттердің үйінің тұсына келгенде, шешем бұрылып үйге кіріп кетті. Тётя Рая қолынан сүйреп жатыр, «балаң армиядан келе жатыр» деп. Сөйтсем, анашым мені танымай тұр екен осыдан тура екі жыл бұрын әскерге кеткенімде бойым 161см, салмағым 51 кг едім, ал қазір бойым ұзын 172 см, салмағым 66 кг тартамын. Оның үстіне армиядан комиссовать етіліп, елге ерте қайтып келе жатырмын...

- Жоқ менің балам май айының аяғына таман келеді, ол емес, -- депті анам. Мен тіпті үйге жақындап қалдым. Қосай ағайдың үйінің тұсына келгенде, «Әй,

Нұрғалимысың?!» деп дауысы жаман шықты. Алдымнан жүгіріп шығып, қол-аяғымды, сипалап көріп жатыр, қу жүрек бір нәрсені сезіп тұрғандай...

- Нұрғали балам-ау, шыныңды айтшы, сен Ауғанстаннан келе жатырмысың? – деді. Себебі соңғы айларда адресім тұрақсыз болып, 3-4 бойы мен үйге хат жазған жоқ едім.

- Жоқ-жоқ, мен әскерде жақсы служить еткенім үшін, ерте қайтарды, артымнан хатпен нархоз институтқа жолдама келеді, - дедім.

Ауырып келгенім туралы ешкімге тіс жарған жоқпын, оның бәрі әскери құпия ғой...Бірақ болашақ дәрігер өзімнен кейінгі тетелес қарындасым Бибіханым армейский чемоданды ашып, құжаттарымды ашып оқып қойыпты. Аман-есен келгеніме қуаныңдар. Оның бәрі әскері құпия КГБ-лар 25 жылға соттап жібереді» деп жайлап түсіндірдім. «Одан да Совет солдатының мына блокнотын оқы деп» ұсындым қарындасыма.

Мына зымыран уақытта бір сәтте тоқтау жоқ қой, әкем дүниеден өткелі бері 53 жыл өте шығыпты. Қарашаңырақтың түтінін түтетіп құранын үзбей анам отыратын. Үлкен ұлы Әбдуғалидың қолында. Әбекең кемпір-шалдың баласы ғой. Ералы атам өте ерте қайтыс болып кетіпті. Орынкүл әжемнің көзі тірісінде апам «Әбуғали» деп атын атамайтын «Бөбек» дейтін. Үлкен ұлы, әрі қайнысындай болған Әбекең де бүгінде 70-ке жақындап қалды. Жас кезімізде апам «осы үлкен ұлымның пенсияға шыққанын көрсем» деп отыратын. Арманы орындалды, қарашаңырақ үлкен үй ғой деп амандасуға барған сайын екі зейнеткер шүйіркелесіп, әңгіме дүкен құрып отыратын, қандай жарасымды еді... Жаратқан ием әкемнің көрмегенін 90 жасты алқымдаған анамның көруіне жазғанына күніне мың мәрте шүкіршілік ететінмін. Кейде, қайран шешемнің жанары жасаурап, көңілі босайтын-ай келіп. Біз оны қуаныш жасы дедік. Кім білсін кәрі жүрек мынадай нұрлы заманды көрмей кеткен шалын да еске алатын шығар бәлкім. Әкелерің Әбдәлі сендердің ешқандай қызықтарыңды көрмей кетті. Ең болмаса үлкен ұлы Әбуғалидың мектеп бітіргенін де көре алмады. 1966 жылы әкеміз қайтыс болған

кезде Әбекең сегізінші сыныпта оқитын. Асыл анамыз ұл-қыздарының бәріне де өз ризашылығын беріп кетті. Бірге тумақ болсаңда, бірге жүрмек жоқ. 1984-1986 жылдары үйде апам екеуміз- ақ қалдық. Әбуғали ағай «Карл Маркс» совхозында бас зоотехник болып қызмет істейтін. Толысжан (Толан) әпкем қайтыс болып кеткен. Байғали ағам Алматы өндірістік-техникалық кәсіпорнында (АПТП) инженер болып қызмет атқаратын, ылғи іссапармен Москва, Киев, Приозерск қалаларында жүретін. Айғаным әпкем Түлкібас ауданында тұрмыста болатын. Қарындасым Бибіхан Республикалық медициналық училищеде (РМУ) оқитын. Інім Орынбасар Германияда Совет Армиясы қатарында болатын. Апамның нан салмасы қандай дәмді еді. Қазіргі келіндер оның қандай тағам екенін де білмейді... Етке салатын нандай етіп илеп, кесіп бетіне сары майды ерітіп құятын, сосын жұмыртқа турайтын. Сорпасын ішіп, ет жегендей болатынсың. Анамның кеспе-көжесі қандай еді?! Күніне төрт мезгіл ысытып іше бересің. Мәлік үйге келгенде, үнемі сипоратор тартып отыратынмын, әдейі сол уақытта келетін. Тартып отырған қаймақтың жартысын ұрттап-ұрттап ішіп қоятынбыз. Бұрындары бәріміз анамызды (жише) жеңеше дейтінбіз. Кейін Орынбасар екеумізге: «Мені апа» деңдер, мен өлгенде таяқ сүйеніп апалап тұрасыңдар дейтін» жарықтық. Марқұм Орынбасар ол күнге жете алмады. Шамам келгенше анамның барлық аманатын орындадым. Көзінің тірісінде қолымнан келген жақсылықтардың барлығын жасадым. Ері қайтыс болған соң, 17 жылдан кейін әкемнің құрдастарының тобына Бақтай Кемешов, Беспай Қожабергенов, Әзімбек Сандыбаев, Апбасбек Кебеев, Садуақас Тасхожаев, Рақымбай Мырзақұлов және Сарыбек Толымбаев қайта қостым. Ол кезде ауылда береке-бірлік бар еді. Соғым басына (бас-сираққа) бір-бірімізді үйлерімізге қонаққа шақыратынбыз. Сол уақыттар Анамның ең бақытты кездері еді...

Жұрттың барлығы шешемді қатты сыйлайтын отырысқа кешігіп барсақ, анама төрден орын беретін. Әкеміз көзі тірісінде анамызға сол кездегі модамен жағалы пальто әперген. Сол пальтоны «шалымның көзі» деп 20

жылдай күтіп киді. Анамыз көп ауыратын, бір тәуіпке қаралғанда, «үйіңізді бір киелі киім бар, соны жоғары іліп қойыңыз және барлық қызықты 3-ші ұлыңыздан көресіз» деген екен. «Қожағаппар әулиенің алдына барғанда 3 келін түсіріпсің» депті. Апам аузынан жұлып алғандай, «жоқ екеу» дейді. Келесі 1986 жылы мен үйлендім. Әлияға әлі де «Әулие кісінің палына түскенсің, сен тегін адам емессің» деп қалжыңдаймын. Апама 350 рубльге сол кездегі жас қыздар киетін жағалы пальто әпердім. Құлағына алтын сырға, білегіне алтын білезік, саусағына алтын сақина тақтым. Бір жолы Рахымбай ағай жеңгесіне әзілдеп «Нұрғали, шешеңді байға бересің бе, қыздай етіп киіндіріп қойыпсың» деді. Мен «әкемізден көрмеген қызықты бізден көрсін» -дедім. Ол кезде Рақымбай ағай бұрынғы Лермонтов қазіргі С.Бәйтіков атындағы мектептің директоры болатын. Мені жұмысқа мектепке завхоз болуымды өтініп шақырды. Мен «ол жұмыстың болашағы жоқ, қызметте өсуім керек» деп жауап бердім. Әбуғали мен Байғалиға сендер сыртта жүргенде барлық азап қорлықты Нұрғали көрді. 13-14 жастамын түннің қай уақыты болсын, апам оятқан кезде ұшып тұратынмын. Бау-бақшаны суғару үшін түнде тұртынбыз, себебі су аз болатын, күндіз кезек көп, айтыс-тартыс айқай-шу. Айдың жарағымен болмаса бақшаны қолшаммен суғаратынбыз. Қойдың кезегі болушы еді, 15-20 күнде бір келіп қалатын. Жұрттар шөптерін машинамен түсірсе, біз анамыз екеуміз екі ай бойы есек арбамен таситынбыз. Ал қыста қақаған аязда, боранда Көлтоғанда қар қалың үйдің бойымен бір болатын сарайды шөпті қардан тазалаймыз. Түннің бір уақытында мектептің качагарынан шешем екеуміз қапшықпен көмір ұрлайтынбыз. Өзім нәзік едім, ирелеңдеп анамның бір шетінде ылғи мен жүретінмін...

Сарыбек көкем бір отырыста: «Әй, Шырынхан, осы Нұрғали Алматыға неге көп барады» деді. Апам Алматыда бір шүйкебасы бар соған жиі-жиі барып тұрады. Әкемнің құрдастарының көзінше егер де сол қызды алса шіріген бір жұмыртқа, үйде жалғыз өзім қалсам да кіргізбеймін, кетсін сол қыздың соңынан Алматысына» деді. Теріс батамды берем» деді.

Марқұм апам бетің бар жүзің бар демейді тіке бетіңе айтушы еді. Осы бір қылықтарына мен де ұқсайтын сияқтымын. Себебі Мұхтар Тіленшиев басшы болып тұрған тұста, «Нұреке адамның бетіне былыш еткізе саласың ғой» деп еді...

Содан ол қызды ұмытуға тура келді. Мен қазір де ұлдарыма айтып отырамын. Мен ұлы махаббатымды, аяулы анамның бір ауыз сөзіне айырбастап жіберген адаммын. Құдай берген тағдырыма ризамын. Әлия маған алтын асықтай төрт ұл силады. Ал, Гүлданаш болса, сегіз жылдан кейін жалғыз қыз туды. Асыл анамыз Әлия екеуміздің қолымызда күректей жеті жыл бірге тұрды. Кімді болса да көзі тірісінде сыйлау керек, өлгеннен кейін емес. Қолымыздан келген барлық жақсылықты жағдайды жасадық. Жыл сайын курорт-санаторияға жіберіп тұрдық.

Сол жылдары колхоздың кәсіподақ комитетінің төрағасы болып Сәрсенбек Ермекбаев және Нұрхат Жақсылықов деген азаматтар атқарды. Қазір туған елге барған сайын, жұрттар менен бұрын Әлиямен құшақ жайып амандасады. Себебі, ол ауылдың мақтаулы келіні болды. Енесін сыйлады, ел-жұртты сыйлады. Бәріне де шыдады. Мен бір-ақ мысал келтірейін. Әйелімді боран болған күні ұратынмын, себебі жол жабылып автобус келмей қалатын. Бұл ащы болса да, күлкілі болса да, табиғи шындық...

Кейде мал санаққа барғанда және сайлау күні шопандарды аралағанда колхоздың басшылары мінетін айғырға мініп, бара жатқанда және келе жатқанда үйге бір соғып кететінмін. Әйеліме аттың тізгініп ұстататынмын. Анам байғұс әкем тіріліп келгендей қуанушы еді...

1993 жылы мамыражай мамыр айының 24 жұлдызында Б.Момышұлы ауылына көштік. Қызмет бабымен Жуалы ауданаралық мал бордақылау бірлестігіне бас бухгалтер лауазымына ауыстым. Бүткіл ауыл болып шығарып салды. Әсіресе, қатын-қалаш, қыз-келіншектер Әлияға рақметтерін айтып, бетінен сүйіп жатыр. Боралдай округінің шекарасында Бақыт Тасхожаев «Құстар қайтып барады» әнін нақышына келтіріп орындады. «Өскен жерін қимай кетіп барады» деген жолдарына келгенде көзіме еріксіз жас келді.

1995 жылғы 9 қазан күні «ВАЗ-21061» автомашинасын сатып алдым. Түннің бір уағында келсем де, сигнал беріп, қақпаны ашпайтынмын. Жұбайым себебін сұрағанда, жауабын енең Шырынханнан сұра дейтінмін.

Бір жолы Анам үйге келгенде, бәрін түсіндіріп айтып беріпті. «Атаң Әбдәліні аттан түсіріп, атын байлайтынмын. Қақпаны ашу әлдеқайда оңай ғой, онда тұрған не бар депті? Әкесіне ұқсағысы келген шығар? Болмаса да ұқсап бақ» деген. Содан кейін үнемі қақпаны өзі ашып-жауып тұратын болды.

Кәрілік – жаман ауру, бақтырмайды,
Мал сойып, өкпе менен қақтырмайды.
Белден қайрат, жігерден қуат кетсе,
Өз басың өзіңді де жақтырмайды.

Осы Анам туралы тебіренісімді Мұқағалидың өлеңімен аяқтаймын.

Ана,
Сен бақыттысың,
Жыламағың!
Жай түсіп жатқанда да құламадың,
Тәңіріңнен мен едім сұрағаның.
Сондықтан жыламағың, жыламағың!
Бармын ғой
Тірімін ғой,
Қасыңдамын.
Өлмеймін, мен өзіңдей асылданмын.
Таусылып, өз-өзіңнен шашылмағың,
Байырғы берекеңді қашырмағың.
Мен сенің қанықпын ғой көз жасыңа,
Өзім кепіл тот басып, тозбасыңа.
Екі жыр жазсам саған бірін арнап,
«Ана» деп жаздым ылғи сөз басына.
Тәңірім кеше көрсін кесірімді.
Аспанға жазсам сенің есіміңді!!!
Ана,
Сен бақыттысың, тербете бер,
Құба талдан иілген бесігімді...

ҚАЙРАН Ә П К ЕМ!

Әбдәлі Ералыұлының кіндігінен тараған сегіз ұл-қыздың үшеуі өмірден өтті. Тұңғышы, төлінің басы Жібек атты қызы 1951 жылы емізулі кезінде шетінеген.

«Көңілдің болмаса да қошы мүлде,
Шүкір ет, бауырларым, осы күнге.
Өмірдің ашпай жатып есігін де,
Көз жұмған «Жібек» әпкем бесігінде» дегендей, екінші қызы Толысжан 1981 жылы өмірден өтті.

Дүние деген пәни бұл,
Баласы жоқта мият жоқ.
Бәрінен де қиын сол екен,
Артында қалған шырақ жоқ.

Осы сөздің артында қанша мағына, қанша ой, қанша сауал, қанша арман жатыр десеңізші. «Орнында бар оңалар» деген халық мақалы да осы бір ой желісінде айтылған болар, сірә. Шерағаң айтпақшы, «Бірі кем дүние».

О дүниеде де өмір бар екенін білеміз. Егер о дүние жаман болса, сол адамдардың ең болмаса біреуі қайтып келмес пе еді...

Толысжан Әбдәліқызы Ералиева 1956 жылғы 22 ақпанда Жуалы ауданының түкпірі, арғы жағы Шымкент облысының Алғабас ауданымен шектесіп жатқан Кеңбұлақ ауылында дүниеге келген. 1962 жылы алты жасында Алексеевка, қазіргі Көлтоған ауылында мектепке барады.

... Ол жас кезінен ертедегідей сұлу әлемге елтіп өсті. Ес кірген сәттен бастап үлкендерден естіген аңыз әңгімелер, жыр-дастандар бертін келе май шамның жарығымен түнімен парақталатын сан алуан кітаптарға ұласты. Сән салтанаты жарасып, күймемен келе жатқан сұлу Жібек, «Ер Тарғындағы» Ақжүніс, «Қобыландыдағы» Құртқа бейнелері құртымдай қыздың көз алдынан кино кадрларындай тізіліп өтіп жататын, сонымен бірге оның «шіркін-ай, мен де солардай болсам ғой...» деген бала қиялына қанат бітіретін.

1972 жылы Лермонтов атындағы орта мектепті 16 жасында бітіріп шығады. Сол жылы Әбуғали ағай даярлық курсынан кейін АЗВИ-дің 1 курсына қабылданған. Отбасы

жағдайын ойлап, әпкем Жамбыл қаласындағы педучилищеге сырттай оқуға түседі. Бірінші қыркүйекте өзі оқыған мектепте пионервожатый болып жұмысқа орналасады. Мектеп директоры марқұм Ертаев Керімше ағай болатын. Бастауыш сыныбының мұғалімі-деген диплоп алған соң, сабақ бере бастады. Орынкүл әжемізге, анамыз Шырынханға нанын жегізді еңбегі сіңді. 1980 жылы жазда тұрмысқа шықты. Әпкемді ең соңғы рет 1981 жылы 26-шы сәуірде көрдім.

- Аудандық әскери комиссариаттан маған шақырту берілді. Үшінші май күні әскерге аттанамын, сізбен қоштасып кетейін, - дедім.

Үйіне барған кезімде үйдің жанында тезекке таба нан жауып отыр екен. «Қыз жат жұрттық» деген табиғат заңдылығы. Өзге біреудің есік алдында түтінін тұтатып отырғанына, қимастықтан жүрегім қатты елжіреп кетті.

Ол кісі қайта мені аяп жатыр «Қайтіп служить етесің» деп. Бойым 161 см, салмағым 51 кг, «мен қатты ұялғанымнан армиядан шыныгып бойым өсіп келемін» деймін қипақтап...

Бұл менің аяулы әпкемді ең соңғы рет көруім екенін қайдан білейін, әйтпесе сол ауылда тұратын екінші әпкем Айғанымның үйіне кірмей кеткем.

Толан әпкем маған Белоруссияға жиі-жиі хат жазып тұратын. Сөйтсем, мені көп уайымдайды екен ғой. Бір жолы Тұрар жездемнен хат келді ашып оқыдым. Бұрын ол екі жыл әскерде болған ғой «армейская закалка», «дедовщина» дегеннің бәрін біледі. Бірақ хатты данышпан Толан әпкемнің айтуымен жазылғаны айдай анық білініп тұр. Кейін жауап хат жазып жібердім әпкемнен мені уайымдамауын сұрандым. Тағдыр деген қандай өткінші, 1981 жылы алтыншы желтоқсан күні санчастьқа тұмауратып жатып қалғам. Орманның іші, батпақты, жері дымқыл әсіресе азиаттар көп ауырамыз, ауа-райы жақпайды. Рота командирі келіп, телеграмманы оқып берді. Төбемннен жай түскендей болды.

- Жат жерде жүрген бауыры мені көп ойлаушы еді, қайран бауырым-ай! Командир елге қай бағытта барасың? -

деді. Мен аузынан жұлып алғандай: «Минскіден Ташкентке ұшамын, әрі қарай жап-жақын» дедім.

Ауруым шайдай жазылып кетті, есіл-дертім тезірек жету. Минскіден шыққан «ТУ-134» ұшағы Магнитогор қаласына бір-ақ қонды, арғы жағы Ташкенттен бірақ шықтым. «Икарус» автобустары қаптаған заман, Ташкент-Алматы бағытына отырып, Бурныйдан түсіп, ауылға жетіп бардым.

«Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Бауырыңнан айырылған жаман екен,
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді» дегендей, мен аңтаңмын.

Сөйтсем, әпкем байғұс 24 қарашада қайтыс болып кетіпті. Маған телеграмманы кеш беріпті. Куйбышев ауылына барып, жездеме жолықтым. Неге екенін білмеймін жердің басына мені ертіп бармады. Өкініштісі сол, кейін бауырларының атынан белгі қояйық десек ешкім жерленген жерін білмейді екен.

Ол кезде жасым 19-да Совет Армиясының действующий солдатымын, қазіргідей жол жобаны білмеймін. Сонымен 10 күндік қысқа мерзімдік отпуск бітуге таяу, жаңа 1982 жыл жақындап қалды.

Әбуғали ағай сол кезде №10 «Октябрь» әскери кеңшарда зоотехник-селекционер еді. Военком майор Апбасовты жақсы таниды екен, армянский коньяк алып кабинетіне кіріп кетті. Мен сыртта күтіп тұрмын, әскери билетімдегі «құпия бөлім» деген белгіні біліп қойса, отпускіні бір күн де соза алмайтынын ішім сезіп тұр. «Әскери адам ғой военком бірден менің қолымнан ештеңе келмейді» деген. Әскери тәртіп солай, басқа войска болса, тағы он күнге созып алып, жаңа жылдан кейін бірақ қайтар едім.

Кешке қайтуға жолға дайындалдым. Ешқандай көңілкүй жоқ. Тек қана Айдархан Телеуов досым менен екі жас кіші болсада бірге футбол ойнайтынбыз. Алматыда бірге абитуриент қызықты күндерімізді бірге өткізгенбіз. Көңілімді аулап, жаңадан шығып жатқан композитор Кеңес Дүйсекеевтің «Өмірге келгеніңе өкінбе сен» атты әнін

гитарамен нақышына келтіріп орындап берді. Мен Айдарханға:

- Энергетикалық институтта не ғып адасып жүрсің, сенің орның консерватория, нағыз талант иесісің, болашақ өнер адамысың, - дедім.

Қайтарда Алматыға келдім, ҚазМУ қалашығында студенттік өмір қайнап жатыр, қайтқым келмейді. Байғалидың курстастары өңшең 1962 жылғы қыз жігіттер: Мұратбек Шадаев, Әбдірахман, Абдулла Ауқатов, Әкімбек (Яща), Айдос, Төрехан, Шолпан, қара Гуля дейтін бір қыз болатын, Кеңескүл де бізбен бірге жүр. Никольск базарының қасындағы жатақханада тұратын.

Қазақтың қарашаңырағы М.Әуезов драма театрына бардық. Дәл сол күні Дулат Исабековтің «Әпке» спектаклін көрдік. Түнгі 10-да «Алматы-Мәскеу» әуе рейсінің «ИЛ-86» ұшағына барлығы 9 қыз-жігіт мені шығарып салды. Үш сағат ұштық. Мәскеумен сағат айырмашылығы үш сағат қой, уақытты үнемдедім. «Демодедово» әуежайына түнгі сағат 10-да қонды.

Мәскеу – Кеңес Одағы секілді алып империяның жүрегі. Алматыда қыз-жігіттер жинап берген әжептеуір ақша бар, оның үстіне үйден шешем жолға жетерліктей қомақты қаражат берген. Әскери адам ретінде ұшақ билетінің 30 пайызын ғана төлеймін. Содан аэровокзалға таксиге отырдым.

Таксист Мәскеуді бес саусақтай жақсы біледі, таныстырып келеді. Анау алыстан жарқырап тұрған көп қабатты «Космос» қонақ үйі, архитектурлық ансамбль енді керемет. Аузым ашылып, таксидің ішінде тамсанып келемін. Маған Батысқа қарай ұшу үшін «Шереметьево» әуежайына бару керек екен. Енді екінші таксиге отырдым. Демодедоводан Шереметьевоға дейін 120 шақырым. Минскіге билет алып, ұштық, бірақ ауа-райының қолайсыздығына байланысты Ригаға қондық. Әуежайда қонып шықтым. Таңертең ұшағымыз ауа-райына байланысты кешіккені туралы анықтама алайын десем, барлығы өз тілдерінде сөйлейді. Бір кезде әскери киімдегі бір кісіні көзім шалды. Қасына жақындап, тік тұрып, честь бердім,

- Товарищ старшина, разрешите обратиться! - дедім. Маған анықтама алып берді. Сөйтіп Минскіге қайтадан көтерілдік. 44187 әскери бөлімге кешігіп жеттім. Айқай-шу, біздің бригадада тәртіп өте қатал еді. Мені кешіккенім үшін гауптвахтаға қамамақшы болды. Анықтамамды көрсетіп, рота командирінің араша түсуіммен аман қалдым...

Толан әпкем біздің отбасындағы ең бауырмашыл мейірімді кісі еді ...

Анамыздың бір шетіне қолқабыс болып, екінші анамыздай бізді тәрбиеледі. Мектептегі әр пәннің мұғілімдерінен сабақ үлгерімдерді біліп сұрап тұратын. Бойым аласа, нәзік болсам да сабақты жақсы оқуға тырыстым, себебі сол мектепте шешем де жұмыс істейтін, еден жуатын. Бір ауыз мұғалімдерден «Нұрғалидың сабағы нашар» деген сөз естіген емес, үштік бағам болмайтын. Тек қана бір жолы 10 класты бітіретін жылы төртінші тоқсанға физикадан «3» шығатын жерден Толан әпкем Ләззат Қонашева әпкейге айтып, «4» қойғызғаны есімде қалыпты.

Маған сенген болуы керек, қолымнан жетектеп, 1979 жылы Алматы халық шаруашылығы институтының «учетно-экономический факультет бухгалтерский учет в сельском хозяйстве» мамандығына құжаттарымды тапсырды. Ауылға қайтарда Байғалиға мені жақсылап табыстап жатыр, Бәкең даярлық курсынан кейін ҚазМУ-нің механика және қолданбалы математика факультетінің (ФМПМ) бірінші курсына жаңадан қабылданған еді. «Өзі нәзік, бұл қалай оқиды, бір жағынан мені мақтап қояды, бұның басы қатты істейді» деп ішек-сілесі қатып күлуші еді, күлкісі қандай әдемі өзіне жарасып тұратын.

Маған «болашақ колхоздың бас бухгалтері боласың» дейтін әпкем марқұм. Ол кісі үйде түсті көп көретін, көрген түсін Орынқұл әжеме жорытып жататын. 1975 жылы Байғали орта мектепті үздік бітіріп, алтын медальға қолы жетпей қалды, аудандағы басқа мектептерге бұйырды. Сол жылы Қазақ политехникалық институтының жаңадан ашылған «Басқару жүйесінің автоматикасы» (АСУ) факультетіне құжаттарын тапсырды.

Бір күні әпкем түс көріпті, түсінде Байғали қолтығында кітабы бар, үлкен бір көпқабатты ғимараттың кіреберісінде

алдынан үлкен егде бір кісі шығып, «балам сен кейін келесің» деп кіргізбепті. Сонда Толысжан әпкем әулие ғой, «Байғали биыл түсе алмайды, бірақ түбінде жолы болады» депті.

Айтқаны тура келді, ҚазПТИ болмаса, ҚазМУ-не оқуға түсті. Қайран әпкем, менің колхозда бас бухгалтердің орынбасары, білдей бір совхозда бас бухгалтер болғанымды көре алмай кетті-ау.

«Ажары ашық нұрдан жаратылған.
Жарқылдап жақсылыққа ара тұрған.
Маңдайға жұлдызындай, құндызындай
Қыздар-ай, Әбдәлінің дара туған. Ия, солайша Толысжан әпкем өмірден ерте кетті.

Тіпті мектепті бітіріп кеткеніме қырық жылдан аса жуық уақыт болса да, ұстазға деген ілтипаттың кеудеде маздап тұруы екінің бірінің бойынан табыла бермейтін парасат екені даусыз. Ұстаздың ең үлкен бақыты мен байлығы ел таныған шәкірт тәрбиелеуінде екен ғой деп ойлаймын.

«Табиғат құпиясын білмекпісің,
Бәрінде мұғалімдей кім жеткізсін.
Ақын бол, ардагер бол, ардақты бол,
Ұстазды құрметтеуге міндеттісің» демекші, мен әпкемді бауыр болғаны үшін оған қоса ұстаз болғаны үшін өте жақсы көруші едім.

Толан әпкем өзінің аз ғана ғұмырында қаншама жас толқындарды оқытты, себебі ол кісі бастауыш сынып мұғалимасы болатын. Лермонтов атындағы орта мектебінде 1966, 1969 жылғыларды және 1972 жылғы жас жеткіншектерді тәрбиеледі. Қазір сол оқытқан оқушылары білдей аптал азамат азаматшалар кең байтақ Қазақ елінің түкпір-түкпірінде қызмет етуде. Сүгірбай Байтіков атындағы мектепте оқушылары 30-35-40 жылдық кездесулерде әпкемді құрметпен естеріне алады. Міне, мұғалім-ұстаз болу қандай мәртебелі мамандық. 1980 жылы Толысжан әпкем Түлкібас ауданы бұрынғы Куйбышев, қазіргі Ақбиік ауылына тұрмысқа, сол ауылдағы Ленин атындағы орта мектепте бастауыш сыныптарға дәріс беріп үлгерді.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуге балаға».
Жақсыға да, жаманға жан қайғы,

Су ағады, ағаш кейде жанбайды.

Жабы бие құлындайды жыл сайын,

Жүйріктерден кейде тұяқ қалмайды. дегендей Толысжан әпкемнің артында тұяқ қалмады.

«Бір адам қазған құдықтан мың адам су ішеді» деген ғибратты сөз бар. Ғұмырын бала оқытуға арнаған, білім беріп, мінезін қалыптастырған, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны, ауыр мен жеңілді ажыратуды үйретіп, адал өмірдің иесі болуға барын салатын, өмірдің төрінен орын тиген ұлы ұстаздар үшін айтылғандай ой тастайды. Ал біздің әпкеміз Толысжан (Толан) сол ұстаздықтың ұлысты жолынан жаңылмай, «Ардақты ауыл мұғалімі» деген атақты аз ғана ғұмырында алған жан еді...

Өйткені, ол қазған білімнің құдығының мөлдірінен сусындаған жүздеген шәкірттері бүгінде туған халқына қызмет етіп, елінің өркендеуіне үлес қосып жүр. Біз соған қуанамыз.

Ұстаз – ұлық емес, ұлы қызмет.

Мектеп – кеме, білім – теңіз.

Мектепті сыйлағандықтан, мамандығын жан-тәнімен сүйгендіктен, мұғалім ең алдымен өзінің интелектісін көтеруі керек, дүниеге деген көзқарастарын биіктетуі керек.

Мұғалім деген ат – қасиетті ат. Мұғалім деген аттан таза еңбекті сүйетін мамандық иесі деген сөзді ұғынады.

Елдің надандығымен алысатын адам – мұғалім.

ІНІМ

Өкініші сол ғана, аз-ақ ғұмыр жасадың,
Әкеміздің жасынан аз ғана аса алдың.
Тосыннан толқын соқпаса,
Тағы да қырық жыл жасар ең.
Адал жар, жақсы әке бола білдің,
Анаңа орны толмас, тұла ұлсың,
Сыйлап өттің ағалар мен әпкелерді,
Есінде балардың мәңгі тұрсың.

Қазақтың қадірлі ақыны Төлеген Айбергеновтің:

«Бұл қазақта жігіттер бар нарқасқа,

Жарқылдаған алмас па?

Дейсің-ау дейсің сен оны,
Айырылып кетсе жол басқа

Орны тіпті толмас та» деген жыры бар. Осынау отты да ойлы, шуақты шумақтарын оқығанда менің көз алдыма інім Орынбасар келеді.

Орынбасар Әбдәліұлы Ералиев 1967 жылы 16 маусымда Көлтоған ауылында дүниеге келді. Әлі есімде Алтынбек Аюбаев соққан үйдің, қазір ол үйде марқұм Ерболат Рүстенбековтің жанұясы тұратын. Оның орнында бұрын аурухана болған. Орынкүл әжем екеуміз шешеме ыстық тамақ және кішкене сәбиді көруге ауруханаға бардық. Дәрігер Нина Дмитревна Кияшкина, медбике Эмма Андреевна Золина ішке кіргізбей жатыр.

Әжем оларды тыңдамай, мені қолымнан жетектеп ішке кіріп кеттік Екі шақалақ жатыр. Екіншісі – Сыбанбай Несіпбаевич Арынов. Марқұм Рахима әпкем шкафынан маған конфеттер алып берді. Сыбанбайдың төлқұжатында 23 маусым деп жазылып кетіпті, негізінде 16 маусымда түс қайта туған. Әкеміз Әбдәлі қайтыс болғанда, іште қалған нәрестенің атын осы Ізетбек Байболов, Мақсатбектердің әкелері Жүніс деген кісі қойған. Орынбасардың бүкіл өмірі менің көз алдымда өтті. Тілі шыққан кезде, қолына кружкасын алып, жаңадан сауылып жатқан сиырдың сүтін шикідей ішетін. Әрине, дәрігерлердің кеңесі бойынша ғой.

Нина Дмитриевна Кияшкина біздің жанұялық дәрігер болатын. Әкеміз қайтыс болғанда анамыз қатты қиналды ғой... шешеміз өле-өлгенше марқұм Нинаға көп-көп рақмет деп айтып отыратын. Қазақта «Қадірлі адам қартаймайды» деген ұлағатты сөз бар, ал біздің анамыз Шырынхан солардың қатарына жатады.

Орынбасар 1984 жылы орта мектепті бітірген соң Алматы зоотехникалық мал-дәрігерлік институтына барды, бірақ ол жолы болмай оқуға түсіме алмады. 1985-1987 жылдары әскери борышын Кеңес Армиясы қатарында Германияда өтеп қайтты. «Жер көрді, ел көрді, өмірді көрді» дегендей, Ванновка гидромелиоративтік техникумында ауыл шаруашылығын механикаландыру мамандығын алып шықты. «Коммунизм жолы» колхозында трактор бригадасының бригадирі көмекшісі, есепші болып жұмыс

атқарды. Одан кейін ұзақ жылдар колхоз тарағанша тауарлы қой фермасының меңгерушісінің орынбасары және есепшісі болып жұмыс істеді. Сол жылдары әкеміздің көзін көрген шопандар:

- Орынбасар, сен әкең Әбдәлі сияқты қой ферма болдың, - деп айтады екен көнекөз қариялар.

«Өмір ұзақтығымен емес, мазмұнымен өлшенеді» деген екен атақты ойшыл Сенека. Өйткені, тіршілігінде мазмұнды, ғибратты, салиқалы өмір сүру кез келген жұмыр басты пенденің пешенесіне жазыла бермесе керек. Сол себепті мәнді де мағыналы тірлік кешіп, бұл өмірде ізгілікті із қалдыру кімге болса да арман.

Сырқатқа берілмей күресе білу де – ерлік! Көп адам сырқатқа тез сынады. Тез өмірден түңіледі. Сенің өмірге деген құштарлығың мен құлшынысың мені осы күнге дейін таң қалдыратын.

«Қызды көзінен, жігітті сөзінен таны» демекші, сөз саптауы жақсы» еді Орекеңнің... Өте еңбекқор, қара жұмыстан қайтпаушы еді, біраз жыл колхоздың құрылыс бригадасында жұмыс істеп Мойынқұм жайлауларында қойшыларға сарай соқтырды. Құрылыс жұмыстарынан хабары бар еді.

Адамдар «Уақыт өтіп барады» деп өкінеді. Шынында өтіп бара жатқан уақыт емес, өмір өтіп барады. Ал уақыттың басы да, аяғы да жоқ. Уақытты жылға, айға, күнге, сағатқа, минутқа, секундқа, ғасырға бөліп жүрген адамдар ғой. Уақыт – мәңгілік. Мәңгілік басталмайды, аяқталмайды да. Бәрін бір Алла біледі. Бірі кем дүние.

«Дүние – үлкен көл, заман соққан жел,
Алдыңғы толқын-ағалар, кейінгі толқын інілер,
Кезек пенен өлінер, баяғыдай көрінер» демеп пе еді ұлы Абай.

Заманында Шығыстың бір қазыналы қариясы, ақылман абыз ақсақалы «Адамзатты есейтетін – тоқтаусыз жылжыған уақыт» деген екен. Міне, сол ешкімге дес бермей, көзге көрінбей, қолға ұстатпай, артына бұрылмай, тоқтаусыз алға ұмтылған уақыт сусып жылжыған сұғанақ өмір асыл азаматтарымызды алып жатыр ...

«Бай да өтер, би де өтер, батыр да өтер,

Басында панасы жоқ пақыр да өтер.
Бұл дүние, қарап тұрсақ, тұрағы жоқ,
Жел соқса, бір-ақ сәтте ұшып кетер» деп жырлаған еді ғой, баяғы шайырлар.

«Орнында бар оңалар» деген қазекең, адам мың жасамайды артында қалған ұрпағымен мың жасайды. Артыңда қалған ұрпақтарың аман болсын бауырым. Тек қана үлкен ұлың Абылайдың өмірден өте ерте кеткені өкініштi-ақ.

«Біздің жоғалтқан заттай дүниенің есесі толар. Бірақ бір жоғалтсаң, қайтып таба алмас зор құндылық бар, ол – өмір».

Өмір деген – бұйым емес қолдағы,
Өмір дейтін – ұлы бекет жолдағы.
Қаның кеуіп қаталаған кезіңде,
Сусыныңды қандырсаң бір болғаны.
Мына күнде, мына аспан да, дала анау.
Бәрі бізден, бәрі бізден қалады-ау!
Өмір дейтін – тағатсыз бір қозғалыс,
Өмір дейтін – өлемін деп қарамау.

Өзен ағысын бөгеуге болады, өмір ағысын бөгеуге болмайды.

«Жұлдыз болсаң да ағып түсер сәт келер» деп ақын Сабыр Адай жырлағандай, фәни жалғаннан бақилық жолға аттануды да Жаратушы ием әу баста өлшеп-кесіп қойған.Уақыттың қадірін өлім түсіндіреді.

«Бәрі де бір Алланың қолында.
Өмір дегенге тірлікте, сірә, жетер ме ой,
Жарық сәуледен басқаның бәрі бекер ғой.
Бекер ғой бәрі, бекер ғой бәрі бөтен ғой,
Өмір дегенің – бір сәттік сәуле екен ғой.

Адам болу – қасиет, азамат болу – міндет, ал патриот болу – парыз. Барлық адам патриоттық парызын бұлжытпай өтеуге міндетті.

Патриотизм отбасынан басталады. Әке-шешеңді құрметтей білу - патриотизм. Өз ұлтыңды сүю -- патриотизм. Өз халқыңның өткен жолын (тарихын) танып-білу, оны құрметтеу – патриотизм. Өз Отаныңды жаудан қорғап, еліңнің азаттығы үшін қажетті жерде жаныңды қию –

патриотизм. «Отан үшін отқа түс – күймейсің!» деген Баукеңнің патритизмнің ең биік шыңы осы.

Пай, пай өмір, өтесің-ау бір күні,
Тыясың-ау қуанышты күлкіні.
Өмір деген-бір жарқ еткен найзағай,
Өмір деген-көк аспанның күркірі.
Пай,пай өмір өтесің-ау бір күні,
Болмағандай, жүрмегендей сен мен біз,
Кетеміз-ау, әй кетеміз...пендеміз,
Ұрпақтарға береміз де кезекті,
Біз кетеміз, кету үшін келгенбіз.

Шашсаң да өмір бойы жиғаныңды, ей пенде, жоғалтпа иманыңды. Иманды жоғалтпау керек. Содан кейін оларға былай дегің келеді. «Ей ағайын, сен мына өмірге жалаңаш келдің ғой, ертең жалаңаш кетесің, еншің екі метр бөз ғана болады. О дүниеге ештеңе де алып кетпессің сен. Соны ойлау керек. Сенің мал-мүлкің, дүниең, қатын бала-шағаң, жора-жолдас, жекжат-жұрат, дос-жораң бәрі қалады, көріңді қазып, көметін кезде, молда бірге туған кімі бар, ішкі үйді кіріп көрсін -дейді.

Міне, ағайын бірге туғанның қәдірі қандай, сондықтан жасы кіші болса да, ешқандай ауыр сөз айтпау керек, қайта ақылдасып отыру керек.

Марқұм бауырым Орынбасарға өмірінде бір рет болса да қол көтермек түгілі, ағасы болып қатты сөз айтқан емеспін. Қандай идея айтса да, қолдап отырдым.

Біз пендеміз ғой, пендеміз қателігім болса кешір, көзі тірісінде жасы кіші інім болса да, талай рет алдына барып кешірім сұрағанмын. «Ұлық болсаң, кішік бол» дейді қазақ.

Өмірге менің өкпем жоқ,
Ешкімге есем кеткен жоқ.
Жете алмай кетсем біреуге,
Біреулер маған жеткен жоқ.
«Біз де Сіздей болғанбыз,
Сіз де біздей боларсыз!.» деген мазарат сыртына жазылған мына сөздерді еске алып қойсаңыздар артық болмас еді, құрметті ағайын...

Өлім деген – арсыз сөз,
Қайдан маған болдың кез?

Өлім – жауым, емір дос,
Неге өлейін бостан бос...

Өмір бір орнында тұрмайды, ілгерілеу, алға жылжу – өмірдің, қоғамның мінезі. Ол – табиғи заңдылық.

КАНАДАДАН КЕЛГЕН КӨЛТОҒАНДЫҚ ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

Кіндік қаның тамған, балалығыңның бал дәурені өткен, жалынды жастығыңның жарқылын бастан кешкен жердің бәсі қашан да биік. Төрткүл дүниенің қай қиырында жүрсең де бала кезіңде санаға ұялаған суреттерді өле-өлгенше сызып тастауың қиын.. Өйткені, туған жерде ата-бабаларыңның сүйегі жатыр. Жаңыңа жақын адамдарды, өміріңдегі асыл жандарды ардақтай білетін болсаң, туған жерді естен шығару әсте мүмкін бе?! Ат ізін жиі салмағаныңмен, жүрегіңнің түкпірінде туған топыраққа деген сағыныш сазы әрдайым шырқала беретіні анық.

Басқаны қайдам, туған жері атажұрттан шалғайда қалған кісінің кіндік қаны тамған жерге деген құрметі, арман-аңсары ерекше болары хақ.

Бір кездері ата-бабамыз еркін жүріп, кең жайлаған Атамекеніміздің кейбір пұшпағы саясаттың салқыны дейсіз бе, тағдырдың төлкегі дейсіз бе, әйтеуір замана дауылының кесірінен бөтен бір елдің еншісіне кеткені бар. «Баяғыда біздікі болған» деген уәждің жүрмейтінін сезе тұрып, біле жүріп, жүрегің қан жылайды. Қан жылағаны бөлек, түпті бүгінде оған алып-ұшып барып сағышыңды басып қайту да машақатқа толы. Одан гөрі қарт құрлыққа немесе мұхиттың арғы бетіне барып-қайту жылдамырақ шығар. Соңғысына жылдам баруын барасың ғой, бірақ оның Боралдайдың баурайындағы қойлы ауыл сияқты соншалықты әсерге бөлемейтіні, сағынышыңды баса алмайтыны тағы мәлім.

Осындайда Қарға бойлы Қазтуғандар еске түседі. XVII ғасырдың өзінде жырау бабамыз бекер зарламаған екен ғой. «Еділді алса – елді алар, Енді алмаған не қалар? Жайықты алса – жанды алар, Жанды алған соң не қалар? Ойылды алса – ойды алар, Ойлашы, сонда нең қалар?». «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы» жыраудың Алаш

жұртының басынан өткен нәубеттің жыр-жылнамасы ретінде әдебиет тарихында біржола таңбаланып қалды. Туған жер туралы трагедияға толы толғау дерсіз.

Туған жер туралы демекші, Жарасқан Әбдірашев ақынның жыр шумақтары жадымызда жатталып қалғаны. Туған жер төңірегінде әңгіме қозғала қалса, сол шумақтар ойға оралатыны бар. Ұзын-ырғасын қысақаша баяндап көрейін. Көз жүгіртіңіз.

Алматыға келіп емделген ақынның әкесі ауылға аттанарда баласына уәжін айтады. Кетерінде сын көзімен қарап ап: «Ағайынды шықтым деді аралап, Талай жерге атағыңды жайғанмен, Туған жерге танылуың керек-ақ».

Ақын ақын болама, ә дегеннен айтқанға көне кетсе. Оның үстіне Жарасқан болса. Ол әке алдында өз дегенін айтып бағады: - Әке, дедім, жасамаңыз құр обал, Ештеңе етпес танымаса бір Арал. Өлеңіме өзек еттім әлімше, Мін қоярлық менде қандай кінә бар?!»

Туған жерден, ауылдан тамыр үзбеген ақсақалдың да өзіндік байламы бар: «Кінәң сонда, сол Аралда естім мен, Қартайғанша кем қалғам жоқ ешкімнен. Ең алдымен туған жерін іздейді, Ер азамат етек жауып ес білген. Жасқа жеттің алды-артыңды бағамдар, Іні болсаң, бағалайтын ағаң бар, Мәңгі-бақи қалады ұмыт, іздеусіз, Туған жерін іздемеген адамдар».

Қарттың аузынан шыққан соңғы сөз қандай әсерлі, қандай айбарлы! «Мәңгі-бақи қалады ұмыт, іздеусіз, Туған жерін іздемеген адамдар». Ақынның мойындамасқа амалы да қалмаған-ды. Сонда да ол: «Жеңілдетіп жағдайымды жеңілген, Ақынға тән асқақтаған көңілмен, Туған жерім Қазақстан дедім мен».

Әрине, іштей мойындай тұрып, сыртқа сыр білдірмеген сынай ақындыкі, Сөздің түйінін бәрібір ақынның әкесі қояды: «Дұрыс айттың, қайта құлақ тос балам, Дұрыс және дұрыс уәжді қостаған. Тұрған жерің елдің астанасы да, Туған жерің сенің ғана астанаң. Жетем десең мұнарланған мұратқа, Тік көзіңді жақынға да жыраққа, Астанасыз бәлкім, елдер бар шығар, Астанасыз ер болмайды бірақ та». Кіндігі туған жеріне байланған қазақ үшін төл «астанасының» болуы заңды да! Қандай тамаша, тауып айтылған сөз!

Құдайға шүкір, Қазтуған бабамыздың туған жерге деген толғауы ұрпағының бойына жігер беріп, жердің тұтастығы, елдің азаттығы үшін жан аямай арпалысты. Еңку-еңку жер шалған ерлер күресінің ақыры баянды болып, Қазақ елі тәуелсіздігіне қол жеткізді. Сөйтіп, төрткүл дүниедегі тоғызыншы территорияның қожасы ретінде Қазақ елі әлемдік картада таңбаланды.

Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ, олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті» дегенде осыны айтқаны айдай ақиқат. Ендігі мәселе – мирасқа қалған мемлекетті болашақ ұрпаққа аманаттап, туған жердің, туған елдің рухын асқақтата түсу. Туған жердің туған елге ұласатыны заңдылық. Туған жердің қадір- қасиетін терең түсінген жандар ғана туған елдің Туын асқақтата түсетіні анық.

Наталья Владимировна (Абдрасиловна) Ералиева 1968 жылы Жамбыл облысы Жуалы ауданы селосында қазіргі Бауыржан Момышұлы (Бурное) ауылында дүниеге келген. Жамбыл қаласында қазіргі Тараз қаласында Ушинский атындағы орыс мектебінде оқиды. 1983 жылы 8 кластан кейін Жамбыл педагогикалық училищесіне түсіп, «бастауыш сыныптардың мұғалимасы» деген диплом алады.

1985 жылы 9 мамырда әкесі Владимир (Әбдірәсіл) Касимович Ералиев, шешесі Елена Михайловна Ералиева (Шнайдер), інілері Владимир Владимирович (Абдрасилович) Ералиев, Игорь Владимирович (Абдрасилович) Ералиев, барлығы әкесінің кіндік қаны тамған жеріне, Көлтоғанға (Алексеевкаға) конаққа келеді.

Сол күні таңертең сағат ондар шамасында біздің қарашаңыраққа бір такси «Волга ГАЗ-24» мәшинесі келіп тоқтады. Ол жылдары үйде апам екеуміз ғана тұратынбыз. Ішінен ешкім түспейді. Шешем Шырынхан қоржын тамның жанында дәу талдың түбінде тезекке нан жауып жатқан. Бір кезде таксиден ұзын бойлы, аққұба, талдырмаш 17-18 жас

шамасындағы әдемі қыз түсіп, нан жауып жатқан шешеме қарай жүрді. Ол кісі сасып қалды, «да, әй Бибіханбысың?» деді таңырқай. Наташа қазақша білмейді, ал апам орысша білмейді. «Бибіхан» деп бас салып, бетінен сүйейін десем, көзі көк екен» дейді.

Бір кезде таксиден топырлап адамдар түсіп жатыр. Байғалиды көрген соң барып, «айналайын, қайнымның қызы екенсің ғой» деп Наташаны құшақтап сүйе бастайды.

Байғали бір апта бұрын қайның Әбдірәсілді отбасымен ертіп келемін танымай қалып жүрме деп ескертіп кеткен. Үлкені, тұңғыштары қыз, одан кейінгілер кешкентай екі ұлдары бар деп еді. Таксиден түспей отырғандары сол екен, «қызды таныр ма екен?» деп.

Кешке қарындасымды клубқа киноға ертіп бардым. Кинодан кейін дискотека болды. Ауыл жастарының бәрі аңтаң. «Нұрғалидың қасындағы сұлу қыз кім екен?» деп. Наташамен ортаға шығып биледім. Вальс музыкасы болған кезде де, ешкімге бермей, өзім билеймін. Сәбит Кебеев деген жігіт комсомол комитетінің хатшысы болатын. Мен ауылдық кеңесте қызмет істейтінмін. Бір кезде қолыма микрофонды алып: «Бұл менің қарындасым Наташа Әбдірәсілқызы Ералиева» дедім. Жастардың жетекшісі Сәбит бізге құттықтау сөз айтып, қарындасын биге шақырды.

«Қыз жат жұрттық, қыз өрісің» дейді. Баяғыда бір қыз ұзатылып бара жатыр екен, сонда туған інісі қасына келіп, «Әпке, қайда кетіп бара жатырсың?» деп сұрапты. Сонда қыз: «Мен өз үйіме, өз еліме, өз Отаныма кетіп бара жатырмын» дейді. Інісі қайтадан «сіздің тұрып жатқан үйіңіз осы емес пе?» дейді. Әпкесі: «Жоқ, мен бұл үйге қонақпын, менің мәңгілік өз үйім, өз елім, өзімнің Отаным бар» деген екен.

Сол қыз айтқандай, 1987 жылы Наташа өзінің сүйген жігіті Костя Балиевқа тұрмысқа шықты. Екі қызы бар. 1998 жылы ата-аналарымен бірге Германияға көшті. Қазіргі уақытта Канадада тұрып жатыр. Екеуі де жеке кәсіпкерлер, жеке кәсіппен айналысады.

2019 жылы қыста қарындасым Наташа мен күйеу бала Костя екеуі Таразға Костяның шешесінің үйіне келді.

«Алыстан алты жасар бала келсе, ауылдың алпыстағы ақсақалы сәлем береді» демекші, «қыздың жолы жіңішке» деп, Әбуғали ағай, Самат үшеуміз Таразға барып, Сәкен інімнің үйіне Наташаны қонаққа шақырдық, ескерткішке суретке түстік.

«Жер-дүниенің қандай түкпірінде, қандай материкте, мейлі Австралияда жүрсең де біз сені тауып аламыз, қайда жүрсең де бізді бауырларыңды ұмытпа, аман-сау бол!» деп жалынды тілек айттым қарындасыма.

Мұқағалидың жат жерде жүрген қазақ қызына арналған өлеңі ойыма түсті.

Сөйтіп тектіліктен тамыр тартқан Қасым атаның және бір ұрпағы жұмыр жердің сонау бір шеті Канада мемлекетінде өмір сүріп жатыр. Арадағы байланыс үзілген емес.

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ

«Ер жігіт бір баспаймын деген жерді мың басады» дегендей, Қасым атам басып өткен Белоруссияның жерін, ну орманын, қалың қарын, батпағын мен де бастым.

Кеңес Одағы қызыл империяның қылышынан қан тамып тұрған заманда, 1981-1983 жылдары Кеңес Армиясы қатарында азаматтық борышымды, Брест облысы Ружаны қалалық поселкісінің жанындағы орманның ішінде өтедім.

1982 жылы мамыр айында Дондағы Ростов қаласына іс сапармен бардық. Онда құпия әскери зауыт бар екен. Оған бес-адам бардық. Бір офицер, прапорщик, сержант және екі солдатпыз. Барарда да, қайтар жолда да, Гомель қаласын, Светлогорск стәнциясын, Барановичи станцияларынан өттік. Ия, сол кезде осы маңда Светлогорск ауданы, Боровики ауылында Бауырластар зираты бар екенін, Елани деревнясының шетінде Қасым атамның жерленгенін қайдан білейін?

Біздің бөлім құпия әскери бөлім болатын. Стратегиялық мақсаттағы ракета әскері құрамында әскери міндетімді өтедім. Бұл ракета Кеңес одағы Қарулы Күштерінің айбыны болған, жаппай қырып-жоятын ядролық

қондырғылармен жабдықталған ядролық оқ-тұмсық қаруы болатын. Қазақтың қаршадай баласы сол қаруды игерді. Ұлы Отан соғысы кезінде соғыстың құдайы артиллерия болса, ал қазіргі заманда ядерная боевая головка. СС-18 «Сатана» ядролық физикадан теориялық сабақтар өтеміз, әскери жаттығулар жасаймыз, үстімізде химзащита радиация сәулесі өтпейтін киім киіп, басымызда противогаз..

Жауынгерлердің ондағы міндеті – оқтұмсықты әзірлікте ұстау. Оқу-жаттығу кезінде оқтұмсықты (ядорная боевая головка) ұзындығы 6 метр МАЗ әскери автомашинамен шахтадан оқтұмсық сақталатын (қазақшалап айтқанда) қоймадан алып шығып ракетаға қондыру. Ал зымыранның ұзындығы 24 метрді құрайды.

Командиріміз «Газы!» деп команда бергенде, противогазды басымызға киіп, аяқтан шатымызға дейін жететін арнайы етік, әрине әрбір сарбаздың өз размері бар ғой, оның сыртынан химзащита бас-аяғымызға дейін орап, арнайы түймелері, байлап тастайтын баулары бар, қолымызда арнайы қолғап, тек қана противогаздың көз әйнегінен ғана жылтырап, екі көзіміз көрініп тұрады.

Бес жауынгер қызмет етеміз. Командир команда берген кезде, дәрежемізді, фамилиямызды атамайды. Бұйрық бойынша бесеумізге бес нөмір беріп қойған. Бірінші нөмірде сержант Коврик, екінші нөмірде ефрейтор Ералиев, үшінші нөмірде қатардағы жауынгер Поплюйко, төртінші нөмірде қатардағы жауынгер Изюменко әрі жүргізуші, бесінші нөмірде қатардағы жауынгер Гаврилов, оқып отырсыздар екі орыс, екі украин, бір қазақ, тура соғыстағыдай.

- Командир второй поднять траверсу! - деп бұйрық беріп, айқайлайды, себебі противогаздан ештеңе естілмейді ғой. Мен: «Есть поднять траверсу, внимание, поднимаю» деймін, себебі қасымдағы қаруластарым саусақтарын қондырғыға қысып қалмау керек қой.

- Второй перемести налево, на право! - дейді, «Внимание, перемещаю на лево, на право» деймін. Командир пультпен басқарып тұрады, саңылау 5 см, 3 см, 1 см, 5 мм, бір кезде «закрепить!» деп бұйырады, «есть

закрепить!» деп әр жауынгер өзімізге тиісті арнайы тетіктерді бұраймыз.

Қызмет барысында талай жауынгер радиация қауіпсіздігін сақтамай жазым болды. Сол қауіптілігі жоғары жерде жүріп, жастық пен ден саулықтың қадірін білмеппіз. Енді шығып жатыр радиацияның зардабы.

Әлемдегі ең қуатты зымыран «Сатана», яғни «СС-18» біз қызмет еткен бөлімде екен. Бір құрлықтан екіншісіне жеткізу үшін қанша қуат керек екенін салмақтай беріңіз.

1982 жылдың маусым айында «Батыс-Европа» атом сынақ полигонына ядролық сынақ мақсатында әскери жаттығуға қатыстым. Жаттығу кезінде ауыр жараланып, Белоуссияның Пружаны, Брест және Гродно қаларында тоғыз ай әскери госпитальдарда емделдім. Минск қаласында күрделі ота жасалынды. Әскери дәрігерлер маған «әке-шешеңді шақырт» деді. Мен 1966 жылы әкемнің қайтыс болып кеткенін айттым және «шешемнің жүрегіне салмақ салмайын» деп шештім. Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі деген қолхат жазып бердім. Біраз уақыт мен госпитальда ес-түссіз жатыппын.

Емдеуші дәрігер 15.02.1983 жылы маған келіп, «сен үшінші топтағы мүгедек санатында елге қайтасың» деді. Заключение военно-врачебной комиссии на основании статьи 46-б графа 1 расписания болезной приказа Министра обороны СССР от 3 сентября 1973 года №185 «Негоден в мирное время, годен к нестроевой службе в военное время» деп үкім шығарды. Наурыз айында Ленинград қаласына курортқа және «Бурабай» курортына жолдама бар, қайда барасың?» деді.

Әрине, менің Ленинградқа барғым келді, өмір бір-ақ рет беріледі, Ленинградты көру мүмкіндігі екінші рет бола ма, болмай ма? Қаржы жағынан қысылып, мен Бурабайды таңдадым. Үйден қаржы сұрауға ұятым жібермеді.

Жолда өзім қызмет еткен бөлімге соқтым. Бүткіл дивизия, полк, 1-2 дивизион мені оқу-жаттығуға қатысқаным, атысқаным, 9 ай гостипальда емделгенім туралы құлағдар екен. Екінші девизионға КПП-дан (контрольно-пропускной пункт) кіргеннен танығандар құшақтап жатыр. Өзімнің казармама кіріп келдім.

Дневальный менің қарулас досым Никифоровтан басқа ешкім жоқ, барлығы өз қызметтерінде екен. Мені көре салып, бос казармаға Смирно!» деп айқайлап, алдымнан жүгіріп шығып құшақтап жатыр. Мен болсам:

- Өз орныңа барып тұр, әскери тәртіпті бұзба! - дедім. Ол отыра қалып, тіземнен құшақтап: «Как ты, остался жив, Ералиев? Ты, ангель хранитель, Коврик, Поплюйко, Изюменко, Гавриловтарға посмертно «Красная Звезда» ордені берілді. Ал сен олардың ішінде жоқсың» деді...

Біздің бригадада ракетно-техническая базада (РТБ) тәртіп өте қатал болатын. Құрамында 120 солдат, сержантар болса, бізбен бірге 40 офицер болатын.Мені қазармаға қабылдамады. Содан көрші РР (ремонтная рота) қазармасында үш күн тұрдым. Орынбасар Айтуғанов, Диханбек Ауғанбаев деген жігіттер атсалысып, маған альбом жасап берді.

Емдеуші дәрігер бірінші рангалы медициналық қызмет капитаны (полковник) медицина ғылымдары докторы, профессор Б.Н.Ветровтан: «Менің келешігім қалай болады?» деп сұрадым.

- Біз, Кеңес Одағының әрбір солдатына басымызбен жауап береміз, ефрейтор Ералиев. Сені барлық мүмкіндігімізді пайдаланып жақсылап емдедік. Қорықпа, балалы-шағалы боласың, тек ыстық күн сәулесінің астында көп жүрмегін. Оқы, білімді бол, қара жұмысқа жолама. Денеңдегі радиация 30-40 жылдан кейін жиналып қалып, дәл осылай атом бомбасындай жарылуы мүмкін, - деген болатын.

Өмірімде оның айтқандары екі рет тұп-тура келді. Мен 2006 жылы екінші балам Бауыржанды әскери училищеге апардым. Алматыда әскери комиссиядан өтіп жатқан кезде әскери дәрігерлер оның кеудесіндегі бір сүйек сәл ішке кіріңкіреп кеткен «әкесі Семей полигонында болған ба?» деп сұрады.

Мен барлығын мойындап, болған жағдайдың мәнжайын түсіндірдім. Генарал-лейтенант Бақытжан Ертаев иығымнан қағып, Нұрғали төрт ұлың бар, басқа балаларыңның әскери болуға ынтасы болса, бізге әкел» деді. Мен болсам: «Генералдың әкесі болуды

армандаймын» дедім. Содан кейін кенже ұлым Нұрсұлтанды әскери адам болуға үгіттедім. Бірақ жүрек қалауы болмағасын болмайды екен, ол «футболшы боламын» деді. Мен қатты қуанып кеттім.

Футбол – деген ол үлкен өнер, үлкен спектакль, ол - театр. Он бір футболшы алаңдағы актерлер болса, ал жаттықтырушы алаң сыртындағы режиссер. Стадионға барып футбол көрсем, рухтанамын, шаттанамын кино көргендей, театрға барғандай әсер аламын. Бір демалып қаласың. Әрине ол футболды түсінген адамға ғана ...

Келесі 2007 жылы Нұрсұлтанды Тараз қаласындағы олимпиада жеткіншектерін даярлайтын спорт мектебіне апардым. Стадионда өткен сынаққа өзім қатысып отырдым. Қасымда Жамбыл облысы әкімдігінің спорт және дене шынықтыру департаментінің басшысы Махамбет Дүйсембаев пен Жамбыл облысының олимпиада жеткіншектерін даярлайтын спорт мектебінің директоры Манарбек Ағайдаров деген спортшы жігіттер бар.

- «Баласы атқа қонса, әкесі тақымын қысып отырады» деген рас екен. Сынақ ойын бітті, жаттықтырушы өзбек жігіті С.Ахметов маған келіп: «Балаңыз технический футболист, допты алып жүруі, пас беруі, алаңдағы ойыншыларды көре білуі, негізі шабуылшы емес, жартылай қорғаушы болуы керек, бір минусы оның бойы аласа, сондықтан жаттығуға ала алмаймын» деді. Ал мен болсам айқайға бастым: «Футбол королі Пеле (лақап аты) шын аты (Эдсон Арентос до Насименто) білмейтіндер білсін, Диего Марадона, Хорен Оганосян, Игорь Беланов (лақап аты ракетчик) Рамаз Шенгелия, Евстафий Пехлеваниди (Пеха, Стас), Фанас Салимов, Анатолий Бельский (лақап аты Жигули) мынау Әлібек Бөлешовтардың бойлары ұзын ба?» дедім.

Менің айтқан уәжіме жаттықтырушының үні шықпай қалды. Осы әңгіменің бәрін естіп тұрған Нұрсұлтан қолын бір-ақ сілтеп, «ойнамаймын» деді. Қазақта «адамның айтқаны болмайды, құдайдың дегені болады» деген рас. Армансыз адам болмайды, ендігі үмітім немерелерімде...

Бір жолы орталық стадиондағы «Тараз» және «Қайрат» командаларының ойынын көруге стадионға

ертерек бардым. Стадионның шығыс бетіндегі қосымша кіреберісте футболшыларды күтіп тұрдым.

Бір кезде арнайы «Икарустан» «Қайрат» командасының футболшылары түсе бастады. Мен футболшы Бауыржан Исламханға жақындадым, бірақ еңсегей бойлы бір қарауылдаушысы оған жақындатпады. «Қарғадай болған қарағым-ай, Бауыржан балама қоятын бір сұрағым бар» дедім. Обалы не керек, қазақшасы жақсы екен маған келіп амандасты.

Мен болсам, аты өшкірдің аты-жөнін ұмытып қалдым, ұлттық құрамаға батыс Еуропадан келген бір бас жаттықтырушы: «Казахи генетический не способны футбол играть» деп айтып еді. «Айналайын, сен дәлелдеші, қазақтар футбол ойнай алатынын» дедім. Ыржиып, күліп, басын изеп әріптестерінен қалмай, ішке жүгіріп кіріп кетті. Қасындағы қарауылдаушы дәу қазақ маған келіп, аға сіздің сөздеріңізге риза болдым деп қолымды алды. Мен оған: «Он бір қазақ ойнаған, ұлттық құраманың әлем чемпионы болғанын көріп өлсем, бұл дүниеде арманым жоқ» дедім. Қасымызда бәрін естіп тұрған, барлық қазақтар қарқылдап бір күліп алдық. Құдай сол күнге аман-есен жеткізсін дегей...

Сол күнгі ойында менің айтқандарым намысына тиді ме кім білсін, Исламхан 90 минут бойы толассыз шабуылдап, «Тараз» командасының қақпасына екі гол енгізді.

2013 жылғы 23 қараша күні де қатты ауырып, қан құстым. Дүйсенбі күні, 25 қарашада аудандық ауруханада 10 күн емделдім. 5 желтоқсаннан 12 желтоқсанға дейін жеті күн бойы нәр татпай, ес-түссіз жатып, есімнен айырылдым. Бір Алланың арқасында аман қалдым, көрер жарық күнім бар екен. Менің досым Қанат Ертаев Алматы мемлекеттік медициналық институт бітірген жоғарғы санаттағы өте білімді дәрігер (медицина ғылымдарының кандидатын қорғаған кезде тақырыбын өзге біреулер пайдаланып кеткен). Шымкент қаласында облыстық ауруханада қызмет етеді. Кеңес Одағы тарағаннан кейін мен армиядағы болған жағдайлардың бәрін оған жайып салғам, ол дәрігер ғой бәрін де түсінді...

Ол – Гиппократ антына адал дәрігер. Ең бірінші ажалға шипа Алладан, одан кейінгісі ақ халатты жандардан... Мен

өмір мен өлімнің ортасында арпарылысып жатқан кезде, Тараз қаласындағы группалас досына телефонмен звондап, менің диагнозымды дөп басып айтқан. Қандай доза, ем-домына дейін тура айтқан. Ертесіне 2013 жылғы 13 желтоқсанда таңертең есімді жидым, бірақ сөйлей алмаймын. Екінші ағам басымда жылап отыр, «Байғали, жылама» деуге шама жоқ, бір ауыз «сұңқылдама» деген сөзді қалай айтқанымды білмеймін. Жүгіріп барып, емдеуші дәрігерім Сәкен Жұмашевты ертіп келді. Сәкен алақанымнан сипалап тұрып, Сізбен қолыңызды алып амандасуға қорқып тұрмын, себебі сіз о дүниеге барып келген адамсыз дегені бар ма? Өзім шошып кеттім дәрігердің сөзінен. Өмірдің қандай қымбат екенін аурухана төсегіне таңылған жан жақсы біледі.

Мұны біз өзіміздің Мұқағалидың басынан өткен мұң арқылы жақсы білеміз. Өмір мен өлім арасында арпалысқан адам ғана тіршіліктің қадірін өте жақсы біледі. Қатты қиналдым, кереуетте жатып қазақтың маңдайына біткен, бір туар арқалы ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың бір шумақ мынандай өлеңі есімі түсті.

Шыда, шыда, шыдай түс шыда тағы,
Шыдамдыны бұл өмір ұнатады.
Өмір, өмір болмайды түңілуге,
Қайта тұрып, хақың бар жүгіруге.

Палатада сегіз адам жатамыз ішінде орыс-орманы бар, кереуетте жатырмын, тұра алмаймын бір кезде. Бір кезде «Алла» деп орнымнан тұрып кеткенде қасымдағы баз-біреулер талып қалды. Әрине, бәрі де бір Құдайдың қолында, сондай қиын-қыстау кезде қасымда болған, ес білгелі жарты ғасырдан аса уақыт бірге келе жатқан жан досым Қуан Бөрібековтің оның өмірлік жан жары Ләззат Жүгенқызының жасаған жақсылығын мен өле-өлгенше ұмытпаймын.

Қанат Ертаевтай досымның болғанын мақтан тұтамын. Сәкен Жұмашевпен аралас-құралас болып кеттік, қалалық ауруханаға барған сайын сәлем беріп тұрамын, «сіздей адамдар бұл өмірде өте сирек кездеседі, музейный редкость» дейді. Қарындасым Бибіхан қарлығаштың қанатымен су сепкендей шыр-шыр етеді..

Менің ауырғаным жанұяма қатты батты. Әсіресе Әлия қатты азып кетті. Үйдегі екі ұлым Бауыржан мен Ринаттың көрмеген қорлығы жоқ. Түнімен ұйқы жоқ, қарауылдап отырады. Машинамен апармаған жерлері жоқ. Қазір бір апта бойы нәр татпай тамақ ішпей тірі қалғаныма өзім де таң қаламын. Бір Алла тағаланың, бір Құдайдың арқасында аман қалдым. Менің артымнан небір сыпсың әңгімелер, өсек-аяңдар кетті дейсің ... «Адамның жаманы жоқ, өсек-аяңнан аман қалғаны жоқ» деген, қазір сол адамдарға өткен жағдайдың әдейі шет-жағасын шығарып қоямын, беттері қызармайды-ау, шіркін сол азаматтардың ...

Қазақтың «Жақсыға ісің түссе, үзігіңді жалғайды, жаманға ісің түссе, бүтініңді жалмайды» дегені осы шығар бәлкім...

«Қырық жыл қырғын болса да, ажалы жетпей өлмейді» дейді атам қазақ. Менің бұл пәниде тапқан бар байлығым осы дүниеде қалады. Өзіммен ештеңе алып кете алмаймын. Мен әкете алатын байлық – жүрегімді жарып шыққан осы естеліктерім ғана.

АТОМ СОҒЫСЫ

Бүкіл дүние жүзін қамтыған 1941-1945 жылдардағы фашизмен болған Ұлы Отан соғысы жаудың ордасы Берлиндегі Рейхстаққа ту тіккеннен кейін де аяқталған жоқ еді. Кеңес Армиясы одан кейінгі бағытын Германияның одақтасы болған шығыста жатқан Жапанияға қарай бет бұрды. Фашизмді тізе бүктіріп, жеңіспен рухтанған Кеңес Одағы Армиясы Жапондардың мұздай қаруланған Квантун армиясын да аз уақыттың ішінде тас-талқан етіп, үшінші қыркүйекте екінші дүние жүзілік соғысты жеңіспен аяқтады. Осы кезде КСРО-ға одақтас саналатын Америка Құрама Штаттары Жапонияның Хирасимо және Нагасаки қалаларына атом бомбасын тастады. Сол атом бомбасы саналатын зұлмат қарудың зардабын Жапония халқы әлі де шегуде, оның келтірген ұшан-теңіз шығынын, зардабын әлі де тартуда. Оны бүкіл әлем біледі. Мен, Қасым Ералиевтің тақырыбынан сәл ауытқып, сол аталарымыз арпалысқан

Ұлы Отан соғысының жалғасы үшінші дүние жүзілік соғыстың шеті, қазіргі кезде бүкіл әлемге қауіп төндіріп тұрған Атом соғысы туралы және де сол ядролық қарудың ардагері ретінде, Қасым Ералиевтің тікелей ұрпағы немере інісі, жоқтаушысы ретінде баяндай кеткенді жөн санадым.

1949 жылы-ақ КСРО АҚШ-пен ядролық паритетке қол жеткізді. 1957 жылы құрлықаралық балллистикалық зымырандар шығара бастады. Олар ядролық бомбаларды соғыс басталған жағдайда АҚШ қалаларының төбесінен тастай алатын. Хрущевтің «мен сендердің желдеткіштеріңнен бомба тастай аламын» деп жүргені сол.

АҚШ ядролық соғыста ешкімнің де жеңімпаз болмасына көзін тез жеткізіп, 50-ші жылдардың аяғында ядролық қаруды жаппай көбейтуді кілт тоқтатып, оның шығыстарын минимумға дейін азайтады. Қалған «жетістіктердің» бәрі тек кейбір зертханалық деңгейде жасалған қаруларымен КСРО-ны қорқыту, алдау ойындары. «Қырғи-қабақ соғыс» болған соң оларды күмпілдетіп жариялап та жатты. Ал Кеңестің дүмбілез басшылары олай ойлаған жоқ, ядролық соғыста жеңімпаз болуы мүмкін емес дегенді олар қаперіне де алмай, тек оны жаппай жетілдіре берді, жетілдіре берді.

1981 жылы АҚШ өкіметінің басына келген Рейган осыны көріп, «мен оларды өздерінің көрін қазғанша қаруландырамын» деген. Сол сөз шындыққа айналып, «Зымыранға қарсы қорғаныс» (ПРО) «Стратегиялық қорғаныс инициативасы» (СОИ) (немесе Рейганның «жұлдызды соғысы» деп аталады) дегендерді ойлап тауып, кеңес барлаушыларына олардың «құпия жетістіктерін» жеткізіп, бастарын жалған ақпараттармен қатырып тұрды.

КСРО-ның жеті қабат жер астындағы құпиясында отырған сатқын генерал Поляковтың американдықтардан алған жалған ақпараттарды үлкен жетістік ретінде жоғарыға жеткізіп отырған. Осындай сатқындар көп еді.Олар «Нейтрон бомбасы», «Американың Ауғанстанға «Першингтерді» орналастырғалы жатқаны» сияқты өздеріне жеткізілген жалған ақпараттарды онсыз да көрінгеннен үркіп, күмәнданып отырған басшыларына күмпілдетіп жеткізіп жатты. Сөйтіп КСРО өзінің көрін

қазғанша көзін жұмып қарулана берді. »Ауғанстан батпағына» да батып, экономикасын әлсіретумен қатар бүкіл әлемнің алдындағы бейбітсүйгішпіз дейтін беделінен де жұрдай болып айырылды. 1980 жылғы Мәскеу Олимпиадасына да 65 мемлекет бойкот жариялады.

Ядролық бомбасы бар елге соғыс ашуға болмайтынын, өйткені, радиоактивті заттар бүкіл әлемге тарап, соның ішінде өздеріне де зиянын тигізетінін американдықтар бірден болжағанда кеңестік бастықтар оны көбейте беруді ғана ойлағаны нағыз ақымақтық еді. Осы күні АҚШ Солтүстік Кореяға қанша тісін қайрап, оның кейбір қылықтарын қатты сынаса да оған басып кіруді ойына да алмайды. Өйткені оларда шағын болса да ядролық қару бар. Ал ядролық қарудың зияны жер талғамайды, ашық теңіз арқылы Америкаға да жетіп, жауып кетері сөзсіз... Сондықтан, «аш құлақтан тыныш құлақ» дейді. Ал ядролық арсенал өзінен, тіпті бүкіл НАТО мүшелерінікін қосқандағыдан да көп болған КСРО-ға АҚШ ешқашан да басын сұқпас еді ғой.

Стратегиялық мақсаттағы зымыран, дәл сондай мақсаттағы зымыраны бар сүңгуір крейсерлер және алысқа ұшатын статегиялық авиацияның құрамында 1989 жылы 10 мыңға жуық ядролық оқтұмсықтар болған. Бұлардың әрқайсысының қуаты Хиросимаға тасталған бомбадан үш есе күшті. Соның ішінде құрлықаралық баллистикалық зымырандар саны 1398 болып, олар 6420 ядролық оқтұмсықты ілген. Зымырандардың 308-і әлемдегі ең қуатты «Сатана», яғни «СС-18» екен. Осының өзі ғана әрқайсысының қуаты 500 килотонна болатын 10 оқтұмсық алып ұшады. Осыншама салмақты бір құрлықтан екіншісіне жеткізу үшін қанша қуат керек екенін салмақтай беріңіз.

Егер осының бәрін соғысқа қолданса КСРО жалғыз Американы емес бүкіл дүние жүзін өзімен қоса құртып тынар еді. Олардан ешқандай экономикалық тиімділік болуы мүмкін емес. Ендеше, осынша қаруланудың керегі бар ма еді?

Сол жылдары құрғақтағы әскерлердің бас қолбасшысы болған Валентин Варенников: «Бізде зымырандардың бірнеше түрлері болды. Соның ішінде баллистикалық,

стратегиялық және т.б. бар. Ал бір торпедоның ғана 24 түрі болды. Соның бәрі неменеге керек еді?» дейді.

Осының үстіне КСРО-ның әскери-өнеркәсіп кешені жұмысын бір минөт те тоқтатпастан жаңа қарулар жасай берді, жасай берді...

1949 жылы 29 тамызда Кеңес өкіметі Семей ядролық полигонында атом бомбасын алғаш рет сынақтан өткізді. Содан бастап КСРО ядролық қаруды тәжірибеден өткізуге бел шешіп кіріскентұғын. Ол үшін сынақ алаңына 18 миллион гектар жер бөлінді. Семей полигонында жарылған атом бомбаларының жалпы саны 456-ға жетіп жығылады. Құны бір ядролық жарылыс - 30 миллион кеңестік рубль. Соның 116-сы жер бетінде не әуеде сыналыпты. Осы аралықта тәжірибе жасалған ядролық қарулардың қуаты 1945 жылы Жапонияны қан қақсатқан Хиросимаға тасталған «Балақай» атом бомбасынан 2,5 мың есе қуатты. Мұншалықты алапат көлемде зұлмат қаруды сынақтан өткізудің зиянын жергілікті халық көрді, Қазақстан ядролық қарудың зардабын басқалардан артық тартқаны және аян.

Кеңес өкіметі келмеске кеткен соң, ядролық қару арсеналының біраз бөлігі Қазақстанға мұраға қалғаны мәлім. Президен Нұрсұлтан Назарбаев 1991 жылы 28 тамызда Қазақ елі үшін аса маңызды құжат Семей полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойды. Ғасырдың зұлмат қаруына қарсы күрес мұнымен тоқтап қалған жоқ. Қазақстан халықаралық аренада ядролық қаруға байланысты өз ұстанымын нақты білдіріп, шартарапты одан бас тартуға шақырып келеді. Сондықтан шығар, бүгінде дөңгеленген дүние Қазақ елін ядролық қарумен күрестің көшбасшысы санайды.

Семей топырағында атом бомбасы жарылғаннан 60 жыл өткен соң адамзат үшін маңызды қарарға қол қойылды. Біріккен Ұлттар Ұйымы 29 тамызды Ядролық сынақтарға қарсы іс-қимылдың халықаралық күні ретінде жариялады.

КСРО күйрегеннен кейін, біз қуаты жөнінен әлемдегі төртінші зымырандық-ядролық арсеналға иелік етіп қалдық. Біздің территориямызда 104 құрлықаралық баллистикалық СС-18 («Сатана») зымырандары орналасты. Оларға 1400 ядролық оқ тұмсық орнатылған болатын. біздің

аэродромдарымызда 370 қанатты ядролық зымырандары бар 40 стратегиялық бомбалаушы «ТУ-95 МС» ұшақтары болды. Бұл Францияның, Ұлыбританияның және Қытайдың ядролық күштерін қоса алғандағы әлеуеттен артық болатын.

Ядролық қару – бүкіл адамзатқа төнген қауіп. Соңғы деректерге қарағанда 9 мемлекетте 16 мың ядролық қару бар көрінеді. Бұл әлемнің ядролық қару құрсауында тұрғанын аңғартады.

Адам жасы ұлғайып, ойы кемелдене түскен сайын тарихи, саяси кітаптардың да «қызығына» беріле бастайды. Жақында Нұрсұлтан Назарбаевтың «Бейбітшілік кіндігі» деген кітабын оқып шықтым. 1989 жылы 28 ақпанда Семей ядролық полигогында жер қойнауындағы сәтсіз аяқталған жарылыс салдарынан айналадағы ортаға радиоактивті газ шыққаны туралы хабар жеткен соң, Алматыдағы Жазушылар үйі жанында қарсылық митингісі өтті де, ол халықаралық антиядролық «Невада-Семей» қозғалысының құрылуына түрткі болды, оны әлемге танымал ақын әрі қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов басқарды.

1947 жылдары ғалымдар сынақ полигонын жасау үшін қанша шаршы шақырым жер қажеттігін нақты білген жоқ. Сондықтан да, мәскеулік ғалымдар полигон үшін қазақ елінен аса көлемді жер сұраған. Ал КСРО-да жер жетеді. Біз солардың құрамында болғандықтан, қазақ жерінің қомақты бөлігі беріле салған. Ал АҚШ-тың Невадасына полигон үшін Семей полигонынан мүлде аз жер бөлінген.

Солтүстік Корея сияқты экономикасы әлсіз мемлекеттердің өзінің де азды-көпті ядролық қаруға ие болған жайы бар. Атап айтқанда, қазір тоқымдай ғана Солтүстік Кореяның қолында 10 ядролық оқтұмсық бар делінеді.

Ал ол дегеніңіз – басқаны былай қойғанда, азуын айға білеген Американың өзін ұйқысынан шошытып оятатын қауқарлы қару. Аталған мемлекет орта қашықтықтағы баллистикалық зымырандарын сынақтан өткізді. Стратегиялық мақсаттағы зымыран әскерінің құпия бөлімдерінде қызмет істеген мен оның не екенін бір адамдай білемін. ҚР Президентінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі

№2247 қаулысына сәйкес «1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС әскери, азаматтық нысандарды радиациялық апаттардан құтқару және ядролық сынақ мақсатында әскери жаттығуларға қатысқандар Ұлы Отан соғысына қатысқандарға теңестіріледі» деген заңына байланысты осы санатқа жатамын.

Көрінбей қалған жоқсың қалтарыста,
Ақ маңдай азаматсың алты арысқа.
Сапарың сәтті әрі ұзақ болсын,
Өлшеулі өмір дейтін алпарыста.

Аждаһаның аузынан аман қалған «Атом солдаты» саналы ғұмырымды бейбіт еңбекке арнап, қызметтің үлкен-кішісіне қарамай, кеңес, шаруашылық, оқу ағарту, қазынашылық-банк жүйесі, ревизия- тексеру, ұзақ жылдар бойы салық саласындағы жұмыстарды үлкен жауапкершілікпен атқарып келемін. Ресей Федерациясы Думасының мерекелік және «стратегиялық мақсаттағы ракета әскеріне 50 жыл», Б.Момышұлының туғанына 100 жыл толу мерейтойына арналған «Қызыл жұлдыз» төсбелгісін,), Қазақстан Ардагерлері Ауған соғысы қауымдастығының Б.Момышұлы атындағы «Батыр шапағаты» медалін, И.Панфилов атындағы 8 гвардиялық дивизияның Ардагерлер кеңесінің (төрағасы полковник Г.Визиряк), Қазақстан Соғыс ардагерлері ұйымы қауымдастығының (төрағасы Халық Қаһарманы, генерал-лейтенант Б.Ертаев), осы қауымдастық штабының (бастығы гвардия полковнигі Ж.Ерғалимов) Құрмет грамотасын иелендім. «Қызыл жұлдыз» және көп салалық «Данқ» орденінің иегерімін. Халықаралық ядроға қарсы «Семей-Невада» қозғалысының 20 жылдығы мерекелік медалімен марапалталдым.

Орташа қашықтықтағы баллистикалық зымырандар негізінен сүңгуір қайықтарға орнатылады. Себебі су астымен ықтимал дұшпанға жүзіп барып жақын жерден атуға сүңгуір қайықтардың мүмкіндігі әбден жеткілікті.

Ал Солтүстік Корея болса мұндай зымырандарын жер үстіне орналастырып отыр. Онда нендей негіз, қандай мақсат бар дегенге келейік.

Әркімнің бір жауы бар. Солтүстік Кореяның ықтимал жауы іргесінде. Яғни Оңтүстік Корея. Коммунист корейлер дұшпанын іргесінде тұрып-ақ жайратып сала алады.

Тіпті кейбіреулер Солтүстік Кореяның баллистикалық зымырандары Америка құрлығын да атқылай алады деген болжамдар айтуда. Әлбетте, оған біреу сенсе, біреу сенбейді. Дегенмен коммунист корейлердің ықтимал жағдайда Оңтүстік Корея мен Жапонияны жермен-жексен ете алатыны айдан анық.

Ресми Пхеньян болса, «біздің зымырандарымыз жер бетінің кез келген нүктесіне жете алады» деген мақтанышын ресми түрде білдіріп отыр. Десек те, оған күмәнмен қараушылар көп. Рас, солтүстіккореялық зымырандар орбитаға көтерілді. Бірақ оның Америка жағалауына дейін жете алуы мамандарды толық сендіре алмайды.

Десек те, 2016 жылдың қара күзінде өткен парадта коммунистер жұрт назарына ұсынған «Хвасон-13» зымыраны Пхеньянның, шынында да, құрлықаралық баллистикалық зымырандар жасап шығаруға жақындағанын көрсетеді дейді сарапшылар.

Сонда Солтүстік Корея ядролық қаруды қайдан алды деген сауалдың тууы да заңды. Корейлер 1952 жылдың өзінде КСРО-ның қолдауымен ядролық бағдарламаны жүзеге асыруды қолға алған. Ал оған 1959 жылы қытай мамандары қосылады. Ал 1963 жылы Пхеньян Мәскеуге ядролық қару жасау туралы өтініш білдіреді. Алайда Кеңестер Одағы одан бас тартады. Кытай билігі де солай жасайды,

Себебі өз аймақтарында келесі бір ядролық мемлекеттің пайда болуы екі державаға да қажет емес болатын. Соның салдары болар, 1985 жылы Мәскеу Корей Халық Демократиялық Республикасына ядролық қаруды таратпау жөніндегі келісімге қол қою талабын қойып, оның орнына ядролық зерттеулер реакторын салып беруге уәде еткен.

Соған қарамастан, 80-жылдары корей коммунистері ядролық бомба жасауға кірісіп кетті.

Соңғы кезде ядролық қару тетігі терроршылардың қолына өтіп кетсе не болады деген сауал құдіретті державалардың бәрін алаңдатып отырғаны өтірік емес. Ол туралы БАҚ-та жиі жазып жүр. Дәл осы жерде «технологиялардың қолдан-қолға өтіп кетуі» деген анықтаманың сыр беруі де заңды. 90-жылдардың басында Қазақстан Республикасы Иранға плутони сатты деген өсек-аяңның шыққаны есімізде. Ақыры ол расталмады, бірақ оқиғаның жаңғырығы біраз жерге барып қайтқан.

Ізінше Алматыдан Иранның жансызы ұсталғаны да есімізде. Одан сәл кейінірек ұлттық қауіпсіздік қызметінің жоғары шенді офицері шпионаж үшін ұсталды.

Сөйткен Ираныңыз көп ұзамай-ақ, ядролық қару жасауға талаптанып жатқан күнәһар мемлекет есебінде құдіретті державалардың кәріне ілікті, атап айтқанда, Иран Ислам Республикасына алдымен Америка шүйлікті.

Мұндайда мемлекеттер арасындағы саяси дүрдараздықтың маңызды рөл атқаратыны айтпаса да белгілі.

Есесіне АҚШ-тың басты қарсыласы Ресей халақаралық қауымдастықтың қарсылығына қарамастан, Иран Ислам Республикасында Бушер атом электр стансасын салуға кірісіп кеткен. Ал мамандардың айтуынша, атом электрстансасын салу дегеніңіз – болашақта ядролық қаруға қол жеткізудің бірден-бір мүмкіндігі.

Әлбетте, діни радикализм басымдық құрып отырған ислам елінің ядролық қаруға ие болуы батыс өркениетін қуанта қоймайтын оқиға.

Соған қарамастан, 2000 жылдардың басында Ресей бас штабы бастығының орынбасары, генерал-полковник Валуевский деген кісінің «Иранда ядролық қару қазірдің өзінде бар» деп салғаны әлі есімізде.

Бұл сөзді естігенде Вашингтонның күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылуы да заңдытұғын. Ізінше батыс Иран Ислам Республикасына экономикалық санкция жариялады. Аталған ел оның зардабын көрді. Экономикасы тұралады, мұнайын сыртқа шығара алмады. Десек те, ядролық технологияның бір мемлекеттің ғана құпиясы болудан қалған жайы бар.

Қазіргі кезде кейбір тараптар «ядролық» деп атап жүрген Пәкістан елі алаңдаушылық туындатып отыр. 2004 жылы осы елдің ядролық қару-жарақ бағдарламасы жөніндегі маманы Абдул Қадыр Хан ядролық технологияларды оңды-солды, атап айтқанда, Ливияға, Иран мен Корея Халық Демократиялық Республикасына сатам деп жүріп әшкереленді.

Соған байланысты соңғы жылдары Пәкістанның ядролық арсеналының қауіпсіздігіне байланысты шаралар күшейтілді. Себебі аталған аймақта радикалды исламның күшейіп тұрғанын бүгінде еңбектеген балаға дейін біледі. Ал ядролық оқтұмсықтардың терроршылардың қолына түсуі дегеніңіз, нағыз ақырзаман болмақ.

Жалпы, қазір дүние жүзі бойынша ядролық оқтұмсықтар саны жөнінен Ресей Федерациясы көш бастап тұр. Мәскеудің құзырында қазіргі таңда 7300-ге жуық оқтұмсық бар. Ал АҚШ-тағы оқтұмсықтар саны тұп-тура 7000 делінеді. Дегенмен Ресейдегі әскери кезекшілікте тұрған зымырандар саны 1790 болса, американдықтарда бұл мөлшер-1930 оқтұмсық. Яғни бұл орайда АҚШ Ресейден алда тұр деген сөз.

Одан әрі Францияда 300, Қытайда-260, Ұлыбританияда - 215, бір-бірімен қырғи-қабақ Пәкістан мен Үндістанда тиісінше 130 және 120 ядролық оқтұмсық бар делінеді.

Өздеріңіз көріп отырғандай, дүниежүзі бойынша оқтұмсықтар саны жағынан жағаны ұстатардай мөлшерде. Ал егер ықтимал жағдайда осы оқтұмсықтардың бәрі бір кезеңде іске қосылса не болмақ.? Оны болжауды айтпағанда, ол туралы ойланудың өзі қорқынышты.

Ядролық қаруға ие болу ниетінің негізінен ықтимал қатерден қауіптенуден туындайтынын көріп отырмыз. Алда-жалда Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ ядролық қару жасап шығармаса, КСРО-ның да ондай ниетке бара қоюы екіталай еді деген болжамдар да бар.

Сондай-ақ кезінде бір мемлекет болып, көп ұзамай діни сипаттамасына орай екі айырылған Үндістан мен Пәкістанның да ядролық қаруға жетіскеннен ие болмағаны айтпаса да түсінікті болса керек.

Саддам Хусейн режимі Кувейтті оккупациялап, оның арты Ирактыбомбылауға ұласты. Сол кезде ядролық қаруы жоқ Ирак Республикасы не істеді дейсіз ғой?

Саддам Хусейн Бағдат көшелерін толассыз атқылап, бомбылап жатқан американдықтарға шамасы жетпесе де, қолында бар 146 орта қашықтықтағы кеңестік «Скат» зымырандарымен АҚШ-тың одақтасы Израильді атқылай бастаған. Ал сол кезде күйрейтініне бек сенімді Саддам Хусейннің қолында ядролық қару болса не істер еді деген сауалдың туындауы да қисынды.

Әлбетте, «жан шығар» сәтте жеңіліп бара жатқан жақтың ешкімді аямайтыны айдан анық. Себебі-бәрібір өлім, бәрібір жеңіліс.

Міне, бүгінгі таңда жалпы саны әлем бойынша 2 мыңнан асып отырған ядролық оқтұмсықтардың ықтимал қатері осындай, ағайын.

«Ядролық клуб» дегеніміз-ядролық қаруға ие мемлекеттердің ресми емес атауы. Әлбетте, оның басында Америка Құрама Штаттары тұр. Оған КСРО, Ұлыбритания, Франция мен Қытай ілеседі. Әлемдік «ядролық клуб» негізінен осы құдіретті бес державадан тұрады.

Дегенмен, 1970 жылы аталған клубқа қосылуға ниетті басқа мемлекетерге тыйым салынды. Соған қарамастан, бүгінде ядролық қаруға ие мемлекеттер қатары күн санап артып келеді.

Рас, «ядролық клубқа» мүше елдердің арасында қатерлі қаруды таратпау туралы өзара келісім бар .Ал Израиль, Үндістан, Корея Халық Демократиялық Республикасы мен Пәкістан сияқты ядролық мемлекеттер мұндай келісімге қол қойған жоқ.

Соңғы кезде ядролық қаруға ие болуға мүдделі мемлекеттер қатары күн санап көбейіп келеді.Олардың арасында өзіміз жоғарыда сөз еткен Корея Халық Демократиялық Республикасы мен Иран Ислам Республикасы бар.

Израиль мемлекеті болса күні бүгінге дейін өзінде ядролық қарудың барын растамаса да, оның жоқтығы туралы жақ ашқан емес.Ол да ойланарлық жағдай.

Қиырда жатқан Оңтүстік Африка Республикасының да өз заманында ядролық қару жасау әрекетін бастағанын бүгінде екінің бірі біле бермейді. Дегенмен 1991 жылы аталмыш мемлекет әлемдік қауымдастықтың тізелеуімен бұл әрекетінен амалсыз бас тартты.

Қазіргі таңда әлемдік озық ойсана осы ықтимал ядролық апаттың алдын алу мақсатында небір келелі жиындар өткізуде. Дегенмен, одан шығып жатқан нәтиже шамалы. Ядролық қаруға ие болуға мүдделі мемлекеттер қатары өскен үстіне өсіп отыр.

Білетіндердің айтуынша, алдағы уақытта ядролық қаружарақтың бірден-бір шикізаты уран өндірісінің мұнай мен газ өнеркәсібін басып озар түрі аңғарылады. Демек, ықтимал үміткерлердің ядролық қаруға ие болу мүмкіндігі де соған сәйкес арта түседі деген сөз.

Уран өндірісі бұған дейін де толастаған емес. Қайта керісінше, саланың өрістеп дамығаны байқалады.

Тіпті соңғы кезде өндірілген уран мөлшерінің молдығы соншалықты, оның аз байытылған түрлерін сақтау қоры туралы да әңгіме көтерілгені есімізде.

Ақыры сол аз байытылған әлемдік уран қоры Қазақстан Республикасында орын тебетін болды. Бұл да ойланарлық жағдай.

Қалай десек те, ғалымдар осыдан 30 мың жыл бұрын планетаның астын үстіне шығарғаны дәлелденген әлемдік ядролық қырғынның қайталанбасына ешкім де кепілдік бере алмайды.

Ендігі мәселе адамзаттың өз парасаты мен ой-санасында ғана...

Жігіттер оңай емес, жұртқа жақпақ,
Көңілін бай-жарлының бірдей таппақ.
Қақ жарған қара қылды болсаңдағы,
Жүреді біреу мақтап, біреу даттап.

«Радиация» латын тіліндегі «радиус-сәуле» деген сөз. Радиацияға күннің, ғарыштық, жердің табиғи радиоактивтік заттарының сәуле шығаруы және жасанды радиоактивті изотоптар жататыны белгілі.

Радиация шынында өте қауіпті, сәулелердің артық мөлшері адам ағзасында ауытқуларды және әртүрлі

ауруларды туғызады. Оның әсері кейде адамның өзінде байқалмай ұрпақтарында, яғни балалары мен немерелерінде көрінуі мүмкін.

Бірақ тұрғындар үшін ең қауіптісі-техногенді (адам қолымен жасалған) емес, табиғи сәулелену көздері. Адам екі жолмен сәулелениуі мүмкін. Радиобелсенді заттар ағзадан тыс болып, сырттан әсер етуі немесе ол демалатын ауада, суда немесе тағамда болып ағзаның ішіне түсуі мүмкін. Бұл – ішкі сәулелену. Адамның өмір сүріп отырған жеріне, ішкен судың сапасына, тұрған үйінің құрылыс материалына сай сәулелену әр деңгейде болады. Оның ішінде ең көп әсер ететіні – радон газы.

Радон – дәмі мен иісі жоқ түссіз газ, ауадан 7,5 есе ауыр. Ол жер қыртысынан біртіндеп бөлінеді, топырақ эмиссиясын қоспағанда, минералдық тектегі құрылыс материалдары: қиыршық ақ тас, цемент,кірпіш радон көздері бола алады. Барлық жыныстарда уран мен торий кездеседі. Ал кейбірінде мысалы гранитте уран көбірек жинақталуы мүмкін. Құрылыс материалдарында радон радий ыдырағанда пайда болады. Оның бір бөлігі көзге көрінбейтін тесік арқылы ғимаратқа түседі. Егер ғимарат нашар желдетілсе, ал құрылыс материалдары мен топырақ уран мен радийдің едәуір үлкен мөлшерін бойында ұстаса, онда радон үлкен мөлшерде жиналуы мүмкін. Адам ғимаратта едәуір уақыт болатынын ескерсек, ол алатын тиімді сәулелену дозасы кәсіпқойлар алатын доза жүктемесінен асып түсуі мүмкін.

Көп жағдайда радонға байланысты дозалық жүкмемені едәуір азайтуға болады. Жертөлелерді қымтау мен желдету топырақтан радонның өтуін айтарлықтай азайтады. Табиғи радиоактивтік элементтер қабырғада көп болса, радонның жиналуын қабырғаны герметикалық бояумен сырлау және қатты желдету арқылы азайтылуы мүмкін.

Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін басталған ядролық қару иелену жанталасы қазір бақталасқа ұласып кетті. Сол сәсекеде үстем шыққан атом бомбасын жасап, ядролық оқтұмсықтардың санын көбейтуге ұмтылды. Бастапқыда бұл жойқын қару тек қарсыластың әкімшілік және әскери-өндірістік орталықтарын, ірі әскери-теңіз және авиациялық

базаларын жоюға арналғанымен, қазір ол тіршілік атаулыны тып-типыл ететін қуатқа ие.

Негізі ядролық қару бар мемлекеттер санаулы. Стокгольм әлем проблемаларын зерттеу институтының баяндамасына көз жүгіртіп қарайтын болсақ, 2019 жылдың басында тоғыз мемлекетте – АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, Франция, Қытай, Үндістан, Пәкістан, Израиль және Солтүстік Кореяның иелігінде шамамен 138665 бірлік ядролық қару болған. Баяндамада ядролық қару саны өткен жылдардан азайғаны және бұл прогресс әлемдегі атом бомбаларының 90 пайызына иелік етіп отырған АҚШ пен Ресейдің есебінен жүзеге асқаны атап көрсетілген.

Бұл жанталаса қарулану көңілдегі күптілікті азайтқанымен, мәселенің екінші жағы үрей шақырады.Өйткені бәсекелес екі алып держава – АҚШ пен Ресей ядролық оқтұмсықтарды, ядролық қару өндірісі нысандарын, зымыран және әуемен жеткізу жүйесін жаңғыртуға бағытталған көлемді және қымбат бағдарламаларын жарыса жүзеге асыруда.

Оған қоса, 202 жылы бұл тараптардың стратегиялық шабуылдау қаруларының санын қысқарту және шектеу туралы келісімінің мерзімі аяқталады.

Қазір екі елдің мүдделі органдары келісім мерзімін созу немесе жаңа шарт жасау мәселелерін талқылап жатыр.

Осы орайда ядролық қарусыздану бағдарламасының директоры Шеннон Кайл: «Ресей мен АҚШ арасындағы ядролық күштерді қысқарту жөніндегі келісім мерзімінің ұзаруына сеніп азайып барады. Өйткені екі елдің арасындағы саяси және әскери қайшылықтар ушығып кетті» деді.

Түптеп келгенде, бүгінде әлемдік деңгейде осы ядролық қарудың мәні өзгеріп кеткендей әсер қалдырады. Қазір ядролық қару бар мемлекеттің қай-қайсысы да өзге елге бомба тастау жауапкершілігін де көтермесі анық. Сонда да ядролық қару қарсыластарына саяси-экономикалық қысым көрсету, ызғарлану мен айбат шегу құралына айналып кетті десе болады. Екінші жағынан әлемдегі саяси, әскери тепе-теңдіктің сақталуына да

ядролық қарудың оң әсері барын жоққа шығаруға болмайды.

Әрине, кезінде БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің столын туфлиімен сабалап, қоқан-лоққы көрсетті делінетін Никита Хрущевтің заманы өтті. Бірақ сол социалистік идеяны ұқстанған Солтүстік Корея басшысы Ким Чен Ын ара-тұра ниеттес атасының жолын қуып, әлемдік әскери-саяси жүйені сілкілеп алып тұрады.

Мысалы 2019 жылы 25 шілде Ким Чен Ынның армиясы Жапон теңізіне қарай қысқа қашықтыққа ұшатын зымыран атты деген дерек пайда болып, Жапония мен Оңтүстік Корея әскері өре түрегелді.

Халықаралық қоғамдастық ядролық қарулану мәселесінде Қытайдың белсенділігі арта түскеніне едәуір қобалжулы. Маусым 2019 жылы Жапонияның Осака қаласында G20 самитінің аясында Ақ үй мен Кремль қожайындары – Дональд Трамп пен Владимир Путин қаруланудың бақылаудың заманауи үлгілерін қолдануға байланысты келіссөздерді жалғастыра беру бойынша пәтуаға келгенімен, Америка президенті бұл мәселеге Қытай тарапын қатыстыру керектігін айтты. Негізі АҚШ пен Ресейдің Орта және қысқа қашықтықтағы зымырандарды жою келісімінен шығып, келіссөздердің күйреуіне бұл келісімге Қытай жағының қатыспауфы да себеп ретінде айтылған болатын.

Халықаралық сарапшылардың пайымдауынша, Қытайдың 1964 жылы қабылданған ядролық доктринасында қазір айтарлықтай өзгеріс жоқ. Бірақ соңғы 20 жылда, тіпті кейбір сарапшылар Қытай билігінің басына Си Цзиньпин келгелі бұл елдің ядролық қаруға ықыласы ерекше ауғанын айтып отыр. Бүгінде Қытайда болжамды есептеулер бойынша 290 ядролық оқтұмсық бар екен. Осыдан оншақты жыл бұрын оның саны екі есе аз болған.

Бұл жөнінде Американың «Тынық мұхит форумы» зерттеу орталығының ядролық саясат бөлімінің директоры Дэвид Санторонның мақаласында: «Қазір Қытайдың ядролық зарядтарды тасымалдаудағы түрлі қалыптағы, мобильді, икемді және тиімді жүйесінің жедел жаңғыртылып,аясы кеңейе түскені алаңдатады» деген пікір айтылған.

Жалпы, Қытай бұл саланы жаңғыртудағы амалдары мен жетістіктері халықаралық сарапшылардың ұйқысын қашырып отырғаны да рас. Өйткені халықаралық қоғамдастық Қытай тарапы қаруларын әбден жетілдіріп, ядролық оқтұмсықтарының санын қажетінше көбейтіп, әбден кемеліне келген соң өзгелерге саяси-экономикалық, әскери күш көрсетеді деп алаңдайды.

Ядролық держава санатындағы Үндістан мен Пәкістан өздерінің кейбір ядролық сынақтары туралы там-тұмдап мәлімет бергенімен, арсеналдарының жағдайы мен көлемі туралы жақ ашпайды. Бірақ халықаралық қоғамдастық та жауға айналған бұл екі елдегі ядролық қару санын көбейіп келе жатқаныніштей сезеді. Сонымен қатар Пәкістанның ішкі саяси тұрақсыздығы, этникалық қақтығыстар, экономикалық дағдарыс, оның ішінде байлар мен кедейлер арасының алшақтап кетуі қарулы қақтығыстарға ұласып кетсе, ядролық қару арсеналы терроршылар, басқа арам ниетті топтардың қолына түсіп кетер ме деген қауіп бар.

Мұндай құпия саясатты Израиль де қатаң ұстанып келеді. Халықаралық ұйымдар, оның ішінде израильдықтардан ақпарат алудан күдерін үзген. Негізі Израиль билігі өздерінде ядролық қару барын айтқан да емес, жоққа да шығарған кезі жоқ. Міне, осы құпиялық небір күдікті ойларға жетелей түседі. Осы ретте 1969- 1974 жылдары Израильдің премьер министрі болған Голда Меирдің мына сөзі көп жайтты аңғартса керек: «Бізде ядролық қару жоқ, бірақ қажет болса, оны қолданамыз».

1985 жылы Израильдің ядролық арсеналы жайында алғаш рет құпия мәліметтерді шетелде жүріп жария еткен Израиль зерттеу орталығының бұрынғы қызметкері Мордехай Вануну Израильдің арнаулы қызметі елге ұрлап әкеліп, 1986 жылы сотталып кеткен еді. Мемлекетке сатқындық жасады деген айыппен кінәлі деп танылған М. Вануну түрмеден тек 2004 жылы ғана босап шықты.

Қазірдің өзінде ядролық державаларда дәл осындай сыртқы және ішкі майдан, арпалыстардың жүріп жатқанына ешқандай күмән жоқ.

Сондықтан келер ұрпақты соғыстың қандай түрінен де сақтандырып, ғасырдың зұлмат соғысы Атом қаруынан бас

тартып, қарсы тұруға шақырамын. Аспанымызға соғыс бұлты төнбесін, бейбітшілік заман болсын деп тілеймін.

Тауда өмір сүретін,
Қарлы шыңда жүретін.
Барыс жылы туғандар,
Қадірін қазақ білетін.
Мен туған күн тамыздың ортасында,
Жасағам жоқ ешкімнің қалқасында.
Ел таныды, еңбектің арқасында,
Өмірімнің болғаны парқы осында.

Әрбір адамның артында осындай рухани мұра қалдыру ерлік деп бағалауға болады. Өйткені кітапты алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа арнап, қалдыру рухани өсиетіне теңеген.

Халқымның әрі атайы, әрі ағайы,
Тұрмыстың әрі кедей, әрі байы,
Бойынан бұтақ өрбіп, жапырақ шашқан,
Елімнің алпыс бунақ қарағайы.

Бар күш-қайраты мен білім тәжірибиесін ел игілігіне жұмсаған абзал жан, тәлімді тәлімгер, абыройлы азамат бұл күнде алпысқа келіп, абыз атанып отырған ағамыздың өткен өмір күндері ешкімді бейжай қалдырмайды, кейінгі буын жастарға үлгі-өнеге болатынына күмән жоқ.

Қалғыған бейжай сәтте бір,
Қарлатып алса, тәтті өмір.
Айбыны сол бір борандай,
Адамды көрдім ақкөңіл.
Басында – қардың өлеңі,
Иықта – жырдың желеңі.
Боралдайдан шыққан сол адам,
Бұрылмай тартып келеді.
Қарадым оған шаттанып,
Қарадым және мақтанып.
Ақ-бурыл шаштары иіліп,
Келе жатыр Нұрғали Ералиев.

ТҮЙІН

Екінші дүниежүзілік соғыстың отты жылдарында неміс-фашист басқыншыларын жеңу үшін шейіт болғандар ел жадынан ешқашан ұмытылмақ емес. Отанын қорғау үшін отбасын елде қалдырып, қолына қару алған жауынгерлердің тағдыры әрқилы. Олар туралы тарих ұлқыздарымызды батылдыққа, батырлыққа баулуға тиіс. Жыл өткен сайын батыр бабаларға деген сый-құрмет көбеймесе, азайған емес.

Алдағы уақытта Қасым Ералыұлы сынды қаһармандардың рухына бүгінгі ұрпақ тағзым етіп, олардың ерлік жолдары туралы талай дүниелер жазылатынына кәміл сенімдіміз.

Тірлік басқа болса да тілек бір, бармақ басқа, білек бір. Расында да әр жердің өзіндік тарихы бар. Ерен ұлдың есімі ешқашан ұмытылмайды. Енді сондай азаматтарды есте қалдыру туған елге артылған үлкен жауапкершілік. Орда бұзар отыз жасқа жетпей-ақ, 28 жасында опат болған оғланның есімі мәңгі жүрегімізде. Ерлерді ел де, жер де ұмытпайды. Өткенді бағалау, келешекке өнеге беру деп ойлаймын. «Адам – өлген күні өлмейді, ұмыт болған күні өледі» деген емес пе данышпан халқымыз.

Степан Кашурко – маршал Иван Коньевтің ерекше тапсырмалар бойынша көмекшісі болған генерал полковник, хабарсыз кеткен және қаза болған Отан қорғаушыларды мәңгі есте қалдыру және іздеу орталығының президенті.

Иван Степанович жазу үстелінен мәлімет парағын алды, шамасы, әлгі Совет Одағының төрт мәрте Батыры, «Жеңіс» орденінің кавалері және үш мәрте Совет Одағының идеологы болған маршалдың алдына сан мәрте қайтып келген баяндама болса керек. Маған ұсына беріп жазғыра сөйледі:

- Отан қорғаушы болу дегеннің бізде қандай екенін қарап көр, ал. Олардың жақындары қалай күнелтіп жүр екен? Қайдағы шаттану оларға?!

«Совершенно секретно» деген таңбасы бар қағаз цифрдан көрінбейді. Қаншалық ішіне кірген сайын, соншалық жүрегім шымырлап кетті;

«Ұлы Отан соғысындағы басылған кездегі мәліметтерге көзжіберсек...46 миллион 250 мың адам жараланды. Үйіне оралған 775 мың майдангердің бас сүйегі жарылған. Бір көзі жоқтар – 115 мың, соқырлар 54 мың. Бет-аузы бұзылғаны-501342. Мойын омыртқасы қисайғаны – 157565. Қарны жарылғандар – 444046. Омыртқасына зақым келгені – 143241. Жамбас жағынан жараланғандар – 630259. Жыныс мүшесі жұлынғандар – 28648. Бір қолы жоқтар – 3 миллион 147. Қолы жоқтар – 1 миллион 10 мың. Бір аяғы жоқтар – 3 миллион 255 мың. Аяғы жоқтар – 1 миллион 121 мың. Қол – аяғының бір бөлігі жұлынғандар – 418905. «Самаурын» аталып кеткен, қол-аяқсыз тұл қалғандар – 85942».

«25 маусымға қарай, үш күн ішінде жау әскері елімізге 250 километр ішкерілеп енді. 28 маусымда Беларусь астанасы Минскіні алды. Сырттан орау тәсілімен Смоленскіге жақындады. Шілденің ортасына қарай 170 совет дивизиясының 28-і толықтай қоршауда қалды, 70-і орасан зор шығынға ұшырады. Дәл осы 41-дің қыркүйегінде Вязьмаға қарайтын 37 дивизия, 9 танк бригадасы, резервтегі Бас командование және төрт далалық армия басқармасының 31 артполкі қоршауға алынды. Брянскідегі қоршауда 27 дивизия, 2 танк бригадасы, 19 арт полк және далалық басқарудың үш армиясы қалды. 1941 жылдың өзінде ғана 170 совет дивизиясының 92-сі, 50 артиллериялық полк, 11 танк бригадасы және далалық басқарудағы 7 армия қоршауға түсіп, қайта шыға алмады. Фашисттік Германия Совет Одағына шабуыл жасаған 22 маусым күні КСРО-ның Жоғарғы Кеңесі 1905-1918 жылдары туған 13 жас ерекшелігі бойынша әскерге міндеттілерді жұмылдыру туралы мәлімдеді. Әп-сәтте 10 миллионнан астам адам жұмылдырылды. Екі жарым миллион еріктіден 50 жасақ дивизиясы және 200 жеке атқыштар полкы құрылды, олар ешқандай киімсіз, іс жүзінде ешқандай тиісті қару-жарақсыз соғыс отына кіргізілді. Екі жарым миллион жасақтың 150 мыңнан астамы ғана тірі қалды».

Негізінен, 1941 жылы Гитлердің тұтқынына түскендер жайлы; Гродно-Минск маңында – 300 мың совет әскері, Витебск-Могилев-Гомель қоршауында – 580 мың, Киев-Умань-768 мың, Чернигов маңы мен Мариуполя аумағында тағы 250 мың. Брянск-Вяземский қоршауында 663 мың адам қалды т.с.с. Егер тірісін қосса Ұлы Отан соғысы жылдары фашисттік тұтқында аштықтан, суық пен үмітсіздіктен өлген, Сталинге Отанына жау, дезертир атанған 4 миллиондай совет жауынгері мен командирін санай аласыз.

Қайырымсыз Отаны үшін жан беріп, адам сияқты көмілмей қалғандарды да еске ала кеткен ләзім. Орман-тоғайларда, далалар мен сай-салаларда көмусіз қалған 2 миллионнан астам жауынгерлердің сүйегі шіриді. Ресми құжаттарда олар хабар-ошарсыз кеткендер тізіміне енгізілді.

Бассыз қалған армиядан не күтуге болады, бұрыннан келе жатқан тәжірибелі әскербасылар, батальон командирлеріне дейін лагерьлерге айдалды немесе атылып кетті, ал олардың орнына жастар – оқ-дәрінің иісі мұрнына да бармаған лейтенанттар мен политруктар тағайындалды.

«Жеңіс» деген не? Ең әуелі ол – бүкілхалықтық қасірет. Совет халқының алапат қырғынға ұшырағандарды аза тұту күні. Ол – өзен боп аққан жас, теңіз боп тұнған қан. Миллиондаған жарымжан. Миллиондаған жетім мен қауқарсыз кәрі. Ол – миллиондап төлкекке ұшыраған тағдырлар, көтерілмей қалған шаңырақ, тумай кеткен сәбилер. Алдымен фашисттік, кейіннен советтік лагерьлерде азапталған Отанының патриоттары».

Кейінгі ұрпақ олар жеңіс туралы тәп-тәтті өтірікті емес, шындықты білуі керек. Ана ел басына төнгенқанды қасапты! Бұл келешекте соғыс отын тұтатудың шебері, адам кейпіндегі әзәзілдің билік басына өтіп кетуіне жол бермейтін қырағылық үшін керек.

- Соғыстан кейінгі тұрмыста мүгедектерге қаншама арсыз, келеке ат қойды. Әсіресе әлеуметтік қамсыздандыру медициналық мекемелерде. Жүйкесі құрыған, психикасы бұзылған ғаріптерді марапаттаған жоқ ол жерде. Өз ұлдарының ерлігін халық ұмытпайды деп мінбелерден шешендер сайрады, ал бұл мекемелерде бет-аузының талқаны шыққан бұрынғы жауынгерді «квазимода» дейтін,

бір көзі жоқтарды «камбала», омыртқасы зақымғандарды паралитик», жамбас жағы жараланғандарды «кривобокий» деп атайтын. Бір аяғы жоқ, балдаққа сүйенгендерге «кенгуру» деп ат қойды. Екі қолы жоқтарды «қанатсыз», ал екі аяғы жоқ, қолдан жасалған арбалармен жүретіндерді «самокаттар» деп әжуалады. Сосын, дене мүшесінің бір бөлігі жұлынып қалғандарға «черепаха» деген айдар тағылды.

Содан соң, кедейлік пен кембағал тіршілік қабаттасып, мүлде құрып біткен денсаулық тығырыққа тіреп, ішімдікке салыну, азапқа түскен әйелдерінің жазғыра бастағаны, от басы ошақ қасындағы айқай – шу адам төзгісіз жағадайға алып келді. Бұл жағдай ақырында физикалық жағынан кемдікке түскен жауынгерлерді үйден көшеге алып шақты, олар алаңдарда, вокзалдар мен базарларда көбінесе қайыршылықпен күнелтті, бетімен кетті. Әбден құрып біткен қаһармандар бірте-бірте құрдымға кетіп жатты, солай жойылды бірақ ол үшін кінәлі олар емес болатын.

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына биыл 75 жыл толады. Қазақтың қайсар ұлдары, қан майданда қаһармандықтың өшпес үлгісін көрсетіп, ұлт намысын аспандатты. Қазақтың батыр халық екендігін, Бауыржан мен Қасымдар, Рақымжан мен Талғаттар, Төлеген мен Сағадаттар, Әлия мен Мәншүктер бүткіл әлемге паш етті. Сол сұм соғыстан қайтпай қалған, қасықтай қаны қалғанша шайқасқан, ата жаумен айқасқандардың бірі де, бірегейі де менің атам Қасым Ералиев. Қасиетті Жуалы жерінен, оның ішінде таулы өңір Боралдай, Қошқарата ауылдық округтерінен соғысқа аттанған қаншама боздақтарға туған елдің топырағы бұйырмады...

Қасым Ералыұлы Ералиевтың есімі халқымен бірге жасай бермек. Оның есімі халқы ерекше құрметтеп қадірлеген Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлы сияқты батырлармен, өзге де ұлтымыздың аяулы ұл-қыздарымен қатар атала беретін болады.

Майдангер есімі берілді

Жуалы аудандық «Жаңа өмір» газетінің 1995 жылғы шілде айындағы санында «Қасым, Полина және басқалар» деген атпен мақала жарияланған еді. Онда Көлтоған ауылынан майданға аттанған Қасым Ералыұлының тағдыры туралы баяндалған болатын. Басқа да көптеген жуалылық жауынгерлер сияқты ол да майдан даласында ерлікпен шайқасып, елі үшін мерт болды. Майдангердің қай жерде қаза тауып, денесінің қайда қойылғанын да туыстары іздеу салып жүріп, ақыры анық-қанығына жеткен.

1995 жылы Ұлы Жеңістің 50 жылдық мерекесі күні Көлтоған ауылында өткен салтанатқа майдангер Қасым Ералыұлының баласы Владимир (Әбдірәсіл) Қасымұлы да отбасымен қатысып, әкесінің рухына тағзым етіп кетті. Сол салтанатта ауылдық ардагерлер кеңесі төрағасы (марқұм майдангер Шоқан Құлбаев) майдангер атын ауылдың бір көшесіне беру туралы шешім қабылдаған еді. Боралдай ауылдық әкімшілік те осындай шешім шығарды. (Сол кездегі Боралдай ауылдық округінің әкімі Қанат Серкебаев) Көлтоған ауылындағы Мельничная көшесі Қасым Ералиев атындағы көше болып аталды. Көшенің жаңа аты жазылған белгі әрбір үйге ілініп, көше тұрғандарына арнайы ас берілді. Марқұм майдангер Қасым Ералиевтің рухына арнап, ауыл имамы марқұм Елен Әміркұлов құран оқыды. Қасекеңнің кезіндегі оқушылары, көзін көрген қариялар ауылдың зиялы қауымдары марқұмдар Садуақас Тасхожаев, Сарыбек Толымбаев және Алшынбек Қуанышевтар Қасым Ералиев туралы білетін естеліктерін айтты.

Б.Момышұлы ауылындағы Чернышевский атындағы көшеде Шора Ысқақов екеуміз, Жуалы аудандық қазынашылық бөлімінде мен бас ревизор, ол жетекші ревизор кезіміз, Ұлы Жеңістің 55 жылдығына орай 2000 жылдың сәуір айының 17 жұлдызында көше тұрғындарын басып қосып, жиналыс жасадық. Көшеде 25 үй бар екен, оның жиналысқа 20 үйден 20 адам қатысты.

Жиналыс төрағасы етіп, бір ауыздан кезінде партия қызметкері болған Мамыр Ұдасбековты сайладық,

хатшылыққа көпшілік шулап жүріп, аудандық орталық ауруханаңың оташысы Жетпіс Айқожаевты сайлады.

Жиналыс төрағасы баяндама жасады.

- Қымбатты көше тұрғындары! Биыл халқымыз Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 55 жылдығын атап өткелі отыр. Арадан жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, сол бір зұлмат соғыстың жүрекке салған жарасы әлі жазылар емес. Ұлы Отан соғысында бұрынғы Кеңес Одағы бойынша 20 миллион адам опат болса, оның ішінде Қазақстаннан үш миллионға жуық адам қаза болды. Жуалы ауданынан 3 мыңннан астам адам соғыстан қайтпай қалды. Осы боздақтардың қай-қайсысына болса да, ескерткіш қоюға болады. Өйткені олар бұл өмірдің қызығын көрмей қыршын жастарында жау оғынан қиылды.

Міне, майдан даласында 28 жасында қаза болған жуалылық Қасым Ералиев сол соғыс қаһармандарының бірі. Ол 2-ші Беларусь майданы 65-ші Армияның арнайы 58-ші мотоатқыштар ротасының командирі, аға лейтенант болатын. Танкке қарсы оқ ататын ротаны басқара жүріп, соғыста ерен ерлік көрсетті. Қызыл әскер қатарына 1935 жылы алынып, лейтенант лауазымын алып, фин соғысына қатысқан Қасым Ералиев онан соң Ұлы Отан соғысына қатысып, неміс фашистерінің оғынан 1943 жылы 29 қарашада үшінші рет алған ауыр жарақатынан госпитальде қайтыс болды.

Ол соғыс кезінде өзін білікті командир, ысылған офицер, қаһарман жауынгер ретінде көрсете білді. Бейіті Белоруссия жерінде, Гомель облысының бауырластар зиратында. Сол жерде ескерткіші бар.

Ол кісінің майдандағы ерліктеріне беретін көптеген мағлұматтар беретін көптеген құжаттар табылды.

Қымбатты көпшілік! Биылғы жеңіс мерекесі қарсаңында Қасым Ералиевтың атын есте қалдыру үшін осы көшені сол кісінің атына берсек дұрыс болар еді.

Кімде қандай ұсыныс бар?, - деді.

Бірінші болып көше тұрғыны Александр Семенович Карюгин сөйлеп, көше тұрғындарының негізінен көше атын майдангер Қасым Ералиевтің атына өзгерту туралы ұсыныстыі қолдайтынын айтты. Себебі, ол кісі қол бастаған

командир екен. Газеттерден Фоминскаяның Ералиев Қасым туралы өзекті мақалаларын мына жұрт оқыған. Кеңес-Финляндия соғысына қатыскан. Екі бірдей соғыс көрген, ысылған тәжірбиелі офицер, яғни тегін оңай адам емес еңбегі бар.

Екінші майдангер Семен Павлович Карюгин «соғыстың не екенін мен жақсы білемін сондықтан жиналыс төрағасы Ұдасбековтің ұсынысын қолдаймын» деді.

Көше тұрғындары Алтынбек Айтқұлов, Берік Сарыпбеков және оның анасы Фарида Алиева, Виктор Измайлов Чернышевский көшесін Қасым Ералиевтің атына өзгерту туралы ұсынысты қолдайтынын айтты.

Жиналыс хатшысы Жетпіс Айхожаев жиналыс соңына таман Ұлы Отан соғысы кезінде қазақ жігіттері ішінен офицер болғандар өте аз. Біздің ауданнан Бауыржан Момышұлы атамыздан кейінгі екінші адам осы Қасым Ералиев атамыз. Оған музейдегі экспонаттар да куә.

Сондықтан бірауыздан көше атын майдангер Қасым Ералиевтің атына өзгертейік.

Жалпы жиналыс қаулы етті:

1. Ұлы Отан соғысындағы Жеңісіне 55 жылдығына орай Чернышевский көшесі майдангер Қасым Ералиевтің атына өзгертілсін.
2. Бұл ұсынысты қолдау ауыл әкімі С.Әзімбековтен және Жуалы аудандық ономастикалық комиссиясынан сұралсын.
3. Көше атын өзгертуге байланысты барлық шығынды Қ. Ералиевтің ағайындары өз мойындарына алатын болсын.

Жиналыс төрағасы М. Ұдасбеков
Жиналыс хатшысы Ж. Айхожаев

Чернышевский көшесінің тұрғындарының көшені майдангер Қасым Ералиев атына өзгерту туралы келісімдерінің тізіміне барлығы 24 адам қол қойды.

Б.Моышұлы ауылы әкімінің шешімі

№43

Б.Момышұлы ауылы 22.06.2000 жыл

Б.Момышұлы ауылындағы Чернышевский көшесін Қасым Ералиев көшесі деп өзгерту туралы

Көпшіліктің ұсыныс-тілектерін қарай келе және Б.Момышұлы ауылы Чернышевский көшесі тұрғындарының 2000 жылғы 17 сәуірдегі жалпы жиналысының қаулысын басшылыққа ала отырып,

ШЕШІМ ЕТТІМ:

1. Б. Момышұлы ауылындағы Чернышевский көшесі Қасым Ералиев атындағы көше болып өзгертілсін.
2. Бұл шешімді қолдау Жуалы аудандық ономастика комиссиясынан /Ахметов М./ сұранылсын.

Б. Момышұлы ауылының әкімі С. Әзімбеков

Жуалы аудандық ономастика комиссиясының төрағасы М. Ахметов 26.06.2000 жылы келісімін беріп, құжаттарға қол қойды.

Көше Қасым Ералиев атында

Көлтоғандық майдангер, кеңес армиясының офицері Қасым Ералиевтің өмірі қызық, тағдыры толғанарлық. Оның өмір және майдан жолы туралы аудандық газет кезінде жазған болатын. Майдангерге Б.Момышұлы мұражайында арнайы бұрыш та жабдықталған.

Міне, қан майданда опат болған есіл ердің есімін есте қалдыруды көздеген тағы бір игі шара атқарылды. Аудан орталығындағы бір көшеге майдангер Қасым Ералиевтің есімі берілді. Үйлеріне дәл осындай маңдайша ілінген көшеде құдайы тамақ берілді.

Көше тұрғындары бас қосқан жиынға орталық мешіттің имамы Сейітқазы қажы қатысып, құран оқыды.

Көнекөз қариялар кешегі сұрапыл соғыс жайында естеліктерін еске алды. Майдангер еңбек ардагері марқұм Зиябек Толымбаев Қасым Ералиевтің балалық және жастық шағы туралы әңгімеледі. Жиналғандар осынау жиынды ұйымдастырушыларға алғысын айтып, риза көңілмен тарасты.

МАЗМҰНЫ

Қасым Ералыұлы Ералиев (өмірдерек) 2
Алғысөз 3
Ана аманаты 8
Қасым Ералиев 23
Қасым Ералиев туралы естеліктер 67
Майдангерлер – нағыз ерлер!
және Қасымның құрдастары 75
Батыр ұрпақтары 104
Түйін 175

Нұрғали Ералиев

АНА АМАНАТЫ

Мұқабасын безендірген Алтынай Бозымбековна
Компьютерде теріп, беттеген Абылайхан Сәметұлы
Көркемдік редакторы Нұржан Манасұлы
Фотосуретші Сәбит Күзембаев
Техникалық қызметкер Бауыржан Абылайхан

Басуға 21.03.2020 жылы қол қойылды.
Пішімі 60х80 1/16 Шартты б.т. 12,75
Тапсырыс № 03
Таралымы 100 дана
Қарпі Times New Romane

«Тәржіма» аударма-баспа орталығы,
080300, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы,
Бауыржан Момышұлы ауылы,
Қайрат Рысқұлбеков көшесі, № 13 үй
Байланыс телефондары: 8 (72635) 21130
Ұялы байланыс: 8 707 520 59 67
8 775 520 59 67

Ералиев Нұрғали Әбдәліұлы 1962 жылы Жуалы ауданының Көлтоған (бұрынғы Алексеевка) ауылында дүниеге келген.

1979-1981 жылдары «Коммунизм жолы» колхозында түрлі жұмыстар атқарады. 1981 жылы Кеңес Армиясы қатарына алынады. 1983 жылы Луначарка (қазіргі Боралдай) ауылдық кеңесі атқару комитетінің аға бухгалтері болып жұмысқа орналасады. 1986-1993 жылға дейін «Коммунизм жолы» колхозы бас бухгалтерінің бірінші орынбасары болып қызмет атқарады.

1993 жылдан 1998 жылға дейін Жуалы аудандық мал бордақылау бірлестігінің бас бухгалтері. 1998-2000 жылдары аудандық қазынашылық басқармасында бас ревизор болып қызмет атқарады. 2000 жылдан бүгінгі күнге дейін салық саласында қызмет атқарып келеді. Жамбыл есеп-санақ техникумын сырттай және Алматы есеп-санақ академиясын бітірген. Орта арнаулы бухгалтер, жоғары білімді экономист. Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген ядролық қару сынақтары ардагері. «Қызыл жұлдыз» және «Даңқ» орденінің иегері. Бірнеше медальдармен наградталған

Осы кітаптың шығуына демеушілік жасаған **Бөрібеков Қуанышбек Егембердіұлы** 1962 жылы Алексеевка (қазіргі Көлтоған) ауылында туған. 1979 жылы С.Байтіков (бұрынғы Лермонтов) атындағы орта мектепті үздік бітіріп, 1979-1980 жылдары «Коммунизм жолы» колхозында әртүрлі жұмыстар істейді. 1980-1982 жылдары Кеңес армиясы қатарында болады.

1982-1986 жылдары «Коммунизм жолы» колхозында, Луначарка ауылдық кеңесінде және Лермонтов орта мектебінде жүргізуші болып жұмыс істеді.1986 жылы Луговой зоотехникалық мал-дәрігерлік техникумын сырттай бітіреді. 1986-1989 жылдары халық депутаттары Луначарка ауылдық кеңесі атқару комитетінің әскери есеп бөлімінің бастығы болып қызмет атқарды. 1989 жылы Жамбыл қаласына көшіп, кәсіпкерлікпен айналысты.

Бүгінгі таңда жұбайы Пәззат Жүгенқызы екеуі Жамбыл облысына белгілі кәсіпкер меценат. Үш қыз, бір ұл тәрбиеледі, олардан жеті немере сүйіп отыр.